

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
жинағы**

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҰЛТ САПАСЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ»



Алматы 2020

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
«Нұр Отан» партиясының Алматы қаласы Бостандық аудандық
филиалы
Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы**

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҰЛТ САПАСЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ»
(Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы
25 қараша 2020 ж.)

**«ДУХОВНОЕ ВОЗРОЖДЕНИЕ: ОБРАЗОВАНИЕ И ОБНОВЛЕНИЕ
НАЦИИ»**
(Сборник материалов международной научно-практической конференции
25 ноября 2020 г.)

"RUHANI ZHANGYRU: IS THE QUALITY OF THE NATION AND EDUCATION"
(A collection of materials international scientific-practical conference
25 nov 2020)

Алматы 2020

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58
Р 87

**Нұр Отан » партиясының Алматы қаласы Бостандық аудандық филиалы
Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы**

Редакционная коллегия: Сарсенбекова Г., Нуртазаева А.Б.,
Абдисулейменова Р.Ш., Ордаханова А.Б., Айлауова Ж.С.,

Ответственный редактор
Г.А. Сарсенбекова

Ответственный секретарь
А.Б. Нуртазаева

**«ДУХОВНОЕ ВОЗРОЖДЕНИЕ: ОБРАЗОВАНИЕ И ОБНОВЛЕНИЕ
НАЦИИ»**

Сборник материалов международной научно-практической
конференции 25 ноября 2020 г. – Алматы: 2020. - ____ с.

ISBN 978-601-7440-52-7

Сборник содержит тексты выступлений докладчиков на республиканской научно-практической конференции. Материалы освещают приоритетные направления программы «Рухани жаңғыру», акцентируют внимание на актуальных проблемах изучения национальной истории и духовной культуры в русле современных парадигм гуманитарных наук.

Издание адресовано исследователям, преподавателям и студентам, а также всем, кто интересуется актуальными тенденциями модернизационного развития гуманитарных направлений.

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58
Р 87

ISBN 978-601-7440-52-7

© КазИТУ, 2020

Құттықтау сөз

Сарсенбекова Г.А.
ҚазИТУ ректоры

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында рухани жаңғыру арқылы «Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім», деп болашаққа деген парасатты пікірлері мен ой-болжамдарын, көзқарастарын білдірді.

Жастардың орны қашанда ерекше: жастар белсенді қоғамның қозғаушы күші, бүгінгіміз бен болашағымыздың алтын дінгегі.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының жастар тәрбиесіндегі орны зор.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінде конференция 2017 жылдан бастап өткізіліп келеді. Алдыңғы жылдары конференция республикалық деңгейде өтсе, биылғы жылы халықаралық деңгейде өткізкелі отырмыз. Конференция жұмысына алыс және жақын шет мемлекеттерден профессор-оқытушылар қатысуда. Атап айтар болсақ, Зеки Каймаз (Туркия), Муфтахутдинова Д.Ш. (Ресей), Ниязова Ж.К. (Қырғызстан) және республикамыздың барлық жоғары оқу орындарының оқытушылары мен докторант, магистрант және студенттері қатысуда. Алматы қаласы Жастар мәселелері жөніндегі басқарма, «Нұр Отан» партиясының Бостандық аудандық филиалы, «Жас Отан» жастар қанаты, көрнекті мемлекет қайраткерлері, ғалымдар қатысуда.

Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көптеген тақырыптық кештер, кездесулер өткізілуде. Мәселен атап айтар болсақ, «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының аясында «Жаһандық бәсекеге біліммен» атты Жоба жасап, іске асыруға ұжым болып бірігіп отыр. Жоба аясында білім алушылардың туған жеріне деген патриоттық сезімін арттыру, басқа мәдениеттерге ашықтық, конфессияаралық келісім, өркениеттілікке ұлттық құндылықтар арқылы жету, полиетілді білімге, компьютерлік сауаттылыққа, ғылымға құштарлықты арттыру, насихаттау мақсатындағы міндеттерімізді: «Мәдени мұра – халық қазынасы», «Менің өлкем», «Ғылыми ізденіс», «Туған жерге туынды тік», «Дарынды жастың дара жолы», «Білім. Ғылым. Инновация.» атты мақсатты тақырыптарға біріктірдік. Тәрбие жұмыстарын жүргізудің бір бағыты «құрдас-құрдасқа» немесе «баланың тілін бала түсінеді», демекші «тең-теңіне» принципіне сүйене отырып, студенттік өзін-өзі басқару институтын күшейту, сол арқылы жастардың әлеуметтенуіне көмектесуді басты орынға қойдық. Жоғарыда аталған жобалардың мақсаты, ең алдымен жастардың өзін ұйымдастыра отырып, қоғам уақыт талабымен бірге қойып отырған өзекті мәселелерге өз күштерін жұмылдыра білу болып табылады. Қазіргі қоғамға, жұмыс берушіге адамшылығы мол, елжанды, креативті, белсенді өмірлік ұстанымы бар, көшбасшылық қасиетке ие, сыни ойлауға қабілетті мамандар қажет.

Тәрбие мектебі адам дамуының стадиясы ғана емес, ең алдымен ол – күрделі тарихи-мәдени феномен. Орыс педагогы К.Д. Ушинский пікірінше әрбір халықтың өз тәрбие мектебі бар, ол сол халықтың тіліне, дәстүріне, мәдениетіне негізделіп қалыптасқан. Әр халықтың төл мәдениетінен сусындаған тәрбие төлтумалығы, біртұтастығы, жүйелілігі, сабақтастығының арқасында әлеуметтік қауым кеңістігіне, рухани кеңістігіне шығудың бірден-бір тетігі болып қала бермек.

Халқымыздың мәдени болмысының әлемдік мәдениетпен біте қайнасып жатқандығының бірден бір себебі – рухани өзегінің мықтылығында. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтары еліміздің мәдени-өркениеттік дамуына ұстаным бола алады.

Жастарды оқыту мен тәрбиелеу ісін әлемдік деңгейге сай жетілдіруге бүгінгі таңда мемлекетіміз ерекше мән беріп отыр. Жастарға жүйелі білім, саналы тәрбие беру ісіне жаңа талап тұрғысынан қарауда нақты қадамдар жасалуда. Өркениетке ұмтылудың негізі еліміздің тәрбие арқылы берілген біліммен өміршең болатындығын «Рухани жаңғыру» бағдарламалық құжат арқылы да көз жеткізіп отырмыз.

Қорқыт баба: «Дәулетті ұлың болса, ошағыңның қоры болар» деген екен. Бүгінгі ұрпақ - анадан өнеге, атадан өсиет көрген, сапалы білімге ұмтылған өнегелі жстар. Олай болса, елінің мақтанышына айналатын 100 есімге лайықты азаматтар мыңнан болсын! Қай уақытта болмасын орны төр саналатын Ұстаздар қауымының еңбегі жанып, шәкірттерімізбен мақтанатын күндеріміз көп болсын! Рухани жаңғыруымыз арқылы халқымыздың өшпес құндылықтарын байыта да дарыта берейік!

Зеки Каймаз
Ғылым докторы, профессор
Университет Эге,
Туркия, Измир

Құрметті бауырлас қазақ халқы. 1991 жылы КСРО ыдыраған кезден бастап оның құрамында болған түркі мемлекеттері тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттер арасында қоғамдық негізде достық және бірлік ұйымдары құрыла бастады. Ресми мәдени және ғылыми байланыстармен қатар қоғамдық ұйымдардың, оның ішінде діни қауымдастықтың да Түркия елімен байланыс орнату ниеттері халықтар арасында мәдени қарым-қатынастарды нығайтуға септігін тигізді. Өз тарапынан Түркия еліндегі қоғамдық ұйымдар да осындай талпыныс жасады. Қазақстан мен Түркия мемлекеттерінің қоғамдық ұйымдарының өкілдері түркі елдері арасындағы достық, бауырластық және ынтымақтастық құрылтайларына (Türk Devlet ve toplulukları, dostluk, kardeşlik ve işbirliği kurumları) қатысты. Бүгінге дейін осы іспеттес бірнеше құрылтай өткізілді, оның жұмысына түркі тілдес елдердің мәдениет, ғылым және қоғамдық-саяси ұйымдары қозғалыстарының қайраткерлері және басшылары қатысты. Бұл құрылтайлардың мақсаты – түркі әлеміндегі саяси қарым-қатынастың нығаюына, мемлекеттердің экономикалық дамуына, мәдени жақындасуына және жаңаша сипатта пікір қалыптастыруға ықпал ету болып табылады.

Тарихы мен мәдени құндылықтары ортақ, түбі бір қазақ және түрік халықтары арасындағы рухани, гуманитарлық салаларда қарқынды дамыған қарым-қатынастарымыздың жоғары деңгейде дамуда. Сонымен қатар біздің университет әлемнің белгілі жоғары оқу орындарымен қарым-қатынасын белсенді дамытуда.

Түркияның жоғары оқу орындарында қазақстандық студенттер, магистранттар, докторанттарды қайтарымызсыз негізінде оқыту жалғасуда. Қазақстан инженерлік-технологиялық университетімен Түркияның Эге университеті арасындағы қарым-қатынас жалғасын табады деп нық сеніммен айта аламын.

Ниязова Ж.К.
ф.ғ.к., доцент,
психология кафедрасының меңгерушісі,
Ж. Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университеті
(Қырғызстан)

Уважаемые коллеги!

Позвольте поздравить вас с открытием Международной научно-практической конференции «Духовное возрождение: образование и обновление нации».

Тематика конференции приобретает сегодня особую актуальность не только для Казахстана, но и для всего мира.

Мы все являемся свидетелями процесса духовной модернизации Казахстана, одним из ключевых моментов которой является возрождение гуманитарного образования, которое, в конечном счете, приведет к модернизации общественного сознания.

Конечно же, все это невозможно сделать без активного участия профессионалов из различных областей гуманитарных наук: философов, психологов, политологов, социологов и др.

Особенно радует участие в работе конференции и молодого поколения ученых. Благодарю руководство Казахстанского инженерно-технологического университета за прекрасную организацию данного мероприятия. Желаю всем участникам плодотворной работы и хороших результатов!

Татарско-казахское взаимодействие в области культуры и образования (начало XX века)

Муфтахутдинова Д.Ш.

к.и.н., доцент

**Казанский государственный институт культуры
Россия, г. Казань**

Аннотация

Актуальность изучаемой темы связана с интересом к проблеме трансформации мусульманской этно-конфессиональной идентичности казахского народа через школьную систему образования и роли в этом процессе татар-мусульман из Волго-Уральского региона. Статья направлена так же на выявление целей российского самодержавия в ограничении татарской образовательной системы в Степном крае. Ведущим подходом к исследованию данной проблемы стал проблемно-хронологический метод, позволивший выделить и рассмотреть различные аспекты политики в области образования нерусских народов империи в хронологической последовательности. Статья написана на основе документов из Государственного архива Оренбургской области и опубликованных источников XIX века. Материалы статьи могут быть полезными для дальнейшей разработки темы исследования, а также в ходе преподавания спецкурсов на исторических факультетах университетов и преподавания истории в высших и средних учебных заведениях страны.

Ключевые слова: джадидизм, казахи, татары, мусульмане, миссионеры, русификация.

Начало XX века для казахского народа время, в котором шли этноконсолидирующие процессы. Фактически казахская интеллигенция оказалась между двумя вестернизирующими проектами. С одной стороны вестернизация через официальную политику и идеологию империи, т.е. через русификацию и христианизацию, проводившуюся через систему миссионерской образовательной системы с одновременной сендартизацией, т.е. переходу к оседлому образу жизни. В понятиях православного духовенства и клерикального чиновничества крестьянин, это, прежде всего, христианин. С другой стороны, так называемый «татарский» проект, который предполагал сохранение исламской этно-конфессиональной идентичности, но с реформированной и модернизированной под современные требования школой на родном языке.

Оба проекта находились в непримиримом противоречии, друг к другу, но необходимо отметить, что большинство школ казахов до революции были мусульманскими, которым население доверяло гораздо больше, чем русским, поддерживаемым имперской государственностью. В начале XX века современники отмечали, что казахи с большим предпочтением отдают своих детей в новометодные мектебы и медресе, чем в русско-казахские школы, и что в Степном крае нет того противостояния между кадимистами и джадидами, какое наблюдалось в Казани, Бухаре и Самарканде.

В конце XIX века, в разгар миссионерской деятельности РПЦ, и насаждения русских правительственных учебных заведений, мы видим в Степном крае всплеск строительства и открытия школ и медресе мусульманского толка. По данным, приведенным в работе Асановой, мы можем проследить динамику их роста в конце XIX века. «Если в 1891 г. в Семиреченской области было 64 мектеба и медресе с общей численностью учащихся 1 251 человек, то в 1897 г. их численность достигла 88 мектебов и 12 835 учащихся. В Сыр-Дарьинской области (включая Ташкентский, Чимкентский, Аулие-Атинский, Туркестанский, Петровский и Казалинский уезды) в 1892 г. было 1487 мектебов и 35 медресе, а в 1895 г. – 2 409 мектебов, 37 медресе с 28 898 учащимися. В Тургайской области в 1894 г. было 59 мектебов и медресе с 457 учащимися, в 1911 г. – 103 мектеба и медресе с 1400 учащимися. В Акмолинской области в 1896 г. было 13 мектебов и медресе с

547 учащимися, в 1907 г. их стало 15 с 970 учащимися. [1, с.79] Такая динамика ясно свидетельствует о поднятии у народа национального самосознания.

Разумеется, в планы колониальной администрации просвещение инородцев до уровня европейцев не входило. Директор Ташкентской мужской гимназии Н.П. Остроумов в 1884 г. писал: «Опыт Британской Индии учит, что крайнее увлечение полезным делом может нанести вред, а потому к образованию туземцев нужно относиться с особенной осторожностью. В видах политических нельзя допустить, чтобы туземцы опередили коренное русское население в умственном развитии, как нельзя допустить и того, чтобы они костенели в невежестве». [9, с.159] С целью ограждения Туркестана от влияния татар чиновник предлагал: «1) ограничить вообще переселение в край из внутренней губернии империи татар, которые по слухам в последнее время усиленно стремятся сюда, 2) стремиться к устранению всего, что может способствовать поддержанию и укреплению среди туземцев мусульманской образованности, особенно желательное обособление многочисленного кочевого населения, не успевшего еще окончательно окрепнуть в исламе, от оседлых туземцев, и особенно от влияния татар, как более совершенных и более фанатичных представителей мусульманской культуры, с которой приходится бороться, как с опасным врагом не только настоящего, но и будущего времени». [3]

Имперские власти усматривали в новометодных школах, как татар, так и казахов большую опасность. Они понимали, что национальное образование на исламской основе, с обучением, по европейским стандартам формирует политические нации, способные свободно конкурировать с имперской нацией и четко осознавать свои этно-конфессиональные интересы.

Министерство народного просвещения в 1870 году заявляло, что «...конечной целью образования всех инородцев, живущих в пределах нашего Отечества, бесспорно, должно быть обрусение и их слияние с русским народом». Во всех конфессиональных школах мусульман империи после выхода Постановления Совета министров народного просвещения от 2 февраля 1870 года должны были изучать русский язык. [5, с. 1555-1566]

Один из главных идеологов политики христианизации инородцев профессор противомусульманского отделения Казанской духовной академии профессор Н.И. Ильминский писал: «Что касается народов Средней Азии, то ...по моему понятию, киргизов и сартов вовсе не следовало бы привлекать и допускать в гимназию». [6, с.74]. Между тем нельзя сказать, что власть ничего не предпринимает в ответ на так называемую «татарскую угрозу». Согласно «Степному положению» от 1891 года татарам запрещалось занимать должности имамов мечетей в приходах с кочевым населением. Циркуляр генерал – губернатора Духовского от 8 августа 1898 года гласил, что духовными лицами не могут быть не принадлежащие к русскому подданству, а так же татары. [8, с.385]

Несмотря на то, что власть ограничивала количество духовных лиц из числа татар мусульман и даже выдворяла их со степи, татарское влияние на казахов было весьма существенным. Татарские просветители, хотя и отрицательно относились к этим правилам, но были уверены, что они останутся только на бумаге. В Туркестане к тому периоду не было ни одного инспектора народных училищ, который бы владел местными языками и мусульманской письменностью, чтобы соответствующим образом оценивать преподавание в мусульманских школах [10, с.62].

Кроме того к этому времени в татарских учебных заведениях были подготовлены уже достаточное количество казахских учителей. Они были уверены в том, что с закрытием татарских школ новометодное обучение не перестанет существовать. Поэтому татарские школы продолжали работать и после выхода запретительных правил. В татарских школах: в Павлодаре, Троицке, Кокчетаве, Верном, Кустанае, Петропавловске, Акмолинске, Перовске, Семипалатинске, Тургае, Иргизе, Челкаре и др. обучались дети не только самих татар, но и казахи, дунгане, узбеки, киргизы и другие народы. К началу XX века в Казахстане было открыто уже 106 новометодных школ. [1, с.76]

В подготовке педагогических кадров для школ Туркестана огромную роль играли татарские медресе Поволжского региона. С началом массового изгнания татарских мугаллимов из Туркестана, в ответ на требования о принадлежности учителя к конкретному народу, «Галия» резко увеличила прием шакирдов нетатар (казахов, туркмен, черкесов и т. д.). С 1906 по 1916 г. в медресе учились 242 посланца из Средней Азии.[2, с.17]

Подготовкой учителей и духовенства для казахских новометодных школ занимались все медресе Сеитова посада. Самым знаменитым из них было новометодное медресе основное в 1891 г. купцами Ахмедом, Гайни и Махмутом Хусаиновыми. В нем работали такие известные общественные деятели, ученые, писатели как Ризатдин Фахретдин (1859-1936гг.), Муса Бигиев (1874-1947гг.), Шариф Камал (1884-1942гг.), Фатих Карим (1870-1937гг.). В 1903г. в медресе Сеитовского посада обучалось 2085 шакирдов, из них 1346 татар, 687башкир, 52 казаха [11].

В 1898г. Гани Хусаинов организовал в Сеитовском посаде краткосрочные педагогические курсы, с целью подготовки учителей для новометодных школ. На деньги братьев Хусаиновых в 1888 г Уфе было открыто медресе «Усмания». Число учащихся «Усмании» доходило до 500. Второе известное медресе «Галия» в Уфе было открыто в 1906г. Его возглавил Зия Кемали (1873-1942). Это медресе было построено на деньги казахской знати, а именно спонсором выступил крупный уфимский землевладелец, казахский султан Салимгирей Джантюрин. В этом медресе так же готовили учителей для казахских школ. Как пишет Н.А Казбекова: «В своё время эти курсы закончили известные казахские писатели **Магжан Жумабаев, Жиенгали Тлепбергенов, Беймбет Майлин.** «**Шакирды медресе «Галия»** с целью развития казахского литературного языка начали издавать в 1915 г. рукописный еженедельный журнал «Садак», редактором которого был **Б.Майлин**, а впоследствии **Ж.Тлепбергенов**». [7].

Еще одно знаменитое медресе, в котором учились казахские шакирды –это медресе «Расулия» в Троицке, основанное в 1894г. В 1913 г. там обучалось 240 шакирдов. Как пишет Жонар Толепбергени: « Одним из известных выпускников медресе «Расулия» был Еркем Алимов (1892-1913), это был двуязычный поэт (татарско-казахский), чьи произведения печатались на страницах «Айкап» под псевдонимом «шала татар». [11] При медресе была открыта первая в Троицке типография, где печаталась в частности первый казахский журнал «Айкап». Кроме того, в Троицке новометодные мектебе и медресе содержались за счет татарского купца Яушева».

Знаменитое Стерлибашевское медресе также было одним из центров образования для тюркских детей. В медресе вместе с другими обязательными языками, такими как персидский и арабский, преподавались татарский и казахский языки. Некоторые особо способные ученики оставлялись в медресе для обучения казахских детей. Татарский, башкирский казахский просветитель, поэт Мифтахетдин Акмулла (1831–1895) учился и преподавал в Стерлибашевском медресе. А затем в 25-летнем возрасте уехал в казахские степи, где обучал казахских детей.

Казахско - татарские связи обширны и устойчивы. Благодаря близости языка, религии, культуры, менталитета татары и казахи вместе противодействовали имперской политике христианизации и русификации и сохранились как народы. Эти связи нужно приумножать и на сегодняшний день, а общее историческое прошлое изучать и популяризировать.

Литература

1. Асанова С.А. Ислам в духовной культуре Казахстана начала XX века// Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. Алматы. 1994. С. 74-84
2. Галимова А. Р. Литературные связи киргизской и татарской поэзии конца XIX – первой половины XX в. / Галимова А. Р. – Бишкек: Изд-во КРСУ, 2015. – 142 с.
3. ГБУ ГАРТ Ф.968 . Оп.1, Д.43.Л.15-18.

4. Гафаров А.А, Бродовская Л.Н., Буравлёва В.В. Проблемы «инородческого» образования мусульман в Российской империи (XIX – начало XX вв.) // Образование и саморазвитие. 2012. № 6 (34). С. 198-203.
5. Доклад министра народного просвещения Д.А. Толстого «О мерах с образованием населяющих Россию инородцев» (1870 г.) // Хрестоматия по истории педагогики. М., 1936. Т. IV. С. 1555-1566.
6. Ильминский, Н. И. Письма Н.И. Ильминского обер-прокурору Константину Петровичу Победоносцеву. – Казань: Издание Редакции Православного Собеседника, 1895. – 414с.
7. Казбекова Н.А. Джадидизм и народное образование в Казахстане в конце XIX - начале XX веков//. <https://articlekz.com/article/8993> (дата обращения: 22.11.2020)
8. Литвинов П.П. Антитатарская политика царизма в Средней Азии и Казахстане // Материалы по истории татарского народа. – Казань. – 1995. –с.385
9. Остроумов *Н.П.* Колебания во взглядах на образование туземцев в Туркестанском крае // Кауфманский сборник. М., 1910. С. 159.
10. Приходов М. Киргизы-мусульмане // Инородческое обозрение. Приложение к журналу “Православный собеседник”, март 1913 года. Кн. 2. / М. Приходов. – Казань.: Центр. тип., 1913. – С.62
11. Толепбергени Ж. Т.Мусульманское движение в Западном Казахстане и Южном Урале: особенности и тенденции взаимодействия (конец XIX и начало XX вв.)// <https://rudocs.exdat.com/docs/index-76844.html> (дата обращения: 22.11.2020)

Гуманизация и гуманитаризация образования , воспитание креативности

Акпанбетов Д.Б.-проректор КазИТУ
Сармурзина Галия Алтаевна – КазИТУ
докт. истор. наук, профессор ВАК КМОН

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев на совместном заседании палат Парламента обнародовал Послание народу Казахстана **«Казахстан в новой реальности: время действий»**, в котором представил стратегию дальнейшего развития страны.

Что касается нашей сферы деятельности, Президент подчеркнул важность обеспечения доступным и качественным образованием, укрепления системы здравоохранения, а также выразил обеспокоенность семейно-демографической ситуацией, вопросами безопасности и охраны прав детей

«Спрос на специалистов технической сферы в нашей экономике очень высок, однако возможности отечественного образования недостаточны. Предприятия вынуждены приглашать соответствующих специалистов из-за рубежа. Нам нужно незамедлительно исправить ситуацию.»[1]

Первый Президент, когда еще в мире никто не предвещал беды планетарного масштаба, отмечал то, что волновало всех и касалось всех:

«Необходимо пересмотреть подходы к обоснованности таких переводов и терминологически приблизить наш язык к международному уровню.

Переход на **латинский алфавит** способствует решению этого вопроса.

Следует определить **четкий график перехода** на латинский алфавит до 2025 года на всех уровнях образования.» [2]

Знание **русского языка** остается **важным.**» Елбасы подчеркивал еще в благополучном 2018 году, что смысл **«Рухани жаңғыру»** создание настоящего **гражданского общества.**

«Идеалом нашего общества должен стать казахстанец, знающий свои историю, язык, культуру, при этом современный, владеющий иностранными языками, имеющий **передовые и глобальные взгляды.**» [2].

В настоящее время, уже привычным стали термины **«гуманизация образования»** и **«гуманитаризация образования»**, их даже некоторые (люди далекие от образования) путают. Но разницу легко запомнить, если вникнуть в суть этих терминов.

Гуманизация образования, это гуманное отношенное отношение к природе, ресурсосберегающим и энергосберегающим технологиям. Это стиль и образ жизни, который воспитывается всеми вузовскими кафедрами, в том числе и историками. Только мы включаем в это понятие и гуманное отношение друг к другу (здоровая конкуренция), умение работать в команде (коллективные проекты и их защита),

Даже в таких, казалось бы, далёких от термина «гуманизация образования» профессиях, как – менеджер, мы вносим свою лепту – мы учим беречь человеческие ресурсы. Наш выпускник будет готов к тому, что важная составляющая его профессии – беречь и поддерживать ценные кадры – морально (благодарности, грамоты, условия для дальнейшего роста); материально (премии, индивидуальный подход, - исходя из вложенного труда); забота о социальном пакете для своих работников (пенсионные отчисления, частичная оплата для поездки на отдых и поправки здоровья)

Как правило, работник, чувствующий такую заботу, будет патриотом Вашего предприятия, организации, учреждения. Он будет Вам поддержкой и опорой.

В нашем Казахстанском Инженерно – технологическом университете студенты обучаются по разным специальностям и на очном и на заочном отделениях. Поддерживая молодежное движение «С дипломом на село», многие собираются вернуться обратно в аул или село, будучи уже дипломированным специалистом.

Тем более, что Казахстан столкнулся с таким феноменом, как оживание земли, казавшейся утерянной навсегда - прошло более 50 лет после варварской распашки земли во время освоения целины и на земле образовался тонкий слой гумуса на которой появилась трава.

На этой земле нельзя еще заниматься растениеводством - слой гумуса слишком тонкий. Но к примеру, кочевым скотоводством, как самым экологически чистым – вполне. Растительность быстро восстанавливается - главное не перегрузить землю излишне большим стадом (раньше это было отработано веками и это знали и помнили аксакалы – старики, но теперь это все должны уметь рассчитывать и организовывать молодые специалисты). И на селе должны сейчас работать молодые специалисты разных профессий – выпускников средних специальных и высших учебных заведений, в том числе и выпускников нашего университета.

Иногда понятие **«креативность»** путают с понятием **«инженерное мышление»**, но это совершенно разные вещи.

Старая отечественная педагогика констатировала факт, что поступая на инженерные профессии, молодой человек или девушка еще не знают, подходят ли они для этой профессии. Это становится ясным только к третьему курсу. Тогда перед студентом возникает выбор: уходить ли и менять профессию, или закончив вуз на тройки, посвятить себя работе в лаборатории и выполнять чисто техническую работу, либо работать не по специальности.

Креативность же, - это один из показателей таланта человека, его супер возможностей, особенно тогда, если он попадает с детства в условия, где это тщательно взращивается и развивается. Это особый дар, который зачастую просто не развивается, а

его можно раскрыть и помочь проявиться именно на наших гуманитарных дисциплинах: мы учим студентов проходить несколько ступеней – 1) осознанность того, что у Вас в данном конкретном вопросе пробел и Вы не можете это объяснить имеющимися у Вас знаниями по данному предмету, 2) что Вам необходимо искать ответ в других предметах, подключить логику или же дополнительно читать; 3) подключать жизненный опыт или звать на помощь преподавателя (это вполне нормально на первом курсе) - т.е. каждый пройденный Вами предмет превращается в алгоритм и Вы на основе всех имеющихся алгоритмов (на основе знаний), изобретаете свой собственный алгоритм – нестандартное решение, единственно возможный выход из тупиковой ситуации, открытие.

Пока что первокурсникам редко удается ответить на вопросы преподавателя, требующие креативного мышления.

Стараясь не обидеть студентов, преподаватель, наводящими вопросами заставляет студентов самим ответить, или же говорит – из какой это отрасли знаний, и как звучит ответ.

Обучаясь на социально-гуманитарных дисциплинах креативному подходу, студент сможет им пользоваться на других дисциплинах и в жизни - это и есть суть гуманитаризации образования.

Образно объясняя это студентам, мы можем пример со съёмки фильма - (по рассказам студента, участвовавшего в этом). - Для того, чтобы снять эпизод,

над ним работает целая группа специалистов: костюмеров, специалистов по макияжу и режиссер – все это настраивает его на игру в эпизоде или сцене. – Каждый специалист, включая его самого, лишь элемент – (алгоритм), а цель - (создание нового алгоритма) - удачно сыгранная сцена фильма.

Литература:

[1.] Послание Президента Республики Казахстан К.-Ж. Токаева народу Казахстана. - **Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана.**—2 сентября 2019г. http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana

[2.] Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. **Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции.** - 10 января 2018 г. http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-republiki-kazahstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstana-10-yanvarya-2018-g

ҰЛТТЫҚ САНА, ҰЛТТЫҚ РУХ, ҰЛТТЫҚ ТАРИХ

Салқынбек Д.И.
ҚазҰАЗУ-нің профессоры
Алматы қаласы

Аннотация

В статье рассматривается роль и значения изучения национальной истории в контексте стратегической программы «Духовное возрождения» первого Президента РК.

Ключевые слова: История, возрождения, отчизна, патриотизм, сознание.

Summary

The article examines the role and significance of the study of national history in the context of the strategic program "Spiritual Revival" of the first President of the Republic of Kazakhstan.

Key words: history, revival, fatherland, patriotism, consciousness.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының кіріспесін: «Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім» деп бастаған еді. Көріп отырғанымыздай еңбектің бүкіл түйіні «Біртұтас ұлт болуы» және «Бұқаралық сананы өзгерту» болып табылады. Яғни ұлттық сананы жаңғыртуда ұлттық кодымызды сақтай білуді басты қағидаға айналдырған Елбасы: «Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деген болатын[1].

Елбасының еңбегінен туындайтын басты қағида ұлттық сана мен ұлттық рух бір-бірімен біте қайнасып жатқан болса, осы екі қасиетті ұғымның негізінде ұлттық тарихымыз жатыр. Біздің қазіргі таңда тарих ғылымын одан әрі жетілдіру, тарихи оқиғаларды зерделеу, байыпты баға беру, жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеуде қалайша пайдаланып, ұғындырып жүргеніміз, бұл да бір үлкен мәселенің бір шеті болып табылады.

Өзіміз жүріп өткен, тәуелсіздік жылдарына шолу жасап қарайтын болсақ, тәуелсіздік жылдары Отанымыздың тарихы жаңа көзқараспен, ұлттық мүддемізге сай жазылып, едәуір жетістіктерге қол жеткіздік. Бүгінде Қазақстан тарихы пәні Қазақстандық патриотизм мен интеллектуалдық ұлт қалыптастыру алғышарттарына айналғанымен қоса, орта мектеп пен жоғары білім жүйесінде жас ұрпақты отаншылдыққа, патриоттыққа тәрбиелеуші басты пәндер қатарында тұр. Отанымыздың көне дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі кезеңін қамтитын жаңа буын оқулықтары жарық көріп, пайдаланылуда.

Отандық тарих ғылымындағы іргелі ізденісті жұмыстар тәуелсіздігіміздің алғашқы кезеңінде-ақ басталған еді. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен 1995 жылы «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы» қабылданды. 1997 жыл саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жарияланса, 1998 жыл ұлт тарихы жылы деп жарияланған болатын. Сонымен қатар, Елбасының «Тарих толқынында», «Ғасырлар тоғысында», «Еуразия жүрегінде», «Қазақстан жолы», «Тәуелсіздік дәуірі» атты еңбектері халықтың тарихи санасын қалыптастыру, Отан тарихын оқыту мен зерттеудің негізгі бағыттарын, жолдарын көрсетіп берді.

Елбасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде қарастырған «Ұлы даланың жеті қыры» еңбегінде «Бұл-тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның көрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады» дей отырып, Ұлы дала өркениетінің әлемдік өркениеттің тың серпінмен дамуына қосқан айрықша үлесін көрсетіп: «Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарау» жөніндегі ойын айтқан еді[2]. Осы тарихымызға тың көзқарас негізінде елімізде Алтын орданың құрылғанының 750 жылдығы аталып өтілді. Қазақ жері, бүкіл түркі әлемінің қара шаңырағы деп қарастыратын болсақ, Қазақ жерінде алғаш бой көтерген алғашқы феодалдық мемлекет түркі қағанатының құрылуы, өсу-өркендеуі, адамзат өркениетінің дамуына қосқан үлесі сынды мәселелерді де бүкіл түркі халықтарының басын қосу, ортақ туындыларын дамыту аясында әлемдік деңгейде көтеру мәселелері төңірегіндегі жұмыстар алдымызда тұр.

Ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық тарих туралы сөз еткенде, мәселенің тағы бір екінші қырын ұмытпауға тиіспіз. Тарих ол-халықтың жады. Мемлекетіміздің тәуелсіздік алғанына отыз жылға жуықтаса да, біз әлі рухани отарсыздану ісін аяқтағанымыз жоқ. Рухани азат тәуелсіз елдің нағыз отаншылдарын тәрбиелемей тәуелсіздігіміз баянды болады деп айту қиын. Бұл жолдағы біздің ақылшымыз да жол көрсетуші көмекшіміз де-отанымыздың тарихы. Кезінде отарлаушылардың халқымыздың тілі мен тарихын барынша өшіруге кіріскенін ұмытпайық. Осы орайда үнді халқының даңқты перзенті Джавахарал Нерудің: «Біз еліміздің тәуелсіздігін қалпына келтірдік, ағылшындар алып кеткен алтынымызды да қайтарып аламыз, қайтарып алмасақ, өзімізде қалғаны да жеткілікті.

Мұның бәрі дұрыс, бірақ жуық арада біз қалпына келтіре алмайтын бір нәрсе бар. Ол халқымыздың езіліп қалған рухы» деген сөзі әрдайым көкейімізде тұрады.

Қазіргі аласапыран уақыт, Қазақстандық тарих ғылымына сапалы секіріс жасау, халқымыздың ұлттық тарихын зерттеудің көкжиегін кеңейту, ұлттық тарихи санасын жаңғырту, ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыру жұмыстарын іске асыруды бізден талап етіп отыр. Өйткені біз алға қадам басқан сайын әлемдік геосаясат өзгеруде, сонымен бірге тарихи оқиғаларға өздерінше жаңаша баға беру, бұрмалау, өз пайдасына қарай бұра тартып пайдалану әрекеттері өршіп барады. «Мылтықсыз майдан жүріп жатқан» осындай алмағайып кезеңде Халқымыздың тарихын сыртқы және ішкі күштер тарапынан бұрмалау істеріне, барынша тойтарыс беріп, жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізу, бізде кейде өз деңгейінде қолға алынбай жатады. Мәселен биылғы жылы 26 тамызда Қазақ кеңестік автономиясының құрылғанына 100 жыл толды. Аса мәні бар, бір ғасырлық тарихи оқиға! Осыдан бір ғасыр бұрын қол жеткізілген тарихи оқиғаның бүгінгі Тәуелсіз Қазақ елі үшін аса үлкен саяси мәні бар. Еліміз 1991 жылы 16 желтоқсанда өз тәуелсіздігін жариялағанда өзінің мемлекеттік шекарасы етіп, 1920 жылы 26 тамызда бекітілген мемлекеттік шекара негізін басшылыққа алды. Және соған дейін де, сол мемлекеттік шекара деңгейінде өмір сүрді. Бұл дегеніміз, баз-біреулер сандалып айтып жүргендей бұған дейін Қазақ елінің шекарасы болмады дегенді білдірмейді. Қазақ елінің белгіленген айқын шекарасы сонау XVI ғасырдың бас кезінде басқарған Қасым Ханның кезінде-ақ айқындалды, тарихи құжаттарға түсірілді, ап-айқын жасалған картасы болды. Қазақ елі тәуелсіз күшті мемлекет ретінде сол кездің өзінде-ақ Еуропаға белгілі болған. 1920 жылы тамызда Ресей империясының отаршылдық саясатының салдарынан генерал-губернаторлықтарға бөлшектеніп кеткен қазақ жері сол бұрынғы шекарасында жинақталып, ресми түрде мойындалды, қағазға хатталып, тарихи құжат жарыққа шыққан еді.

Бір ғасырлық тарихи оқиғаға арнайы тоқталып отыруымыздың тағы бір қыры-республикамыз тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде солтүстіктегі көршілеріміз «Мысықтілеулестер» әлеуметтік желілер, радио, теледидар арқылы «Қазақстанның солтүстігіндегі бес облыс-орыс жері», Орал өңірі казак-орыстың жері, 1920 жылы Қазақ автономиясы құрылған кезде «Жасанды» түрде Қазақстанға қосып жіберілген, Ресейге қайтарылуы керек»,- деген сияқты жалған арандатулармен екі елдің арасындағы саяси жағдайды ушықтыруға тырысып келеді. Жалпы ресейлік шовинисттер тарапынан Қазақ елінің тәуелсіз ел ретіндегі мемлекеттік құрылысын нығайту қадамдары ұлтшылдық және рухани-мәдени өмірдегі өзіндік ұлттық дамуы жолындағы іс-әрекеттері Ресейге қарсы әрекеттер ретінде суреттелуде, бағалануда және ашық түрде бұрмаланып келе жатқанына айтуға тиіспіз. Жалған арандатуларға толы Қазақстандағы «сыйға берілген орыс жерлері» тақырыбы әлеуметтік желілерде Ресей Федерациясының президенті В.Путиннің осы жылдың маусым айында Ресей телеарналарынан көрсетілген «Ресей.Кремль.Путин» фильмінде: «Кеңес Одағы құрылған кезде одан шығу құқығы жазылған. Бірақ шығудың тәртібі құжатта жазылмағандықтан, бұл арада, мынадай мәселе туындайды. Егер белгілі бір республика Кеңес Одағының құрамына кірсе, одан соң өз қоржынына Ресей жерінің, дәстүрлі-тарихи территориясының бір көлемін, сыйын қоса иеленсе, одан кейін одақтан шығу туралы шешім қабылдаса не болады? Олай болса, немен келдің, сонымен шығуың керек қой, орыс халқының сыйлығын өзімен бірге ала кетпей», - деген сөзінен кейін «отқа май құйғандай» өршіп кетті[3]. Фильмдегі В.Путин сөзінде Қазақ елі аталмаса да, оны қолдан «қоздырушылар» сырттан да, іштен де табыла кетіп, 1920 жылы тамыз айында большевиктер қазақтарға «сыйға берген», «орыс жерлерін» ойнатып шыға келді. Бұл тақырып, бұл жалған арандату бүгінгі күнмен аяқталмас. Бірақ қандай жағдай болса да, біз дайын болып, оқырманды тарихи шындықпен хабардар етіп, тарихи санасын жаңғыртып отыруға міндеттіміз!

Өкінішке орай, осындай үлкен тарихи оқиға республика көлемінде, мемлекеттік дәрежеде аталып өтілмеді. Мәселе, той-тойлауда емес, мәселе жалған саяси арандатуларға

тойтарыс бере отырып, үлкен тарихи оқиғаның бар шындығын көрсетумен бірге, бүгінге жас ұрпақтық бойында өз Отанына деген сүйіспеншілікті арттыруда болып отыр.

Тарихи сананы жаңғырту туралы сөз қозғап отырғаннан кейін шығысымыздағы көршіміздің жайын да ұмытпайық! Кейінгі кездері Қытайдың ресми емес бұқаралық ақпарат құралдарын айтпағанның өзінде, ресми мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары «Қазақстан өзінің бұрынғы тарихи отанына қосылғысы келеді» деген секілді тақырыптармен арандату мағынасындағы ешқандай да тарихи шындықпен жанаспайтын мақалалар жариялады. Қытайдың орта мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған тарихи оқулықтарында сызылған картасымен қоса көрсетіліп, Балқаш көлінің солтүстік-батысына дейінгі жерлерді (қазіргі Алматы, Жамбыл облыстарының аумақтары) Шығыс Қазақстандағы Зайсан көліне дейінгі жерлерді біздің жер деп жазып, жас ұрпағының санасына құйып оқытып келе жатқаны бізге белгілі. Бұл бізге деген ниеті түзу, дос елдің ісі емес екені белгілі жағдай.

Ұлттық сананы жаңғырту, ұлттық рухты көтеру ісіндегі Отанымыздың тарихының алар орнына айрықша мән бере отырып, мен мынадай ұсыныстар айтсам деймін:

1. Барлық жоғары оқу орындарында «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәнін мемлекеттік тілде оқытуға көшу;

2. Қазақстан Республикасының азаматтығын алғысы келген азаматтарға Қазақ тілімен қатар, Қазақстан тарихы пәндері бойынша емтихан тапсыруды міндеттеу.

Тарих әрбір халықтың пайда болу, даму, өркендеу және мемлекеттілігінің қалыптасуының тұғыры. Ұлттық сананы жаңғырту, ұлттық рухты көтеру ісіндегі ұлттық тарихымызды оқытуды дұрыс жолға қою-мемлекеттік идеологияның стратегиялық темірқазығы болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 2017. 12 сәуір.
2. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры. Егемен Қазақстан. 2018. 21 қараша.
3. Салқынбек Д.И. Орынбор орталық болған кез. Алматы ақшамы. 2020. 25 тамыз.

Құндылықтар философиясы

Абуханов Шаяхмет

**Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу
университеті акционерлік емес қоғамы**

**«Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтарының
мәдениеті» кафедрасының аға оқытушысы**

Түйін сөздер: экзистенция, тіршілік, өмір сүру және өмір мәні, этика, адамгершілік, құқық, толеранттылық, утилитаризм .

Құндылық мәселесі ежелгі заманнан бері қарастырылып келе жатқан күрделі ұғым. Адамзаттың әр дамуы кезеңінде бұл ілімдер әр түрлі мағынада қолданылды. Құндылық ұғымын алғаш рет қолдану сонау антика заманынан басталған. Ежелгі кезеңде бұл ұғым эстетикалық идеялармен бірлесе Пифагор, Гераклит, Демокрит және Аристотель сияқты философтардың еңбектерінде кездеседі. Олар құндылықты игілік деп көрсетті. Философия тарихында «игілік деген не?» деген сұрақты алғаш қойғандардың бірі Платон. Платон "Мемлекет" деген еңбегінде әділеттілік, демократия, игілік, пайда, бақыт, ақыл, ізгілік сияқты ұғымдарды құндылық ретінде көрсетті.

Әлем мәдениетінің бірінші ұстазы Аристотель игілік, теңдік, еркіндік, адамгершілік, ар-ождан туралы да ой пікірлерін білдірді. Ол құндылықты қасиет деп көрсетеді. Ол өзінің "Эстетика" трактатында эстетикалық теориясының негізін қалауға тырысып, этика терминін ғылымға енгізеді. Ол этика ғылымның мақсаты адамдардың адамгершілік қасиеттерін жетілдіру әрі саяси сана сезімін қалыптастыру деп көрсетеді.

Феодализм кезеңінде этиканың орнына жалпы маңызы бар тәлім-тәртіп нормалары мен ережелер жүйесі өмірге келді. Осы кезде библияның өсиеттері неғұрлым кең тарап, ол рулық-қауымдық меншікке негізделген құндылықтар жүйесіне айналды. Орта ғасыр дәуірінде құндылықтар туралы өз пікірін ағылшын философы Ф. Бэкон еңбегінде қарастырады.

Гуманистер мен ағартушылар жан-жақты қызығушылықтары бар үйлесімді дамыған жеке тұлға қалыптастыруды көздеді. Олардың пікірінше, эстетикалық әсер студия құралдары ретінде қоғамдық дүниетанымның рухани шынайылықтарын енгізеді.

Жаңа заманда құндылық мәселесі ағылшын философтары (Дж.Локк, Дж. Милль және тағы басқа), француз ағартушылары – Вольтер, Ж.Ж.Руссо, классикалық неміс философиясының өкілдері – И.Кант, И.Фихте, Г.Гегель, орыс ағартушы-демократтар-А.И.Герцен, В.С.Соловьев, Н.А.Бердяев еңбектерінде күрделі мәселеге айналған.

Ал И.Канттың эстетикалық теориясы Д. Юмның субъективті-психологиялық тұжырымдамасына, А. Баумгартнердің рационалистік көзқарастарына және Д. Дидроның материалистік идеяларына қарсы қойылған. Кант адамның сыртқы ортаны игеруін зерттей келе, ол «әдемілік» және «керемет» ұғымдарын адамгершілік сезімдерінен бөліп қарастырады.

Философия ой тарихында *құндылықтардың теориялары* әр түрлі бағыттармен сипатталады: натуралистік психологизм, трансцендентализм, персоналистік онтологизм мәдени-тарихи релятивизм және социологизм.(2)

Ал сонымен, құндылық ұғымы философиялық ғылым саласына ресми түрде ұғым ретінде тек XIX ғасырдың 2 жартысында Г.Лотц енгізді. Құндылық ұғымының мәнін тереңірек ашу барысында ағылшын зерттеушілері Э.Гортман мен Э.Дюркгейм „Аксиология“ ұғымын тұңғыш рет қолдана келе, оның теориялық негіздерін айқындай келе, "Аксиологияға" анықтама береді. Ал бұл ұғым ғылыми термин ретінде тек 20 ғасырдың басында П.Лапи мен Э. Гартманның еңбектерінің арқасында ғылыми айналымға енді.

Аксиология құндылықтар жаратылысы, ондағы нақтылық құрылымы, яғни әлеуметтік және мәдени факторлар мен тұлға құрылымы арасындағы әр түрлі құндылықтар байланысы туралы ілім. Аксиология философияның арнайы бір саласы ретінде XX ғасырдың басында ғылыми айналымға заңды түрде енді. Грек тілінде “аксио“- құндылық, “логос”- ілім, ғылым дегенді білдіреді. Құндылықтар – адам мен қоғам өмірінде үлкен роль атқаратын фактор болып табылады .

Аксиология ғылымының басты міндеті – құндылықтың болмыс құрылымында қандай орын алатынын және олардың шынайы фактілерге қатынасын анықтау болып табылады. Аксиология – құндылықтар ілімі туралы және құндылықтар әлемінің құрылымы, олардың ақиқаттағы орны туралы философиялық ілім.(2)

2 Құндылық ұғымы. Адамгершілік ережелері және құқық ережелері. Негізгі этикалық категориялар (парыз, игілік, мән және қажеттілік, ар-ұят, еркіндік). С.Аверинцевтің редакторлығымен шыққан философиялық энциклопедиялық сөздікте құндылық - ол шынайылықтағы белгілі бір құбылыстардың адамдық, әлеуметтік, мәдени маңызын көрсететін термин. Адам әрекетінің барлық тұрғысындағы заттай құндылық болып, жақсылық пен жамандық, ақиқат пен жалған, әділдік пен әділетсіздік деп бағаланады. Ал бағалау үрдісін жүргізетін өлшемдер қоғамдық санада бекіп, ол «субъективті құндылыққа» айналып, адам әрекетінің бағыттаушысы болады.

Мәдениеттанушы Н.Крылованың анықтауы бойынша «құндылық-ол идеалға жеткізетін және эталон туралы түсінік беретін кез келген мәдениеттің реттеуші компоненті.

Олар сол мәдениетке сай материалды немесе идеалды түрде немесе нормалар, мәндер түрінде өмірде кезігеді. Олар адам үшін позитивті маңызы бар сипаттамалар. Сондықтан да

Философ Д.А. Леонтьев құндылық ұғымын түсіндіруде екі бағыт бар екенін көрсетеді. Олар: біріншіден, құндылықты атрибут ретінде түсіну, екіншіден, бір объект немесе зат оның құндылығы жоғары деген пікір білдіреді. Екінші бағыт құндылық – ол объектіге немесе затқа (кең мағынада) қатысты тұрғыдан түсіндіріліп, субъект үшін нақты маңызы қаншалықты немесе оның қоршаған ортасының қажеттіліктерін өтеуші немесе абстрактілі мәндер деген пікір білдіреді.

Құндылық ұғымын адамгершілік ұғымымен бірге қарастырамыз. Адамгершілік мәселесін философияда мораль қарастырады. Мораль (лат. *moralis*-әдет-ғұрып) – адамдардың өзара және қоғаммен қатынастарын, өздерін ұстауын реттеп отыратын қоғамдық сананың формасы. Мораль адам қоғамының пайда болуымен бірге қалыптасты. Қоғам әрқашан өз мүшесіне белгілі бір талаптар қояды. Ол талаптар әрқашан мораль нормаларынан көрінеді.

Мораль немесе адамгершілік туралы ілімді философияда әдеп (этика) дейді. Ол моральдық нормалардың шығу тегін, мәнін және қолданылу тетіктерін зерттейді, оларды түсіндіреді, адамның қылығын адамгершілік талаптар тұрғысынан бағалау өлшемдерін анықтап береді.

Қоғамдық өмірде және тұрмыста адамдар арасындағы қатынастар ғасырлар бойы қалыптасқан моральдық нормалар арқылы реттеліп келеді. Моральдық нормалар адамдардың бір-біріне және қоғамға қатынасын білдіруімен бірге олардың адамгершілік сезімін, арын, намысын, ұжданын айқындайды, адамның әрекетін ретке салады. Адамгершілік — әдептің негізгі мәселесі. Адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген ұлағатты азамат болып шығу.(1)

Моральдың негізгі атқаратын функциясы – адам мен адам және адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттеу, осыны өзгелерге үлгі етіп, келесі ұрпаққа тәжірибе қылып жеткізу. Моральдың қоғамдағы атқаратын қызметі: реттеушілік, танымдық және тәрбиелік және т. б .қызметтер.

Қоғам дамуы барысында адамгершілік ережелері мен құқықтық ережелер қалыптасқан. Адамгершілік ережелердің құқықтан мәнді айырмашылығы мынада: мораль – жазылмаған қағидалардың жиынтығы, сондықтан ол қоғамдық пікірмен реттеледі. Ал құқықтық ережелер мемлекетте жазылып, қабылданған заңдылықтар жүйесін құрайды, сондықтан ол мемлекеттің ықпалымен, билік органдарының араласуымен жүзеге асырылады.

Құқық мемлекеттің шығуымен бірге қалыптасты, онда қоғам мүшелерінің өздерін ұстау ережелері қарастырылып, қоғамдық өмір тәртібі орнатылды, оны бұзғандарға жаза тағайындалды. Қоғам мүшелері мемлекетті нығайту үшін, құқықтық құжаттарда бекітілген бірнеше міндеттер бар (салық төлеу, Отан қорғау, заңды құрметтеу, табиғатты қорғау және т.б.). Құқықтың міндеті – тәртіпті бекіту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, ал мемлекеттің міндеті болса – осы құқықтар мен бостандықтарды қорғау.

Жалпы құқық моральдан кейін қалыптасқан. Құқық – нақты тұжырымдардан және оны қолданудың реттіліктерінен тұрады . Сонымен қоса, құқық және адамгершілік нормалары өзара тығыз байланысты. Көптеген адамгершілік нормалары құқықтық актілерге негіз болған.

Адамзат дамуы барысында адамгершілік ұғымдары негізгі ұғымдарға, яғни этикалық категорияларға жинақтала бастады. Негізгі этикалық категорияларға мыналар жатады: парыз, игілік, мән және қажеттілік, ар-ұят, еркіндік және т. б.

Парыз - әлеуметтік стаусты талап ететін адамның адамгершілік міндеттерін білдіретін этикалық категория.

Игілік – ырыздықты, рухани және мәдени байлықты білдіретін жалпы ұғым; адамның белгілі бір қажеттерін қанағаттандыратын, оның мүддесіне, мақсаты мен ниетіне сәйкес дүние .

Мән- дүниедегі объектілер мен процестердің қажетті жақтарын, танымның сатыларын бейнелейтін философиялық категория.

Қажеттіліктер - жеке адамның, әлеуметтік топтың, қоғамның тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін объективті түрде керек нәрсеге мұқтаждық; белсенді әрекеттің ішкі қозғаушысы. Қажеттіліктер субъект пен оның қызметінің өзара байланысын көрсетеді, әуестіктен, мүдделерден, мақсаттардан және мінез-құлықтан көрініс табады.

Ар-ұят – қоршаған ортаның адамның құқықтарын мойындауы, оның еркіндігін, әрекеттерінің моральдық құндылығын түсінуі мен құрметтеуі.

Еркіндік — адамның немесе жеке ұлттың, халықтың өз мүдделері мен мүмкіндігіне сай әрекет етіп, өз қалауын жүзеге асыруы. Адамдар өз әрекетінің объективті жағдайларын қалауынша таңдап алуға ерікті емес, алайда олар нақтылы және салыстырмалы еркіндікке ие.(2)

3 Адамгершіліктің алтын қағидасы (Конфуций) және бұлжымас императиві (И.Кант). Конфуций (б.з.б.551-479 жж.) - ілім мен философияға, қытай, корей және жапон өмірі мен тұрысы, ойлау ғұрыпына терең ықпал еткен, әйгілі қытай ақылманы және әлеуметтік философы. Конфуций адамгершілік мәселелерін бірінші кезекке қойған. Конфуций өз ілімін адамға бағыттаған. Ол - алғаш рет адамның кісілік тұлғасы туралы ой қозғаған философ. Үлгі тұтуға жарайтын ер адамның адамгершілігі (жень), үлкенді сыйлауы (сяо), әдет-ғұрып, дәстүрді құрмет тұту (ли) жоғарғы дәрежеде болуы тиіс. Адам тумасынан жаман болып тумайды, оны жаман да, жақсы да қылатын өскен ортасы. Конфуций мемлекетті де үлкен отбасы деп түсіндірген. Оның ілімі, жалпы алғанда, үстем таптың мүддесін қорғады, құлдықты сөкет көрмеді, сондықтан да ұзақ жылдар бойы мемлекеттік ресми идеологияға айналып, Қытайдағы қоғамдық өмірдің барлық салаларына өз әсерін тигізді.

Конфуцийді ұлы моралист деп атайды, өйткені ол өзінің саяси-әлеуметтік доктринасын моральдік максимумдарға – биік мораль, лайықты, дұрыс тәртіп, этикет эталондарына (ли) негіздеді. Конфуций мүлтіксіз, жетілген адам (цзюнь-цзы) тұжырымдамасын жасады. Мұндай адамның асылдығы, Конфуций бойынша, шыққан тегіне емес, алған тәрбиесіне байланысты болмақ. Өте оңды, тамаша адам өзін-өзі жетілдіру нәтижесінде қалыптасады. Ойшыл ретінде Конфуций мұндай кісіні адамшыл (жень), әділ, адал, ақжүрек болу керек деп есептейді. Ол әрқашан білім ала беруге ұмтылып тұруға тиіс.

Конфуций адамдар арасындағы (отбасында, қоғамда, мемлекетте) мүлтіксіз қарым-қатынас заңын мынандай қанатты сөзбен тұжырымдаған: “Өзіңе тілемегенді басқаға тілеме”, - дейді. Кейінгі ұрпақ *адамгершіліктің алтын ережесі* ретінде дәріптейтін осынау Конфуций іліміндегі тұжырымдаманы ілгерілі-кейінгі ойшылдар пайымдауында адам мінез-құлқы мен тәртібінің іргетасы ретінде қолдануда.

Жалпы алғанда, Конфуций ізбасарларына қатаң әлеуметтік жіктелу идеясын, сондай-ақ, қоғам мүшелері міндеттерін отбасындағы қызмет бөлу тәрізді иерархиялық бөлініске салуды жақтау идеясын қорғау тән. Мемлекет – халық игілігін қамтамасыз ету және қажет тәртіпті орнату құралы. Солай бола тұра, мемлекет бәрін қамтитын және баршаға ортақ, бәрі орындауға міндетті, бірақ бет-бейнесіз заңға да, тиран-билеушінің озбырлығына да сүйенбеу керек, керісінше, мемлекет – билеуші мен оның көмекшілерінің даналығына, ізгілік-мейірімділігіне арқа сүйеуге тиіс. Конфуцийдің саяси доктринасына әр заманда әрдайым мұқият көңіл бөлініп отырды. Конфуций мен оның ізбасарларының ілімінде бейнеленген идеялар осы күнге дейін Қытай саяси мәдениетінің аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Иммануил Кант (1724-1804) – неміс философиясының негізін қалаушы. Ой еңбегіне арналған өмірін өзі дүниеге келген Кенисберг (қазіргі Калининград) қаласында өткізген. Кенисберг университетінің дін факультетіне оқуға түсіп, діни пәндермен қатар философия, физика, математика пәндерінен лекцияларға қатысқан.

Кант: «Сен еркін де ақылды болуға тиістісің» деп жария еткенімен, абсолюттік еркіндік түбінде жақсылыққа апармайтынын түсінді, сондықтан да бұлжымайтын

императивті енгізді. Шектеусіз, абсолюттік еркіндіктің іс жүзінде аморальдылыққа ұшыратынының дәлелін тарихтан да, қазіргі өмірден де көруге болады. Гегельдің өзі абсолюттік еркіндікті құбыжық нәрсемен теңеуі тегін емес. Бұлжымайтын императив Канттың императивтерінің мазмұнын дұрыс жеткізу үшін «бұлжымайтын императив» ұғымын қолданып, оны парыз ұғымы ретінде түсіндіреді.

Сонымен бірге, ол адам өмірінің мәні тек өзінің алдындағы ғана емес, басқа адамдардың, жалпы қоғам алдындағы парызын орындау деп түсінеді. Бұлжымайтын императивтің бірінші қағидасы: «Өзіңдегі де, басқалардағы да ақылды және еркін жігерді мақсатқа жету құралы емес, сол мақсаттың өзі деп таны». Бұл қағидадан ұлы гуманист Канттың адам мен қоғам туралы демократиялық ойларын көреміз. Тұлға белгілі бір құқықтарға, еркіндікке ие, қоғамның саналы мүшесі, өз өмірінің, өз тағдырының кожайыны, оған ешкім де, ешқандай қоғамдық-саяси ұйымдар да өз көзқарасын таңа алмайды.

Канттың осы қағидасы жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге де пайдасын тигізеді. Әрбір адам түбінде ең қатал сот - өзінің ар-ұятының алдында жауап беретінін ұмытпағаны жөн, Ал Канттың қағидасын ұстанып, басқа адамдармен мейлінше кіршіксіз қарым-қатынас орнатуға тырысқан адамның ары таза.

4 Адамгершіліктің бастауларын түсінудің негізгі тәсілдері. Пайда және принциптілік арақатынасы. Құндылық және сана табиғаты. Адамгершілік – адамға тән гуманистік құндылық, әдеп ұғымы. "Кісілік", ізгілік", "имандылық" тәрізді ұғымдармен мәндес. Адамгершілік - адамшылық, каталдықпен салыстырғанда жақсылық тілеу қарым-қатынастары. Адамгершілік принциптері әлеуметтік-мәдени дамудың жемісі. Адам тумысында жақсылыққа да, зұлымдыққа да үйір емес. Адамгершілік белгілерінің қалыптасуына ерекше әсер еткен мынадай факторлар бар: жыныстық қатынастарды реттеу, қандастарын өлтіруге тыйым салу, әлсіздерге қамқорлық ету, еңбектің қоғамдық жолмен бөлінуі және адамдар арасындағы ынтымақтастықтың қалыптасуы. Адамгершілік құндылықтар-дың қалыптасуы үшін жүйелік және тұлғалық мүшелердің ара салмағын дұрыс айқындаудың маңызы зор. Жеке адамды әлеуметтік қатынастардың жемісі деп қарастыру адамды бағаламауға әкеп соғады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Э. Кенни. Антика философиясы 1 том. Астана, 2018
2. С.Мырзалы Философия. Алматы, 2014
3. Тілеуова С. Құндылықтар жүйесінің танымдық саласының мәні//Ізденіс.- 2003-№2- Б.32-37.

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ҮЙЛЕСІМДІЛІКТЕР

Сырбаев Ербол Өмірзақұлы
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу
университеті акционерлік емес қоғамы
«Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтарының
мәдениеті» кафедрасының аға оқытушысы

Қазіргі Қазақстанның мемлекеттілігін жетілдіру, оның әлеуметтік-экономикалық саласын жаңарту мен саяси жүйесін демократияландыру жағдайында қоғамды топтастыру, ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді сақтау, нығайту бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Қазақстандық қоғамның дамуының қазіргі қалыптасқан әлеуметтік, саяси, экономикалық

және мәдени ахуалы жаһандану мен бәсекелестік жағдайында қоғамның шоғырлануы мен орнықты дамуына ықпал ететін ұлттық идеяны негіздеу мен практикалық тұрғыда өмірге енгізу күн тәртібінің алдыңғы қатарына шығып отыр. Ұлттық идея қоғамдық санадағы прогресті қамтамасыз етуші күш. Ол халықтың бұқаралық санасында белгілі бір орын алып қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттік деңгейдегі белгілі бір саяси платформаға, әлеуметтік бағдарлық парадигма шамасына жеткенде ол тұтастанған идеологияға айналады.

Ұлттың өмір сүруінің негізгі шарттарының бірі – өзін өзі үздіксіз іздеу. Өмірде алдына нақты мақсат қоймаған адамның адасатыны сияқты, бағытсыз, бағдарсыз қоғам, мұраты айқындалмаған мемлекеттің де адасары, тығырыққа тірелері анық.

Тарихтың бетбұрыс және сындарлы кезеңдерінде өзінің ұлттық-мәдени бірегейлігі мен ұлттық идеясын іздестіру үдерісі әлемдегі барлық елдердің басынан өткен. Олар дамуының шешуші бір кезеңдерінде ұлттың жұмылып шоғырлануын қамтамасыз ететін осы ұлттың рухани және материалдық қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын өтейтін іргелі бір ұранды немесе девизді қажет етті. Қазақтың «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған жерұйығы»; «Мәскеу үшінші Рим» ұранымен сипатталатын православиелік-құтқарушылық «орыс идеясы»; Кеңес заманындағы «коммунизм идеясы», рузвельттік «жаңа курспен», кеннедилік «жаңа қоғам» идеясымен ұғынылатын «американдық арман». Соғыстан кейінгі «жапон таңғажайыбы», ирандықтардың ұмтылып отырған «ислам тазалығы» т.б. осының мысалы десек болады [1].

Қазақстанның бүгінгі алдына қойған мақсаты мен келешек мұраты және ұстанған бағыт-бағдары «Мәңгілік Ел» идеясымен тығыз байланысты. Бұл идея сонау Түркі дүниесінен бастау алады.

Түркі халқының түсінігі бойынша байырғы түркі елі, әлемнен кейінгі Көк Тәңірі жаратқан ең ежелгі, көне мемлекет. Сол себептен оны Тәңірелі, «Мәңгілік ел» деп атады. Түрік дүниетанымының өзегі болып табылатын «Ил (ел)» сөзі «бейбітшілік» деген мағынаны білдірсе, «илхан» (елхан) «Бейбітшілік қағаны» деп аталатын. Түркілердің бас бостандығы мен еркіндігі, өмір сүру қағидалары, жалпы ел, жер, елдік, бірлік мәселелері «Мәңгілік ел» нысанасымен байланыстырылады. Осы Тәңірі жаратқан «Мәңгілік елдің» біртұтастығын сақтау жолында білікті данышпан қағандардың ұлағатты қасиеттерді бойына сіңіру қажеттігін айта отырып, тасқа қашап, оны келешек ұрпаққа мирас етіп қалдырды. Байырғы түркілер барлық ішкі-сыртқы саясаты мен «арнайы» идеологиясын осындай жолмен, яғни, «Мәңгілік ел» саясатымен жүргізді.

«Түркілер халықты билеудің әлемдік үлгісін жасаған. Ол – «Мәңгілік ел» үлгісі. «Мәңгілік ел» нысанасы – «Тәңір тауының сағасын мекендеп келе жатқан, көшпелі түркі жұртының ұлы арманы, түркі әлемі мен руханиятының ұйытқысы. Өйткені «ел мен елдік ұғымын ұйытқан мәйектің ата тегі – Тәңір, ана тегі – Ұмай ана, заттық негізі – жер мен су. «Мәңгілік ел» нысанасы – мәңгілік рухани аңсар, ол түркі тегінің тұтастығы мен тәуелсіздігінің кепілдігін қамтамасыз етуге арналған – тектік, тазалық пен еркіндік идеологиясы. Ал ұлттық тәуелсіздік исі түркі әлемінің рухани еркіндік нысанасы» [2, 381-б.].

Орхон-Енисей жазуларында түркілердің қасиетті құт мекені, қонысы Өтүкен туралы жиі айтылады. Өтүкеннің негізгі мағынасы түркілердің берекелі жері, байлығы, бақыты, тағдыры дегенді білдіреді. «Түркі қағаны Өтүкен қойнауында отырса, елде мұң жоқ», «қасиетті Өтүкен қойнауының халқы (өзің бардың), біресе ілгері шаптың, біресе кері шаптың. Барған жерден не жақсылық таптың? Қаның судай ақты, сүйегің таудай болып жатты, бек ұлдарың құл болды...». Осы жолдардың астарына мән берсек Өтүкенді байырғы түркілер жерұйық деп санағаны аңғарылады. «Өтүкен – Түркі мемлекетінің бірлігін сақтайтын орталық территориясы болып табылды. Өтүкен территориясында билік ететін хан ең жоғарғы қаған болып саналып, басқа хандар оған бағынды» [3, 375-б.]. Қытай жылнамалары бойынша Өтүкенде қағандар ордасы болған, оның қасиеттілігі сонда, сырттан келген әскери күштердің шабуылынан сақтады [4, 242-б.].

Аты аңызға айналған осы жер туралы руналық жазба ескерткіштерден басқа, Махмұд Қашқари мен Рашид ад-Диннің және тағы басқа да түрік зерттеушілерінің еңбектерінен айтарлықтай мағлұматтарды кездестіруге болады. Бірі Өтүкенді көк түріктердің орталық шаһары, табиғаты өмір сүруге жайлы, Орхон және Селенга өзендерінің арасындағы жер деп көрсетсе, ал оғыз дастандарында Өтүкен Тәңірі таулары мен Орхон аймағындағы киелі өңір деп баяндалады. Қытай деректерінде Өтүкен түркілердің тағы бір қасиетті орны Т'а-жен (кейбір деректерде Т'амін) өзенімен бірге айтылады. П.А. Будбергтің пікірі бойынша түркілердің Тамін өзені қадір-қасиет тұту деген мағынадан тұрса, Өтүкен этимологиясының негізі де otu-otun-otuk-тілеу, сұрау, өтіну түбірінен шығады. П.А. Будберг бұл орындарды «сиыну, дұға ету таулары» деп атады [5, 123-б.]. М. Қашқаридың шығармасында Өтүкен «татар шөліндегі ұйғырларға жақын бір жердің аты» делінеді. Тағы бір деректерде Өтүкен жер тәңірісі деген ұғымды білдіретіні айтылады. Халық өзінің үміті мен сенімін Өтүкенмен тығыз байланысты деп ұғынған. Бұл қасиет тұтқан жердің ежелгі түркі заманында халық санасында мейлінше кеңейтіліп, барша жақсылықтың, ырыс берекенің рәмізі болғаны танылады. Кез келген халықтың ынтымақты, бейбіт, берекелі ғұмыр кешетін бай да байтақ өлкені іздейтіні дәстүрге айналған жәйт. Солардың Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі Өтүкен мекенімен үндестігі кездейсоқ деп қарауға болмайды. «Дәстүрлі түркілік дүниетанымда космологияның көшірмесі болып табылатын адамның жаратылуы да әлемнің орталығында жүзеге асқан. Мысалы Месопотамия мәдениетінде адам жер жүзі мен көк арасындағы «көпірдің» орналасқан жері – «жердің кіндігі – Жерұйықта» дүниеге келген. Осы символдық бейнелеулер түркілік космологияның да негізгі ұстындары болып табылады. Негізінен, ескі түркі космологиясы «Жерұйық» түсінігі төңірегінде қалыптасқан. Түркі жұрты, «түркі ордасы», яғни билеу, басқару орталығы, дүниенің төрт бұрышының түйіскен жерінде, яғни дәл ортада, әлемнің кіндігінде орналасқан» [6, 88-б.]. Ойымызды нақтылай түсу үшін данагөй ойшыл Асан Қайғының Жерұйық іліміне тоқталып өткеніміз орынды болар еді. Осыған байланысты белгілі философ Ғарифолла Есім Асан қайғының қазақ этносын әрі мемлекетін қалыптастырып нығайтуда «Жерұйық» деген жаңа ілім жасағанын айта отырып, бұл ұлттық мемлекет құрудың идеясы болғанын, мемлекеттің басты проблемасы – жер, жерұйық туралы ілім дей келе, – «жер – ұлттық дүниетанымның басты ұғымы. Жерұйық деген жер және ұйық деген екі сөзден тұрады. Ұйық, яғни үю деген – халықтың қауымдасып ұлт және мемлекет болуын білдіретін түсінік... Асан қайғы ұлттық идеяның тарихи негізін салған ойшыл, оның тарихи аталуы – Жерұйық. Бүгінгі географиялық түсініктегі Жерұйық дегеніміз – Қазақстан Республикасы» – деп жазады [7, 10-б.]. Қайғы атанған Асан бабамыз елінің қамы, елдің бірлігі үшін ең қажетті байтақта, қазыналы жерді іздеп тауып, сол жерге халықтың басын бақытқа, тыныштыққа біріктіріп, ұйытуды тілек етті. «Тәңірдің құтының шоғырланған жері – «Жерұйық». Ежелгі түрік аңыз-эпсаналарында Жерұйық «орталық, кіндік» мағынасындағы символдармен берілген. Дәстүрлі қоғам адамының Тәңірмен байланыс құруы тікелей рухымен емес, Жерұйық арқылы жүзеге асатын... Қорқыт пен Асан Қайғының елі үшін Жерұйық іздеуі – утопия емес, дәстүрлі түркілік дүниетанымның ділдік-ойлау әлемінің ақиқаты. Жерұйық – әлі күнге дейін тарихи функциясын жоғалтпаған дәстүрлі түркілік дүниетаным космологиясының негізгі ұстыны әрі Тәңірге барар «орталық жолдың» рәмізі» [6, 75-б.]. Асан Қайғының тауып берген Жерұйығы көшпелілер үшін ешқандай жерге тең келмейтін қасиетті, әрі құтты мекен болды. Енді біз сол Жерұйықта отырып, бірлікте, бітімде, ынтымақта, үюда болуымыз шарт. Осындай кең байтақ байлыққа толы жерді тауып, халықты бірлікпен елдікке шақырған Асан Қайғы идеясының мәңгілік екеніне көзіміз жетіп отыр. Тек дұрыс идея ғана қаншама ғасырлар мен жылдар өтсе де өз маңызын жоймай мәңгілікте болады. Жалпы құтты қоныс, киелі мекен болып ел қиялын тербеген жерұйық сияқты эпсаналар түрік халқының «Өтүкен», «Ергене көң» жерлерімен үндес, мазмұндас келеді. Себебі олардың сабақтастығы заман, адам, жер-су, мекен мәселелерін алға қояды. Олай болса, Асан Қайғының халыққа қолайлы мекен, жайлы қоныс жерұйықты іздеп, жер дүниені кезуі туралы эпсана мен қазақ халқының Жиделі

байсынды жер жәннаты деп қиялмен асқақтатып, қол жетпес арман өлкеге айналдыруында Өтүкеннің рухы жатыр десек қателеспейміз. Өтүкен, Жерұйық, Жиделі байсын жерлері сан ұрпақтың дүниетанымында қасиетті ұғым болып қалыптасып, бейбіт өмір мен молшылық береке мен бақыттың рәмізі болып қала бермек [8, 33-б.].

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында атап көрсеткен, еліміздің саяси және экономикалық жаңғыруларын толықтырып ғана қоймай, оның өзегіне айналуы тиіс рухани жаңғырудың «Бәсекелік қабілет», «Прагматизм», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Білімнің салтанат құруы», «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы» және «Сананың ашықтығы» аталатын басым бағыттары және оның негізгі қағидаларын қалыптастыру мен еліміздің заман сынағына лайықты төтеп беруіне қажетті нақты жобаларды, атап айтқанда, «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру», «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы, «Туған жер» бағдарламасы және «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы, сондай-ақ, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табуы тиіс, оның әрбір жетістігінің артында тұрған – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихын паш ететін алуан түрлі тағдыр иелерінің жетістіктерін «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы ел-жұртқа таныстыру «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудың нақты қадамдары десек болады.

Президент Н.Ә.Назарбаев осы мақаласында: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деген болатын. Сондай-ақ, ол: «Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, – дейді, – олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы» [9].

Осы тұрғыдан, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру» мәселесі, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы және «Туған жер» бағдарламасы мен «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын еліміздің келешегі үшін маңызы зор бастамалар деп есептейміз. Себебі, тіл дегеніміз де, оны белгілеуші қаріп, жазудың өзі рәміз, яғни символ болып табылады. Неміс философы Эрнст Кассирер адамға «...символ тудырушы, символ жасаушы тіршілік иесі» деген анықтама берген. Адам символдар әлемінде өмір сүреді. Кассирер бойынша мәдениет, ғылым, білім, дін, экономика т.б. бәрі символға жатады. Символ дегеніміз өзі бір нәрсе болғанымен, мағынасы басқа нәрсені білдіретін белгілер мен таңбалар. Сондықтан латын әліпбиіне көшу бүгінгі таңда ғылымы мен экономикасы дамыған батыстық өркениетке бір табан жақындау болып табылмақ. Яғни латын әліпбиіне көшу арқылы ағылшын тілін тез меңгеріп кете алмаспыз, бірақ ол тіл үйрену жолындағы бірақатар психологиялық кедергілерді еңсеруге көмектеседі. Нәтижесінде бағдарламадағы «Білімнің салтанат құруы» мен «Сананың ашықтығы» бағыттарының іске асуына жол ашылмақ. Себебі өткен ғасырларда Батыс мәдениеті мен білімі, ғылымына Орыс мәдениеті, ғылымы арқылы терезе ашылса, бүгінде ол Еуропа мәдениеті мен ағылшын тілі арқылы бүкіл әлемдік өркениет жолына ашылатын терезе болып отыр. Тілді меңгеру арқылы, мойындамасқа амал жоқ, ғылым, білім, экономикада жүздеген жылдарға алға озып кеткен дүниежүзілік ғылым мен техника, мәдениет, әдебиет, өнер салаларындағы жетістіктерді игеру мүмкіндігінің артатыны анық. Ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту мен жаңа сапаға өтудің, бағдарламада көрсетілгендей, жүз жаңа есімді анықтау, ұлттық

құндылықтарды сақтау мен еліміздің сакральді картасын жасау арқылы жүзеге асуы ұлттық болмысымыз бен өз келбетімізді сақтап қалудың кепілі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Төлепбергенов Б. Ұлттық идея – Тәуелсіздік тұғыры (Әлеуметтік-философиялық талдау). – Алматы, 2011. – 237 б.
2. Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер. – Алматы: Ғылым, 2001. – 584 б.
3. Deguines. Histoire des Huns, des Turcs et des Mongols. – Paris. Edition Garnier, 1998. – 284 p.
4. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – М.; Л., 2000. – 381 с.
5. Woodberg P.A. Selected works. Los-Angelos: – Berkley, 1979. – 304 p.
6. Кенжетай Д. Дәстүрлі түркілік дүниетаным және оның мәні // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Жиырма томдық. 1-том. – Астана: Аударма, 2005. – 496 б.
7. Есім Ғ. Қазақ философиясы // Қазақ әдебиеті. 2003. 20-маусым.
8. Нұрмұратов С.Е. Орхон мәтіндеріндегі дүниетанымдық бағдарлар // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 5-том. – Астана: Аударма, 2005. – 496 б.
9. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolfshaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МӘТІНДЕР ЖӘНЕ ОНЫ АУДАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Исахан Самал Досалықызы
Абай атындағы ҚазҰПУ, Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының 1-курс магистранты, Алматы қаласы

Аңдатпа

Мақалада қазақ баспасөзі бетінде жарияланған және қазақ баспасөзі аударма негізінде көтерген әлеуметтік-саяси тақырыптарда жарияланған мақалаларға талдау жасалынған және оның ерекшеліктері көтерілген.

Кілт сөздер: баспасөз, аударма, саясат, ерекшелік, мәтін.

Аннотация

В статье рассматривается и анализируется переведенные социально-политические статьи в страницах современной казахской печати, а также ее особенности.

Ключевые слова: печать, перевод, политика, особенность, текст.

Summary

The article examines and analyzes the translated socio-political articles in the pages of the modern Kazakh press, as well as its features.

Keywords: press, translation, politics, feature, text.

Еліміз тәуелсіздігін алып, дүниежүзілік адамзат көшіне жеке мемлекет ретінде қосылған бүгінгі күні, халқымыздың әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени

өмірінде бұқаралық ақпарат құралдарының алар орны, атқарар қызметі өте салмақты болып табылады.

Бүгінгі таңда қоғамдық санаға ықпал ететін бұқараны ортақ мақсатқа жұмылдыратын бірден-бір күш, бұқаралық ақпарат құралдарының басты тетіктерінің бірі-баспасөз болып табылады. Баспасөздің қоғамымыздағы алатын орнына жоғары баға берген еліміздің тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Газеттер мен журналдарға арқа сүйеместен өз саясатыңды қалай жүргізіп, реформа мәнін қалай ұғындыруға болатынын түсінбеймін. Егер ең бұқарашыл саяси мінбеден айырылсақ, жұртты өз іс-әрекетіміз туралы, аймақтардың даму перспективасы туралы, мәселені шешудегі көзқарастар туралы қалайша хабардар етпекпіз» - деп атап көрсеткен болатын[1].

Бұрынғы кеңестік дәуірде баспасөзді үгітші, насихатшы құрал ретінде қарастырып келдік. Ол кездегі баспасөз шектен тыс идеологияға тәуелді болып, қоғамда болып жатқан оқиғалардың бет-пердесін шынайы ашып бере алмады, сол кездегі идеологияға қызмет етті. Бүгінгі демократиялық елімізде баспасөздің қоғамдағы рөлі елеулі өзгеріске ұшырады. Ол бұрынғыдай насихатшы ғана емес, сонымен бірге қоғамдық ой-санамыздың сараптаушысы және қоғамдық ой-пікірді қалыптастырушы да болып отыр. Мемлекетіміз демократиялық, зайырлы, құқықтық қоғам құрып отырған шақта баспасөз бұрынғы қасаң қағидаларынан арылып, демократиялық үрдістері бойынша сан-алуан тақырыптар төңірегінде мәселелер көтеруде.

Қазіргі Қазақ баспасөзі еліміздегі қоғамдық-саяси өзгерістер нәтижесінде қоғамымызда болып жатқан оқиғалардың барлығына атсалысып, өзекті проблемаларды дер кезінде көтеріп, қоғамдық пікір туғыза отырып, сол проблемалардың дұрыс шешілуіне мұрындық болып отырғаны белгілі. Сонымен қатар, Қазақ баспасөзінің көтеріп отырған өзекті тақырыптарының бірі-әлемдегі және Республикамыздағы әлеуметтік-саяси жағдайлар болып табылады. Бұл салада «Ақиқат», «Саясат», «Қазақ тарихы», «Парасат», «Жұлдыз» журналдары мен «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Жас Алаш», «Қазақ әдебиеті», «Түркістан» секілді республикалық газеттер айрықша атсалысып келеді.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде «Саяси демократия тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарынсыз ақылға сиымсыз болар еді. Сонымен бірге, олардың объективсіздік пен теріс пиғылдылықтың білдіруші, әрі тұрақсыздандырушы күшін сезінуі, әлеуметтік жауапкершілігі болуы тиіс. Нақ сондықтан оларға бағдар ұстана отырып, мемлекеттік үкімет құрылымдары қоғамдық пікірді зерттейді және өзінің іс-қимылын соған сәйкес түзетіп отырады», - деп демократиялық қоғамдағы тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының атқарар қызметіне жоғары баға берумен бірге әлеуметтік-саяси тақырыптарды көтерудегі баспасөздің маңызды рөл атқаратындығына ерекше тоқталып өткен еді [2].

Тәуелсіздікпен бірге келген сөз бостандығы, баспасөз бостандығының арқасында баспасөз саяси жүзеге қарсы өз сөзін ашық айтуға болатынын, елдегі жағдайды бұқаралық ақпарат құралдары жәрдемімен өзгертуге, түзетуге болатынын шынайы сезінді. Міне, сондықтан да қазақ баспасөзі, баспасөз бостандығының нәтижесінде әлеуметтік-саяси тақырыптарға қатысты өзекті айтылған мақалаларды батыл жариялай отырып, әлеуметтік-саяси салада туындап отырған қайшылықтарды да батыл көтере білді. Қазақ баспасөзі бетіндегі әлеуметтік-саяси салаларға қатысты әрбір материалдар қоғамымыздың әлеуметтік-саяси өмірінің қырлары мен сырларын терең түсінуге және ашуға кеңінен мүмкіндік береді.

Сонау ХХ ғасырдың бас кезінде халқымыздың бір туар перзенттерінің бірі Ахмет Байтұрсыновтың: «Газет-халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл, қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарқаға көзін шоқытпасақ тырысады» деп жазуы газеттің қоғамдағы атқарар жүгіне үлкен мән бергендігін көрсетеді[3].

Рухани майдан саласындағы Қазақ баспасөзінің арқалап келе жатқан үлкен жүгінің бірі-аударма саласы. Халқымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов өзінің «Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері» атты мақаласында аударманың үш түрін атап өтіп: «Біріншісі-сөзбе-сөздік әріпқойлыққа негізделген аударма. Екіншісі-еркін аударма, аудармашының өзіншілеп, әңгімелеп отырғанына өте ұқсас келеді. Соңғысы аударманың өте-мөте қонымды ғылыми дәлелденген түрі-шығарманың мазмұнын да, формасын да толығырақ беретін ғылыми дәл, балама аударма» деп жазған болатын [4].

Қазақ баспасөзінің аударма саласындағы көтеріп отырған тақырыптарына шолу жасап қарастыратын болсақ, заңғар жазушымыз М.Әуезов атап көрсетіп отырған аударма саласы түрлерінің барлық жанрлары да Қазақ баспасөзіне тән екенін бағамдаймыз. Сонымен қатар, аударма саласына қатысты баспасөз саласының өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес.

Аударма саласындағы Қазақ баспасөзінің көтеріп отырған негізгі тақырыптарының біріне ақпараттық материалдарды көтеруді жатқызамыз. Бұған, ресми-ақпараттық хабарлар, саяси келісімдер, қаулылар мен жарғылар, екі мемлекет арасындағы келісім шарттардың қысқаша хабарламасы да жатады. Ақпараттық аударманың өзіне тән сипаты, оқырманға шығармашылық-эстетикалық әсер ету емес, оның негізгі атқаратын қызметі болған оқиға жөніндегі мәліметтерді аударып беруде. Негізінен алғанда баспасөз бетіндегі ақпараттық аудармалардың басым бөлігін ресми әлеуметтік-саяси тақырыптар қамтиды. Ақпараттық хабарларды аударып беруде «Егемен Қазақстан» газеті «Басылымдар айдарымен» әлемнің жетекші басылымдары АҚШ-тың «Вашингтон Пост», «Нью-Йорк Таймс», Англияның «Гардиан» және тағы да басқа басылымдардан үзбей негізгі ақпараттық хабарларды аударып беріп келе жатқан тәжірибесін айтуымызға болады. Ақпараттық аудармаларға түпнұсқалық, дәлдік тұжырымын қатаң сақтау тән екенін де айта кетейік.

Қазақ баспасөзіндегі аудармалардың екінші бір топтамасы, әр сарындағы публицистикалық әлеуметтік-саяси мәтіндерді, оқиғаларды, сыншылдық-талдамалық, саяси пікірталастық мақалаларды Қазақ оқырмандарына жеткізу болып келеді. Бұл сарындағы мақалалармен өз оқырмандарын таныстырып отыру ісі еліміздің тәуелсіздік алуымен жандана түскені белгілі.

Қазақ баспасөзінің әлемнің әр тараптарындағы әлеуметтік-саяси тақырыптарға жете мән беріп, өз оқырмандарына сапалы жедел аударып беру мәселесінде «Егемен Қазақстан» газетінің Ақпарат және қоғамдық даму министірлігінің қолдауымен әлемдегі маңызды да өзекті тақырыптар жөнінде бірегей контент әзірлейтін Project Syndicate жобасы мақалаларын өзінің бетінде үздіксіз жариялап келе жатқандығы. Мәселен, газет бетінде жарияланған БҰҰ Бас хатшысы лауазымын атқарған Пан Ги Мун «Көпжақтылыққа оралу» атты мақаласында еліміз тәуелсіздігін алғалы бері ұстанып келе жатқан сыртқы саясаттағы көпвекторлы саясатын Қазақстанның әлемдік қауіпсіздік пен тыныштықты орнатудағы көптеген жаһандық бастамаларға мұрындық болғанын ашып жазады. Автор өз мақаласында «өгізді де өлтірмеудің, арбаны да сындырмаудың» тиімді тәсілін беру біздің еліміз ұстанып отыр деп қорытынды жасаған.

Қазақ баспасөзі көтеріп отырған әлеуметтік-саяси тақырыптар топтамасы еліміздің ШЫҰ, ТМД және тағы басқа халықаралық ұйымдарға мүше болғаннан кейін күшейе түсті. Осы ұйымдар аясында бірлесіп қабылданған ресми құжаттарды, ынтымақтастық, әріптестік байланыс тақырыптарын аударып өз оқырмандарына ұсыну ісінде баспасөздің абыройлы жұмыстарын айтуға тиіспіз. Сараптамалық саяси тақырыптар жөнінде тоқтала кететін екінші мәселе, көрші мемлекеттердің біздің еліміздегі саяси ахуал төңірегінде өз баспасөз беттерінде мақалалар жариялауы. Елімізге қатысты осындай саяси сараптамалық мақалаларды өз оқырмандарымен таныстыру ісінде де Қазақ баспасөзі шет қалған емес.

Қазақ баспасөзіндегі аудармалардың тағы бір саласы ізбе-із аударып беру ісі. Баспасөз бетінде беріліп келе жатқан саяси тақырыптарға қатысты аудармалардың бұл түрі жауапты келіссөздер, ресми кездесулер, пресс-конференциялар, семинарлар мен дөңгелек үстелдер кезінде жүзеге асады.

Бүгінгі таңда Қазақ баспасөзі ұлттың деңгейінің мәдениетінің көрсеткіші. Әсіресе ақпарат кеңістігімізді қорғау ісіндегі жұмысын ерекше айтуға болады. Қай мәселені көтерсе де, ұлттық рух, ұлттық болмыс тұрғысынан көтеріп келеді. Рухани азығымыз Қазақ баспасөзінің қадамы қарыштап дами берсін дейміз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев.Н. Бас редактормен кездесу. Егемен Қазақстан.-1994 – 2шілде.
- 2 Назарбаев.Н. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. Егемен Қазақстан.-1992-19 мамыр.
3. Байтұрсынұлы.А. Қазақ.-1913.-№ 1.
- 4.Әуезов.М.Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері. Алматы: Қазмем баспасы, 1957.-57 бет.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Абдрахман Ділназ Медеуқызы.

**ҚазҰАЗУ, Су, жер және орман ресурстары факультетінің 1 курс студенті
Ғылыми жетекші: Салтынбек Д.И. ҚазҰАЗУ-дың профессоры**

Аннотация

В статье представлен анализ статей на темы возникновения Великого Шелкового пути, а также история, развития Великого Шелкового пути, значения и роли Великого Шелкового пути.

Ключевые слова: великий, путь, значение, дипломатия.

Summary

The article presents an analysis of articles on the origin of the great silk road, the history and development of the great silk road, the significance and role of the great silk road.

Key words: great, way, meaning, diplomacy.

Елбасы өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында әлемдік өркениетке үлес қосқан жеті қырдың бірі ретінде – Ұлы Жібек жолын атап көрсеткен еді. Жібек жолы дегеніміз не, ол қашан пайда болып, қандай кәдеге жарады, қай жерлерді басып өтті - әркімді толғандыратын алғашқы сұрақтар осындай. Бұтқа табынушы қажы Сюань-Цзан 629 жылы Будданың қасиетті қалдықтарын көзбен көру және дін ілімін шыңдап зерттеу үшін Қытайдан Үндіге сапар шекті. Ол Қытайды Батыспен байланыстырып жатқан және техникалық жаңалықтарға дінге мұраттар мен мәдени жетістіктерге мұрындық болып тұрған осы халықаралық жолмен жүрді.

Чань-Анань шыққан саудагерлердің қоспақ-түйелі көруенімен атакты Гоби шөлін жағалап Дунхан арқылы Ұлы айдаһар құмы аталатын сортаң шөлейтті Хами мен Тұрфан алқаптарын, Тань-Шаньның солтүстік бөктерімен мұздақ тауларын шамасы, Музур-Ола жоталарын басып өткен Сюань-Цзян түрік қағаны мен оның жанпеліндегілер жөнінде былай сипаттайды: Қаған үстіне жасыл жібек шекпен киген, жолақ басына ұзындығы чжан (3,2м) ұштары желкесіне түскен Жібек шолпа орап алған. Оған оқалы - зерлі жібек шапан киіп, шаштарын айдар - тұлындап өрген екі жүзден астам тархан еріп жүрді. Өзге жауынгерлер тері астарлы киімдер киіп, айбалта, садақ асынып ту көтеріп жүреді. Түйеге, атқа мінгендердің көртігі сонша, көзбен шамалаудың қзі мүмкін емес.

Ежелгі дәуір мен орта ғасырда халықаралық қатынастың күретамырына айналған ұлы жолға өз атауын берген және Шығыс пен Батыстың негізгі сауда затына айналған жібек бірнеше рет аталады. Ал бұл жол қай кезден жұмыс істей бастады деген сұраққа күні бүгінге дейін әркілі жауап беріліп келеді. Егер Жібек Жолының жеклеген бөліктерінің сыңарлары жөнінде айтар болсақ, ондағы қатынастар мен зат алмасу байланыстары біздің дәуірімізге дейінгі 3-2 мыңжылдықтарда басталған. Мұндай байланыстар Бадахшан тауынан лазурит (көк лағыл) кені, ал Хотан аймағындағы Яркент(Жаркент) - Дарияның жоғарғы ағысынан нефрит(көк минерал) кені ашылуына орай жолға қойылды. Бадахшаннан шығарылған лазурит Иранға, Месопотамияға, Анатолийге, Египет пен Сирияға тасылып жатты. Бадахшан лазуриті, 1 мыңжылдықтың жартысында Қытайға да жеткізіле бастады. Орта Азия мен Орта шығысты Жерорта теңізімен және Үнді мен жалғастырып жатқан Лазурит жолымен қатар дүниеге келген Нефрит жолы Шығыс Түркістанды Қытаймен жалғастырды. Біздің дәуірімізге дейінгі 1 мыңжылдықтың орта кезінен Далажолы деген жол болғаны белгілі. Егер тарихтың атасы Геродоттың жазбаларына жүгінсек, бұл жолдың сорабы мынадай бағытта болғанын байқаймыз: Қара теңізжағалауынан Дон жағасына дейін, одан әрі савроматтар мекендеген Орал тауы етегінен Ертіске, Алтайға, сонан Жоғарғы Ертіс пен Зайсан көлін мекендеген агриппийлер еліне қарай созылады. Бұл жолмен былғарылар мен терілер, Иран кілемдері, құнды металдардан жасалған бұйымдар кең таралып жатты. Жібек жасап шығару және онымен сауда жасау кезеңі күні кешеге дейін біздің дәуірімізге дейінгі 1 мыңжылдық саналып келеді.

Қымбат бағалы жібектерді тарату ісіне сақтар мен скифтердің көшпелі әулеттері де атсалысты. Солардың қатынасаралық көмегімен сол кезде қасқалдақтың қанындай қымбат тауар Орталық Азия мен Жерорта теңізіне дейін тарады. Жібек жолы тек біздің дәуірімізге 2 ғасырдың орта шенінен бастап қана тұрақты дипломатия мен сауданың күре тамырына айналды. Ал осының бәрі император У-Дидің көрмеген Батыс елдеріне жұмсаған кнйзй Чжон - Цзян бастаған елші керуенінің Хань астанасынан шыққан кезінен, яғни 138 жылы басталды. Чжон-Цзян 13 жылдан кейін қайтып оралды. Ол осы күнгі Ауғаныстанның шет аймақтарына жете алды және Қытайдың ішкі аудандарынан Орталық Азияға дейін тура жолмен тұңғыш рет жүріп өтті. Содан соң жібек тиелген керуен Батысқа соның ізімен аттанып, Қытайға, Жерорта теңізінен, Таяу және Орта Шығыстан, Орта Азиядан тауарлар алып қайтты.

Б.з.дейінгі I-мыңжылдықтың орта кезінде Қара теңіз өңірінен Дон бойына, содан Оңтүстік Орал өңірініңдегі савроматтарға, Ертіске, одан әрі созылып Алтайға, жоғары Ертіс пен Зайсан көлі алқабын мекендеген агриппейлер еліне кететін Дала жолы жұмыс істей бастаған еді. Осынау жолмен жібек, ұлпандар мен терілер, иран кілемдері, асыл металдардан жасалған бұйымдар сауда арқылы таратылып жататын.Қымбат бағалы жібек түрлерін таратуға сақтар мен скифтердің көшпелі тайпалары да қатысқан, осылардың дәнекерлік демеуі арқасында сол кез үшін таңсық болған бұл тауар орта Азия мен Орта теңіз аймағына дейін жетті. Б.з.дейінгі II ғасырдың орта шенінде Жібек жолы елшіліктің және сауда-саттықтың тұрақты желісі ретінде қызмет атқара бастайды.ХІ-ХІІ ғасырларда Қытайдан шығып, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы Батысқа қарай өтетін жол бәрінен де жанданып кетеді. Жолжың бұлай ауытқуын бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Біріншіден, Жетісуда Орта Азиямен жүретін сауда жолдарын бақылайтын Түрік

қағандарының ордалары болатын. Екіншіден, Ферғана арқылы жүретін жол VII ғасырда ішкі қырқыс салдарынан қауіпті болған еді, үшіншіден, аса бай түрік қағандары мен олардың айналасындағы аса көп тұтынатындар қатарынан саналатын.

VII-XIV ғасырларда елшілік сауда керуендерінің дені Жібек жолымен жүретін. Сан ғасырлар бойы тынымсыз өзгеріп отырған, оның бір учаскілері айрықша маңыз алып, көрекііп жатса, екінші бір учаскілері жабылып, ондағы қалалар мен сауда бекеттері қаңырап бос қалған. Мәселен, VI-VIII ғғ. Негізгі күре жол Сирия-Иран-Орта Азия-Оңтүстік Қазақстан-Талас алқабы Шу алқабы-Ыссық көл шұңқыры-Шығыс Түркістан болған. Осынау жолдың бір тармағы, дәлірке айтсақ, тағы бір тармағы Византиядан шығып, Дербент арқылы Каспий өңірі даласына-Маңғыстау-Арал өңірінен өтіп, Оңтүстік Қазақстанға жеткен. Бұл жол сасанилар Иранына қарсы, Батыс Түрік қағанаты мен Византия арасында сауда-елшілік одағы жасалған кезде, Иранды айналып өтетін болған. IX-XII ғғ. Жолдың бұл желісі, Орта Азия мен Таяу Шығыс арқылы Кіші Азия мен Сирияға, Мысыр мен Византияға баратын холға қарағанда, едәуір аз пайдаланылған, ал XIII-XIV ғғ. қайтадан жанданады. Құрлықтағы саяси хал-ақуал елшілер мен саудагерлердің және басқа да саяхат-серуенде жүрген адамдардың қай жолды таңдап алатынын анықтап отырған. VI ғасыр екінші жартысында Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан, Кореядан Қара теңізге дейін созылып жатқан орасан зор көшпелі империя Түрік қағанатының құрамына енеді. VI ғасырдың соңғы кезеңінде Ұлы Жібек жолының Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды қамтитын учаскесі өзгеше жанданып, осы аймақтың қалалық мәдениетін өркендетуге көп көмегін тигізеді. Жетісуда ол бірқатар қалалық ортаоықтардың тууына әсер етсе, Қазақстанның оңтүстігінде қалалардың тез көркеюіне себепші болады. Орта Азия арқылы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуға келген сауда жолы XIV ғасырға дейін, қашан ішкі қырқыстар мен соғыстар қала мәдениетін аздырып-тоздырғанға дейін, Қытайға баратын теңіз жолы игеріліп, бұрынғы көне жолдың жұлдызы сөнгенге дейін жұмыс істейді.

Орта ғасырдың бастапқы кезінде Азияда аса кең аймақтары мен елдерінің бейнесі ретінде әлемнің төрт патшалығының концепциясы етек алып алып жайылған еді. Осынау «әлем патшалығының» әрқайсысы замандастарының көз алдында өзіне ғана тән артықшылығымен дараланған. Сүй әулеті (589-618 жж.) мен Тан әулеті (618-907 жж.) өкіметтерінің қол астында біріккен Қытай, Үнді билеушілерінің патшалықтары, Тынық мұхиттан бастап, Қара теңізге дейінгі Түрік бірлестігі, Персия мен Византия сияқты мемлекеттер дүниенің төрт тұсында орналасқан төрт монархияның негізі деп саалады: оңтүстікте – пілдер патшасының империясы (Үндістан), батыста бағалы тастар патшасы (Иран мен Византия), солтүстікте сәйгүліктер патшасы (Түрік қағанаты), Шығыста адамдар патшасы (Қытай). Осы идея сосын мұсылман авторларына да ауысып келеді.

Жібек жолы бойынан әртүрлі жердегі ескерткіштерді қазған кездері мәдениеттердің дамуын және өзара бірін-бірі байытуын дәлелдейтін көптеген материалдық дәйектер табылған: бишілер мен биші әйелдерді, маскалы актерлерді, түйе үстіне жайғасып отырған музыкалық ансамбльдерді бейнелейтін Тан дәуірінің терракот пен лекциясы – осының айғағы. Мұнда көптеген артистердің бет-бейнесінен Орта Азия халықтары өкілдері екені көрініп тұрады. Пенджикенттің, Варахша мен Топырақ қаланың және Шығыс Түркістанның қалаларындағы салтанат залдарында сақталып қалған қабырға суреттерде азшылар мен актерлер бейнеленген.

Ұлы Жібек жолының пайда болуы мен тарихи дамуы барысында әлемдік сахнада бұрын соңды болмаған мәдени, экономикалық, саяси-әлеуметтік қарым-қатынастар пайда бола отырып тарих көкжиегінде сан алуан процестер пайда болды. Шығыс пен Батыс мәдениеттер алмасуы жүзеге асты.

Көшпелілер мен отырықшылар арасындағы байланыстар нәтижесінде көшпелілер территориясында жаңа үлгідегі қалалық мәдениет орнықса, отырықшылар көшпелілердің көшіп-қонуға қажетті жүк көлік арбаларынан бастап, мал шаруашылығының көптеген әдістерін игерді.

Ұлы Жібек жолының саясат пен дипломатия тұрғысындағы негізгі жетістіктері өте көп. Қытай империясымен көшпелі үйсін, қаңлы, орта ғасырдағы түрік тілдес мемлекеттер арасындағы өзара байланысты нығайта білді. Ұлы Жібек жолының қаншалықты маңыздылығын осы жолдың маршрутымен қазіргі таңда «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» магистралының салынуынан көруге болады. «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» маршруты біздің еліміздің территория аумағымен жүріп өтуі «Ұлы Жібек жолы» бойында сол заманда еліміз аумағында мекендеген мемлекеттердің осы жол арқылы Шығыс пен Батысты жақындастыруда саяси дипломатиялық маңызды рөл атқарғандығын көреміз.

Тақырыптың маңыздылығы соншалық, тарихи қиын процестерден өте отырып, қазіргі таңда осы жол торабының елдерді байланыстыру пайдалылығын ескере отырып, құрлық транспортын дамыту нәтижесінде «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» жолының салына бастауы.

Қорыта келе негізгі басты айтарым, Ұлы Жібек жолы саяси дипломатия айнасы болды десем қателеспейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Маданов М. «Ұлы дала тарихы». Алма-Ата, 1997ж
2. Мұратхан Қ. «Қазақстанның көне тарихы». Алматы 1994ж
3. Мусин Ч. Қазақстан тарихы, Алматы, 2003
4. Әбдәкімұлы Ә. Қазақстан тарихы. А, 1997
5. Көшербаев Қ.Е., Құттыбаева Р.С. Қазақстандағы этносаралық қатынастар мәселелері. Алматы, 1996
6. Нығмет М. «Қазақтың қысқаша тарихы». Алматы 1998ж
7. Кан Г.В., Шаяхметов Н.У. Қазақстан тарихы. Алматы, 2009

ҚАЗАҚ ЖЕРІ ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ БЕСІГІ

Жұмахан Әсел Мұсақызы

ҚазҰАЗУ, Жерге орналастыру және кадастр мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекші: Салқынбек Д.И. ҚазҰАЗУ-дың профессоры

Аннотация

Колыбель тюркского мира-Туркестан. Казахская нация-это священный Шанырак тюркского мира. Независимый Казахстан демонстрирует этот характер, тюркскую идентичность с благородными инициативами по консолидации тюркского мира. Процветание казахского народа, динамичное развитие домбры, вдохновившей всю Турку, означает возрождение тюркского мира, возрождение тюркской культуры.

Ключевые слова: Туркестан, шанырак, идентичность, колыбель, народ.

Summary

The cradle of the Turkic world is Turkestan. The Kazakh nation is the sacred Shanyrak of the Turkic world. Independent Kazakhstan demonstrates this character and Turkic identity with noble initiatives to consolidate the Turkic world. The prosperity of the Kazakh people, the dynamic development of dombra, which inspired the whole of Turku, means the revival of the Turkic world, the revival of the Turkic culture.

Key words: Turkestan, shanyrak, identity, cradle, people.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында Қазақ елінің адамзат тарихындағы орны туралы маңызды мәселелерді көтергені белгілі. Мақала, әсіресе қазақтардың Түркі жұртындағы маңызды орны тағы бір рет айрықша аталып өтті.

Елбасы: «Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті қара шаңырағы. Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің ір түкпіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты», деп атап өткен еді[1].

Түркі –қазақтардың көшпелілерге ұласатын тарихы мен мәдениеті 4000 – 6000 жылды құрайды. Сөзіміз дәлелді болу үшін белгілі этнограф Ж.Бабалықовтың екі дерегін келтіре кетейік. 1986 ж. Алматы облысының Қаракастек ауылының маңайынан тасқа қашалған, қолында домбырасы бар адамның және оның артында тұрған бір топ кісінің суреті табылған. Тастағы суретті (петроглиф) Еуропа, Ресей ғалымдары зерттеп, оның бұдан 6000 жыл бұрын қашалып салынғанның дәлелдеп отыр, яғни қазақ домбырасы бұдан алты мың жыл бұрын пайда болған. Бұған сүйенген Еуропа тарихшылары қазіргі ішекті музыкалық аспаптар қазақ домбырасынан бастау алады деген пікір айтуда. Бұл мақтаншық лайық оқиға, бірақ біздің мадақтайтын нәрсені мадақтамай, мақтауға татымайтын ұсақ дүниені мадақтайтын жаман әдетіміз де бар.

Түркілердің адамзат өткеніетінде қосқан үлесі де, оның тарихы да жеткілікті дәрежеде зерттелмей келеді. Көне және Көк түркілердің қағанаты (империясы) дәуірленген VI ғ., оның шекарасы батыста Византияға, оңтүстікте Иранға, Үндістанға, шығыста Сары теңізге жетті. Түркі қағанатының дүниеге келуі адамзат тарихындағы төңкеріске тең ерекше бетбұрыс болды. Біріншіден, түркілер бір-бірінен оқшауланған Батыс (Ақ, қазір Жерорта теңізі), Қиыр Шығыс (Қытай) мәдениеттерін біріктірген дәнекер болса, екіншіден, олар темірден қару-жарақ және еңбек құралын жасауды әлемге әкелді. Олардың бұл теңдесі жоқ екі ісі әлемдегі екі ірі төңкеріс болып, адамзат өркениетін алға сүйреді. Түркілер Батыс, Шығыс мәдениетін ұштастырып қана қоймай, оларға мүлде ұқсамайтын төл мәдениетін орната алды. Олар қоғам құруда өзіндік әлемтану көзқарасымен және Батысқа да Шығысқа да ұқсамайтын әлеуметтік идеологиясымен де ерекшеленеді. Олардың әлеуметтік қоғамын әскери-тайпалық демократия деуге де негіз бар. Өйткені, әлеумет қағанды тақтан түсіре алатын, бірақ осы демократиялық үлгі қағанаттың екіге жарылуына ақырында оның күйреуіне де жол ашты. Түркілердің орнатқан мәдениеті, өркениеті әлі күнге дейін дүниежүзілік тарихта әлі бағаланбай келеді.

Қазіргі қазақ зиялылары және қалыптаса бастаған номадизм ілімі «көшпелілердің мәдениеті, өркениеті» деп аталған сөзтіркесін тарихи сөздікке енгізуде, бірақ осы сөз тіркес орынды қолданыстама деген сұраққа өз пікірімізді білдіре кетейік. Егер аталмыз сөзтіркес түркітектестердің мәдениетіне қолданылса, онымен мүлде келісуге болмайды, өйткені біріншіден, сақтар, ғұндар, түркілер «таза» көшпелілер емес. Екіншіден б.з.б. 500-400 жылдарынан бастап бұл мәдениеттің иелері түркітектес сақ-массагеттер, одан кейінгі жаңа дәуірдегі иелері ғұндар, түркілер. Сондықтан «номадтардың мәдениеті, өркениеті» деп, біздің дәуірімізден бұрынғы 4000-2000 жылдар мен 600-400 жылдар аралығында мәдениет, өркениет аталуға тиіс, ал б.з.б. 500-400 жылдардан кейінгі мәдениетті түркілердікі деп танылған жөн. Түркілердің мәдениетіне, өркениетіне оларға етене біржола сіңіп ассимиляцияланған тегі түркі емес тайпалардың, этностардың да мәдениеті жатады.

«Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті қара шаңырағы. Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің ір түкпіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты», делінген мақалада[2].

Расында да, Қазақстан географиялық жағынан Түркі әлемінің қақ ортасында орналасқан. Қазақ елінің кең – байтақ даласы көшпенді өмір салтының және сол салт негізінде қалыптасқан түркі өркениетінің төл бесігі. Бүгін түркітектес елдердің көпшілігінде жоғалып бара жатқан ұлы бабаларымыздың құндылықтары әлі күнге дейін қазақ ортасында сабақты жалғасын тауып келеді. Ендеше, «Қазақ елі – түркі әлемінің орталығы» деген пікір тек қазақтың ұлттық болмысының күшейуіне ғана себеп болмайды, оған қоса өзімізбен бауырлас елдердің де рухани жаңғыруына септігін тигізбек. Басқаша айтқанда, тағдырды өзі Қазақ еліне маңызды жауапкершілік жүктеп отыр. Қазақтардың өздерінің шежірелі тарихын зерделеп, оған ие болып, ұлттық бірегейлік қалыптастыруы-түркі өркениетінің жиырма бірінші ғасырда жаңа белеске көтерілуінің алғышарттары.

Сондықтан Қазақ елінің түркі әлеміндегі орны жан- жақты талдау жасалып, насихатталуы керек.

Түркілердің атақонысы, шыққан жері, төркіні қай жер екендігі – ғалымдардың арасында осы уақытқа дейін талқыланып келе жатқан мәселе. Жалпы қабылданған түсінік түркілердің Алтай тауынан шыққандығы болса да, басқаша пікірді қолдайтын ғалымдар да аз емес. Кейбір ғалымдар түркілердің негізгі қонысы Еділ мен Жайықтың арасы десе, кейбіреулер Тәңір мен Арал теңізінің арасы деп атайды. Енді кейбіреулер Орал туын көрсетсе, түркілердің ата қонысы, қара шаңырағы қазіргі маңғолия аумағы деген пікір де кеңінен тараған.

Бұл мәселеге тың көзқарас ұсынған татар ғалымы Зәкиров түркілер бір жерден шығып, бүкіл Еуразия аумағына тарады деген пікір еуроцентристік идеологияны қолдау үшін ортаға тасталған түсінік деп есептейді. Еуроцентристік мақсаты – түркілердің Орталық Азия, Кавказ аймағы және Шығыс Еуропаға кейіннен келген келімсектер екендігі дәлелдеу және шын мәнінде бұл жерлердің үнді- еуропалық тайпалардың атақонысы екендігін дәйектеу. Бұл арқылы еуропалықтардың осы аталған жерлерді билеуге құқығы бар екендігі дәйек қалыптастыру. Зәкиевтің пікірінше, түркілер атам заманнан бері қазіргі тұрған жерлерін мекендеген. Түркі руларының бір жерден басқа жерге ббарып, онда өз мемлекеттерін құруы ол жерде одан бұрын түркілер болмады деген мағынаға келмеуі тиіс. Кешегі мақаласында Елбасының «Еуроцентристік көзқарас сақтар мен ғұндар және басқада бүгінгі түркі халықтарының арғы бабалары саналатын этностық топтар біздің ұлтымыздың тарихи этногенезінің ажырамас бөлшегі болғаны туралы бұлтартпас фактілерді көруге мүмкіндік берген жоқ», деген пікірі бүгін Еуразияның әр қиырында отырған түркітөктес халықтар секілді қазақтардың да атам заманнан бері осы жалпақ даланы мекендегендігін көрсетеді[3].

Қалай болғанда да, түркі әлемінің шет жақтарында отырған түркі халықтарының құрамы басқа мәдениеттермен шекарасы болмаған орталықтан келген түркі руларымен жаңарып отырғаны анық. Өйткені өзге мәдениеттермен аралас – құралас отырған түркі елдерінің ол мәдениеттердің ықпалында қалмауы әрине мүмкін емес. Бұл үдеріс кезінде шетте отырған түркілердің түркілік болмысының әлсіреуі де заңды. Алайда, бұл үдерісті болымсыз деп бағалауға болмайды. Тіпті, түркі өркениетінің ең үздік үлгілері осы жат мәдениеттерімен араласу аймақтарында пайда болған десек, қателеспейміз.

Десе де, түркі өркениетінің тұнық халін өздерінің дәстүрлі өмір салтына байланысты көшпенділердің сақтап қалғандығында дау жоқ. Бәлкім осы «орталықтағы түркілердің» нағыз түркілік дүниетанымды айшықтайтын болмыстарына байланысты шеттегі түркілер артта қалған туыстарының жерін «атақоныс», «қара шаңырақ» деп те атаған болуы мүмкін. Тіл тұрғысынан айтар болсақ, Махмұт Қашқаридың да жазып кеткендей, «Ең таза, ең тұнық тілін қалаға келмеген, басқа тілдерді білмейтін түркі тайпалары сөйлейді». Демек, түркі әлемінің орталығында Ұлы даланы мекендеген көшпенділер негізі түркі тілін, мәдениетін, дүниетанымын, тіпті мемлекеттілігін сақтап қалған болып шығады. Сондықтан түркі әлемінің ішкі жағында орналасқан түркілер түркі әлемінің атақонысы, қара шаңырағы.

Қалай болғанда да Түркі әлемінің шет жақтарында отырған түркі тайпаларының құрамы басқа мәдениеттермен шекарасы болмаған орталықтан келген түркі тайпаларымен жаңарып отырғаны анық. Өйткені өзге мәдениеттермен аралас- құралас отырған түркі тайпаларының ол мәдениеттердің ықпалында қалмауы әрине мүмкін емес. Тіпті түркі мәдениетінің ең үздік үлгілері осы жат мәдениеттердің араласу аймақтарында пайда болған десек қателеспейміз. Алайда түркі мәдениетінің тұнық халін өздерінің дәстүрлі өмір салтына байланысты көшпенділердің сақтап қалғандығында даусыз. Бәлкім осы орталықтағы түркілердің нағыз түркілік дүниетанымды айшықтайтын болғандықтантарына байланысты, шеттегі түркілер осы туысқандарының жерін атақоныс, қара шаңырақ деп те атаған болу мүмкін. Тіл тұрғысынан айтар болсақ, Махмұт Қашқаридің де жазып кеткендей, ең таза ең тұнық түрік тілін қалаға келмеген, басқа тілдерді білмейтін түркі

тайпаларын сойлейді. Демек, бұл – негізі түркі тілін, мәдениетін, дүниетанымын, тіпті мемлекеттілігін сақтап қалған ата қоныс, қара шаңырақтың бар болғандығын көрсетеді.

Түркі мемлекеттілігі тарихи тұрғысынан қарасақ, негізінен Түрік мемлекеттілігін Көктүрік қағанатымен бастаған жөн. Өйткені Көктүрік қағанатынан бастап, барлық билеушілер қағанаттың басында тұрған Көктүрік әулетінен сайланған. Жалпы, біздің түрік аталуымыз да осы әулеттің атымен байланысты. Хазар билеушілері де, Қарахандар билеушілері де осы Көктүрік руынан еді. Ал енді кейінгі заманда осы алып қағанатты қалпына келтірген Шыңғыс хан болды. Шыңғыстан кейін барлық хандар Шыңғыс ұрпағынан шығатын болды. Олар төре деп аталады. Төре сөзі мен түрік сөзінің арасында байланыс бар екендігі өздігінен көрініп тұр. Өйткені төрелер сол көне түрік мемлекеттілік дәстүрін жаңғыртқан болып тұр. Шыңғыс ханнан кейін түркі мемлекеттілігін жалғастырушы Жошының ұрпақтары яғни Алтын Орда болды. Өйткені Шағатай мен Үгедей ұрпақтары парсы мемлекеттілік дәстүрінің ықпалына қалды, ал Төленің ұрпақтары Құбылайдан кейін Юнаь атымен қытай мемлекеттілігінің жалғасы болып кетті. Ал Алтын Орда ыдырай бастағанда және

Ресей Алтын Орда мұрагерлері Қазан, Астрахан, Көшім, Ноғай және Қырым хандықтарын жаулай бастағанда, бұл басқыншылыққа 1847 жылы соңғы ханы Кенесары өлгенге дейін төтеп берген Қазақ хандығы – Алтын Орданың тікелей мұрагері еді.

Бүгін қазақтардың шежіре дәстүрінде төрелердің ерекше құрметке бөленуі Қазақ елінің ежелден жалғасып келе жатқан түркі мемлекеттілігінің жалғасы екендігін дәлелдеп тұр. Бір жағынан осы шежірем дәстүріне негізделген ұлттық сана, енді екінші жағынан Қазақстанның географиялық ортасы Қазақ елін түркі өркениетінің қара шаңырағына айналдырады. Елбасының: «Тарих пен география түркі мемлекеттері мен ұлы көшпенділер империялары сабақтастығының айрықша моделін қалыптастырды. Бұл мемлекеттер ұзақ уақыт бойы бірін-бірі алмастырып, орта ғасырдағы Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірінде өзінің өшпес ізін қалдырды», деген пікірі тарихи сана мен ұлан-байтақ даланың қазақтың ұлттық болмысы тұрғысынан қаншалықты маңызды екендігін еске салады[4].

Қорыта айтқанда, Қазақ елі – түркі әлемінің қара шаңырағы, яғни қасиетті шаңырағы. Қара шаңырақта отырған әулеттің белгілі жауапкершіліктері болатындай, қазақтардың да түркітөктес бауырлары алдында жауапкершілігі бар екендігін ұмытпауымыз керек. Бұл жауапкершілік қазақ халқының өзінің ата мұрасы, тарихи жәдігерлері, тілі мен салт-дәстүріне ие болуды, оларды жаңа заман талабымен үйлестіруді керек етеді. Мықты елдің биік рухы болатынын ескерсек, елдігімізді жаңа ұрпаққа жеткізуіміз үшін ата-бабамыздың рухани мұрасына ие болып, оны жаңғырта түсуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры». Егемен Қазақстан. 2018. 21 қараша.
2. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры». Егемен Қазақстан. 2018. 21 қараша.
3. TRT сайты «Қазақ елі Түркі әлемінің қара шаңырағы» атты мақаласы 2015 ж. 15 қаңтар
4. Жалбағаев Е. «Қазақтың арғы атасы кім?» Алматы: Білім баспасы, 2016 ж.

ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ, САПАЛЫ БІЛІМГЕ СЕРПІЛІС

Есенова Альянура Амангелдықызы

**ҚазҰАЗУ, «Су,жер және орман ресурстары» факультетінің 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Салқынбек Д.И. ҚазҰАЗУ-дың профессоры**

Аннотация

В статье анализируются основные проекты президентской программы «Рухани Жаңғыру». Речь идет об активном участии в общественных и государственных мероприятиях через изучение истории, языка, географии и культуры Казахстана.

Ключевые слова: высокообразованность, конкурентоспособность, интеллектуальная нация, гуманитарная образования.

Summary

The article acquaints young people with the main projects of the presidential program "Spiritual Revival". It is about active participation in public and state events through the study of the history, language, geography and culture of Kazakhstan. Key words: highly educated, competitive, intellectual nation, liberal arts education.

Адам дүниеге келген сәттен бастап білсем, оқысам деген арман жетегінде болады. Сол білімнің бастауы – кітап деп ойлаймын.

Бұл орайда ұлттық болмысымызды сақтап қана қоймай, одан әрі дамыта отырып әлемдік өркениет көшіне ілесу біз үшін өмірлік маңызы бар миссия. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының «Таяу жылдардағы міндеттер» атты екінші бөлімінде қоғам алдына жақын келешекте атқарылуы тиіс бірнеше өзекті міндеттер қойылған. Соның ішінде жаңа гуманитарлық білім беру аясында «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын іске асыру міндетіне тоқталуды жөн көрдік. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазіргі заманды және болашақты терең түсінетін білікті гуманитарлық саланың мамандары ауадай қажет екендігін баса айтқан болатын. Осы орайда, Елбасымыз тарих пен саясаттану, әлеуметтану мен философия, психология, педагогика, экономика, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге заманға лайықты білім беруге қажетті жағдай жасауды тапсырды[1].

Осы міндетті іске асыруға мүмкіндік беретін негізгі тетік ретінде елімізде “Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық” жобасы қолға алынып отыр.

Қазіргі таңда «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында 100 оқулықтың 40-тан астамы баспадан шықты. Оқулық кітаптар дүниежүзінің 42 елінде 34 тілде басылып, жалпы таралымы 47 миллионнан асқан.

Аталған жоба аясында алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік деген университет оқулықтары түрлі тілдерден қазақ тіліне аударылып, біздің студенттерге дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасалмақ. Бірақ бұл жобаның мақсаты 100 кітап аударып шығарудан әлдеқайда кең. Сөзсіз, тамаша оқулықтар аударылады, басылып тарайды. Бірақ мұның барлығы түпкі, үлкен мақсатқа жол салатын құрал. Ол қандай мақсат? Жаңа оқулықтар арқылы біз қазақ аудиторияларындағы талқының мазмұны мен деңгейін көтереміз. Сол арқылы жалпы гуманитарлық білімнің мазмұны мен сапасы мүлде жаңа деңгейге шығуы тиіс. Өйткені әлемдік гуманитарлық ғылым қазақ тіліне мұндай көлемде ешқашан аударылған емес.

Жаңа гуманитарлық білім дегенде Елбасы мақаласында ғылымның жеті бағыты аталды. Ол философия, әлеуметтану, психология, мәдениеттану, тарих, филология және саясаттану. Осы саланың барлығы қамтылып жатыр. Бұлардың қай-қайсысы да адамның жеке тұлға және маман ретінде қалыптасуына зор ықпал ететін білім салалары. Олар қоғамдағы азаматтық ұстаным, моралдық құндылық, ар-ождан негіздерін қалайды. Адамның өзіне, айналасына, елге деген көзқарасын қалыптастырады. Біз дүние жүзіндегі ғылым мен білімнің мазмұнына жол ашу арқылы ілгері дамыған қоғамдардағы осындай көзқарас және ұстаным қалыптастыру құралдарымен жақын танысуға мүмкіндік алдық. Мақсат – ол білімді айна-қатесіз көшіріп алып, соған илану емес. Біз әлемнің қалай ойлап,

нені құнды, нені дұрыс, нені бұрыс деп білетінін ескере отырып, өз бағытымызды анықтауда қателеспей, өзіміздің қазақстандық жолымыздан жаңылмауымыз қажет. Сондықтан да рухани жаңғыру аясындағы өзге жобалар өз тарихымызға, өлкетануға, төл мәдениетке арқасүйейді. Қазақ дүниетанымын қорғау сөзсіз қажет, бірақ ол тұйықталу дегенді білдірмейді.

Бұл жобаны іске асыру бірқатар аса маңызды әрі жүйелі мәселені шешуге жол ашады.

Біріншіден, гуманитарлық бағыт бойынша әлемнің 100 үздік оқулығы қазақ тіліне аударылады. Сол арқылы тілдің дамуына аса қажетті ғылыми мазмұн мен лексика дамиды.

Екіншіден, гуманитарлық салалар бойынша оқитын студенттердің заман талабына сай білім алуына жағдай жасалады. Біздің оқу орындарындағы мазмұн және академиялық талқы деңгейі әлемнің ілгері ғылыми орталықтарының деңгейіне шығады.

Үшіншіден, аса ауқымды аударма жобасы қазақстандық аударма мектебінің күшейіп, жетілуіне жағдай жасайды. Аудармашы мамандар, ғалымдар мен оқытушылардың жаңа негізде жұмыс істеуіне алғышарт болады.

Бір қарағанда, жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жапатармағай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейтіндей.

Еуропалық Одақтың 400 миллионнан астам тұрғыны ана тілдері – неміс, француз, испан, итальян немесе басқа да тілдерді сыйламай ма? Әлде 100 миллиондаған қытай мен индонезиялықтар, малайлар ағылшын тілін еріккеннен үйреніп жатыр ма?

Бұл – бәзбіреулердің әншейін қалауы емес, жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шарты.

Бірақ, мәселе бұған да тіреліп тұрған жоқ. Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді.

Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек.

Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі.

Сонымен «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасынан келешекте жоғары деңгейдегі оң нәтиже күтіледі, әрі оның жақсы мүмкіндік беретініне сеніміміз мол. Себебі, бұл бастама – қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтіп, мәртебесін көтеруге, Қазақстандық ғылымды әлемдік деңгейге жеткізуге бағытталып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//Егемен Қазақстан.2017. 12 сәуір.

ЛАТЫН ӘЛПБИІНЕ КӨШУ-ЗАМАН ТАЛАБЫ

Әбден Самал Қалдыкерімқызы
ҚазҰАЗУ, «Су,жер және орман ресурстары» факультетінің 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Салқынбек Д.И. ҚазҰАЗУ-дың профессоры

Аннотация

В статье показано, что переход на латинский алфавит - требование современности, и проанализированы его преимущества.

Ключевые слова: алфавит, латинизация, кириллица, графика, язык

Summary

The article shows that the transition to the Latin alphabet is a modern requirement, and analyzes its advantages.

Keywords: alphabet, romanization, cyrillic, graphics, language

Елбасы, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Ә.Назарбаев 2017 жылдың 12 сәуірінде «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жариялады. Мақалада алдымызда іске асырылуға тиісті негізгі жұмыстардың бірі қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстары болып табылады. Бұл мәселенің бастамасы жөнінде Елбасы 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан-2050» стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз қажет», - деген болатын [1].

Елбасы мақаласында: «Латыншаға көшудің тиімділігі қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты сонымен қатар, мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес.

2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек» деп атап көрсеткен болатын [2].

Қазіргі уақытта қолданыстағы әліпбиді латын әріптерімен ауыстыру мәселесіне алаңдаушылық білдіріп отырғандар бар. Бірақ бұл болашаққа батыл қадам жасап, елімізді төрткүл дүниеге танытып келе жатқан Елбасының тағы бір маңызды бастамаларының бірі және дер кезінде қозғалған тіліміздің болашағы үшін жасалған ғылыми маңызды шара деп түсінуіміз қажет. Әліпбиіміздің өзгеруі қазіргі уақытта еліміздің басты проблемасына айналған өзекті мәселесі болып отыр. Яғни қалыптасқан дәстүрді бұзып, кириллицадан латын әрпіне көшу. Қазақстан халқы өз Тәуелсіздігін жариялағаннан бері бүгінгі қолданыста жүрген кириллицадан Латын әліпбиіне көшу мәселесі жөнінде пікірлер жиі айтылып келеді. Қазіргі қолданыстағы кириллица – қазақ тарихындағы төртінші алфавит екені бәрімізге мәлім.

Сонау сақ дәуірі, түркі дәуірі кезеңіндегі ата-бабаларымыз өздері ойлап тауып, енгізген, құрастырған алфавиттен басқалары бодандықтың кебімен күштеп енгізілді. Түркі заманынан мұра болып қалған осынау құндылық «руна» жазуы еді Одан кейін араб шапқыншылығы кезеңінде елімізге араб жазуы (төте жазу) ислам дінімен қатар келді. Латын және кириллицаны Кеңес үкіметі енгізді. Мұндағы мақсат – алфавитке көшу арқылы қазақ халқымызды рухани есеңгіретіп, халықтық болмыс, ұстанымдарынан айырып, мәңгірт етіп алдарына салып айдап өз дегендерін жүзеге асыру еді. «Ресей тілін, дінін, жазу – сызуын орысқа аударса, үкіметке онан артық іс болмас» деген Ахмет Байтұрсынұлының 1914 жылы жарық көрген «Қазақ» газетіндегі жанайқайы бекер еместі [3]. Кеңес үкіметінің Орыстандыру саясаты мақсаты терең, ауқымды қарқынмен жүзеге асырылды. Нәтижесінде, орыс тілі өмірдің көптеген салаларында жалғыз ғана тіл болып, ұлттық тілдерді ығыстырды. Сондықтан кеңес үкіметі құрамындағы қазақ, өзбексияқты басқа да түркі халықтарының санасында кириллица мәжбүрлеумен және зорлық – зомбылықпен байланыстырылады. Латын әліпбиіне өтуіміз еліміздің бай мәдениеті мен мұрасымен көптеген шетелдік оқырмандардың терең танысуына жол ашады. Ал,

жастар үшін әлем кеңістігі, дамыған елдердің мол жинақталған техникалық, әдеби тағы басқа туындыларын түп нұсқада оқуға жол ашылады. Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі тіліміздің әрі қарай жаңғыруына жақсы ықпал етері сөзсіз. Себебі латын әліпбиіне көшу арқылы біз психологиямызды, ми қабыршығы астындағы санамызды орыс тіліне деген тәуелділіктен босатамыз деп ойлаймын. Сондықтан мемлекеттік тілдің латын әрпіне көшуі – заман талабы. Бұл мәселені көтеру – Елбасымыздың көрегендігін көрсетеді. Елбасымыз

«Болашаққа Ендеше орыс тіліне жалтақтай беріп қарайтынымыз да осы кертартпаның бірі деуге болады. Бұл жолда латиницаға көшу – тиімді әрекет. Ол біздің ұлттық кодымызды сақтап, ұлт ретінде дамуымызға жол ашады.

Қазіргі таңда қолданыста жүрген жазу үлгілері аз емес. Солардың ішінде латын әліпбиін дүние жүзі елдерінің көбісі қолданатыны деректерден белгілі.

Латын әліпбиі бізге таңсық емес, себебі ол біздің қоғамға әлдеқашан еніп кеткен. Оны еліміздегі кез-келген сауатты адам белгілі дәрежеде біледі. Ал, «Латынның бізге берері не? Біз неұтамыз?» дегенде, толып жатқан тиімді тұстарын көрсетуге болады. Ең алдымен, **тіл тазалығы мәселесі**, қазіргі әліпбиіміз бен жазуымыздағы халықтың өз еркімен қалап алмаған, кешегі бодандық жүйенің өктем саясатының әмірімен күшпен таңылған кейбір кірме әріптерден арылып, таза қазақ әліпбиін қалыптастыру бағытындағы игілікті қадам деп түсінеміз. Сондықтанда тіліміздегі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз.

Екіншіден, латын әліпбиіне көшу - қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кіруге тиімді жолдар ашылады. Қарапайым ғана мысал келтірер болсақ, қазір ұялы телефондарымыздың өзінде латын қарпінде жазу оңай, ал кириллицада қазақшаны тере алмай қиналып жататынымыз бар. Себебі, латын әліпбиінің базасы қалыптасқан, әрі ауқымы кең.

Үшіншіден, бүгінгі таңда кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал қалған мемлекеттердің көбі толықтай латын әліпбиіне көшкен. Түбі бір түркі дүниесі негізінен латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Ол-табиғи іс. Сондай-ақ бүгінде әлемнің әр түкпірінде 5 миллионға жуық қазақтар тұратынын ескерсек, солардың 80 пайызы латын әліпбиін қолданатын көрінеді. Демек, біз болашақта латын әліпбиіне көшер болсақ, сол қандастарымызбен жақындаса түсеміз. Түсіне білген қоғам үшін мұның да маңызы зор екенін атап көрсеткім келеді. Мүмкін, бұл бастама,

шынымен, еліміздің әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену жолына ашылар есік болар. Бүгінде тәуелсіз мемлекетіміз жылдан-жылға қарыштап, өсіп-өркендеп, отандық ғылым-білім саласы дамып келеді. Қазіргі кезеңде білім саласындағы жаңа реформаның жүзеге асырылуы да, яғни жаңартылған білім мазмұны да латын әліпбиіне көшуде өз үлесін қосып жатыр деген ойдамын. Оған дәлел, бастауыш буыннан бастап тілдің үш тұғырлығының басымдығының бастау алуы. Қуантарлығы бүгінде мектеп шәкірттері даярлық сынып, бастауыш сыныптардан-ақ ағылшынша үйренуде. Жастардың көбі ағылшын тілін жақсы меңгеруде. Әлеуметтік желілерде де ағылшынша жазатын жастардың дені күннен күнге артуда. Латын әліпбиі соған ұқсас болғандықтан, көп кешікпей көпшілік арасында кең таралып, ауқымы кеңейе түсетініне сенімдімін. Сондықтанда латын әліпбиіне көшуден қорқуға еш негіз жоқ деп ойлаймын. Біздің бейбіт және көпұлтты Қазақстанымызда мемлекеттік тілді өркендету үшін латын әліпбиіне көшу- рухани жаңғыру көрінісі болмақ. Сол арқылы бабалар мұрасын сақтап, дамыған отыз елдің қатарына ену үшін жаңа көкжиекке жол ашамыз.

«Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», - деп [5]

Елбасы айтқандай, латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Ал ғалымдарымыз осы қаріпті қолдану арқылы әлемдегі ең дамыған өркениетті елдермен тереземізді теңестіре аламыз деген пікір айтып, оның тиімді тұстарын дәлелдеп бағуда. Ендігі кезекте, сол ғалымдарымыздың жан-жақты еңбегі сараланып, түрлі әдістемелік жұмыстар жүргізілетінін түрлі ақпарат көздерінен оқып-біліп танысып жатырмыз. Көптеген тілтанушы ғалымдар әліпбиді құруға өз ойларын қосып, ұлт ертеңі үшін еңбек етіп жатыр. Сол ғалымдарымыздың еңбегін бағалап, ел болашағы үшін қабылданғалы отырған маңызды шешімге қолдау білдіру, жақсыны үйренбекке ұмтылу – жүрегі «елім» деп соққан әрбір қазақстандықтың абыройлы міндеті деп түсінемін!

Қазіргі таңдағы негізгі латын қарпі



ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ ЛАТЫН ҚАРПІНДЕ ЖАЗЫЛУЫ

№	Жазылуы	Дыбыс-талуы	№	Жазылуы	Дыбыс-талуы
1	A a	[a]	17	N' n'	[n], [ng]
2	A' a'	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	O' o'	[θ]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[k]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[g]	23	S s	[c]
8	G' g'	[ʃ]	24	S' s'	[ш]
9	H h	[x], [h]	25	C' c'	[ч]
10	I i	[i]	26	T t	[t]
11	I' i'	[и], [й]	27	U u	[y]
12	J j	[ж]	28	U' u'	[y]
13	K k	[k]	29	V v	[v]
14	L l	[l]	30	Y y	[ы]
15	M m	[m]	31	Y' y'	[y]
16	N n	[n]	32	Z z	[z]

Қорыта келгенде, Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы

артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ. Әрі біз жоспарланған уақытқа дейін толықтай латын әліпбиіне көшеміз деген сенімім мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 2017. 17 сәуір.

2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан. 2012 ж. 14 желтоқсан

3. Қазақ газеті. 1914ж. 5 мамыр.

4. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру Егемен Қазақстан. 2017 ж. 17 сәуір.

4. Латын әліпбиіне көшу-рухани жаңғыру талабы. Латын әліпбиі: рухани тәуелсіздік жолы. Қазақ үні. 2017 ж. 17 сәуір.

ҰЛТ САПАСЫ ЖӘНЕ ЖАСТАР

Әуесханұлы Ғасыр

Алматы, Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті

Су, жер және орман ресурстары факультеті.

Орман шаруашылығы мамандығы, 2 курс студенті.

Ғылыми жетекшісі: Сырбаев Е.Ө

Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтарының мәдениеті кафедрасының аға оқытушысы

Жастар – келешегіміздің негізі ретінде өз білімімен, жасампаз еңбегімен және күш-жігерімен өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктерін алу қажет. Ол ХХІ ғасырда Жаңа Қазақстанның - дамыған, бәсекеге қабілетті және әлемдегі сыйлы мемлекетті қалыптастыруды белсенді жалғастыруы қажет. Кез келген мемлекеттің болашағы білімді жастар. Бүгінгі жас – болашақ Қазақстанның жанды бейнесі. Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын тұлға. Қазір алдыңғы толқын аға буынның орнын басар, ізін жалғастырар артында өсіп келе жатқан жастар екені даусыз. Еліміздің ендігі дамуы мен өркендеуі, келешегі жастарға тікелей байланысты.

Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының биыл «Жастар жылын» жариялап, Жарлыққа қол қоюы еліміздің тарихында ұлт Көшбасшысы мен мемлекет тарапынан жастарды қолдауға жасалған теңдессіз қадам деп білемін. **Қарап отырсаңыз, биыл тұтас бір жыл жастарға арналып отыр. «Осы кезеңде қандай нәрсеге баса назар аударған дұрыс? Біз, жастар өзгеріске қалай дайындалуымыз керек? Мемлекет пен қоғамға пайдамыз тию үшін не істеуіміз керек?» деген сауалдарды мақсаты бар әр жас азамат өзіне қою керек.** Тәуелсіздік дәуірі қарлығаштарының алды 28-ге таяды. Бұл кезеңде жастар білім алып, тәжірибе жинақтап, тіпті кейбірі ақыл тоқтатып та үлгереді. Қазір елімізде 14 пен 29 жас арасындағы 4 миллионға тарта жас бар. Қай кездің жастары қашан қандай "идеялармен ауырды", олардың трендіндегі мәдени-әлеуметтік немесе субмәдени құбылыстар, ең басты приоритеттері, жалпы мағыналық идеалдары, кеңінен қолдау тапқан жаңаша жөн-жоралғылар, неге алаңдады, нені қажетсінді т.б. тәрізді шоғыр-шоғыр сауалдар қазіргі жастардың образын ашудың параметрі бола алады. Мұндағы негізгі өлшем – құндылықтар жүйесі. Әр ұрпақтың өз түсінік-көзқарасы барын ешкім жоққа шығара алмайды. Біздің білуімізше, құндылықтардың әлеуметтік-тұрмыстық, моральдық, абсолютті-мәңгілік, жалпыадамзаттық, ұлттық, материалдық, саяси, рухани-діни, мәдени, тарихи түрлері бар. Бүгінгі жастар өміріндегі қалыптасқан жағдайға тәуелді түрде дәстүрлі орныққан этноқұндылықтар рөлі әлсіреп барады. Отбасын құру жасы да әртүрлі әлеуметтік

және өмірлік мұраттарды қайта бағамдау факторлары ықпалынан ұлғайып жатыр. Қазіргі қоғамда жастардың діни-танымдық және айналаны тану-қабылдауында еңбек құндылығы тұрғысынан плюрализмдік сипат басым. Өртүрлі аспектілер бойынша деструктивті діни ағымдар жетегіне ергендер мен прозелитистік (өртүрлі діни сенімдер (христиандық, секта, өзге конфессиялар) бағыттарға берілгендер, дәстүрлі тарихи ортаазиялық сенімдегі рационалистер, қазақы мәдени әлемнен қол үзіп қалған "шала қазақ" бейресми түсінігімен жиі сыналатын ұлты қазақ орыстiлділер, қарапайым, тіпті тұрмысы нашар отбасыдан шығып, ешбір комфорттық субъективті қолдаудың жоқтығына қарамастан өз өмірі мен мақсаттары үшін бар ерік-жігерімен, еңбегімен өсіп-жетілген "self-made" (ағылш. "өз бетінше жетілген / аяққа тұрған – авт.) жастар, мектеп бітірген бойда отбасы құрған не әскерге аттанып, жоғары білім алмағандар, саяси-қоғамдық процестерге араласа бастағандар, жеке кәсіпкерлік секторында өзін сынап жүргендер, жалдамалы қара жұмысшылар, тұрақты табысы мен жұмысы, білімі мен тұрғылықты жері жоқтар... осылайша жалғаса береді. Бұл – бір парасы ғана. Иә, ақын, педагог М. Жұмабаев айтпақшы мына қоғам «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты» жалындаған жастарға иек артады, соларға сенеді. Еліміздің өсіп өркендеуі үшін, жас мамандардың ойының ұшқырлығы, тың идеялары өте маңызды. Қандай мамандық иесі болса да, өз істеріне жауапкершілікпен қараған адамның, жетер жетістігі де өте көп болмақ. Иә, 2019 жыл «Жастар» жылы болып бекітілді. Яғни бұл дегеніміз, жастарға деген сенімділік пен оларға қолдау көрсету. Болашағының жарқын болып, ойлаған арманын іске асырып, алдына тың жоспар қоя білген әр жас маман буынға осы жыл таптырмас мүмкіндіктердің бірі. Мен де жас маман ретінде, елімнің болашағы үшін еңбек етемін. Таңдаған мамандығымның арқасында, көп нәрсені біліп және әлі де ізденіп келемін. Ізгілік пен ізденісті тұмар қылған мен жан-жақты білімділікті, шәкіртке деген шуақты көзқараспен қарауды, әр оқушының бойына үңілуді, олардың жан дүниесін түсінуді, мүмкіндік беруді үйреніп келемін. Үнемі шәкірттеріммен тығыз байланыста болып, олардың ойымен санасып, көкейіндегі арманын тындап, сол бойынша бағыт-бағдар беріп, дұрыс жол нұсқап, екінші анасы ретінде көмектескенім үшін өзімді ерекше бақытты сезінемін. Мен – жас маманмын: соның ішінде ұстазбын! Кешегі балғын бөбектен «адам» деген жаратылысты тәрбиелеп шығудан абыройлы іс жоқ шығар тегінде. Даналықтың қайнар көзі — білім. Даналыққа жету жолы қиын да ұзақ. Ұстаз – ол көшбасшы. Жаңа қоғам мұғалімі – рухани бай, әлеуметтік жетілген, шығармашыл тұлға. Өз ісінің маманы, педагогикалық әдіс – тәсілдердің қолданудың хас шебері. Әрдайым жеке бас дамуына ұмтылатын, болып жатқан заман талабына тез бейімделе алатын жаңа қоғамның дара тұлғасы болу керек. Бүгінде жаңа өмір жолын бастаған жас мамандар арасында педагогикалық мамандықты таңдаған менің қатарластарым жыл сайын көбейіп келеді. Бұл болашаққа жасаған ой-жоспарыңды қиялдатады, көңілге қуаныш ұялатады. Біз төл тарихын жетік білетін, бағалайтын және мақтан ететін және алған білімін әлемдік өркениетпен үндестіре білетін өскелең ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуіміз қажет. Қазіргі жастар өкінішке қарай, қандай да бір ақпаратты кітаптан емес, ғаламтор желісінен алатыны баршамызға белгілі. Егер заманауи элементтерді қолдана отырып, тарихи фильмдер түсірілсе, жаңа технологиялардың көмегімен ерекше көрмелер ұйымдастырылса, жас ұрпақтың қызығушылығы артатыны сөзсіз. Сондықтан да мен кішкене де болса Нұржау жалпы орта мектебінде аталған бағдарлама тұрғысында жұмыс жасап келемін. Өзім ағылшын тілі пәні мұғалімі болғандықтан, тұңғыш Елбасымыз әрқашан айтып жүрген үш тілділіктің жүзеге асуына бар мүмкіндігім мен күшімді жұмсаймын. **Ағартушы-педагог Мағжан Жұмабаев: «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы»** деген еді. Ал, жазуымыздың латын әліпбиіне көшуі өте дер кезінде қозғалған бастаманың бірі деп едім. Өйткені, тарихтан белгілісі, бұған дейін де қазақ халқы латын қарпін қолданды. Мен алдағы уақытта және болашақта әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетін байланыстырып, Абай бастаған әдебиет асылдарының туындыларын ағылшын тіліне аударып, оны әлемге танытқым келеді. Елбасымыздың жас мамандарға деген қамқорлығына, әрине, бәріміз

шексіз ризамыз.«Жастар жылы» – жастарға арналған зор мүмкіндік, онда бастау алатын «Жас маман» бағдарламасы жастарға кездесетін қиындықтарды еңсеруге көмектеседі. Жастарға әлеуметтік көмек көрсету, жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында да игілікті шаралар қолға алынып жатқаны қуантарлық. Әрбір маманның өз жұмысы, сол жұмысының қиындығы мен қызығы бар. Медицина саласы адам жаның дәрі-дәрмекпен, мейіріммен емдесе еліне шипа берсе, экономика саласы еліміздің экономикасын қадағаласа, ал мұғалім баланың шабытын оятып, білімін жетілдіре түсуге көмектеседі. Ұлы ағылшын ағартушысы, Уильям Уорд: «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады»- дегендей осы мұғалім мамандығын таңдағаныма еш өкінбеймін, себебі мен еліміздің жас білім алушыларына шамшырақ қылып жағу, болашаққа бағыт-бағдар беру, «менін» қалыптастыру шығармашылыққа баулу, бәсекеге қабілетті тұлға етіп шығару мәртебесі- біздің елімізде және осы сенімнен шығуда аянбай еңбек ететін боламын! Бізде, шыны керек, бүгінде білімді әрі еңбекке икемді болғанымен өз бағдарын білмей жүрген жастар көп. Сондықтан да біз оларға үлгі бола отырып, сол жас буыннан құралған еліміздің қуатты күшін бір арнаға тоғыстыруымыз керек есептеймін.Осындайда айтқым келетіні: жоғарыдағы, әртүрлі саладағы аға буын жастарға жоғарыдан төмен қарап, «бұларды үйрету керек» деген психологиядан әлі арыла алмай келеді. Бірақ, бұл бүгінгінің басты өлшемі емес деп есептеймін.Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жастарға: «Біз тәуелсіздікті алдық, ұстадық. Тәуелсіздікті алу бар да, сақтау бар. Енді сендер сақтаңдар» деді. Бұл – аманат. Аманатқа сай жастар бар, бірақ, олардың қатарын көбейтуіміз керек. Елбасымыз «Қазақстанның болашағын жастарға сеніп тапсыруға болады» деді. Сондай-ақ, болашақта жастардың білім алуына және арнайы жеңілдіктер қарастырылған бағдарламалармен үй алып, еңбек етуіне қолайлы жағдай жасалатынын жариялады. Оған дейін жастарды қолдап жатқан әртүрлі жобалар мен бағдарламалар аз емес. Бір-екеуін тілге тиек етсек: «Болашақ» бағдарламасы мен «Дипломмен ауылға» жобаларын айтуға болады.Еліміз «Болашақ» бағдарламасы бойынша қаншама талантты, білімді, вундеркинд жастарды шетелдерде оқытты. Оның астарында дамыған елдерді көзімен көрсін, ой түйсін, шешім қабылдасын, Отанына шын мәніндегі патриот болып оралсын деген аталық тілек, философиялық түйін жатыр деп ойлаймын. Қазақтың жолбарыс жүректі батыры, Бауыржан бабамыз: «Жиырма жас – тарихи ерліктер жасайтын жас. Осыған әрқашанда әр азамат әзір болу керек» дейді. Енді соған жастардың атсалысып, белсенді болатын уақыты келді. Мұғалім – ол көшбасшы. Жаңа қоғам мұғалімі – рухани бай, әлеуметтік жетілген, шығармашыл тұлға. Өз ісінің маманы, педагогикалық әдіс – тәсілдердің қолданудың хас шебері. Әрдайым жеке бас дамуына ұмтылатын, болып жатқан заман талабына тез бейімделе алатын жаңа қоғамның дара тұлғасы болу керек. Себебі: мұғалім жаңаша ойлайтын, жоғары білімді шығармашыл тұлғаның қалыптасуы мен дамуына жауапты. Иә, біздің ауданымыздың жас мамандарынан осындай қабілет пен қасиеттерді кезіктіруге болады.

Сөз соңында түрік ақыны Назым Хикметтің бір шумақ өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

Мен жанбасам лапылдап,
Сен жанбасаң лапылдап
Біз жанбасақ лапылдап
Аспан қалай ашылмақ?!

Қиындығы мен қызығы қатар жүретін маман иесі болғанымды мақтан тұтамын! Иә, жастар – қозғаушы күш. Жастар – елдің ертеңі. Олардың жасампаздыққа ұмтылысы, білім шыңына өрмелеп, елге қосар үлесі – жарқын болашақ кепілі.

Бүгінде білімді де білікті, еңбекқор да отан сүйгіш, көк туымызды желбіретіп, ел мерейін асқақтатар жас ұрпақтың жарқын болашағына жұлдызды жол салатын, күзиретті тұлға, жас маман — біздерміз!Ұстаз деген ұлы мамандықтың тұтқасын ұстап,

тамырдай жан-жаққа тарамдалған мектеп тынысына, ұстаздың тынымсыз тіршілігіне қанығып, келе жатқан жас мамандар, алар асуларыңыз алда болсын!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ешпанова Д. Д., Нысанбаев А. Н. Социальный портрет молодежи в современном Казахстане // Социологические исследования. - 2004.
2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы.
3. Молодежь России: тенденции, перспективы. М, Молодая гвардия, 1993, -224б, Б.112.
4. ҚР БҒМ Жастар саясаты департаменті. 2010 жылғы Қазақстан жастары Ұлттық есебі.

МЕҢІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМНІҢ ҚАСИЕТТІ ОРЫНДАРЫ

Жұмабай Аружан
ҚазҰАЗУ, Жер ресурстары және кадастр мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекші: Салқынбек Д.И. ҚазҰАЗУ-дың профессоры

Аннотация

В статье дан комплексный анализ сакральных мест моей родной Алматинской области.

Ключевые слова: священный, святой, исторический, место, ценность

Summary

The article provides a comprehensive analysis of the sacred places of my native Almaty region.

Key words: sacred, holy, historical, place, value

Қасиетті отанымыз Қазақстан Ұлы Дала киелі жерлерге толы. Ол жерлерді қадірлеп-қастерлеу – бүгінгі ұрпақтың парызы. Кіе тұнған Қазақстан – рухани дәстүрдің бастауы. Олар – ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүріміз.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымының ерекше маңыздылығын атап өтті. «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де, бізді кез-келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі», – деді Мемлекет басшысы[1].

Менің туып өскен жерім — Алматы облысы. Алматы облысының байлығы өте көп және қазынаға бай жер. Біздің жеріміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік асқар тау, мөп-мөлдір көлдер, неше түрлі өсімдіктер мен дәрілік қасиеті бар шөптер өседі. Алматы жерінде аңдар мен құстар, не ше түрлі жануарлар жасайды. Сол жерде біздің ата-бабаларымыз, батырларымыз, ақындарымыз, ғалымдарымыз туып өскен. Қазіргі таңда жеріміз толық зерттеліп бітпеген жерлер өте көп. Тәуелсіздік алған жылдарда бұл бағыттағы жұмыстар күрт жанданғаны баршамызға мәлім. Соның ішінде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мыңдаған тарихи-мәдени ескерткіш-нысан жаңғыртылғанын да

білеміз. Ал бұл жолғы қолға алынған жобаның ауқымы кең, әрі мән-маңызы тым тереңде жатыр.

Алматы облысының қасиетті орындарының бірі – Хантәңірі тауы.

"Хан-Тәңірі" шыңы Қазақстан Республикасының Қырғызстанмен және Қытаймен шекарадағы ең жоғарғы нүкте. Ұзындығы батыстан шығысқа қарай 2500 км-ге жуық, солтүстіктен оңтүстікке арай 300 км. Бұл жерде негізінен биік тау туризмі дамыған. "Хан-Тәңірі" шыңы әлемдегі бірден-бір солтүстік жетімділік болып саналады, сондықтан, оның шыңына шығу туризмнің айрықша қауіпті түріне жататаны-кіді арастан туристы. Ол, үшкір төртқырлы пирамида түріндегі, әлемнің аса әсем шыңдарының бірі.

Шарын шатқалы. Жартасты табиғи өңір; палеоген дәуірінен келе жатқан бірден-бір табиғат ескерткіші. Шатқал оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай Шарын өзінің бойымен 154 км-ге созылған. Жартастарының биіктігі 150 - 300 м-ге дейін жетеді. Шарын өзенінің аңғарында Шаған тоғайы сақталған. Мұндай тоғай дүние жүзінде АҚШ-тағы Колорадо штатындағы Үлкен каньон мен осы Шарын шатқалында ғана кездеседі.

Есік-сақ қорғаны. Есік обасы (б.з.б.5-4 ғ-лар) - сақ дәуірінен сақталған ескерткіш. Бұл маңдағы сақ дәуірінен сақталған обалар бірнеше топқа блінеді. Мұның ішінде ең көрнектісі - үлкен Есік қорымы. Қорым құрамында солтүстіктен оңтүстікке созыла ауданы 3 км² жерді алып жатқан 45 топырақ оба бар. Алтыншы оба - әлемдік маңызы бар «Алтын адамның» табылуы себепті ғылым мен мәдениетке «Есік обасы» деген атпен енді. Есік обалары сақ кезеңінің әлеуметтік-экономикалық деңгейін көрсететін ерекше ескерткіштерге жатады.

Таңбалы (Тамғалы) археологиялық кешені. Таңбалы археологиялық кешені 9 км 2 алаңға шоғырланған қоныстар, қорымдар, құрбандық орындары және жартас суреттері (петроглифтер) сияты әр тарихи дәуірдің 100-ге тарта ескерткіштерін. Бұл жерлерде қола дәуірінің, ерте темір дәуірінің және кейінгі жүздеген жылдардың адамдары жерленген. Ескерткіштің негізгі бөлігін ежелгі және ортағасырлық көшпелілер обалары құрайды. Қазақстан аумағындағы адамдардың осынау көне тұрағының бірі ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мәдени мұрасының тізіміне 2004 жылы енді.

"Жаркент мешіті" сәулет-көркемөнер мұражай кешені. «Жаркент мешіті» кешені - XIX ғ. Сәулет өнері ескерткіші. Тянь Шань шыршасынан дайындалған. Арқалығы ағашқа түсірген әсем оймышпен нақышталған. Құрылыс жұмыстары Пекиннен шақырылған Қытай маманы, инженер – Хон Пиктің басшылығымен жүргізілді. Тапсырыс беруші Вали Ахун Юлдашев. Кешеннің ең басты нысанының маңыздысы, мешіт ғимараты болып табылады. Мешіт сол уақыттың ең түп нұсқалы әдісімен салынды. Құрылыс кезінде не шегелер, не тұтқалар (скобы) қолданылмады. Кешеннің құрамына кіретіндер: мешіт ғимараты, басты кіру - порталы, медресе, дұға оқитын үй, ақпа - қоршаулар.

Қойлық қалашығы. VIII-XIV ғасыр. Іле жазығының ең ірі қалажұрты. Қалашық X және XIII ғ. басындағы деректерде қарлық жабғуларының астанасы (XI-XII ғ.) кейін Шағатайлықтардың (XIII-XIV.) аса ірі саяси-мәдени экономикалық орталығы болғандығы ретінде белгілі. Сондай-ақ саяхатшылардың қолжазбалары мен археологияқ табылған заттардан - VIII-XIV ғасырлардағы мұсылман мәдениетінің нысандары-христиан шіркеуі, буддамен манихей храмдарынан көре аламыз. Орта ғасырларда Қойлық қалашығы Жетісудың аса ірі-сауда-қолөнер және мәдениет орталығы болды.

Ш.Уәлихановтың мемориалдық кешені. Ш.Уәлихановтың мемориалдық кешені 1985 жылы Алтынемел баурайында ұлы ғалымның туғанына 150 жыл толу құрметіне ашылды. Ансамбльдің басты ғимараты-Ш.Уәлихановтың ғылыми-шығармашылық мұрасын бейнелейтін музей үйі. Музей үйінің сыртқы пішіні қазақ халқының мемориал энергияурасының дәстүрінен («төрт құлақ») туындаса, ішкі кеңістігі киіз үйді, жолаушының шатын. Ш.Уәлихановтың мемориалдық кешенінің жобасы 1987 жылы Софияда өткен «Интерарх» халықаралық байқауында 2 орын алып, күміс медальға ие болды.

Орбұлақ шайқасы болған жер. Орбұла шайқасы-қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысындағы алғашқы бетбұрысты оқиға. Бұл соғыс 1643 жылдың жазында қазақ қолын басқарған Жәңгір сұлтан мен жоңғар қолын басқарған Батыр қонтайшы арасында өтеді. Жәңгір жоңғарлардың жолын кесу үшін білтелі мылтықпен қаруланған 600 сарбазбен қарсы аттанады. Әлемдік соғыс өнерінің жылнамасына еруге лайық Орбұлақ шайқасында осы 600 қазақ сарбазы 50 мың жоңғар қолын тас-талқан етіп жеңеді.

Аңырақай шайқасына қойылған белгі. Аңырақай шайқасы - қазақ-жоңғар соғысындағы ең ірі және шешуші шайқастардың бірі. Бұл - қазақ жерінің тұтастығын сақтап, қалауға негіз болған шайқас. 1723 жылы қазақ елі сұрапыл апат - «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» трагедиясына ұшырайды. Ол әлеуметтік алауыздық пен бытыраңқылықтың зардабы болды. Көп ұзамай, 1726 жылы Арқа беттегі Бұланты өзенінің бойында басқыншыларға бірлесе тойтарыс берді. Осы шайқасты жоңғарларды ойсырата жеңген қазақтың мерейі үстем болды. Жеңіс қазақ халқының рухын көтерді. Қазақ жерін тұтас басып алуды көздеген жоңғарлардың алғаш беті қайтты. Осыдан кейін-ақ жоңғарлар әлсірей бастады, ақырында Цин империясының жемтігіне айналған жоңғар мемлекеті осылайша мүлдем құрыды. Бұл жеңіс қазақ халқының еңсесін көтеріп, азаттық күресте жігерлендірді. Қазақ халқының бүкіл Орта Азияда үлкен күш екендігін көрсетті.

Ж.Жабаев кесенесі. Жамбыл Жабаев (28.02.1846, Жамбыл облысы, Жамбыл тауының етегінде - 22.06.1945, Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылында) - ақын, жырау, жыршы. Ұлы жүз құрамындағы Шапырашты руының Екей тармағынан шыққан. Кесене 1970 және 1996 ж. қайта жөнделіп, ақ мәрмәрмен қапталған. Кесененің дәл ортасына ұлы жыршыға құлпытас қойылған. Ақын денесі осында жерленген. Кесененің дәл іргесінде, сол жақ босағасына ақынның киесі - қызыл шұбар жолбарыс мүсіні орнатылған (1996). Кесене Ж.Жабаев мұражайының бағында орналасқан.

Наурызбай батыр кесенесі. Наурызбай батыр Құтпанбетұлы (1706-1781) Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Дегерес ауылының маңында дүниеге келген. Ұлы жүз шапырашты тайпасының Төлеміс руынан тараған, жоңғарларға қарсы күрескен батыр. Ел ішінде ғылыми әдебиеттерде шапырашты Наурызбай деген атпен белгілі. Кесене 2006 жылы Наурызбай батырдың 300 жылдығы құрметіне кәсіпкер ұрпақтарының демеушілігімен орнатылған.

Қапал батыр кесенесі. Қапал батыр (1513-1606). Шежіре бойынша ұлы жүз Дулаттың Жанысынан Жанту, Жантан, Жарылқамыс, Бөгежіл, Қапал, Шегір, Оймауыт атты жеті ұл туады. Әкесі Жаныс бабамыз 1452 жылы туылған деген мәліметке қарағанда Қапал батыр XI ғасырдың аяғы мен ХҮІ ғасырдың басында өмір сүрген. Қапал батыр мен Есім ханның баслығымен Жетісу аймағын басқыншы қарақытайлардан азат етіп, халқына тыныштық өмір орнатады. Ол Тәуекел ханның тұсында да Сыр бойын шапқыншылардан босатып, бейбіт өмір орнатуға үлес қосқан. Кесене Қапал батырдың жерленген бейітінің үстінен салынған.

1916 г. жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің ірі ошағы Қарқара көтерілісі болған жерге қойылған Ереуіл төбе ескерткіші. ХХ ғасырдың бас кезінде халқымыз бостандық жолындағы ұлт-азаттық көтерілістердің бірі - Жетісу аймағындағы Қарқара көтерілісі болатын. Қарқара аймағындағы қанды-қырғын қарапайым халықты, қарттарды, балаларды, әйелдерді қырып жойды, жергілікті халықты тонады. Бұл күреске кедейленген орыс, қазақ, қырғыз, ұйғыр топтары бірігіп қатысты. Бұл тарихи оқиға кедейлердің, жұмысшы мен шаруаның саяси ұлттық санасын оятты.

Көтеріліс жеңіліске ұшырағанына қарамастан, қазақ халқының азаттық қозғалысындағы тарихи маңызы зор болды. Қарқара көтерілісі барысында өкімет құрылымы-барысында өкімет құрылымы-барысында өкімет құрылымы, арулы клты, ару аппараты Ауқымдылығы мен қатысушыларды қамтуы және зардаптары жағынан алғанда бұл көтеріліс патшалық Ресей отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық күрестің шырқау кезеңі болды.

Малайсары Тоқтауылұлы Басентин кесенесі. Малайсары стансасында Малайсары батыр XVIII ғасырдың басында жоңғар шапқыншылығына ұшырап, елімізді қорғау жолында мыңбасы болып, ата жаумен айқасқан халқым басыызың рірла.

Мыңбасы болып, Жаңақорған, Шымкент қалаларын азат ету ұрыстарында жан аямай шайқасып, өз есімін ерен ерлігімен ел есінде қалдырды. Малайсары Арқа бойынан жауды қуып, ел-жұртынан жырақта, Жетісу жерінде, Алтынемел баурайында шайқаста алған жарадан қайтыс болған. Ал Жетісулық бабаларымыз елі мен жерін қорғаған батырын ұмытпай, өзі қайтыс болған Алтынемелден шамамен 60-70 шақырым жердегі тауды Малайсары тауы деп атаған. Малайсары батырдың шыққан тегі орта жүз арғын елінің ішінде Бәсентин руы болады. Малайсары батыр Малайсары стансасынан батысқа қарай 3 шақырым жердегі Қызылсораң деген биіктеу жерге жерленген.

Көлсай көлі. «Солтүстік Тянь-Шань маржандары» атанған Күнгеі Алатау жотасында көрікті Көлсай көлдері орналасқан. Бұл көлдердің пайда болу тарихы шамамен 1887 және 1911 жылдар. Көлдер тектоникалық жағдайлармен Қайыңды және Көлсай өзендерінің арналарында пайда болды. Көлсай өзенінің ағымында үш көл орнаментовқан: Жоғарғы Көлсай, Ортаңғы Көлсай, Төменгі Көлсай.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 2017. 12 сәуір
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»: атты Қазақстан халқына Жолдауы: 2014. 17 қаңтар

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

Қаңлыбай Оразхан Серікұлы

ҚазҰАЗУ, Су, жер және орман ресурстары факультетінің бірінші курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Салқынбек Д.И. ҚазҰАЗУ-дың профессоры

Аннотация

В статье рассказывается о культурном наследии и образе жизни выдающихся ученых и интеллектуалов, родившихся на казахстанской земле, по программе первого Президента РК, Елбасы «Духовное возрождение».

Ключевые слова: человек, родина, образец для подражания, ученый, деятель.

Summary

The article tells about the cultural heritage and lifestyle of outstanding scientists and intellectuals who were born on the Kazakh land, according to the program of the first President of the Republic of Kazakhstan, Elbasy "Spiritual Revival".

Key words: person, homeland, role model, scientist, activist.

Егемен Қазақстанның еркін ұрпағымын... Осы бір сөзді айтқанда, кеуденді қуаныш оты кернейді екен. Баршамызға аян, еліміз егемендік алу жолында біраз тер төкті, біршама айқын қадамдар жасады. Өзінің ең асыл қасиеттерінің бірі – қиындық туғанда бірігіп, ұйымдаса білетін дана халқымыз ауыр күндерді артқа тастап, егемен ел атауына ие болды. Тарих тақтасына көз жүгіртсек, еліміздің басына не келіп, не кетпеген? Алайда, егемендігімізді алдық, өзгелермен тереземізді теңестірдік. Алдыға біршама биік мақсаттар қойып, елбасымыз, тұңғыш президентіміздің сындарлы саясатымен ауыр күндерді артқа тастадық. Бірнеше жылдар легіне өз тілімізден, дінімізден салт-дәстүрімізден айырылып қала жаздағанымыз баршамызға аян. Осы орайда, 2017 жылы Елбасымыз Н.Назарбаев

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жариялады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыруға, қазақ халқының мемлекеттілігі мен ұлттық бірегейлігін нығайтуға ерекше мән беріледі. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында өз мәдениетін, ұлттық кодты сақтау жаңғырту шарттарының бірі ретінде қарастырылады. Тарихи жады мен дәстүр модернизацияның алғышарттары ретінде қарастырылады.

Рухани жаңғыру – қазақстандықтардың салт-санасы мен дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мақаласын оқып шығып, осындай ой түйдім. Оның айтуынша, бұл ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол. Қазіргі қоғам көзқарасы қалыптасқан зерделі де, зерек тұлға тәрбиелеуі тиіс. Ол үшін ілім-білімге ұмтылып, жан-жақты жетілген жөн.

Мақалада: «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек», – делінген[1]. Расында, жастайынан дін мен дәстүрімізді, тағылымды тарихымызды оқып, сусындап өскен ұрпақ теріс ағымдар мен жат мәдениеттің жетегінде кетпейді. Салт-дәстүрі мен тарихына ерекше мән берген елдің тұғыры биік, іргесі берік болмақ. «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген жолдар мені тебіrentті. Неге десеңіз, бұл қасиетті жерде не бір дана, ойшылдар, ғұламалар мен ел үшін еміренген азаматтар ғұмыр кешкен. Ол кісілердің кешегі жүріп өткен жолы – бүгінгі біздерге үлгі-өнеге. Бағдарлама аясында біз өткен тарихымызға үңіліп, ұлы тұлғалардың өмір жолын дәріптейміз.

Адамзат қоғамының тарихында, ұлттар қоғамының тарихында басты рөлді ұлы тұлғалар атқарады. Қазақ тарихында есімдері алтын әріппен жазылған «Ұлы тұлғалар» жетерлік. Ата-бабамыз дала бостандығын сүйе отырып, тарихтың қатал кезеңдерінде салт-дәстүр мен тіл, дін, ділімізді жоғалтпай бізге сыйлады. Қазіргі тәуелсіз ел болуымыздың себепкері – Ұлы тұлғалар.

Ұлы тұлғалар жайлы сөз қозғаған кезде, ойыма ең алдымен Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз оралады. Аристотельден кейінгі екінші ұстаз мәртебесіне ие болған ұлы ғұламаның еңбектерінің бізге берері мол. Баршамызға аян, биылғы жылы әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығы, айтулы жыл. Бұл жылы әл-Фараби бабамыздың еңбектеріне шолу жасап, ой түйю, керекті мағлұматпен бөлісу баршамыздың міндетіміз. Барлығымызға мәлім, әл-Фараби өмір сүрген уақыт айрықша кезең ретінде аталады. Ол өмір сүрген ІХ-Х ғасырларда Отырар өркенетінде рухани мұра жоғары бағаланған. Әл-Фараби антикалық мұраны игеріп, оны араб-мұсылман мәдениетінің гүлденуіне жұмсап, үлкен жаңалықтар ашты. Әл-Фараби антикалық заман мен исламды өзара жақындастыра синтез жасап, жаңа бір мәдениеттің өркендеуіне жол ашты. Келесі кезекте ол грек ойшылдарының асыл мұрасын жаңғыртты. Сөйтіп, шығыста үлкен қозғалыс, жаңа бағыттар басталды. Араб-мұсылман мәдениеті негізінде антикалық дәуірдегі шешілмеген мәселелерді шешіп, оны ілгері дамытты. Біріншіден, ол-әлем мойындаған философ, Платон мен Аристотельдің еңбектерін шығыс, араб-мұсылман әлеміне таратқан үлкен ғұлама. Екіншіден, әл-Фараби – үлкен ғалым. Әл-Фарабидің философиялық көзқарасы өте күрделі. Оны бір сөзбен айтып шығу мүмкін емес. Әл-Фарабидің көзқарасында диалектика да, таным теориясы да, ғылыми рационализм де бар. Әл-Фараби ислам өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан. Сондықтан әл-Фарабидің дүниетанымы туралы айтқанда оны материалист, болмаса идеалист немесе атеист деп айтуға болмайды. Ол белгілі бір ғылым академиясы тәрізді.

Әл-Фарабидің мұрасы ғылымның әр түрлі саласына қатысты еңбектерден тұрады. Сондықтан да ол – әлемдік деңгейдегі философ, ойшыл. Әл-Фараби дүниетанымының қайнар көзі өте тереңде. Себебі, қазақ даласында оған дейін де ғұлама ойшылдар көп болған. Мысалы, гректерді өнерімен тәнті еткен, аузымен құс тістеген шешен Анахарсистің өзі бір төбе болса, Тоқсары, Тоныкөк, қобызымен кең дүниені күңіrentкен Қорқыт Ата және басқа да ойшыл данышпандар болған. Осының бәрі – ғұлама ғалымның бастау алған қайнар көздері.

Қожа Ахмет Яссауи – қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, мұсылмандардың рухани ұстазы. Сопылық поэзияның негізін салушы, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер – Қожа Ахмет Яссауи ұлы даланың ұлы ойшылы деген атауға әбден лайық жан. Арыстан бабтан тәлім алған ол жасы жиырмаға келгенде сопылық ілімді үйрену үшін Яссыға барып, өмірінің соңына дейін сонда қызмет еткен екен. Қожа Ахмет фольклор мен жазба әдебиеттің өзара жақындасуының, толысып, көркеюінің дәнекері бола отырып, Шығыс әдебиетінде ертеден қалыптасқан, Құран Кәрімде баяндалатын тарихи аңыздар мен пайғамбарлар, әулие-әнбиелер жөніндегі эпсаналарды хикметтерінде ұтымды пайдалана білген.

Қожа Ахмет Ясауидің бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы – «Диуани Хикмат». Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармасында ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейінгі өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді. «Диуани хикметтің» қай бетін ашсақ та, әрбір сөзінің астарынан ұлылық, парасаттылық, даналықтың ішкі иірімдері, ел жұртын адалдыққа бастаған таза ниет байқалып тұрады.

Аса ойшыл жанның біздерге қатты ескертіп тапсырып кеткен ең бір аяулы өсиеті – адал еңбек. «Кімде-кім аянбай жұмыс жасап тер төксе, ол жанның бағы әйтеуір бірде болмаса, бірде жанады», - дейді ғұлама өз еңбегінде.

Қожа Ахмет Ясауидің айтуынша: «әр іске төзімділік, шүкірлік етіп Құдайға жалбарыну, одан шапағат күту, дүние-мүлік, байлық үшін жанын жалдап, өтірік-өсекке ұрынбау тәрізді мәселелер күнәдан арылудың басты талаптары» делінеді[2]. Қарап отырсам, әр сөзінің астарында Аллаға сыйынушылық бар ғұлама өмірінің әр сәтін дін жолына арнаған екен. Тіптен, өмірінің ақырғы он жылын жер астында жасалған мінәжатханада өткізген. Сопы «алпыс үшке келдім, енді былайғы өмірім күпірлік, пайғамбардан аспақ күнә» деп өзіне тоқтам жасайды.

«Қазаққа ислам дінін дәстүрлі сенім салтымызға шақтап берген ұлы тұлғалардың бірегейі – Қожа Ахмет Яссауи. Яссауи ілімі мен Яссауи жолы ұлттық санамызда бірге өріліп келеді. Ол – тақуалық, рухани тазару, адам жаны туралы ілім, адамның ар-ожданы, жеке тұлғаның жан дүниесі, өз болмысына үңіліп, жамандықтан безініп, кемелдікке жеткізетін ар ілімі», - деп баға берді өз кезегінде Мекемтас Мырзахметов[3].

Ұлы даланың ұлы ойшылдарының қатарына Абай Құнанбайұлын жатқызбау үлкен әбестік секілді, меніңше. Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиетіндегі қайталанбас зор тұлға, қазақтың бас ақыны, философ, ағартушы. Абай отандық тарихымыз бен әдебиетімізде аса көрнекті орын алады. Абай қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалады. Ақынның мол әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы болып саналады. Қазақстанда ұлы Абайдың есімі көптеген елді мекендер мен көшелерге, Алматы Ұлттық университетіне, Алматы қаласындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрына берілген. Ұлы ақынның құрметіне Қазақстан мен Ресейде ескерткіштер орнатылған. Қазақстанның жоғары оқу орындарында Абай шығармашылығына арналған халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар жыл сайын өткізіліп тұрады. Биыл Абай атамыздың 175 жылдық мерейтойы, ол кісінің қазақ әдебиеті мен философиясына қосқан үлесін ескермеу мүмкін емес деп ойлаймын. Бұл айтулы мерейтойды да өз деңгейінде атап өтіп жатырмыз.

Абай атамыздың қарасөздері жайлы сөз қозғасам... Абайдың қарасөздері – ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, даналық дүниетанымын көрсететін прозалық шығармалар. Оның қарасөздерінің жалпы саны қырық бес бөлек, олардың тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Абайдың алты-жеті қарасөздері қысқа болса, кейбіреуі тақырыбы жағынан ауқымды болып келеді. Абай өзінің қарасөздерінде шығарманың көркіне ғана назар аударма қоймай, сонымен қатар шығарманың тереңдігі мен идеясына зер

салған. Оның қарасөздері жалпы қазақ халқына ортақ асыл сөзге айналды. 1918 жылы Семейде шыққан «Абай» журналдарында Абайдың бірнеше қарасөздері жарық көрді. Содан кейін оның қарасөздері француз, қытай, орыс және т.б көптеген тілдерге аударыла бастады. Қазіргі таңда Абай атамыздың қарасөздері халық арасында кең қолданылады.

Осы орайда, Жұмағали Ысмағұловтың сөздеріне мән берсек: - «Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізді[4].

Ақынның дүниеге келгеніне бір жарым ғасыр, ал өзінің мәңгі өлмес шығармаларымен халқына сөздің ұлы мағынасында ұстаздық ете бастағанына ғасырдан астам уақыт өтті. Содан бері оның артына қалдырып кеткен мұрасы елі мен жұртының рухани өміріндегі қай бұрылыстар мен қай құбылыстар тұсында да айнымас темірқазық, адастырмас құбыланама болып қызмет етіп келеді.

Бұл күнде Абай сөзі әр қазақтың ағзасына ана сүтімен бірге дариды десе, артық айтылғандық емес. Ана сүті тән қорегі ретінде жас сәбидің буыны бекіп, бұғанасы қатаюына қызмет етсе, ақын сөзі оның санасына адамдық пен азаматтықтың ұрығын сеуіп қызмет етеді».

Расымен де, Абай атамыздың мұрасы ешқашан өлмейді, халық жадында жаңғыра бермек. Сан ғасырларды артқа тастасақ та, ғұламаның артына қалдырған өсиеті, еңбектері ешқашан ел санасынан кетпейді деп мол сенім білдіре аламын.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсам, ұлы тұлғалар – өздерінің саяси немесе рухани еңбегі арқылы қоғам қажеттіліктерін анағұрлым толық қанағаттандыра алып, оның дамуына айтарлықтай әсер еткен, атқарған қызметі өз мемлекетінің аясынан шығып, бүкіл әлемге пайдасын тигізіп, баршаға әйгілі болған адамдар. Сондықтан кез келген мемлекет тарихы ұлы тұлғалар ісінің призмасы арқылы анағұрлым айқын, әрі әсерлі көрінетіні тегін емес. Оның үстіне, тарихтың өзі де кейде осы тұлғалармен сәйкестендіріледі. Өткенді білмей болашақты болжау қиын. Сол себепті де, ұлы тұлғаларымыздың өткен өтір жолын дәріптеп, болашаққа бағдар аламыз. Ең бастысы баршамыз осы ұлы тұлғалардың ұлы есімдерін жадымыздан шығармайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 2017. 12 сәуір.
2. Қазақстан тарихындағы ұлы тұлғалар. 3-кітап / ҚР ҰҒА академигі А.М.Ғазалиевтің редакциясымен. 2-ші басылым, өңдел. және толық. - Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті баспасы, 2011. – 120 б.
3. Ә.Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары, Алматы, 1995.
4. Жүрегімнің түбіне терең бойла: (Абай туралы естеліктер). - Алматы: Жазушы, 1995.- 296 б.

МӘДЕНИ РУХАНИ АСТАНАМЫЗ АЛМАТЫНЫҢ ҚАСИЕТТІ ОРЫНДАРЫ

Рахатов Мейрамбек Көшербайұлы
ҚазҰАЗУ, Су, Жер, Орман ресурстар факультетінің 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Салқынбек Д.И. ҚазҰАЗУ-дың профессоры

Аннотация

В статье рассматриваются святыи земли казахского народа и история их формирования. Глава государства, прославляя эти святыи места, размышляет о воспитании национального самознания, о патриотическом воспитании молодежи .

Ключевые слова: святыи, историзм, патриотизм, родина

Summary

The article describes the sacred places of the Kazakh people and the history of their formation . The idea of the head of state to raise the national consciousness and partrotizm of young people by popularizing these sacred places

Key words: sacredness, historicism, patriotism, homeland

Әрбір халықтың әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті, киелі деп санайтын жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл-рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз -ұлан ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар халықпыз.Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған.Бірақ , осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени географиялық белдеуі-неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы.

2017 жылы сәуір айында Елбасымыз «Болашаққа бағдар Рухани жаңғыру» мақаласында біздің рухани санамызға серпіліс әкелетін негізгі міндеттерді көрсетіп берді .Сол негізгі міндеттердің бірі жастардың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті, патриоттық сезімді тудыратын, еліміздегі киелі, қасиетті, тарихи жерлерді анықтап, зерттеп ,соны жастардың арасында насихат жұмыстарын жүргізу болатын. Қазіргі таңда Елбасының тапсырмасы бойынша елімізде Республикалық деңгейде 100 ге жуық қасиетті мекендер ашылды .Осы қасиетті ,киелі жерлердің тізіміне «Қазақстан киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясындағы «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті орындары» республикалық маңызы бар киелі тізіміне Алматы қаласынан бес нысан ұсынылды .Атап айтар болсақ , «Райымбек батыр кесенесі», «Боралдай сақ қорғандары» қорымы , «Қасиетті Возноссенск соборы», «Ахмет Байтұрсыновтың музей -үйі» және бесінші болып тізімге енген «Республика алаңы» . Енді , осы қасиетті , киелі жерлерге жеке жеке тоқталып , және несімен бұл жерлер қасиетті болып саналды деген сұраққа жауап беріп өтетін болсақ, Қазақтың даңқты батыры Райымбек алыс болашақта, тоғыз жолдың торабында ұрпақтарының бақыты ғұмырына куә болып жататындығын біліп болжап кеткен екен.Өмірінің соңында өзінің көрер жарығының таусылғанын сезген батыр: «Денемді түйеге артып жіберіндерде жануардың күші таусылып шөккен жеріне мені жерлендер»,-деп бұйрық берген екен.Қазақ елінің азаттығы жолында күрескен Райымбек батырдың сүйегі жатқан жер халқымыз үшін қашанда киелі орын болып табылады.Жалпы жұрт Райымбекті «Әулие адам» ретінде емес мұнды жеңген «жаужүрек батыр» ретінде ғана біледі.Ия,ол даңқты батыр болды.Оған ешкімнің таласы жоқ.Бірақ бұл тұлағаның есімінен бастап,қазір денесі жатқан жерге дейін қасиетті, киелі екендігін бірі білсе бірі білмес.Бұл жайлы ел арасында айтылып жүрген аңыздар дәлел бола алады .

Келесі киелі жерге «Боралдай сақ қорғандары» ескерткіші жатады. Боралдай сақ қорғандары - Алматы аумағында ерте темір ғасырынан сақталған жалғыз ескерткіш. Ол қаланың Алатау ауданында, Үлкен Алматы мен Боралдай өзендерінің арасында, әуежайға жақын жерде орналасқан. Мұнда көне қорым бар, оның тарихы екі жарым мың жылдан асып жығылады. Археологиялық кешен 47 сақ және үйсін қорғандарынан тұрады. Олардың ең үлкенінің биіктігі 14 метр, ал диаметрі 100 метрден асады. «Ашық аспан астындағы «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық кешені - маңызды тарихи ескерткіш. Бұл туралы ұзақ жылдар бойы беймәлім болып келді. Бірегей ескерткіш 2006 жылы 3D картаны модельдеу үшін аэротүсірілім кезінде ашылған еді. Қазіргі сәтте ол Алматы мен Алматы агломерациясының туристік нысандарының бірыңғай тізіліміне кірді.

«Вознесенный соборы» туралы тарихтан сыр шертетін болсақ, Іргесі 1904 жылы 26 қыркүйекте Верный (қазіргі Алматы) қаланған. Жобаның авторлары талантты архитектор К.А.Борисоглебский және С.К.Тропаревский, ал құрылысын салуды Верный қаласының 1877-1888 жылдары алғашқы басшысы болған П.М.Зенковтың ұлы, инженер-құрылысшы А.П.Зенков пен әскери инженер Н.И.Степанов басқарған. Құрылысы 1907 жылы 30 шілде айында аяқталғаннан кейін, православие қызметтері басталып 1927 жылға дейін діни мекеме ретінде пайдаланылады. 1929-1995 жылдары шіркеу мұражай ретінде қолданылады. 1995 жылы орыс православие шіркеуі ретінде қайтадан қайтарылғаннан кейін православие қызметтері қайтадан жаңғыртылады. 1997 жылы қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Шіркеу Қазақстан Республикасының сәулет және тарих ескерткіші ретінде республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғау мемлекеттік тізіміне енгізілген.

Қазақ халқы үшін қасиетті, киелі болып саналатын орынның бірі «Республика алаңы» болып есептеледі. Республика алаңы — Алматы қаласының көпшілік, салтанатты және әскери шерулер, спорт мерекелері, өзге де көпшілік шаралар өткізетін тұрақты басты алаң болды. Алаң Сәтбаев көшесінің бойына, Фурманов пен Желтоқсан көшелерінің аралығына орналасқан. Алаңның орталық бөлігінің солтүстік беткейі Байсейітова көшесіне қарай 45 градусқа бүйірленіп, кеңейтіле түскен. Оңтүстік жағы ансамбльдің басты бөлшегі – Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің ғимаратымен (кейін Президент сарайы, қазіргі кезде қала әкімшілігінің ғимараты) жалғасады. Бұл ғимарат тұғыры негізгі алаң мен мінберден біршама әрірек салынып, тау көрінісімен астасып, жарастық тапты. Алаң солтүстік жағынан екі бірдей әкімшілік-қызмет ғимараты және он алты қабат екі тұрғын үймен жалғасты. Республика алаңындағы композициялық құрылыс — Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті ғимаратының биік еңсесі алаңдағы басқа құрылыстардан оқшауланып тұрады. Оның сыртқы келбеті сәулеті қомақты да қарапайым пилондар жүйесін қайталау арқылы шешім тапқан. Әкімшілік-қызмет ғимаратының (солтүстік жағы) сәулеті көрікті де жинақы үлгіде тұрғызылған. Ғимараттың төменгі белдеуіне биіктігі үш қабат мөлшеріндегі арка орнатылған. Арка ақ мәрмәрмен қапталып, күнқағарлар мен қабырға жазығы суға ерімейтін ақ сырмен сырланған. Ғимарат керегесі құрастырмалы темір-бетонмен тұрғызылып, қабырғасы аспалы керамзит-бетон панельдерден салынған. Бұл ғимаратта қазақ халқының тағдыры үшін, болашағы үшін қаншама еңбектер атқарылды, қаншама тер төгілді. Сол үшін де бұл жер біз үшін киелі болып саналады.

Алматы қаласының қақ ортасында Ахмет Байтұрсынұлының құрметіне берілген көше бар. Күнделікті сол даңғылмен жүрсек те оның неге дәл осы тұлғаның атымен аталатынына мән бере бермейміз. А. Байтұрсынов пен Жамбыл Жабаев көшелерінің қиылысында 19-ғасырдың сәулет өнерінен көрініс беретін кішігірім үйді байқайсың. Қазақ халқына қалтқысыз қызмет қалған Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы осы үйде тұрған. Дәл осы баспанадан оны «халық жауы» атандырып, отбасымен қоса қуып шыққан. Ұлт бастауында тұрған ұлы тұлғаны кейінгі ұрпақ танып-білсін деген мақсатта бүгінде бұл ғимаратты ақын атындағы мұражайға айналдырған. Мұражайдың мақсаты болмысымыз жоғалып кетпес үшін қазақ ұлттық әдебиетінің, тіл білімінің, мәдени тарихының негізін қалаған кісінің кім екендігін ұмыттырмау. «Өткеніміз арқылы болашақ болады».

Сөз соңында әрбір Қазақ азаматы өзінің киелі қасиетті жерлерімен мақтануы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 2017. 12 сәуір.

ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Жасасын Естай

ҚазҰАЗУ, Жер ресурстары және кадастр мамандығының 1 курс студенті

Ғылыми жетекші: Салқынбек Д.И. ҚазҰАЗУ-дың профессоры

Аннотация

В статье кратко рассказывается об исторических и сакральных местах моего родного города Уральска.

Ключевые слова: отчизна, родина, сокральный, патриотизм

Summary

The article briefly describes the historical places and sacred places of my hometown Oral

Key words: motherland, homeland, sacral, patriotism

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақаласында еліміздің қасиетті тарихи орындарына, әркімнің өз отаны, туған жеріне деген мәселелерді жан-жақты ашып баяндайды. Сондықтан мен өзімнің туған жерім – Орал қаласы туралы баяндамақпын. Орал қаласының іргесі 1775 жылы қаланған болса, қала 1932 жылдан бастап Батыс Қазақстан облысының орталығы болды.

Тұрғыны 233 904 адам (2019). Қалалық мәслихат қарайтын алаң 0,7 мың км² құрайды. Қала тұрғындарының саны 306 549 адамды құрайтын 16 ірі елді мекеннен тұрады (2018) бүгінде Орал қаласы-Қазақстанның ең ірі мәдени-экономикалық орталықтарының бірі. Қаланың ірі кәсіпорындары: "Зенит", "Омега", "Металлист" зауыттары, Орал механикалық зауыты, Орал арматуралық зауыты, Орал полипласт зауытының өндірістік кәсіпорны, "Аяз" ЖШС және "Орал мемлекеттік ауыл шаруашылығы станциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны. Сонымен қатар, облыстық маңызы бар нан комбинаттары, жылу, жарық, газ кәсіпорындары жұмыс істейді. Қалада 2 мәдениет үйі, 18 кітапхана, Киров саябағы, 3 мұражай, 2 театр, филармония, көрме залы, 46 мектеп, 3 жоғары оқу орны және 3 бөлімше бар (2000). Сондай-ақ, 35 қазыналық емдеу мекемелері жұмыс істейді. Оралда Батыс Қазақстан облысының Орал бөлімшесі орналасқан.

Орал қаласының орнында бұдан бірнеше мың жыл бұрын скиф, ғұн, авар, печенег және қыпшақ тайпаларының мекен-тұрақтары болған. Бұл тайпалардың көсемдері мен жауынгерлері жерленген шағын қорымдар мен қорғандар қазір де кездеседі. Орал қаласының жергілікті қазақтар арасында ерте заманнан қазірге дейін "Теке" аталуының себебі, Алтын Орда хандары жанында уағыз тарататын Алшын Хасан сопы (Асан қайғы болуы да мүмкін) Әбдірахман, Әбдіразақ шайқылардың ұйымдық сипат белгісі – тәкие немесе мүридтер және ел кезген дәруіштер аялдайтын кәделі орын (резиденция) тәкие үйлерінің болуына байланысты. Орыстар Жайық бойына 15 ғасырдың аяғы 16 ғасырдың бас кезінде келе бастады. 17 ғасырдың 1-ширегінде Ноғай хандығымен шекарада шағын әскери бекініс-тірек ретінде Жайық қалашығы салынды. Ол 1613 ж. қазіргі Орал қаласының орнына көшірілді. 18 ғасырдың бас кезінде Жайық қалашығында 3 мыңға жуық үй болды. Олар негізінен Старица (Жайықтың бұрынғы арнасы) және Шаған өзендерінің бойына орналасты. Қаланың негізгі тұрғындары – казак-орыстар болған. Олар әлеуметтік жіктелудің нәтижесінде кедейлер ("голытба") мен байлар ("домовитые") болып бөлінді. Жайық казак-орыстары Е.И. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне (1773 – 1775) қатысты. Жайық қалашығы II Екатеринаның 1775 жылы 15 қаңтардағы жарлығымен "Орал қаласы", ал оның тұрғындары "Орал казактары" болып аталды. Орал қаласының неғұрлым ежелгі бөлігі Михайло-Аргангельск ғибадатханасының оңтүстігінде орналасты. Ғибадатхана – Орал қаласының тарихи ескерткіші (1741 – 51 ж. салынған). Қала бірнеше рет (1739, 1751, 1821, 1879) өртке ұшырады. Сырым Датұлы бастаған (1783 – 1797) халық көтерілісі, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары Орал қаласы мен Жайық өңіріне ерекше із қалдырды. 1846 ж. қалаға айрықша құқықтар

беріліп, үлкен қалалар санатына қосылды. 1869 ж. Орал облысы құрылып, қала облыс орталығына айналды. Қала тарихында социалды-демократиялық үйірменің құрылуы (1902), 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс (С.Мендешев, Ә.Әйтиев, т.б.), Кеңес өкіметінің орнауы (1918 ж. 3 қаңтарда), ақ казактарға қарсы Орал қорғанысы (1919 ж., сәуір – шілде, М.Фрунзе), т.б. елеулі оқиғалар болып өтті. 1919 ж. 1-сәуірде Оралда Жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары кеңестерінің 1-сайлауы өтті. 1920 ж. Орал губерниясы қалаға айналды. Кеңес өкіметі жылдарында Оралдың экономикасы жедел қарқынмен дамып, республикадағы ірі өнеркәсіп орталықтарының біріне айналды. 1925 ж. Жайық өзені мен Орал – Атырау арасында тұрақты кеме қатынасы және 1923 ж. Орал – Елек темір жолының ашылуы қаланың экономикалық жағдайын жақсартты. Одан кейінгі жылдары (1950 – 1990) Орал қаласында ірі машина жасау және металл өңдеу, құрылыс материалдарын өңдеу, жеңіл және тамақ өндірістері, медициналық препарат зауыттары, т.б. 200-ден астам нысан салынды, көлік жүйелері дамыды.

Бұл қалада әр кездері орыстың белгілі ақын-жазушылары: **А.С. Пушкин, В.А. Жуковский, В.И. Даль, В.Г. Короленко, М.А. Шолохов**, т.б. болды. Сондай-ақ, көрнекті қазақ қаламгерлері **С.Сейфуллин, Х.Есенжанов, Т.Жароков, І.Аманжолов**, т.б. өмірінің біраз кезеңдерін Орал қаласында өткізген.

Дереккөздер

1. Қазақстан Республикасы халқының облыстар және астана, қалалар, аудандар, аудан орталықтары және кенттер бөлінісіндегі жынысы бойынша саны
2. Қазақстан Республикасының ұлттық құрамы
3. City & town of Kazakhstan (ағыл.). pop-stat.mashke.org. Тексерілді, 29 наурыз 2016.
4. http://www.batys.stat.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=314&Itemid=145&lang=kz
5. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. ISBN 5-89800-123-9, VII том

«ҰЛТ САПАСЫ ЖӘНЕ ЖАСТАР»

Максұт Қарақат
«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
акционерлік емес қоғамы
«Аңшылықтану және аң шаруашылығы»
мамандығының 2-ші курс студенті
Ғылыми жетекші: Сырбаев Е.Ө.
«Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтарының
мәдениеті» кафедрасының аға оқытушысы

Аннотация

Бұл мақалада жастардың ұлт сапасын құрудағы рөлі, маңызы туралы. Сапалы ұрпақ қалыптастыруға тәрбиенің орны ерекше екендігі және біліммен тәрбие бірдей дұрыс бағытта жастарға берілетін болса онда елдің болашағы зор болар еді. Дұрыс қоғам білімді, таза, қайырымды қоғам мемлекеттің аяқтан нық тұруы деп ойлаймын. Міне осы тәрбие, білім, қоғам үшеуі қосылып сапалы бәсекеге қабілетті ұлтты құрайды. Осы үшеуі біздің жастардың мақсатына айналса екен.

Ұлттың сапасының жақсы немесе жаман болуы елдің жастарына тікелей байланысты деп ойлаймын осы ретте Әбу Насыр әл-Фараби атамыздың бір әңгімесі есіме түсіп отыр.

Шығыс әмірлерінің бірі Әл - Фарабиден: «-Уа, Ұстаз, менің мемлекетімнің болашағы қандай күйде болмақ?» деп сұрағанда, әл-Фараби: «Еліңнің болашағын білгің келсе, маған жастарыңды көрсет, сонан соң айтып берейін», деген екен. Міне осыдан кейін біз елдің болашағы, айтып жатқан ұлттың сапасы жастарға байланысты екендігін нақты айта аламын[1].

Ал осы сапалы ұрпақ болу үшін біріншіден ұлттың тәрбиесіне яғни бала тәрбиесіне өте көңіл бөлген жөн деп ойлаймын. Себебі бүгінгі бала ертеңгі жас ұрпақ болмақ.

Жақсы тәрбие алып, жан-жақты, алғыр, ақылды болып өскен бала ата-анасына тек жақсылығын көрсетіп, еліне қызмет етіп, туған жерінің дамуына үлкен үлесін тигізеді[2].

Тәрбие адам тағдырын шешетін ұлы іс. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов, «Ел болам десең бесігіңді түзе», - деп емірене айтқан. Ұлы істің бастау бұлағы, қайнар көзі-отбасы. Отбасындағы тәрбие –тағлым мен үлгі өнегенің бастауы. Ұлы ғұлама, әлемнің екінші ұстаза Әбу Насыр Әл-Фараби бұдан мың жылдан астам уақыт бұрын «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы»-деген.[3]

Екіншіден Сапалы ұрпақ қалыптастыру үшін жастар білімді болуы қажет. Білімі таяз ұлт, ұлт ретінде ешқандай жетістікке жете алмасы анық.

Сократтың еңбектерінде білім туралы, оның маңыздылығы туралы ойлар көптеп кездеседі. Сократ қайда көз жіберсе де, барлық жерде ақылдың кемдігі мен алдамшы арманның үстемдігін көреді. Мүлде басқа мәдениет пен моральдың қарлығашы ретінде ол: «Білімді адам ғана – игі адам» дегенді айтты.[4]

Білім туралы оған жету туралы Абай атамыз жетінші қара сөзінде айтқан болатын олжерде: Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі –ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды.

Біреу - білсем екен демелік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр -жұлтыр еткен болса оған қызығып, аузына салып ,дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай- керней болса, дауысына ұмтылып , онан ер жеткендерінде ит үрсе де , мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп , «ол немене?» «бұл немене?» Деген, «ол неге үйтеді?», «Бұл неге бүйтеді?» Деген, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі-жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген [5]. Дей келе Абай Құнанбаев өсіп келе жатқан, қызығушылығы басым, білімге құмартатын жастарға жағдай жасау керектігі және әр адам осындай Жан құмарлығын жоғалтып алмай таза ұстап, бар ынтасын білім-ғылымға жұмсау керектігі туралы, ал көп адамдар тән құмарлығына беріліп, жан құмарлығын ұмыт қалдыратындығы туралы ашына айтады.

Үшіншіден дұрыс қоғамда өмір сүру балаға болсын, жасқа болсын тіпті қарт адам болсын өмір сүрген қоғамы жан жағындағы адамдар бір- біріне әсер етері анық. Осы ретте Абай атамыз отыз жетінші қара сөзінде:

Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват [6] деген болатын. Адам баласы өмір сүрген қоғам жақсы, білімді, қайрымды болатын болса жанындағыларыға қарап басқаларда жақсы жаққа өзгереді. Ал егер керсінше болса онда бір адамның ғана мақсат арманы босқа кетті деген сөз. Олда артынша сол замандастарының артынан еріп кете бермек. Мінез жақсы жаққа да жаман жаққа да өзгеруге бейім келеді. Абай Құнанбаев: «Мен егер закон қуаты бар кісі болсам, адам мінезін дүзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім деген екен».[7] Осы ретте айта қазіргі біздің жастарға дұрыс қоғам ұйымдастыру үшін көптеген жобаларлар жасалуда Мысалы ретінде айта кетсем 2019 жылды Жастар жылы деп жариялаған болатын. «Мемлекет басшысы 2020 жылды «Волонтер жылы» деп жариялады. Осы жобалар арқылы дұрыс қоғам ұйымдастыруға мүмкіндіктер ала аламыз. Осының тағы бір дәлелі ретінде Тұңғыш

Президентіміз: – «Жастар – еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Қазақстанның болашағы сіздерге – сіздердің білімдеріңізге, күш-жігерлеріңіз бен патриоттық сезімдеріңізге байланысты. Қазір қолға алынған жұмыстардың бәрі сіздердің бақытты өмірлеріңіз, сондай-ақ өз әлеуеттеріңіз бен мүмкіндіктеріңізді толық жүзеге асыра алу үшін атқарылып жатыр», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.[8] Міне осыдан кейін біз өз білімімізді патриоттық сезімімізге ұштастырып мемлекетіміз үшін, ұлт болашағы үшін тер төгіп, білікті маман болуымыз қажет. Сонда ғана біз жақсы қоғам ұйымдастыра аламыз. Ал мемлекетіміз бізге осындай жағдай жасап отырғанда бізде құр қарап отырмай алдыға жылжуымыз қажет деп білемін. Осы ретте Президентіміз де: - «Жастарымыздың жан-жақты дамуына жағдай жасау – менің Президент ретіндегі басты міндеттерімнің бірі». Бұл туралы Жастар жылының жабылу және Волентер жылының ашылу салтанатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев [9] айтқан болатын.

Осы «Жастар жылы» мен «Волентер жылы» біздің яғни жастарға берілген үлкен мүмкіндіктер жылы деп айтсам болады. «Жастар жылында» жастардың білім сапасын жақсартуға және жастарға жағдай жасауға бағытталса. «Волентер жылы» жастарымызды мейрімді, қайрымды, ұлтшыл болуға тәрбиелейтін секілді.

Тұжырымдар мен ұсыныстар. Болашақта жастардың жақсы қоғам құруына «Жастар жылы», «Волентер жылы» секілді жобалар жалғасын тауып, жастарымызға көбірек көңіл бөлінсе екен. Тағыда айта кететін жайт Ата-аналар бала тәрбиесін басты назарға алып баланы көпшіл, ұлтшыл болуға тәрбиелесе екен. Жастардың біліміне, Руханиятын дамытуына жағай жасала екен. Білімді, Рухани бай, Тәрбиелі жастар ұлттың сапалы болуына септігін тигізеді деп сенемін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Egemen Qazaqstan 30.01.2020
2. Алатау газеті. №37; 18.09.2020 жыл; 7-бет. М. Мұртабекқызы.
3. Алатау газеті №27-28; 10.07.2020жыл ;7-бет.
4. Батыс философиясы;Жазушы баспасы,Алматы 2009 ж.;242-бет.
5. Абай қара сөздері;Үшінші том ;16.05.2020;40-41-бет; Халықаралық Абай клубы.
6. Абай қара сөздері;Үшінші том; 16.05.2020; 66-67 –бет; Халықаралық Абай клубы.
7. Абай қара сөздері;Үшінші том 16.05.2020;110-111-бет; Халықаралық Абай клубы.
8. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/meetings_and_sittings/nursultan-nazarbaev-zhastar-zhylynyn-saltanatty-ashylu-rasimine-katysty 23 қаңтар 2019
9. <https://bilimdinews.kz/?p=78692> Пятница, Ноябрь 20, 2020

«АБАЙДЫҢ АМАНАТЫ»МАҚАЛАСЫНА ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Нартай Жұлдызай Нартайқызы
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу
университеті акционерлік емес қоғамы
«Су, жер және орман ресурстары» факультеті,
«Кадастр мамандығы» 2 курс студенті
Ғылыми жетекші: Сырбаев Е.Ө.
Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтарының мәдениеті
Кафедрасының аға оқытушысы

Аннотация

Күні кеше ғана Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақ ұлтының тарпаң тарихындағы тұтас бір дәуірдің есігін ашып берген данышпан – Абай Құнанбайұлының рухына бағышталған «Абай аманаты» атты мақаласы жарық көрді. Осы жылы барша бүкіл республика бойынша және ТМД, ЮНЕСКО және ТҮРКСОЙ көлемінде ұлы ойшылдың 175 жылдығын атап өттік. Жыл бойы Абайдың даналық тұнған жырлары мен қара сөздері жатқа айтылды, талқыланды, әндері тек қазақ жерінде ғана емес, барша әлем сахналарында шарықтады. Мақала талайды толғанып, көптің көкейінде жүрген түйткілді сауалдарға берілген жауап қана емес, Абай жылын қорытындылайтын ғибратты ғақлия деуге негіз бар. Абай қазақпен қашан да бірге, онымен үндес, онымен сырлас. Бұл мақалада Елбасымыздың «Абай аманаты» мақаласына философиялық талдау жасалмақ.

Елбасы мақаласының басында ұлы тұлғалардың тарихтың аумалы-төкпелі кезеңінде қарама-қайшылықтар шарпысқан тұста дүниеге келіп, сондай аласапыран уақытта ұлтын өрге тартатын көреген көшбасшыларға айналатынын жазады. **«Ұлы ақын, дана ойшыл Абай ХІХ және ХХ ғасырлар тоғысындағы Ағартушылық немесе Ояну дәуірінің көшбасшысына, елдің болашақ бағдарын айқындап берген рухани темірқазығына айналды»,** – деп жазады ол. Расында, Абай өмір сүрген дәуір қазақ тарихындағы дүрбелеңі көп, ызы-қиғы кезең еді. Сол заманда Ұлы дала төскейінің мұңы мен зарын, аз ғана қуанышы мен назын Абайша ұғып, Абайша жырлаған пенде болмады. Кезінде италиялық ақын Данте Алигьери тек ақын ғана емес, қазіргі италиян тілінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан, оған дәл осы атауды берген лингвист, тіл арқылы ұлтын дүниеге дәріптеп кеткен реформатор болған. Ал Шекспир ағылшын әдебиетінің негізін қалаған, Ұлыбританияны бүкіл әлемге танытқан жазушы еді. Абай да қазақ үшін бірегей тұлғаға айналды. *Абайдың ерекшелігі – ол өз халқының болмысын, тілін гажап түсіне алды.* Абай шындықты шырылдатып айта алатын, қайсар мінезді, терең ойлы философ. Әлем италиялықтарды Данте, ағылшындарды Шекспир, орыстарды Пушкин арқылы таныды. Ал қазақ Абай арқылы танылды. Елбасы өз мақаласына арқау еткен өзекті ой осы. Абайды оқып, жүрегімен ұғынып, зердесіне тоқыған кез келген адам өзіне **«менің Абаймен таныстығым қалай басталып еді?»** деген сауал қоятыны заңдылық. Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің өткен балалық шағын еске алып, әжесі Мырзабала мен анасы Әлжанның берген тәлім-тәрбиесі арқылы халық ауыз әдебиетінің кәусар бұлағына қанып, осылайша Абай әлеміне құлай енгенін әсерлі жеткізеді. Ұлтын мұратқа жеткізер жол іздеуден шаршамаған, атаның ғана емес халқының ұлы болған Елбасы ананың қастерлі тәрбиесінен бастау алған Абай даналығын өмір бойы бойына серік етіпті. Білім-ғылымға бойласа да, алғаш еңбекке араласқанда да ұлы Абайдың **«Талапты ерге нұр жауар»** деген ғибратты сөзін үнемі жадында ұстаған екен. Ұлы ақын әлемі ерте жастан бастап Елбасына жол көрсеткен және данагөйдің әрбір сөзін жете түсінген жастарға үлкен үлгі бола білген. Бетбұрысты сәттер тарихта да, әркімнің жеке өмірінде де болады, содан кейін әрқайсымыздың санамызда жауаптардан көрі, жауабы жоқ көп сұрақтар туындайды. Ақын мұрасын тек оқу ғана емес, соған орай саналы іс-әрекет ету. Абайдың дана сөздерінің бағыты әрқайсымызды өз ниетін дұрыс бағытқа жұмсай алатын адам етеді. Елбасы Абайды өзінің тәлімгері ретінде тани отырып, онымен өзара түсіністік пен ортақ ойға келудің күрделі процесі туралы айтады. Бұл терең философиялық пайымдау және жалғыздық әлемінде өмір сүрген Абайдың ғана емес, сондай-ақ көптеген ата-бабаларының орындалмаған арман-тілектерінің бәрін іске асыру Тұңғыш Президент Н. Назарбаев пен оның командасына бұйырған еді.

Абайдың сөздерін мысалға ала отырып Елбасы өз бастамаларының әрекеттілігін растайды. Жас Елордамыз бүкіл әлемге танымал, Қазақстан – бүкіл әлемге танылған ядролық қарусыз мемлекет, халықтың бірлігі – бейбітшілік пен келісім беріктігі. Президенттің **«Болашақ»** бағдарламасы жастарға әлемнің таңдаулы университеттерінде білім алуға мүмкіндік береді. Мақалада Абай бүгінгі күннің өзінде қаншалықты өзекті

екенін айқын көрсетеді және жасампаз істердің жүзеге асуына деген сенім бізді жаңа белестерді бағындыруға шабыттандыратындығын айтады.

Елбасы мақалада: **«Кейде біздің буын өмір бойына ұлы Абай мектебінен, яғни ғұламаның мұхиттай шалқар ой қазынасынан толассыз білім алып келе жатқандай көрінеді»**,—дейді. Біз осы үрдісті лайықты жалғастыруымыз қажет. Яғни, Абайдың ақыл дариясы ұлтымыздың бүгінгі буыны үшін де және болашақ ұрпақ үшін де айнымас бағыт-бағдарға, өмірлік шамшыраққа айналуы керек. Бұл – кемел келешектің бірден бір кепілі. Өткен ғасырда 70 жылдан астам Кеңес империясының қоластында тұншығып келген қазақ елінің рухани көсемі - Абай, бағдаршамы - оның даналық сөздері болғаны баршамызға аян. Біз бәріміз де ұлы ақынның өлеңдерін жаттап, қара сөздеріндегі терең ойлармен сусындап өскен ұрпақпыз. Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та өзінің бүкіл өміріне Абай өсиеттерін алтын арқау еткенін айтады. Жас Нұрсұлтан дана Абайдың қағидасын басшылыққа алып, 1958 жылы орта мектепті бітірген бойда тәуекелге бел байлап, Арқа төріне -Бүкілодақтық екпінді құрылыс - Қазақстан магниткасына аттанады, одан кейін Украинаның Днепродзержинск қаласы... Еңбек жолын осылайша жұмысшыдан бастаған Нұрсұлтан Әбішұлы талап пен талантының арқасында биіктерге өрлеп, Қазақстан Президенті дәрежесіне дейін көтерілсе - бұл, біріншіден, өз еңбегінің жемісі, екіншіден, оның бойына рух беріп, биіктерге күлшындырған Абайдың қазақ жастарына арнаған өсиет-аманаты болатын.

Дала данышпанының өлеңдері мен қарасөздерінде билік, мемлекеттік құрылыс, ел бірлігі мен ынтымағы туралы даналық ойлар жетіп артылады. **«Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел»**, **«Единица болмаса, не болады өңкей нөл»** деген Абай билік жүйесінің мән-мазмұнын осы бір концептуальдық пайымға сыйғызады.

Ғасырлар бойы бодандықта болған қазақ елінің де, оның бір перзенті Абайдың да мұң шағар, табан тірер астанасының болмауы кезінде үлкен қасірет еді. **«Абайдың осы арманының орындалуына, Есілдің жағасында еңселі байтақ қаланың ірге теуіп бой көтеруіне мұрындық болғаныма мың да бір шүкіршілік етемін»**, - дейді Елбасы.

Ұлы Абайдың туған қасиетті Семей топырағын 40 жыл бойы ядролық сынақтар талқандап, улап келсе, бұл полигонды жабуға пәрмен берген өз еңбегіне Елбасы ризашылығын білдіреді.

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп»... Абайдың мәңгі жасайтын осы қағидасын жүрегіне терең ұялатқан Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев Қазақстанды 30 жыл басқарған уақытында осынау кең байтақ Ұлы Даланы мекендеген жүзден аса ұлт өкілдерін бөлмей-жармай, алаламай бәріне бірдей қарады. Оның бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы әлі күнге халықтар достығын нығайтуға қызмет етіп келеді. Н.Назарбаев осыдан ширек ғасыр бұрын аталып өтілген Абайдың 150 жылдық мерейтойын еске алады. Сол салтанатты жиында сөйлеген сөзінде ол: **«Біз де бүгін ұлтшілік татуластыққа да, ұлтаралық татуластыққа да, әлемдегі барлық ел, барлық халықтармен ынтымақтастыққа да, мәдинеттер арасындағы сабақтастыққа да Абайша қарап, Абайша қастерлеуге мән береміз»**, - деген екен. Бұл қағида, әрине, Елбасының ешқашан айнымайтын өмірлік ұстанымына айналғаны ақиқат.

Қорытындылай келе,Әлемді коронавирус індеті жайлаған қазіргі таңда оның зардабы бірде-бір мемлекетті айналып өтпегені мәлім. Қаншама **«тар жол, тайғақ кешулерден»**, қатерлі өткелдерден, қиын замандардан аман өткен қазақ елі бұл сынды да сүрінбей еңсеретініне сенім білдірген Нұрсұлтан Әбішұлы осы арада тағы да Абай өсиетіне жүгінеді: **«Жамандықты кім көрмейді? Үміт үзбек -қайратсыздық. Дүниеде ешнәрсенің баяны жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің?! Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол, жақсы жаз келмеуші ме еді!?»** - деген Абай сөзі дертке - қуат, **«жақсы сөз жарым ырыс»**. Осылай толғанған Елбасы Абай мұралары біздің күнбе-күнгі тіршілігімізге, өркенді өмірімізге кірпіш болып қаланып, бүгінгі өркениет пен алдағы істерімізге бағыт беретінін еске салады. Жалпы, бұл мақала қай жағынан да жүрекке жылы ұялаған құнды еңбек болып отырғаны бізді сүйсіндіреді.

Нұрсұлтан Назарбаев Абайдың сөзі мен ойы біздің күнбе-күнгі тірлігімізге, өркенді өмірімізге кірпіш болып қаланып, бүгінгі өркениет пен алдағы болашақ талабына лайық ұмтылыстарымыздан және игі істеріңізден нақты көрініс табатынына сенім білдіретіні айтып, мақаласын аяқтаған.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Егемен Қазақстан» газеті
2. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Абай аманаты» атты мақаласы//*Primerminister.kz сайты*
[https://primeminister.kz/kz/news/kazakstan-respublikasynyn-tungysh-prezidenti-elbasy-nazarbaevtyyn-abay-amanaty-atty-makalasy-791253](https://primeminister.kz/kz/news/kazakstan-respublikasynyn-tungysh-prezidenti-elbasy-nursultan-nazarbaevtyyn-abay-amanaty-atty-makalasy-791253)
3. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Абай аманаты» атты мақаласы//*Elbasy.kz сайты*
<https://elbasy.kz/kk/news/2020-10/kazakstan-respublikasynyn-tungysh-prezidenti-elbasy-nursultan-nazarbaevtyyn-abay>

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нуржаубекова Аяла
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті
Филология және әлем тілдері мамандығы , 1 курс студенті
Ғылыми жетекші: Ибрашова Шара Оңғарқызы
Қазақстан тарихы пәні бойынша аға оқытушы

Аннотация

Информационные процессы в нынешней цивилизационной сфере носят глобальный, повсеместный, проникающий характер. Причем эти информационные процессы характеризуются интенсивностью, суммарным возрастанием по геометрической прогрессии, масштабами научно-технической революции. И в настоящее время проблемы гуманитарных наук очень разнообразны. Я считала перевод – это главной гуманитарной проблемой Казахстана.

Гуманитарлық ғылымдардың негізгі бағытары: тіл, қазіргі заманғы және классикалық; тіл білімі; әдебиет; тарих; заң; философия; археология; салыстырмалы дін; этика, өнер тарихы, сын және өнер теориясы, гуманистік мазмұны бар және гуманистік әдістерді қолданатын әлеуметтік ғылымдардың аспектілері, сонымен қатар гуманитарлық ғылымдарды қоршаған ортаға зерттеу және қолдану біздің әр түрлі мұраларымызды, дәстүрлерімізді және дәстүрлерімізді көрсетуге ерекше назар аудару болып табылады. Гуманитарлық ғылымдар адамның тәжірибесін өңдеуге, түсінуге, мән беруге және білдіретін кез-келген әрекеттерді қамтиды. Сонымен, ол философия мен поэзия, әдебиет, бейнелеу өнері, би және музыка сияқты барлық түрлердің көркемдік формаларын қамтиды. Джозеф Плуммерманның айтуы бойынша: «Мен Джозеф Плуммерман бұл айырмашылықтар ерікті екендігімен тағы келісе аламын. Мен оқытатын колледжде өнер гуманитарлық ғылымдарға, ал тарих әлеуметтік ғылымдарға жатады (бизнес сияқты). Сонымен қатар, пәнаралық зерттеулерге деген қызығушылық артып келеді, онда әртүрлі пәндердің мамандары ортақ қызығушылықты зерттеу бойынша ынтымақтастық жасайды; Менің ойымша, бұл ең жақсы мысал - бұл барлық категорияларға сәйкес келмейтін, бірақ барлық үш санаттағы зерттеулер мен әдістерді қамтитын танымдық ғылым.» Ал гуманитарлық ғылымның бір бөлшегі филология саласы болса, ал филология саласындағы қазіргі қазақ қоғамының басты проблемасы ол – аударма ісі болып отыр.

Мемлекеттік тілді қоғамның немесе ғылымның кез келген саласына енгізу жұмыстарындағы маңызды бағыттың бірі – аударма ісінің қажеттілігі – дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Өйткені мемлекеттік тілді дамыту мен қолдануды жүзеге асыруда аударма процесінің алдан шығатыны айдан анық. Кез келген ұлттың тілі, ең алдымен, халық пен халықтың, ұлт пен ұлттың бірбірімен күнделікті тіршілікте қарым-қатынас жасауының құралы, екіншіден, әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастар тілсіз жасалмайды, адамзат қоғамының дамуының басты көрінісі ғылым екендігін ескерсек, белгілі бір ұлттың екінші бір халықтың ғылыми-техникалық жаңалықтарымен танысуына, оны игеруіне аударма қажет.

Аударма теориясының көрнекті маманы Л.С.Бархударов «аударма дегеніміз – бір тілдің сөйлеу (тілдік емес!) шығармашылығын, мазмұн межесін (план выражения), яғни мағынасын өзгеріссіз (!) екінші тілдің сөйлеу шығармашылығына айналдыру процесі» деп атайды [1, 11-б.]. Яғни ғалымның мұнда аудармаға қойып отырған ең басты талабы – мағынаны өзгеріссіз беру болса керек және жалпы алғанда бұған ешкімнің де күмәні бола қоймас деп санаймыз. Алайда бұл пікірге Дж. Кэтфорд: «...Аударатын тіл (шығыс тіл) мен аударылатын тілдегі (кіріс тіл) мәтін «бір ғана мағынаны білдіреді» немесе аударма процесінде «мағына ауысуы» болады деген пікірдің негізі жоқ. Мағына, біздің ойымызша, белгілі бір тілдің өзіндік «қасиеті», – деген түзету енгізеді [2, 35-б.]. Біз бұл ғалымның әр тілдің өзіндік ерекшелігін баса айтып отырғанын қолданғанымызбен, осы аударатын және аударылатын тілді тұтынушы халықтардың адамзаттық ортақ танымын, яғни қандай тілдік бірлік арқылы білдірсе де, негізгі мағына сақталатынын жоққа шығаруға болмайтынын баса айтып өткіміз келеді. Аударма жасаудағы мазмұн мен тұрпат межесін сақтау аударма процесінде ұлттық колоритті сақтау мәселесіне алып келеді. Ғалымдардың көпшілігі аударылатын мәтінде кіріс (аударылатын) тілдің лингвистикалық заңдылықтарын сақтаумен қатар, шығыс (аударатын) тілді қолданушы халықтың ұлттық колориті сақталуы тиіс деген пікірде: «...аударылатын мәтін «аударушының мәдениетіне көшірілуі» тиіс болғанына қарамастан, аударылған мәтінде шығыс тілді қолданушының мәдени колоритін сақтауы керек» [3, 11-б.]. Демек аударма – тіларалық қатынасты қамтамасыз етіп, маңызды әлеуметтік, белгілі бір қоғамның өзінен тілі, мәдениеті, өмір сүру дағдысы өзгеше басқа бір қоғаммен қатынас орнату қызметін атқаратын құбылыс.

В.Н.Комиссаров аударма жайлы Д.Селесковичтің мына пікірін келтіреді: «...кез келген аударма – бұл түсініктеме (интерпретация). Аудармаға төрт элемент қатысады: X тілдегі сөйлеу сөйленімі (речевое высказывание), аудармашының осы мағынаны түсінуі және Y тіліндегі мағынасын беруі. Жалпы алғанда, бұл тілдік бірліктерге жүргізілетін операция емес, идеяларға жүргізілетін операция, сондықтан аудармашы тілдік мазмұнды ғана емес,

сөйленім мазмұнын түсіндіріп, түпкі мағынаға жетеді» [4, 39-б.].

Аударма процесі үш кезеңнен тұрады:

1) талдау кезеңі – түпнұсқа құрылымы шығыс тілдің ядролық құрылымына айналады (шығыс тіл аясындағы трансформация);

2) аудару кезеңі – шығыс тілдің ядролық құрылымы кіріс тілдегі балама ядролық құрылымдармен ауыстырылады (тіларалық трансформация);

3) жинақтау (синтез) кезеңі – кіріс тілдің ядролық құрылымы аударма мәтінінің («терминальды») құрылымына айналады [5]. Демек аудармашы аударатын мәтінді оқып шығады да, оның негізгі мазмұн межесін саралайды. Содан кейін осы мазмұн межесін аударылатын тілдің қандай тұрпат межесі арқылы беруге шешім қабылдайды. Алайда осы мәтінді аудару кезінде аудармашы тек тілдік бірліктердің жиынтығын екінші тілдің құрылымдық тілдік бірліктері арқылы беріп қана қоймайды. Аударма процесінде мәтінді аударуда төмендегідей факторлар әсер етеді:

1) аударылатын мәтіннің ерекшелігі мен сипаты: а) мәтіннің функционалдық сипаты; ә) түпнұсқа мен аударма арасындағы уақыт және кеңістік қатынастары; б)

түпнұсқаның жанрлық сипаты; в) түпнұсқаның шығыс (аударылатын) тілдің жалпыхалықтық нормасына қатынасы;

2) аударма процесінің жүргізілу жағдайлары немесе шарттары:

3) аударма процесіне қатысушылар [4, 172-184-бб.]. Осы факторлардың барлығына дұрыс бағдар жасап, мәтіндегі тілдік және экстралингвистикалық жағдаяттарды меңгере алған аудармашы ғана толыққанды мазмұнда аударма жасай алады деуге болады. Жоғарыда аударма тек тілдік бірліктерді ғана тәржімалап қою емес дегенбіз. Алайда аударма процесінде негізінен басты рөл атқаратын – мәтін, яғни тілдің әртүрлі деңгейіндегі бірліктердің сөйлеудегі жұмсалымы. Ал аударма тілдің қай деңгейінде жүзеге асады деген сұраққа Л.С.Бархударовтың төмендегі пікірімен жауап беруге болады:

1) фонема (графема) деңгейіндегі аударма;

2) морфема деңгейіндегі аударма;

3) сөз деңгейіндегі аударма;

4) сөз тіркесі деңгейіндегі аударма;

5) сөйлем деңгейіндегі аударма;

6) мәтін деңгейіндегі аударма [1, 176-184-бб.]. Бұл пікірге былайша кеңірек түсінік береміз: фонема деңгейіндегі аудармаға аударатын тілдегі бірліктерді аударылатын тілдің фонетикалық заңдылықтарына сай икемдеу болса, аударатын тілдегі бірліктерге аударылатын тілдің морфологиялық қосымшаларын жалғау; ал қалған деңгейлердегі аударма түрлері аударма процесімен айналыспайтындарға да түсінікті деп ойлаймын.

Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайға байланысты бүгінгі күнге дейін қазақ тілі қоғамдық өмірдің барлық саласында қызмет ете алмағаны мәлім. Негізінен күнделікті тұрмыстық қатынаста, көркем әдебиет пен баспасөз бетінде қолданылған қазақ тілі ғылым, мәдениет, саяси-әлеуметтік, дипломатия, басқару саласында өзінің толыққанды қызметін атқара алған жоқ. Қоғамда қажеттілік тумағандықтан және қолданылу өрісінің тарлығынан қазақ ісқағаздар тілі өз деңгейінде қалыптасқан жоқ.

Баршаға мәлім, біз қазір ісқағаздарын орыс тілінен аудару үстіндеміз. Бұған бірінші себеп біздің мамандарымыз бен ісқағаздарын жүргізушілеріміздің бірден қазақ тілінде ісқағаздарын жүргізуге дайын еместігі, екінші себеп ісқағаздарын қазақша жүргізуде белгілі бір тәжірибенің, қалыптасқан жүйенің болмауы. Осыған байланысты бүгінгі таңда ісқағаз мәтіндерін түгелдей орыс тілінен аударып, бір сөзін, бір тіркесін мүлт жібермей тізіп отыру, іс қағаздарының мәтіндерін орыс тілінің заңдылығына орай қалыптастыру құбылысы белең алып отыр.

Аударма – ғылым. Оның өзіне тән ғылыми, практикалық заңдылықтары бар. Күні бүгінге дейін негізінен көркем аудармаға ден қойылып, орыс тілінен қазақ тіліне көптеген шығармалар аударылып келді. Оның стильдік, жанрлық, тілдік т.б. мәселелеріне назар аударылды. Ал ресми құжаттарды, ісқағаздарын аудару, оның теориясы мен практикасы – тың мәселе.

Қазіргі қазақ ісқағаздар тілін қалыптастыруда да аудармаға қатысты қалыптастыра алмай, ретке келтіре алмай жатқан тұстарымыз жетерлік. Мысалы, жоғары оқу орындарында «Введение в политическую науку» деген пән бар, оны диплом қосымшасында «Саяси ғылымға кіріспе» деп жазып жүрміз. «Саясаттану ғылымына кіріспе» немесе қысқа да нұсқа етіп «Саясаттануға кіріспе» деп алсақ дұрыс болар еді. Сондай-ақ «О переводе студентов на последующий курс обучения» деген бұйрық «Студентті курстан курсқа көшіру туралы» деп аударылып жүр. Сөзбе-сөз аударсақ «Студентті оқытудың келесі курсына көшіру туралы» болады. Дұрысы «Студентті келесі курсқа көшіру туралы» сияқты, орысша нұсқасында обучение деген сөз болғанымен қазақша нұсқасына оқытудың деген сөз қажет емес, себебі мұнда студент деген сөздің болуының өзі-ақ мәселенің оқу туралы екендігін білдіріп тұр. Сондай-ақ курстық жұмыс туралы Ереженің бір тарауының «Порядок выполнения и подготовки курсовой работы к защите» деген тақырыбы «Курс жұмысын қорғауға дайындық және оны орындау тәртібі» болып аударылған. Бұл жерде қорғауға дайындықтың орындалу тәртібі деген мағына беріп тұр. Дұрысы «Курстық

жұмысты орындау және қорғауға дайындық тәртібі». Орыс тіліндегі оформление деген сөздің күнделікті қолданыстағы аудармасы, беретін мағынасы безендіру, ал ісқағаздар тілінде рәсімдеу сөзін қолданған дұрыс, ресімдеу емес. Мысалы, оформление документов – құжаттарды рәсімдеу. Пример оформления – рәсімдеу үлгісі, оформление диссертации – диссертацияны рәсімдеу т.б.

Ісқағаздарын аудару кезінде қолданылатын жекелеген сөздің, сөз тіркесінің грамматикалық тұлғалардың белгілі бір стильге, яғни ресми стильге бағындырыла қолданылуы қажет. Аударма нақты, түсінікті болу үшін орын алмастыру, ауыстыру, қосу, түсіріп тастау сияқты трансформациялық процестердің қай-қайсысын да пайдалануға болады.

Тұжырымдар мен ұсыныстар. Қазіргі қоғамда аудармашылық қызметтің қолданылу шеңбері күн сайын кеңейіп, үлкен әлеуметтік сұранысқа ие болып отыр. Қазақ қоғамына да кәсіби аудармашылар керек. Осы мақсатта арнайы оқу орындары ашылып, кәсіби аудармашы мамандарды даярласа еліміз үшін, еліміздің тілі үшін үлкен үлес болар еді.

Қорытындылай келе, аударма ісі гуматинарлық ғылымдар ішінде біз үшін шиеленісті мәселеге толы ауқымды тақырып. Бұл мәселені шешу үшін қоғам болып атсалысу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бархударов Л.С. Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). –М.: Международные отношения, 1975. –240 с.
2. Catford J.C. A Linguistic Theory of Translation. Ldn., 1965, p. 35.
3. Латышев Л.К. Перевод: проблемы теории, практики и методики преподавания. –М.: Просвещение, 1988. –160 с.
4. Комиссаров В.Н. Слово о переводе. –М.: Международные отношения, 1973. –216 с.
5. Аударманың өзекті мәселелері // Құраст: С.Құлманов. – Алматы: «Palitra-Press» - 2015, 296 б.

ЕЛІМІЗДІҢ ЖАҢА ЕСІМДЕРІ, ЕЛІМІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫ

Оралбай Ғани Аблайұлы
ҚазҰАЗУ, «Су, жер және орман ресурстары» факультетінің 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Салқынбек Д.И. ҚазҰАЗУ-дың профессоры

Аннотация

В статье анализируется сущность и значимость проекта новых имен Казахстана, представленного в программе Президента «Духовное возрождение».

Ключевые слова: будущее, молодежь, новые имена, гордость.

Summary

The article analyzes the essence and significance of the project of new names of Kazakhstan, presented in the program of the President "Spiritual Revival".

Keywords: future, youth, new names, pride.

Біздің Отанымыз – тәуелсіздіктің үшінші мүшеліне аяқ басып отырған жас мемлекет. Осы уақыт аралығында мемлекетіміз кемелденіп, қуаты толыққан сақа мемлекетке айналды. Ширек ғасырда еліміздің жеткен толағай табыстары жетерлік. Біздің болашаққа деген бағдарымыз тәуелсіздік алған алғашқы күндерден-ақ басталған. Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық рухани

мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды, алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің керітартпа тұстарынан арылуымыз керек, халқымның тағылы мол тарихы мен ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, халқымның болашаққа сеніммен нық басуын қалаймын деген-ді[1].

Болашақта ұлттың табысты болуы табиғи байлығы ғана емес, бірінші білім, ғылым, зияткерлік өнімдері бәсекеге қабілетті болған жағдайда нәтижелі болады. Сондықтан да, әрбір Қазақстандық, сол арқылы әрбір тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуының алғышарттарының санатында. Ұлттық құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. «Санды Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар жас ұрпақтарымызды, ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды жаңа заманның талаптарына даярлаудың қамы деп есептеймін. Салт – дәстүрлеріміз, ұлттық құндылықтарымыз ұрпақтарымыздың бойында мәңгі қалуы керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары», «Туған жер», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» бағдарламаларын жасап, жүзеге асыру керектігі де мақалада айтылды. Бұл бағдарламалар ұлттық құндылықтарды сақтап, кейінгі ұрпақтарға жеткізу көпірі болмақ.

Елбасы: «Жаңғыруға байланысты бәрімізді алаңдататын мәселе білімді, кәсіби даярлығы бар адам даярлау ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани дамыған тұлға қадыптастыру болып табылады»- деп атап көрсетті[2].

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында заманауи Қазақстанның келбетін танытуға мүмкіндік беретін «100 жаңа есім» жобасы ұсынылды. Елбасы: «Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы. Жобада нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бігінгі заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табады» деген болатын. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырына өздері иелік ете алатын азамат болу үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек» деп, идеясының негізгі мақсатын атап көрсеткен болатын[3].

Қазақ халқының мемлекет болып қалыптасу тарихында ерен еңбегімен, қайраткерлік істерімен мәңгі ұлт мақташына айналған тұлғалар жетерлік. Тәуелсіздік жылдарында осы дара жолдың тарихи сабақтастығы болып, жаңа Қазақстанның келбетін қалауға, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың әр салада атқарған іскерлік, жаңашылдық, ғылыми-ізденісті жұмыстарының мәні мен маңызы да еш күмән туғызбайды. Жаһандану жағдайында Қазақстанның жаңарған келбетін өздерінің сан қилы тағдырыны қарамастан, азаттық рухын жігерлендіріп, көп қырлы ізденімпаз, тынымсыз еңбегінің нәтижесімен жетістігі жетістігі арқылы әлемдік өркениетке танытқан азаматтардың еңбегі-баршаға үлгі боларлық бастама. «100 жаңа есім» жобасын жүзеге асыру бірнеше кезеңнен тұрды. Басты критерий – тәуелсіз Қазақстанның көркеюіне қосқан үлесті көрсету. 2017 жылдың 1 желтоқсаны – Тұңғыш Президент күніне орай «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «100 жаңа есім» жобасы мәресіне жетіп, қорытыланды. Қоғамға сіңірген еңбегімен, ерекше қасиеттерімен дараланған «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққан азаматтарымызды Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев салтанатты түрде қабылдады. Өздерінің игі істері арқылы халықтың ыстық ықыласына, таңдауына ие болған 2017 жылдың «100 жаңа есім» тәуелсіздіктің жылнамалық тарихына енді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асқан «Қазақстандағы 100 жаңа есім, табысты адамдар – табысты ел» жобасы жеңімпаздарының өмір жолы мен жетістіктері Қазақстандықтардың тұлғалық тұрғыдан дамуына ықпал ететіні сөзсіз.

Елбасы, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың идеясымен қолға алынған тың жоба ел мүддесіне қызмет етеді. Мемлекеттік деңгейде қолға

алынған «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының мақсат мүддесін кейінгі жастарға үлгі ретінде паш ету – біздің борышымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 2017. 12 сәуір
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 2017. 12 сәуір
3. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 2017. 12 сәуір

ГИБРИДНАЯ ПАРАДИГМА КАК ФУНДАМЕНТАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА ПЕРЕХОДНОЙ ЭПОХИ

А.Сарымсаков

Казахстанский инженерно-технологический университет

к.ф.н., ассоц проф

1. Нация как определённая форма социального бытия – это множество людей и их разнообразных отношении. Поэтому проблема обновления нации понимается не в смысле обновления мозга человека, а в смысле обновления духовной культуры. Духовная культура – это социальный код, т.е. матрица воспроизводства социального бытия. Как известно, социальное бытие является высшей формой организации материи. Материя – это то что сохраняется как инвариант, т.е. постоянно воспроизводится при движении, деятельности и преобразовании; а то как осуществляется механизм воспроизводства есть форма (дух). Поэтому бытие материального объекта как открытой системы состоит в непрерывном поиске устойчивого состояния при данных внешних условиях, в котором возможно непрерывное воспроизводство его тела. “Дух” и есть “схема”, “матрица” материального воспроизводства тела. Дух человека есть “матрица” воспроизводства “тела” человека и его деятельных способностей: мышления, созерцания и чувственно-практической деятельности. Аналогично, духовная культура – это социальный код, т.е. матрица воспроизводства социального бытия. Поэтому, как показывает историческая практика, процесс обновления, зарождения нового, т.е. выход за пределы старого всегда является антиномичным процессом. Ибо, объективный дух – это социальный код по которому циклически воспроизводится существующая реальность, т.е. наличные научные и социально-экономические формы деятельности. Разорвать этот циклически круг фундаментальная проблема. Это хорошо видно из анализа переходного периода становления квантовой теории в начале XX века.

2. Как известно, опосредующим звеном между старой, классической физикой и новой, квантовой физикой явился модельный – переходный этап становления квантовой механики; ибо, фундаментальная теория квантовой механики из старых теории классической механики формально – логически невыводима. Точно также она индуктивно невыводима из новых эмпирических фактов. Поэтому в переходной период духовного возрождения квантовой теории доминировал гибридная модельная теория (ГМТ) Н.Бора.

Переходной период науки – это этап перехода от старых, господствующих теории и концепции к новой, зарождающейся теории. Аналогично, страны с переходной экономикой – это страны осуществляющие переход от административно – командной системы к рыночной экономике, после распада советской системы.

3. Поразительные экономические и научные успехи, достигнутые в динамично развивающихся странах можно объяснить только тем, что модель экономики и государства, которая формируется и совершенствуется в этих странах, начиная с XVII века, более адекватно соответствует к истинной синергетической природе социальной реальности. Действительно, начиная с XVII века, Западная цивилизация идет в направлении поиска наиболее совершенной формы динамически развивающегося общества открытого типа, основанный на принципах индивидуальной свободы и равенства возможностей всех членов общества. На Востоке Япония вступила на этот путь с середины XIX века - в эпохе Мейдзи. И в этом направлении эти страны достигли наивысших высот в науке, технике и культуре. Это неоспоримый факт. Казахстан избрал это направление модернизации общества с конца XX века. Эпоха Возрождения (XV-XVI в.н.э.) является переходным этапом обновления Западной цивилизации.

4. Как известно, 600 лет (VIII-XIV в.н.э.) был Золотым Веком арабо-мусульманской цивилизации Средневековья. Исламская культура сохранила античное научное наследие Платона, Аристотеля и других греческих ученых от суда инквизиции. Арабо-мусульманские ученые не только переводили и комментировали античное культурное наследие (как обычно считают), но они также участвовали в постановке новых фундаментальных проблем и идей классического естествознания. Это видно из научного наследия аль-Фараби. Это гибридный процесс обновления, основанный на сочетании исламской религии и науки на базе принципа двойственной истины. Но парадоксально, что такое ортодоксальное понимание религии явилась причиной дальнейшего упадка этой цивилизации; ибо закрыла дорогу к новой социальной общности - капитализму, естественным наукам и технологиям.

5. Западная цивилизация избрала другой путь возрождения культуры. Процесс обновления господствующей Средневековой культуры как процесса вытеснения теологического мышления, т.е. как секуляризационный процесс, начался в эпохе Возрождения только в Западной цивилизации. Это - процесс ограничения функции Бога, отделения религии от государства, который далее реализуется в натурфилософии эпохи Возрождения отождествлением Бога с Природой. Природа - это Бог, т.е. причина самой себя (взаимодействие). А обратный процесс обновления, т.е. попытка редукции философии к религии, - это циклический процесс характерный всегда в переходные эпохи развития человеческой цивилизации; особенно, в периоды социальных и естественнонаучных революции. В этом направлении сейчас пытаются переинтерпретировать открытия в современной физике в духе теологического мышления; и далее обосновать, что якобы современная наука только дискурсивно доказывают вечные религиозные истины открытые мистическими философскими течениями. В качестве примера можно привести такие «естественно-научные» попытки обоснования сверхреальности.

Так, в понимании нейропсихолога Прибрама, мозг обладает голографическим свойством, т.е. каждый участок мозга тождественен всему мозгу. поэтому конкретная память не локализуется в определенных участках мозга, а распределена по всему мозгу, как единое целое. Далее Прибрам открыл психофизический эффект, что человеческий мозг создает пространственное восприятие мира с помощью электромагнитных импульсов, а затем распространяет эту информацию по всему телу. А так как Вселенная по концепции физика Д. Бома также функционирует по принципу голограммы, то по Прибрамму, «сознание - это расширенное восприятие скрытой, гораздо более масштабной реальности», то есть сверхреальности [1, с.2]. Аналогично, знаменитый физик Пол Дэвис утверждает, что у всех живых организмов два тела: физическое тело и энергетическое поле как астральное тело (душа). Индивидуальная человеческая душа это модус сверхприродной реальности - энерго-информационного поля [2, с.241]. Энерго-информационное поле - это некоторый вид волновой материи, в котором якобы закодировано вся информация о Вселенной (Сверхразум).

6. В истории мировой цивилизации в XX веке реализовались как социальные реальности две противоположные системы общества, в которых господствовали духовные

ценности индивидуализма, основанный на базе частной собственности (капитализм- с XVII века), или коллективизма-на базе государственной собственности. Мировой экономической кризис 30-ых годов XX века явно показал необходимость выхода капиталистической экономики за пределы частной собственности. В поисках выхода из кризиса дискуссии экономистов развернулись вокруг вопроса о роли государственного регулирования в экономике. Так президент США Ф. Рузвельт отрицал теорию об автоматизме рыночных процессов и признавал необходимость активного государственного вмешательства в сферу хозяйственных отношений. Необходимость вмешательства государства в процесс воспроизводства обосновал английский экономист Дж. М. Кейнс. Так,ещё 1930-е гг. в Швеции, Норвегии и Дании отдельные предприятия и отрасли хозяйства перешли к государству. Западная цивилизация пошла по пути господства духовных ценностей индивидуализма, основанный на базе частной собственности, но ограниченный и дополненный государственным регулированием. Китайская цивилизация пошла по противоположному пути - господства государственной собственности и регулирования, но ограниченный и дополненный капиталистической рыночной экономикой. Таким образом, процесс обновления развитыми цивилизациями мира трактовали как конструктивный процесс ограничения и дополнения господствующих духовных ценностей, противоположными ценностными установками. К сожалению, процесс обновления в СССР и странах СНГ начался с тотального отрицания господствующих духовных ценностей как ложных, что привело к большим экономическими и нравственным потерям.

7. В переходной эпохе самым оптимальным в политическом, идеологическом и экономическом отношениях являются гибридные модели и технологии. Так, в Китайской народной республике господствует государственная социалистическая идеология, синтезированный с конфуцианской коллективистской философией, а экономика развивается в гибридной форме –государственно управляемый капитализм; идея государственно управляемого капитализма была обоснована ещё в двадцатых годах XX века в статьях В.И. Ленина о новой экономической политике (НЭП). Для устойчивой экономики доля государственного сектора должен находиться в интервале 32%-68%.

Литература

- 1 Майкл Талбот. Голографическая Вселенная. М., 2004
- 2 П. Девис. Суперсила. М., 1989

ҰЛЫ ЖЕҢІСІМІЗГЕ 75 ЖЫЛ

**Молдазайым Айдана студ. ЕТУ
Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., Ермаханова М.А ЕТУ**

Дархан мінез, дария ой, дара шындар
Жарқын жүзді, жүрегі ақ, жаны асылдар
Арамызда жүретін алшаң басып,
Майдангерлер азайып барасындар

Міңкей, біздің ұлы жеңісімізге 75 жыл толды. Бұл жеңіске қол жеткізу оңай болған жоқ. Өйткені, соғыс жылдарында қаншама қан төгіліп, ата-бабаларымыз кәез жұмды. Бірақ ешкім берілмей отан үшін, жер үшін, халық үшін соғысты. Сурапыл соғыс ешкімді аяған жоқ. Ер азаматтар да, әйел адамдары да, жас жеткіншектер де, отан үшін жандарын аямай дүниеден озып кетті. Бірақ біздің қаһарман батырларымыз қайтыс болса да, олардың есімдері өлген жоқ. Себебі қазір де біз еске алып, олардың өшпес батырлық істерін мақтан тұтамыз. Қаһарман жауынгерлеріміз майданда соғысса, бұқара қалық тылда қара жұмыс жасады. Қарапайым халықтың да Ұлы Жеңісімізге тигізген үлесі зор. Себебі олар

жауынгерлердің қарны ашып қалмасын, жаурап қалмасын деп көптеген жұмыстарды атқарған. Халыққа еңбегі сіңген батыр, данышпан ата-бабаларымыз да жеткілікті. Қазақ елі заманда да, дарынды, батыр адамдардан құр қалған емес. Адамзат тарихының әр ғасырында өз дәуіріне лайықты кеменгер адамдар өмір сүрген. Олар тек өзі үшін емес, халқы үшін өмір кешкендіктен тарихтан еш уақытта өшпес орын иемеленген. Тарихымзға көз жіберсек, ел шетіне жау тиіп, сүттей ұйып отырған бейбіт қауымның басына қатер төнген тұста халық мүддесін ту қылып ұстап, елім деп еңіреген түкті жүрек, мықты білек ата-бабаларымыз да, елінің, жерінің амандыңғың, бауырларының бүтіндігін көксеген басалққасы билердің де, жалын атқаң сөздермен, жүрек жарды сырымен алыс-жақында бірдей баураған от ауызды, орақ тілді, ақын-жазушыларымызд да сайып -қыран батырларымыздың да талайын атың атай аламыз. Соларды бірі – Бауыржан Момышұлы. Бауыржан Момышұлы аса дарынды адам болған. Ол сол заманда, сурапыл соғыс жүріп жатқан кезде солдаттардың рухын көтеріп, оларға өзінің өлендерін арнаған. Сонымен қатар Бауыржан Момышұлы қазақ тілін, қазақтың салт-дәстүрлерін құрметтеген. Қазіргі заманда да оның мірдің оғындай сөздері халықтың ауызында жүр. Мысалға айтса кетсек:

«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» .

«Отан үшін отқа түс, күймейсің».

Бауыржан Момышұлы соғыс жылдарында да өзінің Курманбек Сағындықұлы деген досымен қарым қатынасын үзбеген. Ол екі дос бірге соғысып, екеуі басқа жақтарда соғысып жүргенде бір-біріне хат жазысып тұрған. Мен осы екі керемет досты қазіргі ұрпаққа үлгі етіп, мақтан тұту керек.

Соғыс алауы Қазақ жерінде жеткен кезде, қазақ жастары отбасын тастап, оқуларын тастап соғысқа аттанды. Ерлер жауға қарсы соғысып жақанда, әйел адамдары, да балалары да қол қуысырып отырмады. Осыған мысал ретінде айта кетсек қазақтың қос жұлдызы: Мәншүк Маметова мен Алия Молдағұлова. Екеуі де отан десе жанын берген, қазақтың жүрек жұтқан, батыр қыздары. Екі жас қыз соғыстың алауынан қорықпай, оқуларынан сұранып, қатыгез соғыста ақық демдері біткенше оқты боратып, қаһармандықпен қаза тапты.

Менің атам да, Халыметов Молдазаим, Ұлы Отан соғысына қатысқан. Молдазаим ата 18 жасқа толған кезде өзінің отанын, жерін қорғау үшін Таяу Шығысқа соғысқа аттанады. Ол сол жерде танкішілердің командирі болып соғысқан. Қиын-қыстау жылдары атам жапон милитаристарына қарсы соғысып, көптеген жаудың көзін жойды. Бақытына орай, атам соғыстан амансау оралған. Ұлы жеңісімізге менің, әжем де үлесін қосқан. Ол соғысқа қатыспаса да тылда көп жұмыс жасаған. Яғни, күні-түні егістікте қызылша өсірген. Молдазаим атаның көптеген медальдері бар. Менің әкем, атам мен әжемнің елемізге жасаған ұлы істерін есіне алып, мағам айтып, мақтан тұтады. Өкіншке орай, атам да, әжем де өмірден өтіп кетті. Бірақ олардың есімі ешқашан да өлмейді, себебі оларда біздің жүрегімізде мәргі бақи өмір сүреді.

Қортындылай келе, қазіргі таңда, осы жеңістің 75 жылдығына орай, елімізде көптеген іс-шаралар өткізіліп жатыр. Осыған орай жалынды жастарымыз әртүрлі рәсімдерді өткізуде белсенді атсалысуда. Қазақстанның қалалары мен ауылдық аймақтырында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтары қойылуда.

Ерлік сүйген еліне салтың ұнар,

Жүздерінде жанған от жарқылы бар.

«Соғыс» деген салмағын жалғыз сөздің,

Бүгінгі ұрпақ өздерің арқылы ұғар.

Қазіргі заманда соғысқа қатысқан ата- бабаларымыз күнне-күнге сиреп бара жатыр. Сол себепті оларды көзіміздің қарашығындай қадірлеп, келер ұрпаққа үлгі қылабық.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Шохаева Карлыгаш Нурлановна
Каскырбаева Светлана Каскырбаевна
Алматы қаласы

Аннотация

Қазіргі таңда ағылшын тілін оқыту әдістерінің түрлері аз емес. Әрбір әдістің өзіндік ерекшеліктері бар, кейбір әдістер кеңінен тараса, ал кейбірі сирек қолданылады. Бүгінде әлемде ағылшын тілін білу үлкен сұранысқа ие. Бұл мақалада шет тілдерін оқытудың заманауи әдістері және олардың тиімділігі қарастырылады.

Аннотация

Сегодня существует множество методов обучения английскому языку. Каждый метод имеет свои особенности, некоторые методы широко распространены, а некоторые используются редко. Сегодня в мире большим спросом пользуется знание английского языка. В статье рассматриваются современные методы обучения иностранным языкам и их эффективность.

Abstract

There are many methods of teaching English today. Each method has its own characteristics, some methods are widespread and some are rarely used. Knowledge of English is in great demand in the world today. The article discusses modern methods of teaching foreign languages and their effectiveness.

Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Шетел тілін оқытудың мақсаты субъектінің мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру десек, онда сол шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік болмақ. Қазіргі уақытта шетел тілін оқытудың коммуникативтігі, интерактивтілігі, аутенттігі тілді үйрену үрдісінің мәдени контексте болуы үстемдікке ие болуда. Соңғы жылдары оқу үдерісінде көптеген әдістер кеңінен қолданылып жүр. Соладың кейбіріне тоқталсақ.

Сугестопедиялық оқыту әдісі. XX ғасырдың екінші жартысында Болгариялық ғалым Г.Лазановтың жетекшілігімен зерттеу жұмысы жүргізіліп, сугестологияны ұсыныс ғылымы ретінде, ал сугестопедияны педагогикада ұсыныстарды қолдану мәселелерін теориялық, эксперименттік және практикалық дамыту мәселелеріне арналған сугестологияның саласы ретінде анықтаған. Нәтижесінде шет тілдерін оқытудың қарқынды әдісі ретінде қолданылып, әдіснамалық негізі жасалды [1].

Бұл әдіс есте сақтау резервтерін ашудан, тұлғаның зияткерлік белсенділігін арттырудан, шаршау сезімін жеңілдететін және оқуға деген ынтаның артуына ықпал ететін жағымды эмоцияларды дамытудан тұрады.

Г.Лазанов адамның резервтік мүмкіндіктерін белсендірудің негізгі құралдары мыналар деп санайды:

Бедел. Мұғалім оқу процесінде маңызды рөл атқарады. Мұғалім өзінің беделін арттыруға ықпал ететін белгілі бір қасиеттерге ие болуы керек.

Инфантилизация. Топта немесе сынып жағымды атмосфераның болуына жағдай жасау қажет, соның нәтижесінде білім алушылар оқу үшін қолайлы өзара сенім жағдайында болады, шиеленістен босатылады.

Екіжақтылық. Әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонацияны дұрыс қойып, ым-ишара тілін тиімді пайдалану қажет. Сонда әңгімелесушіге жағымды жағына ықпал етуге болады.

Г.Лазановтың жоғарыда аталған әдісі әдістемеде бірқатар әдістердің дамуына негіз болды, олардың ішіндегі ең маңыздылары: Г.А. Китайгородскаяның жеке және ұжымның резервтік мүмкіндіктерін белсендіру әдісі, Э.В. Сировскийдің гипнопедия әдісі [2, 1 б.]

Сугестопедиялық әдіс қысқа мерзімде қарым-қатынасты үйретуге бағытталған, сондай-ақ, бірнеше сабақтан кейін нәтиже байқалады. Аталған әдістің кейбір тұстары қиындық тудыруы мүмкін, себебі оқушылардың сөйлеуінде қателіктер болады, бұл қарым-қатынас процесінде адресат пен адресант арасындағы түсінуді қиындатады. Сондықтан мұндай қарқынды әдістерді пайдалану мұғалімдердің мұқият дайындалуын талап етеді.

"Тыныш" оқыту әдісі (The silent way) – лингвистикадағы құрылымдық тәсілге және психологиядағы гуманистік бағытқа негізделген. Бұл әдістің авторы – К.Гаттено. Ол математика мен ана тілінде оқуды оқыту бағдарламаларының білім беру тәжірибесін шет тілдерін оқыту әдістемесіне көшірді.

Автордың пікірінше, сабақтардағы бастама білім алушының тарапынан болуы керек, себебі оның тақырыпты меңгеруі, оған жеке пікірін айтуы, қорытынды жасауы оқу уақытының көп бөлігін алады. Ал, мұғалім мүмкіндігінше аз сөйлеуі керек. Үнсіз оқыту-бұл тапсырманы орындау кезінде студенттердің ақыл-ой белсенділігі мен шоғырлануына ықпал ететін әдіс [3, 43 б.].

Физикалық әрекеттерге сүйену әдісі (Total physical response). Бұл әдісті психолог Дж. Ашер құрылымдық лингвистикаға, оқытудағы гуманистік бағытқа, сондай-ақ сөйлеуді үйлестіру туралы психология ережелеріне негіздеп жасады. Бұл әдістің мәні – білім алушы шет тілін үйрену кезінде ана тілін меңгеру үдесіне еліктеу керек [4].

Компьютер арқылы шет тілін оқыту әдісі (Computer assisted language learning). Бұл жеке тұлғаға бағыттай оқытуға негізделген, соның нәтижесінде компьютерлік оқыту аса танымалдылыққа ие болды.

Бұл әдіспен жұмыс жасауда бағдарламалардың келесі топтары бар:

– грамматикалық формаларды, лексикалық бірліктерді, сөйлеу үлгілерін игеруге бағытталған үйде немесе компьютерлік сыныптарда жеке жұмыс істеуге арналған оқу бағдарламалары, сонымен қатар оқу мен жазуды үйрену бағдарламалары;

- мәтінді түрлендіруге мүмкіндік беретін жеке, жұптық және топтық жұмыстарға арналған мәтіндік бағдарламалар: тыныс белгілерін қою, сөйлемдерді қайта топтастыру;

- проблемалық жағдайларға негізделген және мотивацияға ықпал ететін ойын бағдарламалары.

Көптеген ғалымдардың пікірінше компьютерлік бағдарламалар қызықты және білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттырады деп санайды, бірақ олар коммуникативті күзиреттілікті қалыптастырмайды және мұғалімді алмастыра алмайды.

Санаға бағдарланған әдіс (Consciousness-raising approach). Бұл әдіс тілдің лексикалық және грамматикалық формаларына және тілді меңгерудің индуктивті әдісіне негізделген.

Бұл тәсіл көп жағдайда салыстырмалы әдіске ұқсас, себебі барлық тілдерде ойлау бірдей, тек оны білдіру формалары ғана ерекшеленеді деген ұстанымнан шыққан.

Бұл тәсілдің маңызды артықшылығы-тілді бейсаналық игеру, зерттелген құбылыстарды қарым-қатынаста қолдану және түпнұсқа материалдарды қолдану. Лингвистикалық білімнің рөлін асыра айту, салыстыру, салыстыру және талдау бұл әдісте қиындық тудыруы мүмкін.

Коммуникативтік тапсырмалар әдісі (Task-based learning). Бұл әдіс оқытушы ұсынған бірқатар коммуникативтік міндеттерді шешеді. Сонымен бірге студенттер тілдік жіне тілдік емес әрекеттерді орындайды, бір-бірімен байланысқа түседі. Олар тек тілдік емес, сондай-ақ, ым, мимика, физикалық әрекеттерді жиі пайдаланыланады.

Осы әдіске сәйкес қолданылатын оқу бағдарламалары коммуникативтік тапсырмалар жиынтығын көздейді, бірақ тілдік материалды таңдамайды. Коммуникативті тапсырмалар әдісі даму сатысында, оның процесі әлі аяқталған жоқ, бұл нақтылау мен өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

Нейролингвистикалық бағдарламалау әдісі (Neuro-Linguistic Programming). Бұл әдіс тұлғаның жетістіктерін, көшбасшылық дағдыларын, сондай-ақ сөйлеу қарым-қатынасы кезінде тұлғаның резервтік мүмкіндіктерін ашады. Сондай-ақ, шет тілін оқыту әдістемесіндегі бағытты зерттейтін ғылым. Нейролингвистикалық бағдарламалау ойлау процесін, сезімдер мен сенімдердің пайда болуы мен дамуын модельдеу арқылы ойлау тәсілін қамтиды[4].

Нейролингвистикалық бағдарламалаудың негізін қалаушылар сол кезде лингвистика кафедрасының ассистенті Джон Гриндер және үш психотерапевтің қызметін "модельдеуге" тырысқан психологиялық және математикалық факультеттердің студенті Ричард Бэндлер болды. Олар тәжірибелі психотерапевт, гелстаттерапияның негізін қалаушы Фриц Перлс, отбасылық терапия саласындағы зерттеуші және әйгілі гипнотерапевт Вирджиния Сатир және қазіргі гипнотерапияның негізін қалаушы Милтон Эриксон болды.

НЛП әдісінің әмбебаптығына қарамастан, оның атауы өте қарапайым. Нейро ойлауға немесе сенсорлық қабылдауға – жүйке жүйесінде жүретін және адамның мінез – құлқын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын процестерге, сондай-ақ қабылдау, көру, есту және сезім саласындағы нейрологиялық процестерге негізделеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://methodological.terms.academic.ru/1988/> электрондық ресурс
2. Алигаджиев А. Р. Современные методы преподавания иностранных языков в вузе // Концепт. – 2015. – Спецвыпуск № 15. – ART 75211. – 0,3 п. л. – URL: <http://e-koncept.ru/2015/75211.htm>. – Гос. рег. Эл № ФС 77-49965. – ISSN 2304-120X.
3. Дилтс Р. «НЛП: навыки эффективного лидерства»- Спб. – 2009
4. Asher J. Language by command. The Total Physical Response approach to learning language // The way of learning. Summer – 1984

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғ. Тоқтыманова, п.ғ.м., аға оқытушы
Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Алматы қ.

Аннотация. В статье рассмотрены семантико-структурные особенности медицинских терминов в казахском языке. Большинство терминов в области медицины на казахском языке заимствованы из русского языка, а также из западноевропейских языков через русский язык. В переводе слов с иностранных языков нет последовательности в их словообразовательном подходе. Есть много трудностей и в поиске эквивалента терминов, относящихся к сфере медицины.

Ключевые слова: термин, морфологический подход, синтаксический подход, калька, лексико-семантический подход.

Abstract. The article considers semantic and structural features of medical terms in the Kazakh language. Most of the terms in the field of medicine in the Kazakh language came from the Russian language. In the translation of words entered from foreign languages, there is no sequence in their word-forming methods. There are many difficulties in finding an analog of terms in the field of medicine in the Kazakh language. There are controversial issues that may arise when composing a term morphologically, syntactically, or calculatively.

Keywords: terminological approach, morphological approach, syntactic approach, tracing paper, lexical and semantic approach

Тілдің тарихы халықтың, елдің тарихымен мәдениетімен біте қайнасып жатыр. Терминология белгілі бір тілге қатысты болғандықтан, осы тілде сөйлейтін халық терминдердің мағыналық құрылымына тікелей әсер етеді. Яғни олар қандай да бір мәдениеттің өкілдері құрған әлемнің тілдік бейнесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады. Терминологиялық жүйелердің құрылуына осы тілде сөйлейтін адамдардың дүниетанымы да әсер етеді. Тіл қоғамда болып жатқан өзгерістердің айнасы. Қоғамның кәсіби салалары арнайы тілде көрініс табады.

Кез келген лексикалық бірлік термин бола аламайды. Термин сөздер мен термин емес сөздердің аражігін ашу үшін тілдің арнайы бірлігі ие болатын қасиеттерді анықтап алуымыз керек.

«Терминдердің қарапайым сөздерден айырмашылығы:

- олар білдіретін ұғымдардың семантикалық бірегейлігі мен нақтылығы болады;
- семантиканың арнайы немесе мамандандырылған түрі;
- терминдердің жүйелілігі мен ішкі байланысы, тақырыптық категориялардың болуы;
- қолданудың бірізділігі;
- жалпылама ұғымдардың белгісі ретінде қызмет ету қабілеті, экспрессивтіліктің, бейненің, бейнелі мағыналардың, метафоралық қолданыстардың болмауы;
- бірдей дублеттердің болмауы (немесе аз болуы) және т. б.» [1, с. 24].

Қазақ медициналық терминологиясы – қазақ әдеби тілінің лексикасының бір бөлігі. Қазақ медициналық терминологиясының негізін Орта Азияның атақты емшілері Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина қалады. Олардың ісін жалғастырушы ретінде бес ғасыр бұрын өмір сүрген емші Өтебойдақ Тілеуқабылұлы деп атауға болады, ол өзінің тәжірибесін 1467 жылы жарық көрген «Шипагерлік баян» атты еңбегінде жинақтаған.

Алаш Орда қайраткерлерінің заманында (XX ғасырдың 20-жылдары) А.Байтұрсынов пен оның ізбасарлары ана тілінен лайықты эквивалентті таба алмаған жағдайда ғана терминдерді басқа тілден алуға болады деп есептеген. Бірақ бұл жағдайда сөз фонетикалық ассимиляцияға ұшырауы керек. Е.Омарұлы бұл туралы өз пікірін білдіреді: «Пән сөзді өз тілімізден таба алмаған күнде орнына латынша пән сөздерді алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда — оны тіліміздің заңына келтіріп өзгертіп алу керек». Тілдің заңына келмейтін жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады, тілдің негізгі қасиеттері тұрлаулы заңдары бұзылады» [2, 97].

XX ғасырдың ортасында лингвистер медициналық терминологияға қызығушылық таныта бастады. Медициналық терминдерді лингвистикалық тұрғыдан талдауға арналған диссертациялар пайда болды. К.Жидебаеваның «Қазақ тіліндегі анатомиялық атаулар» атты диссертациялық жұмысын медициналық терминдер тақырыбына сүбелі үлес қосқан еңбектердің бірі деп атауға болады. Автор анатомиялық терминдердің морфологиялық құрылымын талдады.

Х. Досмұхамедұлы басқа тілдерден енген сөздер туралы былай дейді: «Тілге кірген жат сөздер сіңу үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады» [3, 148].

Қазақ тіліндегі медициналық терминология қалыптасқан құбылыс емес. Бүгінгі таңда медициналық терминологияны дамыту, кодификациялау мәселесі аса маңызды және тек медициналық мамандарды ғана емес, тіл танушы ғалымдарды да алаңдатып отыр.

Ш. Құрманбайұлы терминологиялық қордың қалыптасуының екі көзін атайды: «Жалпы кез келген тілдің терминологиялық лексикасының түзілуіне негіз болатын екі көзі бар. Оның бірі – ұлттың өз тілі де, екіншісі өзге халықтардың тілдері. Алғашқысы – терминологияның ішкі көзі, ал кейінгісі – сыртқы көзі деп аталады [4, 40].

Қазақ медициналық терминологиясы өзінің қалыптасуында, одан әрі дамуында, негізінен, қазақ тілінің лексикалық қорына және басқа тілдерден енген сөздерге сүйенеді. Қазіргі уақытта қазақтың байырғы лексикасын неғұрлым толық пайдалану және оның негізінде көптеген жаңа термин сөздердің пайда болу үрдісі айқын байқалып отыр.

Қазақ тілінің медициналық терминологиясын дамытуда қазіргі уақытта түрлі үрдістер байқалады:

1) консервативті сипаттағы үрдіс, халықаралық терминдер ретінде грек-латын элементтерін пайдалана отырып, медициналық терминологияның негізін сақтауға ұмтылу, бұл қазақстандық дәрігерлердің басқа елдердегі әріптестерімен этносаралық және мәдениетаралық қарым-қатынасына ықпал етеді, медициналық ақпарат алмасуға және осы әрекетке белсенді қатысуға мүмкіндік береді;

2) медициналық терминологияны қалыптастыруға қазақ тілінің байырғы элементтерінің неғұрлым белсенді қатысу үрдісі. Бұл үрдіс ұлттық дүниетанымның рөлінің күшеюімен және жаһандану дәуірінде ұлттық бірегейлікті сақтауға деген ұмтылыспен түсіндіріледі;

3) медициналық терминдердің уәждеу деңгейін арттыруға ұмтылу үрдісі, бұл қарапайым ана тілінде сөйлейтіндер арасында медициналық білімді кеңінен танымал ету қажеттілігімен айқындалады

Медициналық терминологияның түрлі ішкі жүйелерінде төл лексикалық бірліктердің қолдануы сол тілде сөйлейтін адамдардың санасындағы тілдік ақпаратқа тікелей байланысты. Қазақ тілінде сөйлейтін адамдардың санасындағы анатомияның пәндік тұжырымдамалары вербальды, яғни тілде төл лексиканы білдіретін тұрақты ұғымдар бар: *дене-телo, омыртқа-позвоночник, сүйек-кость, сіңір- сухожилие, ми- мозг, тары-вена, азу-коренной зуб, жілік - трубчатая кость* және т.б.

Бұл белгілі бір семантиканың әмбебап лексикалық бірліктері. Қазақтар ағзадағы (жануарлардың) түлі мүшелерге атау беруде білгірлік танытқан. Бұл тарихи тұрғыдан олардың көшпелі өмір салтына, мал шаруашылығымен айналысуына байланысты. Дегенмен тілімізде осындай түбір медициналық терминдердің саны аз. Олар негізінен соматизмдер және бір кездері жұрнақтардың көмегімен пайда болған аурулардың кейбір атаулары, бірақ тілдің даму процесінде олар құрылымы өзгеріп, бір сөз ретінде қабылданып кеткен: *баспа – ангина, қызба – ангина, қышыма – чесотка*.

Терминдер, кез келген жаңа сөздер сияқты жоқ жерден жасалмайды. Сөз жаңа мағынаға, жаңа қолданысқа ие болады немесе басқа тілден алынады. Шынында жаңа сөздер өте сирек пайда болады. Қалғанының бәрі тілде бар таңбалауыштар негізінде қалыптасады.

Айта кету керек, көптеген ғалым терминнің ең басты қасиеті ретінде метафоралық қолданудың болмауын таниды. Бірақ медициналық терминдер басым көпшілігі метафоралық әдісті қолдана отырып жасалған. Мұны қан тамырларының атаулары бойынша келтірілген мысалдан анық байқауға болады. Тамыр атаулары екі компоненттен тұрады, оның бірінші компоненті белгілі бір тамырдың когнитивті дифференциалды белгісін білдіреді: *артерия-күретамыр, вена-көктамыр, капилляр-қылтамыр* және т. б.

Орыс тілінің термин жүйесіне грек-латын тілдерінен енген кейбір медициналық клиникалық терминдер қазақ тілінде төл атаулармен аталды. Олар қазақ халқының санасына ежелден таныс аурулардың атаулары. Бұл терминдер денеге тән физикалық күйлердің атауларымен, түрлі патологиялармен, нормадан ауытқулармен, тілде осы жағдайларды сипаттайтын ауызша зат есімдермен немесе етістіктермен ұсынылған: *баспа, қысна (орыс. ангина; лат.angёre); тырысқақ (грек тіл. cholera), тышқақ (понос); сыздауық фурункул (лат. furunculus +-osis), безгек, қызба (лихорадка)* және т. б.

Жаңа сөздерді жасау үшін түрлі әдіс қолданылады. Номинацияның өнімді әдістерінің бірі тікелей әдіс, яғни мотивациялық белгі тікелей мағынасы бар сөзбен көрсетіледі, Мұндай терминдер біліктілік терминдері деп аталады. Мысалы, *қылыыкөз – косоглазие; қан кету – кровотечение; жүрек соғуы – сердцебиение* және т.б.

Жанама номинация тәсілі кезінде, уәждеме жанама түрде әртүрлі ассоциациялардың көмегімен, ынталандырушы белгіні тікелей атамай-ақ көрсетіледі. Мұндай атаулар әдетте бейнелі сипатта болады. Мысалы, *қаз дене (гусиная кожа); ақшамсоқырлық (куриная слепота)* және т.б.

Дәстүрлі медицина атаулары нақты белгілерге негізделген (терінің түсі, ағзаның пішіні, жануарлардың, өсімдіктердің әртүрлі мүшелеріне және т.б.). Дәстүрлі медицина атауларының осы мотивациялық белгілерін жалпылау негізінде номинация принципі қалыптасты. Олардың формасы мен қасиеттері бойынша келесі топтарға бөлуге болады:

1. Жалпы ауырсыну сезімін білдіруге негізделген атаулар. Олар қандай да бір анатомиялық органның атауынан және кесел, сырқат, ауру деген сөздерден тұрады: *өкпе ауруы, жүрек ауруы, обыр кеселі*.

2. Бұл субъективті ауырсыну сезімдерін талдау олардың нақтылануына әкеледі, яғни жалпы атаулардың негізінде нақты ауру түрлері пайда болады: *жүрек ауруы – сердечная боль – жүрек шанышп ауруы – колющая боль в сердце*.

3. Ауырған органдағы немесе терідегі өзгерістерді көрсететін аурудың атаулары: *сары безгек - лихорадка желтая, қызылша – краснуха, алапес – проказа және т.б*

4. Аурудың нәтижесінде пайда болған белгілі бір физикалық өзгерістерді бөлу принципі бойынша атау: *іш кебу- вздутие, іш кету - диарея, іш қату – іш қату, ісу – ісіну, буын шығару – дислокация, сусамыр – диабет және т. б.*

5. Халықтық медициналық терминдердің ішінде метафоралық мағынасы бар атаулар ерекше орын алады. Адам ежелден жануарлармен тығыз байланыста болған (аң аулап, оларды бағып, ет, тері, сүйек, жүнін және т.б. өңдеген). Олар жануарлардың кейбір әдеттерін білген, сонымен қатар туылған баланың денесіндегі ерекшеліктің қандай да бір жануарға ұқсайтынын аңғара білген. Мысалы, *қоян ерін – заячья губа, түйе қарын – верблюжье брюхо (болезнь печени), қасқыр ауыз – волчья пасть* және т.б.

6. Анатомиялық ағзаны физикалық жағдайдың белгілі бір түріне байланыстыру қағидаты бойынша қалыптасқан ауру атаулары: *жүрек қыспасы - стенокардия, баспа - ангина, қылтамақ – өңеш обыры*.

7. Анатомиялық органды белгілі бір медициналық тұжырымдаманы білдіретін қандай да бір етістікпен байланыстыру қағидаты бойынша қалыптасқан ауру симптомдарының атауы: *бас айналу – головокружение; жүрек айну – тошнота*.

Қазақ медициналық терминологиясында екі, үш, төрт және одан да көп компоненттік терминдік үйлесім кездеседі: *өкпе қабынуы – воспаление легких, пневмония, жедел өкпе қабынуы – острая пневмония, созылмалы өкпе қабынуы – хроническая пневмония, операциядан кейінгі өкпе қабынуы – послеоперационная пневмония* және т.б. Мұндай сөз тіркестерінен құралған терминдер күрделі терминдер деп аталады.

Медициналық терминология – қазақ әдеби тілінің лексикасының бір бөлігі. Бұл халықтың тарихымен, оның материалдық мәдениетінің дамуымен тікелей байланысты. Осы саланың лексикасы ғасырдан ғасырға ауысып, толықтырылды және байытылды. Халық медицинасының ұғымдарын білдіретін лексика қазақ тілінің сөзжасамдық қалыптасуының қайнар көзі. Сондықтан бұл модельдер қазақ тілінің заманауи ғылыми медициналық терминдерінің қалыптасуына да, басқа салалардың терминологиясының қалыптасуына да қызмет ете алады. Сөзжасамның ең ежелгі үлгілерін анықтау ерекше назар аударуды қажет ететін ұлттық терминология проблемаларының бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шамсутдинова Р.Р. Медицинская терминология в татарском языке. Автореф. дис. канд. фил. наук. Казань, 2000. 37 с.
2. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
3. Қайдар Ә. Қазақ терминологиясына жаңа көзқарас. – Алматы. Рауан, 1993 ж.-43б.

4. *Құрманбайұлы Ш.* Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
5. *Ахметов М.* Медициналық терминдер сөздігі. Орысша-қазақша-ағылшынша. – Алматы: «Дейк-Пресс» баспасы, 2009. 800 б.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ОН ЖЕТІНШІ ҚАРА СӨЗІ

Тирижанова Мейрамкуль Бекмурзаевна

ҚазИТУ, Алматы

Айжанова Алия Елубаевна

ҚазИТУ, Алматы

Демеубаева Лаура Курмангазиевна

ҚазИТУ, Алматы

Кілт сөздер: Абай, қара сөздер, ғылым

Аннотация

Цель исследования – определить особенности межэтнического взаимодействия в системе науки и знания. В статье акцентируется внимание на сущности в концепции казахского мыслителя Абая Кунанбаева о науке и мире. В результате исследования была обоснована логика философии, систематизированы ключевые концепты высказывания и раскрыта истинность науки.

Annotation

The purpose of the study is to determine the features of interethnic interaction in the system of science and knowledge. The article focuses on the essence in the concept of the Kazakh thinker Abai Kunanbaev about science and the world. As a result of the study, the logic of philosophy was substantiated, the key concepts of the statement were systematized and the truth of science was revealed.

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз кәмелетке жетпейтұғынын; әуелі, өзінді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол - менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те - менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғзып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» - депті. Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын - мен, сенің сөзіңді ұғатұғын - мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?» - депті. Онан соң жүрек айтыпты: «Мен - адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тіршілік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің,

тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын - мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын - мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын - мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын - мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» - депті. aizhanova62@mail.ru Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тындап болып, айтыпты: - Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, - депті. -Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да - бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені - сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, - депті. - Сен үшеуінің басыңды қоспақ - менің ісім, - депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. - Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, - деп ұқтырып айтқан айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам - сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, — депті. Он жетінші қарасөз Ғылым, Ақыл, Қайрат, Жүректің диалогінен тұрады. Абайдың бұл қарасөзі оның ғылым, ақыл, жүрек туралы өлеңдерімен мағыналас болып келеді. «Әуелде бір суық мұз, ақыл зерек» атты өлеңі мен он жетінші қарасөздің мазмұны бір. Ақын өлеңде айтқан пікірін қара сөзде дамытып, аша түседі. Бұл Абайдың өз идеясына беріктігін, қандай проблеманы көтерсе де, мәселені жүйелі түрде қарастырып, оны оқырманының ой-санасына жеткізуді мақсат ететіндігін, алған бағытынан ауытқымайтынын дәлелдейді. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі адам үшін өздерінің атқаратын жұмыстарын айта келіп, әрқайсысы өзін бірінші орынға қойып таласады да, ғылымға төрелікке жүгінеді. Ғылым үшеуінің де жақсылы, жаманды қасиеттерін дәл сипаттап, әділ сынайды. «...Осы үшеуің басыңды қос, оның ішінде жүрекке билет», - деп үкім шығарады. «Егер үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтаймын», - дейді оларға ғылым. Демек Абай жүректі, яғни адамның адамды сүйіп, адам үшін қызмет етуді бірінші орынға қояды. Бірақ ғылым бойынша да, Абайша да ең идеал нәрсе – осы үшеуінің бірлігі. «Осы үшеуі (ақыл, қайрат, жүрек) бір кісінде менің айтқанымдай табылса, табанының топырағын көзге сүртерлік қасиетті адам сол», - дейді Абай.

Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі - қара сөздері. Абайдың қара сөздері (Ғақлия) - ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған. Сөйтіп көркемдік шеберлік пен ғылыми зерделік арқылы көркемдік сана мен философиялық сананы ұштастырады. Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды. Абайдың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды.

Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан "Абай" журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды.

Абайдың кептеген өлеңдері мен прозалық шығармаларында «... адам мен адамгершілік, ұждан, мораль философиясына төтелей қатынасы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір көлемді, әрі сапалы ойшылдық пікірлері бар екені даусыз» (Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. - А. , 1967, 171-б.). Абай шығармаларын зерттеуге арналған еңбектер жеткілікті болғанымен, оның философияның негізгі мәселелеріне байланысты көзқарастары жөнінде әлі күнге дейін тиянақты пікір тұжырымдалған жоқ. Көрнекті мәдениет қайраткерлері мен жазушылар: М. О. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұбанов, С. Садуақасов, С. Қожанов, І.Жансүгіров т. б. Абайдың ақындық мұрасын арнайы-социологиялық шабуылдан қорғап, мақалалар жазды. «Көзқарасының қарама-қайшылықтарына қарамастан, -деп жазды Мұқанов, - Абай бұл сөздің ұнамды мәнінде ең озық реалист-суреткер болды және сонысы үшін де біз оны құрмет тұтамыз, сондықтан да оның әдеби мұрасы біз үшін баға жетпес байлық болып табылады, тап солай болғандықтан да қазақ халқы Абайды өзінің аса ірі ұлттық ақыны деп біледі».

Керемет тұнып тұрған ақыл тындап отырсаң философия, психология, этика барлығы да Абайдың қара сөздерінде.

Пайданылған әдебиеттер

1. Абай Қара сөз. Поэмалар. Книга слов. Поэмы. Абай Құнанбаев Алматы: «ЕЛ», 1993-272 б.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: 1967, 171-б.
3. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл.
4. Ахметов З., Абайдың ақындық әлемі, Алматы, 1995.

БҮГІНГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІН МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ БІРТҰТАСТЫҒЫ

Тынышбек Назерке Асқарқызы
Алматы,Қазақ Ұлттық Аграрлық Зерттеу Университеті
“Су,жер және орман ресурстары”факультеті,
“Орман шаруашылығы мамандығы”, 2курс студенті
Ғылыми жетекші:Сырбаев Е.Ө.

Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтарының мәдениеті кафедрасының аға оқытушысы

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі кезде жаңартылған әлеуметтік қоғам дамуындағы жеке адамның қалыптасуы, рухани мәдениеттің артуындағы Қазақстандағы діннің бүгінгі жағдайы қарастырылады.Рухани мәдениет — бұл ескіден қалған тарихи мұра, ол қазіргі кездегі қоршаған өмірге, адамгершілікке, тәрбиелікке, бірігіп қимыл жасауға Қазақстандағы діннің шарттарын үйренуге және өркендеудегі әлеуметтік мұра ретінде қарастырылады.Ислам дінінің маңыздылығы аталып өтті.Мақаланы жазу барысында сараптама,талдау,логика,баяндау мен тезистер сияқты әдіс-тәсілдер қолданылды.
Кілт сөздер: дін,қоғам,мәдениет,тәрбие,имандылық,салт-дәстүр, сүйіспеншілік.

Діннің жағдайы қоғам дамуына тікелей қатынасы бар. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Сындарлы он жыл» атты еңбегінде «Бүгінгі күнгі жекеленген елдердегі діни сана-сезімнің өсуі кездейсоқ құбылыс емес. Дін ұлттың және мәдени

біртектілікті сақтаудың негізіне айналып отыр», - дейді [1]. Расындада бүгінгі күні дінге деген адамдардың көзқарасының сенімдерінің өзіндік ерекшелігі байқалады. Діннің жағдайы бүгінгі күнгі әрбір адамға таныс. Діни тұжырым барлық діни-ғұламалық және діни-философиялық әдебиеттерде қарастырылған. Оның негізгі мәні діннің құдіретті күшінен туындап отырғандығы «Адамның бойында бір күш бар. Ол күшті жақсыға да, жаманға да қолдануға болады. Оны Алла тек қана жақсылыққа қолдануын қолдайды»[2].

Бұл пікірдің мағынасы, барлық нәрсе Алланың тағдыры мен қазасы бойынша жүзеге асады. Әрине, адам өз өмірін жүйелі түрде реттей алады. Ал тағдырына иелік ете алмайды. Өмірдің өзі мәдениеттің біртұтастылығына байланысты дамиды. Адам осы мәдениетте өз өмірінің ең қуанышты да, ең қайғылы сәттерінің белестерімен өсіп өркендейді. Осы сәтте оның тағдырының әр түрлі әсерлері белен алады. Осы белестерінде адамның танымдық және сезімдік ой өрістері дамып, дінге және қоршаған ортаға көзқарастары қалыптасады. Бүгінгі қоғамдағы дін өз ерекшеліктеріне қарай объективті қоғамдық болмысты бейнелейді. Құдай жолындағы негізгі әрекет — ол құлшылық. Біздің Құдай қуат иесі ғана емес, ол рақым қылушы. Өмірде қиянатың болса, онда сенің иманың жоқ. Діндегі ең басты құндылықтардың бірі — сенім. Діни құбылыстардың барлығы адам сенімінің нәтижесінде жүзеге асады. «Сенім» ұғымының дінде алатын орны зор. Дінде сенім болмаса дін де жоққа шығады. Адамды тәрбиелеуде оның адамдық негізін қалыптастыруға діннің ықпалы зор. Мысалы, көптеген ойшылдар әрбір ісінді Алла қарап тұрғандай жаса деп таныған. Егер біз әрбірісімізді Алла қарап тұрғандай жасасак, адам бойындағы орынсыз әрекеттер, жама н әрекетке аяқ баспаушы еді. Адамның бойындағы жаман әрекеттердің тууы — өзінің жаратушысын ұмытуы. Сондықтан қоғам өмірінде ерекше орын алатын құбылыс — ол дін. Дінде адамдардың біреуі тіл мұсылман болып келсе, екіншілері дін мұсылман болады. Тіл мұсылман діни қағидаларды тек қана ауызбен айтып, оны нақты іс-әрекетпен көрсетпейді. Ал дін мұсылман діни қағидаларды нақты өзінің іс-әрекет арқылы көрсетіп жүрегімен, шын ниетпен діни қағидаларды орындайды. Сондықтан дінде құр сөзбен әрекет ету — ол дінге қайшы іс-әрекет, адам шын жүрегімен, адал ниетімен діни қағидаларға жүгінуі шарт. Адамдарды мәңгілікке жетелейтін оның мынау жалғанда рухани өмірі емес пе? Егер адам тойынған өмірін болдым, толдым деп біліп тек соны жасағанға қанағат етсе, мынау қоғамда ешқандай құбылыстар дамымаған болушы еді. Рухани өмір адамды мәңгіліктің аясына жетелейтін, өзі өлсе де артына өлмейтін із қалдыратын, адамдық негізге аяқ бастыратын ерекше бір құбылыс. Адам басқа тірі жандылардан өзгешелендіретін оның ақыл-ойы. Сондықтан адамзат өмірдің өткінші екендігін сезіне отырып, бұл ғұмырдың қайтіп келмейтіндігін біле отырып, тек қана өзінің адамдық болмысына сай өмір сүру. Алла Тағаланы адамзат ең бірінші өзінің жүрегінде ұстау қажет, көбіне адамды құртатын біз Алланы көктен іздейміз. Алла адамзаттың жүрегінде, сенің жүрегіңнен шыққан адамгершілік, сенің жүрегіңнен шыққан адамдық — ол Алланың ісі. Алла Тағала адамдарды жер бетіне сынау үшін жіберген соң, адам осы жер бетінде жасаған әрекеттері үшін күндердің бір күнінде сынға түспек. **Тексерілмей қоймайсын бір иең бар** деп тегіннен-тегін айтылмаса керек. Адамды тәрбиелеп, оны орынды әрекеттерге аяқ бастырып, өзін тануға, өзінің жақынын тануға, тіптен өзгені өзіндей сезінуге ерекше әсер беретін — ол дін. Сондықтан адам діннің құдіреттілігін бағалай білуі шарт. Қоғамдық дамуда діннің кері әсері жоқ, керісінше, адамдарға адамшылдық қасиеттердің қалыптасуына ерекше мүмкіндік беретін құбылыс.

Мәдениет — адамдардың қоғамдық өмірде ертеден келе жатқан рухани және материалдық құндылықтарының қамтамасыз етілуі. Рухани мәдениет және материалдық мәдениет екеуі бір- бірімен тығыз байланысты. Адам ең бірінші материалдық жағдайын қанағат етпесе, руханилыққа аяқ басуы мүмкін емес. Ал дін болса, осы рухани мәдениетіміздің ерекше бір салаларының бірі. Адамдардың дүниеге объективті көзқарасы қалыптасуы үшін бүгінгі жағдайда исламның тарихы мен теориясын білуді әрбір азаматтан

талап етеді. Адамзаттың ислам дінінің тарихын білу мәдениеттіліктің өмірге деген тәртіптіліктің, инабаттылығын мейірім, ар-ұжданын негізінде қалыптасады. Мәдениеттің негізінде білім, бағалау, қабылдау шарттары жатыр. Адамдардың дамуы үшін, бүгінгі қоршаған ортаның әсері құбылыстары дүниені салыстырмалы бағалауына көмектеседі. Ал, ғылыми көзқарастың қалыптасуында мәдениеттің алатын орыны зор. Ғылыми зерттеулердің, діннің адам санасына, тәрбиесіне үлкен әсер барын айтады. Ислам дінінің адамгершіліктік нормаларында тәрбиеге қатысты қайырымдылық, мейірімділік жақтары көп ескеріледі. Бүгінгі біз өмір сүріп отырған қоғамда қайырымдылық тиімді. Қайырымдылық көрсеткен адамның көңілі таза, мейірімділік қасиетке ие болады. Ислам дінінде сүйіспеншілік, мейірімділік, тазалық ерекше орын алады. Сол себепті, ислам дінінің тәрбиелік мәні бүгінгі таңда маңызы зор. Ислам дінінің ерекшелігі — ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыпымызды, рухани қазыналарымызды бір жүйеге салып, құндылығын анықтап, арттыруға көмектесетін тәртіптілік заңы. Ислам діні имандылыққа жетелейді, бойында иманы бар адам ешуақытта жамандыққа бармайды. Иманды адам ар-ұжданын, тазалығын, әдептілігін, әділеттілігін сақтайды. Әдептіліктің өзі адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне, мінез-құлқын дұрыстауына көмектеседі. Мінезі құлқы дұрыс адам қоғамда, қоршаған ортада үлкен игілікті іс-әрекет жасауға дайын. Бұл ұғымдар — мәдениеттіліктің ең керекті нышандары, бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі. Біз тәрбиелі адамның дүниедегі болмыс тәсілі деп қарастырсақ, онда дін осы болмысқа мағыналық және тұрақтылық беретін күшке айналады. Адамның болмысы қайшылықтарға толы: өмір және өлім, пендешілік және руханилық, өзімшілдік, ләззат және парыз. Діннің басты қызметі — адамдық қарым-қатынастарды белгілі бір тәртіпке келтіріп, оның құдіреттілігі мен қасиеттілігіне адамдарды иландыру, сендіру. Дін — рухани мәдениеттіліктің баламасы, дүниетанымның бір бітімі, дүниедегі тәрбие жөніндегі бағдар мен жол. Серік Есентайұлы Нұрмұратовтың пікірінше: «Рухани дамудың негізгі мақсаты — әрбір адамды бақытты болуға ұмтылдыру. Адамның жер бетінде тіршілік иесі болып келуінің өзі оны болашағы бар, бақытты болуға лайықты жан етеді» [3].

Ислам діні мәдениеттің жоғарғы деңгейде болуын талап етеді. Адамгершілігі мол адам көргені бар, парасатты, ақылды, ізгілікті болып келеді. Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болып өмір сүріп келе жатқанына 10 жылдан астам уақыт болды. Осы жылдар аралығында біздің қоғамымыздың барлық салаларында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Сол өзгерістердің негізін салушы осы қоғамда өмір сүріп жатқан адамдар. **Адамдар** — барлық жер бетінде ізгілікті тудырушы. Адам бар жерде ғана мәселе басталады, адам бар жерде ғана мына қоғам қалыптаса бастайды. Ал дін болса осы адамға қатысты құбылыс. Адам болмаса діннің не екендігін кім таниды. Адамзат ерте заманан өмір сүріп сол ата-бабаларымыздың салған жолын тану ол мына бүгінгі мәдениетіміздің, руханилығымыздың жемісі. Күнделікті қарапайым қалыптасып жатқан мәдени құндылықтар да адамға, болашағына үлкен із қалдыруына мүмкіндік жасайды. Жер бетінде қаншама мың халық бар, олардың өмірге деген түсінігі жалпы дінге деген көзқарастары әр түрлі. Қазіргі заманда сан-алуан діни ағымдар бар. Олардың көбісі халықтың көзін байлаушылыққа апаруы мүмкін. Мұсылман халқына ертеден келе жатқан ортақ діні — ислам діні.

Ислам діні барлық мұсылмандарға ортақ дін. Қасиетті кітабы-Құран. Ислам — асыл қазына, ең бірінші адамға керек нәрсе ол адамшылдық емес пе? Адамның адамдық негізде өмір сүруі барлық адамзатқа ортақ мүддеде әрекет ету емес пе? Ал ислам діні сол барлық адамзатқа ортақ мүддені қолдауға шақырады. Діннің қалыптасуы мен даму ерекшелігі ондағы «ижтиһад» ұғымының дінді пайымдаудағы басты шарт ретінде болып табылатындығы анықталып, Құран, хадис және сүннетке, сондай-ақ «ақидаға» қатысты көзқарастарының ерекшеліктері айқындалуда. Ижтиһад исламды өмірлік тәжірибеге, бейімділікке әкеледі. Дін күнделікті өмірмен және кейбір жекеленген практикалық мәселелермен байланысты болады. Адамдардың дінге деген

көзқарастары өзгеріп, жаңадан мешіттер, діни оқу орындары ашылып, мектептерде араб тілін оқытып, Құран кітабын дұрыс оқи бастады, осының өзі дінге деген бетбұрыс. Дін өзінің қоғамдық болмысымен байланысымен және оның бейнелеу формасымен сипатына қоғамдағы қалыптасу ерекшеліктеріне байланысты күрделі. Халықты тұрмыс- тірлікке тән әдет-ғұрыпқа, салтқа тәрбиелеу — бүгінгі жағдайдың міндеті. Тәрбиенің арасында әрбір адамның өз талғамы, ой-толғауы, түйгені болуы керек. Сонда ғана ол өркениеттік деңгейде көтеріледі, алды-артына үніледі. Әрбір қазаққа ойланатын уақыт жеткен сияқты. Мыңжылдаған тарихы бар ата-бабаларымыздың жолымен жүріп, салт-дәстүрімізді сыйлап, қолға алып, болашақ жастарға насихаттауға бейімдеу. Батысқа қарап еліктемеу, өз дінімізді қадірлеп қастерлеу. Дін де адамның барлық іс-әрекеттерінің сапалығына ықпал етіп, адамның «адам» деген атауға лайықты болуына қадағалайды. Ислам діні бүкіл адамзатқа бағышталған болашағы көлемді, әлемдік дін. Исламның өзге діндерден айырмашылығы, ғылым мен зерттеулерге жол ашып, еркін ойлауға, ізденуге мүмкіндік береді. Енді ғана өркендеп келе жатқан дінімізді орнықтыра түссек, одан ұтпасақ, ұтылмаймыз. Өйткені ислам діні тарихи дамуымыздың негізі. Дінімізді бекем ұстап, дұрыс түсіну, жастарды ұлттық рухпен тәрбиелеу бүгінгі жағдайдың ісі. Ислам кез келген уақытқа, жағдайға, толыққанды тіршілікке арналған дін. Қазақстандағы ислам, біріншіден, адамзаттың өткенімен де, бүгінгісімен де, болашағымен де тығыз байланысып өмір сүре алады. Екіншіден, ғасыр замана үрдісімен процесінен, өркениеттен қалып қоятындай кертартпалыққа жол бермейді. Ислам кең, әр адамның ізденіп, зерттеу жасауына және өз заманының қайғы-қасіретіне шипа боларлық шара іздеуіне ерікті бағыт-бағдар береді. Біз өмір сүріп жатқан күрделі әрі қарама-қайшылықтарға толы бұл ғасыр — технологиялық, ақпараттық-коммуникациялық төңкеріс, спутниктер, бағдарламалар және интернет дәуірі өткен ғасырдан мүлде ерекше екендігі айдан анық. Бұл замандағы жетістіктері жер шарындағы барлық адамзат баласына ортақ. Күн сайын жарық көріп жатқан ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерді игеруге жеке адамның қауқары жетер емес. Кейбіреулер мұндай қарқынды құбылыстың жалпы дін атаулының бәріне, әсіресе Ислам дініне келіп-кетер қаншалықты кері әсерінің барын білгісі келсе, біреулері діннің адамзат өміріндегі орны қандай, оның елеулі ықпалы барма, әлде жоқпа деген мәселелер ойландырады. Исламның мән- мақсаты не, бүгінгі жағдайын замана тынысына сай түсіну әр мұсылман міндеті. Осыған орай Қазақстанда насихат тәсілдерін жаңғыртып жетілдіру кезек күттірмейтін міндетті шара. Өйткені өмірдің өзі әрдайым қозғалыс, даму үстінде, ал ижтиһад бейне оны жаңартып, жаңғыртып отыратын өлмес рух тәрізді. Тіршілік қажет іс-әрекеттерді ұдайы дамытып отыруды қолдайды жаңа жолдарды меңзейді. Бүгінгі таңдағы, әрі келешекте әр түрлі түйінде мәселелерді шешуде діннің алатын орны бөлек. Дініміздің басты мақсаты — мұра құндылықтарымызды қауіп- қатерден сақтау. Діннің кейбір мәселелерін дұрыс түсінбестіктен, әр түрлі қайшылықты шиеленістер болады, оны дер кезінде сараптаудан өткізіп тоқтау салу қажет. Дінді насихаттауда мәселенің дұрыс-бұрысын тиісті дәрежеде зерттеуді, ой таразасына салып, әділдікпен шешу қажет. Осындағы исламның негізгі мақсаты ішкі және сыртқы саясаты, ағымдарды дұрыс адамзатқа ұқтырып бүгінгі заман дамуына сай қалыптастыруы керек. Адамзат жер бетінде ғұмыр кешкен күннен бері материалдық жетістікке ұдайы ұмтылып келеді. Алайда адам бақыты біртұтас гармониядан құралатындықтан, материалдық және рухани байлықтың қатар болуын қажетсінеді. Себебі бұл өмірдің өзі диалектиканың заңымен қалыптасып, дамиды. Дегенмен де, аталған қажеттілікте материалдық қажеттіліктен рухани қажеттілік жоғары болады. Рухани байлық адамды адам ретінде, адамның барлық іс-әрекетінің сапалы болуына ықпал етіп қалыптастырады. Осындай рухани байлық қайнар көздерінің бірі — дін. Дін де адамның барлық іс-әрекеттерінің сапалылығына ықпал етіп, адамның «адам» деген атауға лайықты болуын барынша қадағалайды. «Біз Исламның, басқа да әлемдік және дәстүрлі діндердің озық үрдістерін құрметтеп, әрі дамыта отырып, осы заманғы зайырлы мемлекет орнатамыз», — деп атап көрсеткен болатын Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Міне, бүгінде адамзат өз дамуының жаңа белесіне көтерілді. Осынау тарихи үрдістердің қай қырына көз салсаң да, діни ұстанымдар көзге бірден шалынады. Діни ұстанымдар, діни деңгейдің жоғары болуын талап етеді. Адамзат қай дінді қабылдаса да өз еркі, бірақ Ислам дінінен таза, мәдениетінің әсері көп екендігін мойындауға болатын ақиқат. Ислам діні Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с) аян жолымен келген ақиқат болса, ислам мәдениеті мұсылман дінін қабылдаған халықтардың қатысуымен жасалған өркениет. Қазір республикамызда ислам дінінің қайта жаңғыру процесі жүріп жатыр. Осы процесс барысында діни фанатизмнің қандай болмасын формасынан сақтандыруда қазақ этносының ислам дінін неліктен, қалай және қандай формада қабылдағаны, ислам діні мен ислам мәдениеті түсініктерін, тіліміздегі араб діні ғана емес, философиялық мағынасын ажырата білу маңызды. Бүгінгі күні қазақ халқының бет-бейнесі ашылып ислам дінінің әсерін түсініп, оның қоғамда қалыптасуына, орнығуына жол көрсетуде. Жалпы адамзатқа ортақ мәдени құндылықтарға ортақтасу философиялық-дүниетанымдық және адамшылық-эстетикалық мәдениет аспектілерінде қарастырылады. Ислам дінінің жылдам және көптеген аймақтарға бейбіт таралу құпиясын зерттей келіп, Бартольд оны исламның мәдени қуатында деген тұжырымға келеді. Демек, ислам бірінші кезекте мәдени феномен. Екінші, ислам діннің әлемдік дәрежесіне көтерілуі тиіс. Ислам өркениетінің Қазақтың ұлттық менталитетінің қалыптасуына әсері жоғары. Адамшылық нормаларды қалыптастыруға қызмет ететін көркем туындылардан, халықтың әдет-ғұрыптарынан, мәдениетінен көрініс табады. Қазақ елі өзінің саяси, экономикалық дербестігін алып, тәуелсіз ел болғанымен, қоғамдық сана бөліп алып, шекара қоя салатын жер де, дүние-мүлік, мал да емес, адамды мәңгілікке жетелейтін руханилық. Ол — миллиондаған қандастарымыздың өмірдегі іс-әрекеті мен өмірлік позициясын айқындайтын діни, тарихи, мәдени, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлік құндылықтар жүйесі. Осы озық ой мұраларын, құндылықтарымызды ашу оның құбылысының орын алуы туралы сөз еткен әділірек. Ислам діні қайырымдылық жақтарды көп ескеріп, бүгінгі күні қоғамда өз көрінісін тауып отыр. Ислам діні имандылыққа жетелейді, «имандылық» деген ұғымда үлкен мән-мағына бар екендігін уағыздайды.

Тұжырымдар мен ұсыныстар. Қазақстан өркениеті мен мәдениеті тұрғысынан мұсылман әлемінен тысқары қала алмайды. Өйткені ислам діні — Орта Азия халықтар өркениетінің өзегі. Ислам діні бүгін кең етек алып дамып өз шапағатымен қоғамымыздың күшінің қуатты болуына ықпал етуде. Жастарымызды, халқымызды ұлттық рухпен нәрлендіру. Адамға адамзаттың баршамызға ортақ өркендеу жолын жете түсінуіне және қоршаған ортамызға төніп тұрған экология, ядролық қару, топтық қылмыс, құмарпаздық, COVID-19 т.б ғасыр аурулары сияқты қауіптің бар екенін жастардың жете түйсінуіне ықпал ететін әлемдік ортақ мәселелер кездеседі. Батыс өркениетінің қанат жайып кеңінен таралуы ұлттар мен халықтардың мәдени ерекшеліктеріне қауіп төндіріп, тіпті мүлдем жойып жіберуі мүмкін. Міне, бұл исламият кеңістігінде наразылық тудырар күрделі мәселе. Бірақ бұл мәселені сан қырынан талдап, қарастыру керек. Ата-бабаларымыздың: «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деген даналық қағидасын жадымызда сақтағанымыз жөн. Ислам шын мәнінде адамның мүддесін қорғап, оған талпыныс береді. Сондықтан адамзат мүддесін көздейтін мәдениетті қабылдамауы мүмкін емес. Өз ғасырымыздың тыныс-тіршілігінен, озық мәдениетінен оқшауланбай, мұның бәрін заңды құбылыс деп түсініп, дұрыс жақтарын қабылдап іс-әрекеттерімізде, өмірде қолдану керек. Сондықтан біз хақ дінімізді берік ұстанып, ондағы асыл құндылықтарды пайдаланып, ұрпақтарымызды имандылық қағидаларымен тәрбиелесек, өркениетті елдердің алдыңғы қатарлы биік деңгейлеріне шығатынымызға толық сенеміз. Дін бірлікті, ынтымақтықты дәріптейді, ол қоғамдағы рухани ілім саласы. Бірлік бар жерде тірлік бар. Тірлік бар жерде адамгершілік құндылықтар бар. Ынтымақты ел әр уақытта мәдениеті жоғары, салауатты ел. Адам имандылық жолында әрекет етсе, ең бірінші оның ісі одан кейін оның аузындағы сөз түзеледі. Адамға басқа пәле тіл деп атаған, егер адамда сөз түзелсе, одан кейін адамның ісі оңға басады. Адам сондықтан дер кезінде орынды әрекетке аяқ

басуы шарт, себебі ертең қартайғанда қайран өтіп кеткен өмірім деп өкінбейтіндей. Адамның ең бірінші санасы, ақыл-ойы таза болуы керек, ниеті түзу болуы шарт. Тіптен Отанды сүю, өзіңді жақсы көру, өзгені өзіндей сезіну имандылықтан бастау алмақ. Имансыз тіптен ұлттық рухында жоғалтып алмақ. Қазіргі заманда Батысқа еліктеп жастар өзінің ұлттық мәдениетін ұмытуға да аяқ басты. Адамға ешқашан сырттан қайғы келмейді, ол әрбір адамның өзінің істеген іс-әрекетінің жемісі. Сондықтан адам осы әрекеттермен алдын ала күресуіміз шарт, себебі адам асқынып кеткеннен кейін, оған ешқашан ем жүрмейді. Еліміздің болашағы осы жастарымыздың қолында, заманның қандай екендігін адамнан білеміз. Тәрбие-тәлім болмай, ешқашан жұлдызы жанған жұрт болмайды. Құранды оқып, хадисті жаттаған сайын адамның санасы жаңғырып, ақыл-ойы кеңейді. Қазіргі заманда жылтырмен ораған қорапшадағы бос зат секілді, адамдардың көбісі бос әрекетке аяқ басып жүр. Ата-бабамыздың бойындағы тазалықтан бүгінгі егеменді еліміздің білікті азаматтары қалыптаспақ.

Ғылымның негізін дінен тапқан ойшылдарымыздар да бар, олар әл-Фараби, Ибн-Сина, Қожа Ахмет Иассауи, тағы басқа даналарымыз. Иманды адам арсызға қатты қатал болады, олар елінің мүддесінде өмір сүреді. «Балық басынан шіриді» деген сөз тегін айтылмаса керек, біздің алға бастап басшы болып отырған адамдар қандай әрекет етсе, бізде сондай қадам басамыз. Дін ислам — ол әрбір қазақтың дінгегі, ол адамды орынды әрекет етуге бастайтын ерекше бір рухани ілім саласы.

Қорыта айтқанда, имандылықтың негізі болашақ ұрпағын дұрыс қалыптасуына, әрекет етуіне шақырды, ұрпағының келешегін көздейді. Ата діннен ақиқат іздесек, біз өзге жұртпен тереземізді теңестіре аламыз.

Алла адамның өзінің пейіліне, ниетіне қарай береді, өзгені өзіндей сезінуге шақырады, әрбір адамды Алла жаратқаннан кейін әр адамның өз несібесі бар, дүниеден бос қалдырмайды. Адамды ең алға жетелейтін ол адамда имандылық, адамгершілік, адам әрқашан рухани бай болуы шарт. Адам сонда ғана мәңгіліктің аясында өмір сүріп орынды әрекетке аяқ баспақ. Адамның өшуі оңай, ал өсуі қиын нәрсе, сондықтан адам аяғын бір шалыс басып қалса, қайтіп орынды әрекетке аяқ басып адамдық негізде өмір сүру қиынға соқпақ. Сондықтан әрбір мұсылман баласы өзінің жүрегіне имандылық ілімін жақындатып, адамдық болмысына сай өмір сүруі шарт.

Әдебиеттер тізімі:

1. *Назарбаев Н.Ә.* Сындарлы он жыл. — Алматы: Рауан, 2003. — 110-б.
2. *Нұрмұратов С.Е.* Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. — Алматы: ҚР БҒМ Философия және саясаттану ин-ты, 2000. — 98-б.
3. *Әбу Ханифа.* Әл-Фиқһул-Әкбар. — Алматы: Жалын, 2002. — 43-б.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ ЕЛІМІЗДІҢ ТҮТАСТЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Айлауова Ж.С.

Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті

Түйіндеме

Мақалада тарихи тұрғыдан, «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру мен тарихи негіздерін көрсету міндеттері арқылы мәні ашылады. Мәңгілік ел идеясының қазақ халқының рухани және мәдени құндылықтарын жинақтай отырып, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге негіз салатындығы баяндалады.

Аннотация

В статье на фоне исторической ретроспективы раскрываются основные цели программы «Мәңгілік ел». Идея «Мәңгілік ел» освещается как кладезь духовного и культурного наследия казахского народа, также показано ее значение в патриотическом воспитании подрастающего поколения.

The article reveals the history of the concept «Mangilik Yel» through the prism of deep immersion in the history and finding its key objectives. Highlights the idea of "Mangilik Yel" as spiritual and cultural legacy of the Kazakh people, and its importance in upbringing the younger generation in the spirit of patriotism.

«Мәңгілік Ел» қазақстандықтардың бірегей тарихи мақсаты мен мүдделерінің біріктірген идея десек қателеспейміз. Бұл идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен белес.

Тарихқа жүгінсек Ұлы түркілердің ат тұяғы жеткен жерлеріндегі көне түркілердің шашыла таралған ұрпағы құрған мемлекеттерінің ортақ бірлігін сақтау қиынның-қиыны болатын. Дүниенің төрт бұрышындағы қырық рулы елдің басын қосып, өздері солардың арасына сіңіп жоқ болып кетпес үшін тәуелсіздігінің діңгегі: жері(территориясы), тілі(сол тілдегі тарихи жады), рухы(мәдениеті мен діні) сақталуы тиіс еді. Міне дәл осы кезде бұлардың сақталу кепілі болатын ортақ идеяға деген сұраныс туындады.

Мәңгілік ел — түрік жұртының данасы, үш бірдей қағанға кеңесшісі болған атақты Тоныкөк негізін қалаған идея болатын. Тоныкөкте мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дананың бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр. Күлтегін ескерткішіндегі мына жолдар: «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» жоғарыда айтылғандарды айғақтап тұр.

Түркі бірлестігі туралы Л.Н. Гумилев: «Еуразия құрлығы үш рет біріктірілді. Алғашында оны Ұлы Түркі қағанатын құрған көне түріктер біріктірді. Түріктерден кейін Шыңғыс хан бастаған монғолдар, кейіннен Ресей өз қолына алды» — деп көрсеткен болатын[От Руси к России: 4, 382 б.]. Міне осылай, Л.Н. Гумилев еуразия құрлығының бірлігі, мәңгілігі туралы ойын көне түріктерден бастайды. Кезінде тәуелсіздікке жетудің бір құралы ретінде, Мұстафа Шоқай бастаған қазақ зиялылары «Тұтас Түркістан» идеясын ұсынған болатын.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Түркі халықтары жұмылған жұдырықтай болып біріккен кезде геосаяси өмірге тең құқықты субъект ретінде ықпал ете алады, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда қайдағы бір енжар, ынжық элемент ретінде емес, өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсете алады. Бұл бағыттағы алғашқы игі қадам ортаазиялық одақтың құрылуы болды. Оның шеңберінде біздің бәрімізге ортақ мәдени ұқсастығымызды жете сезіну арқылы деңгейіміздің көтеріле түсетіні сөзсіз» -деп түрік бірлігінің болашағын бағамдаған болатын. Бұлардың барлығын тұтастырып тұрған Мәңгілік ел идеясы десек те болады.

Тарих бір орында тұрмайды, талай апатты жағдайлардан, қиян кескі ұрыстар мен жаугершілік, отарлық қыспақтар және ашаршылық пен қуғын-сүргін нәтижесінде орын алған демографиялық күйзелістен ұлттық қасиетін жоғалтпай шыға алған қазақ халқы өз тәуелсіздігіне қол жеткізді. Ендігі жердегі міндет әлемдік өркениеттер төріндегі өз

орнымызды табу. Бұған жетудің негізі баршаға ортақ Мәңгілік ел идеясы төңірегінде топтасу. Мәңгілік ел дегенді — мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасындағы бәсекелестікке төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады.

Бұл туралы Н.Ә. Назарбаев: «Мәңгілік ел - ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық. Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүргенін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік ел», - деген болатын.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы жаңа кезеңді - қалыптасқан мемлекеттің кезеңін бастан өткеруде, оның негізгі мазмұнында қазақстандық патриотизмнің де болуы аса қажет. Осы Мәңгілік ел идеясы аясында ұлт көшбасшысы жаңа қазақстандық патриотизмнің үлгісі мен қалыптасуы мәселесін нақты атап өтті. Қазіргі таңдағы Қазақстандық патриотизмнің басты мақсаты – қоғамдық келісімді, бірлігіміз бен ынтымағымызды аса қымбат құндылықтар ретінде сақтау және нығайту. Оның негізгі іргесі – барша азаматтардың, ұлттардың және этностардың теңдігі мен әр бір азаматтың Отан алдындағы өз борышын сезінуі мен жауаптылығы.

Міне сондықтан да Қазақстанның 30 дамыған елдің қатарына қосылуы жолында жаңа қазақстандық патриотизм маңызды рөл атқаруы тиіс. «Қазақстан-2050» Стратегиясын қазіргі қазақстандық жас ұрпақ жүзеге асыруға мол үлес қосатыны анық. Мәңгілік ел идеясы қазақ халқының рухани және мәдени құндылықтарын жинақтай отырып, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге негіз салады. Сонымен қатар республикадағы ұлтаралық және конфессияаралық қарым-қатынастардың тұрақтылығына да жол ашады.

Осы тұрғыдан алғанда, тарихшы-ғалымдар алдында «Мәңгілік Ел» идеясының жаһандық тұрғыда мәнін ашу міндеті тұр. «Мәңгілік Ел» идеясы барша Қазақстан азаматтарының тәуелсіздігіміздің тұғырын бекітуге бағытталған негіздік ұстанымына айналуға тиісті.

Қазір барлық дамыған елдерде жоғары сапалы білім беру жүйесі қалыптасқан. Болашақта осы Мәңгілік ел идеясын жүзеге асыратын, өз саласының жетік маманын дайындау үшін бізге ең бірінші кезекте ұлттық білім беру жүйесін жақсарту, жаңарту қажет.

Жалпы орта білім беру аясын жаңадан ашылып жатқан Назарбаев интеллектуалды мектептер деңгейіне жеткізу, оларды бітіріп шығушыларды қазақша, орысша, ағылшын тілдерінде еркін сөйлеуге үйрету міндеті де тұр. Үш тілді қатар меңгерген педагог-маманға деген сұраныс артуда. Яғни, болашақ педагог-мамандардың үш тілді меңгеруімен қатар, замауи жаңа жетістіктерді басшылыққа алып, ғылыми ортамен де байланыса отырып білім алуына толық жағдай жасалған.

Бұған Ел басшысының жолдауында жоғары оқу орындарында дәріс алып жатқан үлгерімі жоғары студенттерді қолдап отырудың тиімді жүйесін құру қажеттілігі баса аталып, сондай ақ 2016 жылдың 1 қаңтарынан оларға стипендия көлемін 25 пайызға өсіруге үкіметке тапсырма берілгендігі де тиімді әсерін тигізбек.

Ұстаздар қауымының мәртебесін артыру мен әлеуметтік жағынан қорғалуына Н.Ә. Назарбаев үнемі көңіл бөліп отырады, Үкіметке берген тапсырмасында: «жалақының 2015 жылдың 1 шілдесінен: денсаулық сақтау қызметкерлеріне 28 пайызға, білім беру

қызметкерлеріне 29 пайызға, әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлеріне 40 пайызға дейін артуын қамтамасыз ету», – дегені есімізде.

Тәуелсіз елдің еркін азаматы ретінде Мәңгілік ел идеясын ынтымағымыз бен бірлігіміздің ұйтқысы ретінде қабылдайтындығымызды нық сеніммен айта аламын

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 2017. 12 сәуір
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 2017. 12 сәуір
3. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 2017. 12 сәуір

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ КӨРІНІСТЕРІ

Нуртазаева А.Б.

Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті

Түйіндеме

Ә.Бөкейхановтың арнаулы еуропалық білімі бар, эрудициясы мол, мәселені ерекше кең қоя алады, дүниежүзілік тарихтан мысал алуға жүйрік бола отырып, ұлттық мәселені Ресей империясы көлеміндегі жағдайлармен сабақтастыра қарады. Ел мүддесін, халық болашағын көксеген ұлт көсемі, ұлы қайраткер Әлихан Бөкейхановтың бағдарын жүзеге асыруға кепілдік ететініне бүгінгі ұрпақтың толық сенімділігі көрсетілді.

Аннотация

В статье исследована деятельность Алихан Бокееханова в начале XX века как продолжателя борьбы за суверинитет казахского народа и основателя национальной государственной идеи в период становления отечественной истории. Также в работе показаны основы духовного возрождения казахского народа в контексте трудов Алихана Бокееханова.

The article says that at the beginning of the 20th century Alikhan Bokeikhan was the continuation of the struggle for the sovereignty of the Kazakh people and the founder of the national state idea in the era of modern history. Describes the manifestations of «Spiritual Revival» in the writings of Alikhan Bokeikhan.

Рухани жаңғыру – бұл қазақ елінің кемелдеп дамуының бір көрінісі, болашақта табысты ел болуымыздың кепілі, елбасымыздың елге серпін берер бастамасы. Аталмыш бағдарлама еліміздің нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Қарап отырсам «Рухани жаңғыру» бағдарламасында ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айрылып қалмай, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік құндылықтармен үйлестіру жолдары басты назарға қойылған. Елбасымыз айтқандай: «Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Мен жыл басындағы халыққа Жолдауымда Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жарияладым. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық.» Яғни, елбасымыз Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, біртұтас ұлт болу үшін

болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөлісті.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр... Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», -деп ел келешегіне үміт артады.

Елбасымыз рухани жаңғырудың 6 бағытын айқындап көрсеткен еді. Осы орайда біз рухани жаңғыру көріністерін Әлихан Бөкейханов сынды Алаш қайраткерлерінің еңбектерінен кездестіре аламыз.

Белгілі тарихшы Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлы: "Әлихан Нұрмұхамедұлының, ол бастаған буын ұстанымындағы бүгінгі қазақ қоғамы үшін ең басты құндылық деп нені айтамыз? Басқаша айтқанда, бүгінгі қазақ Алаш деп езіле еске алғанда оның санасында не тұрады? Ол, әрине, алаштық зиялылардың қазақ қоғамына байланысты реформаторлық ұстанымы, қазақ қоғамында заман сұранысына лайық түбегейлі өзгерістер жүргізу әрекеті еді. Яғни, ХХ ғасырдың басындағы алаштық ұлттық зиялылар буыны – ұлт тарихындағы алғашқы реформаторлар буыны болатын. "

Әлихан алты алашын ру-руға не жүзге, бай не кедейге, білімді не надан, текті не қарадан деп жік-жікке бөлген емес. Ол қазақты бір ұлт деп көргісі келді, соған жетеледі. Қазақтың мәдени қайта өрлеуі мен ұлттық бірегейлігінің идеологиясы, ұраны, туы ретінде Әлихан ұсынған «Алаш» идеясы зор нәтижеге, жеңіске жеткізді. Бұл идея оның ойында көптен бері жүрді. Мысалға, «Қазақтар» очеркінде ол «Алаш - миф болса-дағы қазақтың ортақ атасы» деп жазса, 1913 жылы «Қазақ» газетінде: «Шыңғыс хан бүкіл мемлекетін төрт баласына бөліп бергенде, Дешті Қыпшақты, Сібірдің күнбатыс жағын, осы күнгі Сарыарқаны, Еділ-Жайық өлкесін үлкен баласы Жошыға беріп еді. Ол күнде Жошы ұлысына қараған алты рулы ел бар еді. Сол алты рудың һәр қайсысына бөлек Шыңғыс алты ұран береді: һәр руға өзіне бөлек таңба, ағаш, қос береді. Сол күнде бүкіл Жошы ұлысының ұраны «Алаш» болыпты. Жошы ұлысында алты ру болғандықтан «алты алаш» болады. «Алаш» деген сөздің лұғат мағынасы: «отан кісісі» («отечественник») деген сөз болады деген еді.

Әлихан қара басының қамын ойлаған жоқ, туған халқының қамын ойлап, белін бекем байлап, ел үшін еңбек ету жолына түсті. Жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбай Әлихан Бөкейхановтың үш түрлі мінезін ерекше атап өтуге болады дейді. - Біріншісі оның турашылдығы. Екіншісі болмысынан алдына келген жанның мысын басатын өзгеше жаратылыс иесі екендігі. Бұл жайлы Әлкей Марғұлан, Қалижан Бекхожин, Ғалым Ахмедов, Мариям Мұқанова, Валентина Николаевна Әуезова естеліктерінде ашық жазған. Тіпті тұтқындауға келген Мәскеудің үлкен лауазымды тергеушілерінің өзі тұтқындайтын кезде артық мінез көрсете алмаған.

Әлихан Бөкейхановтың саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен бірнеше факторларды атап өтуге болады. Яғни, жастайынан ауыл молдасынан хат танып Абай және қазақ ақын-жыраулар мектебінің ықпалы, сонымен қатар есейе келе еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсуі ұлтжанды қайраткер болып қалыптасуына тікелей ықпал етті деп білемін. ХІХ ғасырдың соңында Ресей империясының шет аймақтарының өзі саясаттан тыс қалған жоқ. ХІХ ғасырдың 80-жылдары Ә.Бөкейханов ірі саяси орталықтардың бірі Омбы қаласындағы техникалық училищеде оқыды. Шын саясатты түсініп, оның қыр-сырына үңілуге Санкт-Петербургтегі орман-техникалық институтында оқып жүрген жылдары мүмкін болды. Себебі студенттік жылдарында ол қызу айтыстарға қатысып, өз ойын айқын бейнелеуге машықтанды. «Казахи о русских до 1917 года» кітабында Әлихан

Нұрмұханмедұлын «Во время разгара споров о марксизме очень энергично отстаивал тезисы экономического материализма»-деп көрсетеді.

Жас Әлиханның ұстанған позициясы негізінен демократиялық еркіндікті, пікір бостандығына негізделген барынша либералды ұстаным болатын. Оны мына жайттан байқауымызға болады, яғни жалпы қазақ съезін шақыруға байланысты өз пікірін айтып бірнеше мақала жариялауы. Оңы мен солын таразыға салып, Ә.Бөкейхан жалпы ұлттық дәрежеде съезд өткізуге жағдай туып тұрғанын айтты. А.Байтұрсынов пен Ж.Сейдалиннің «қазақ тілі хукіметтің құлағына тимей жатыр, хукімет қазақтың мұңын білмей жатыр» деген пікіріне қарсы шығып «Олай ойлау қате. Керегін қазақтың өзі қандай білсе, хукімет һәм сондай біледі, қазақтың тілегін хукімет бермей тұрса, білмегеннен емес, беруші мен алушының есебі тура келмегеннен..» деген еді. Семипалатинский листок газетінің 1905 жылы 5 маусымдағы санында Ә.Бөкейханның жеке кәсіби ерекшелігіне былайша баға берген болатын.

«XX ғасырдың басындағы басқа қазақ қаламгерлеріне қарағанда Ә.Бөкейхановтың бір ерекшелігі оның арнаулы еуропалық білімі бар, эрудициясы мол, мәселені ерекше кең қоя алады, дүниежүзілік тарихтан мысал алуға жүйрік, ұлттық мәселені Ресей империясы көлеміндегі жағдайлармен сабақтастыра қарайды. Кез-келген патша хукіметінің чиновнігімен, генерал-губернаторымен, шовинист депутаттарымен, кеудемсоқ кейбір қазақ оқығандарымен тең дәрежеде сөйлесе алады. Бұл тұжырымымызды Ә.Бөкейханның «Үшінші Дума һәм қазақ», «Төртінші Дума һәм қазақ» мақалаларынан толықтай аңғаруға болады» деп сипаттаған болатын.

Рухани жаңғырудың «прагматизм» бағытының көріністері «Бұрынғыдан қалған жақсы мұра» шығармасында бейнеленген. Шығармаға тоқталмас бұрын, жалпы прагматизм деген не екенін айқындап алу шарт. «Прагматизм» бұл – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Шығармада қазақ халқының бір жақсы мұрасы «жылу» делінген. Бір нәрседен зиян тауып қалғандарға беретін осы жақсы әдеттің қашан шыққаны белгісіз. Осы күнде өзгеріп кетті, қазақ халқының не әдеті өзгермеді? Қазақ халқының бір көңілді көтеретін әдеті – қонақ күтуі де жылдан жылға бұрынғыдай болмай барады. Бұрын қонақтарды таңдамай қалдырады екен, тек жолаушымен болса. Осы күнде қонақтарды таңдап сыйлайды. Жақсыларды, күміс ер тоқымдыларды, бөлек атшы алып жүргендерді қондырады. Бұрынғы уақытта жолаушы кез-келген үйге түсуші еді. Үй иесі кедей болса да тамақ тауып беруге, сол қайдан ұрлап алса да, сыйлап, содан соң иесіне төлеп береді екен. «Жылу» да мейлінше жөнсіз болып кетті. Бұрын зиян көріп қалғандарға көмекті ықыластарымен береді екен: қулық-зұлымдықы ойламай. Жақындарын аяғаннан осылары мейлінше жақсы әдет еді. Осы күнде көмек бергізген пара берушідей болып кетті. Аталарыңнан қалған жол-көмекті солай берсін деді ме, аталарыңның жолы осылайма!? Сендерге не айтайын: тек аталарыңа тие берсін! Бірақ, халықты сол сияқты қор қыласыңдар!-, деген ойымен ұлттық сананың қаңырап бара жатқандығы жайлы күйіне айтады. Прагматизм бағыты осы негізде ерекше көрініс береді.

Білімнің салтанат құруы бөлімі ұлт кемеңгерінің «Білім күші» еңбегінде: «Өткен дүние соғысында білім жеңді. Мұны көре тұра енді біліммен соғысқа білгіштер тағы қару іздеді. «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» дейтін қазақ. Бәрінен білім жүйрік.

Бұрын болмаған алысқа бастан асырып ататын зеңбірек шығарды... Білімге жақсы да, жаман да жоқ. Білім алмас қанжар. Кім қолына алса, соның қолы, салып қалса, жақсы-жаманды айырмай басты алып түседі. «Адам баласы-хайуанның ең ант атқаны» деген Достоевскийдің сөзін Европа дәлелдеді білем» деген еді.

Бұдан бір ғасыр бұрын ел мүддесін, халық болашағын көксеген ұлт көсемі, ұлы қайраткер Әлихан Бөкейхановтың бағдары бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның өркениетті елдер санатына құлаш ұрған дәуірінде шешімін табуда десек, жаза баспағанымыз. Оған кепіл бүгінгі таңда жүзеге асырылып жатқан Рухани жаңғыру, Ұлт Жоспары, Бес институттық

реформа, оларды орындаудағы 100 нақты қадам. Осының негізінде тәуелсіз Қазақстан дамыған 30 елдің қатарына қосылуға нақтылы пәрменділік жасап, Әлихан Бөкейхановтың, Алаш қайраткерлерінің ұлы бағдарын жүзеге асыруға кепілдік ететініне бүгінгі ұрпақ толық сенімді.

Өткен ғасыр басындағы ұлттық экономиканың тетіктерін Алаш зиялылары қалады, алайда қазіргі Қазақстан сол Алаш арыстарының еңбектерін іс жүзінде кәдеге толығымен жаратқан жоқ. Бүгін болар, бүгін болмаса ертең, түбінде біздің Әлихан Бөкейхановтың әлемдік тұлға екенін өз мемлекетінің билік жүйесінен бастап барлығы еріксіз мойындайтын болады.

Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер:

1. Бөкейханов Ә. Қырғыздар. Таңдамалы шығармалары. Алматы, -1996. -68б.
2. Бөкейханов Ә. Шығармалар. -Алматы:Қазақстан, - 1994. - 270б.
3. “Алаш” партиясының программасының жобасы //Қазақ. 1917, №251
4. Әлихан Бөкейхан «Таңдамалы» шығармалар жинағы «Білім күші» 262бет
5. Әлихан Бөкейханов Шығармаларының ІХ томдығы ІІ том. 15-29 беттер.
6. Әлихан Бөкейханов шығармалары.Қазақ газетіндегі мақалалар жиынтығы 178бет
7. Т.Жұртбай. Ұлт тұтастығының ұйтқылары немесе Әлихан Бөкейханов және біртұтас Алаш идеясы //Ақиқат. 2012. № 5.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ КӨПКЕ БЕЙМӘЛІМ ҚЫРЛАРЫ МЕН СЫРЛАРЫ

Байтілес Гүлсезім

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Жерге орналастыру және кадастр мамандығы, 2-курс студенті

Ғылыми жетекші: Сырбаев Е. Ө.

Аннотация

В статье рассказывается о бескрайних степях и священных местах казахского народа. Достижения проекта «Святые земли Казахстана» были описаны в рамках Президентской программы «Ориентация на будущее: духовное просвещение»

Annotation

The article tells about the endless steppes and sacred places of the Kazakh people. The achievements of the "Holy Lands of Kazakhstan" project were described in the framework of the President's program "Orientation to the future: spiritual enlightenment"

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім» деген болатын [1]. Онда көптеген маңызды мәселелер көтерілген еді. Соның ішіндегі ең ауқымды, көкейтесті мәселелердің бірі – еліміздің киелі жерлерін дәріптеу.

Алтайдың асу бермес маржандай тізілген тау жоталарын құлдилап түсіп, Сарыарқаның құлан жортса құтылмас иен жазығын басып, батыс өлкенің ойпаты мен қыратының керемет көз сүріндірер көркін тамашалаған кез келген адамның таңданыстан бас шайқары анық. Адам баласы үшін өмірде алтынға бағалап, айырбастауға келмейтін асыл байлықтарының бірі - туған өлкенің тамаша табиғаты. Оның әр тауының әр тасы алтын, әр жотасының әр жусан исі небір аңқыған жұпардан артық, табиғатының сұлу көрінісі кез келген әлем кереметінен, ғалам ғажаптарынан абзал. Ұлы Жаратушы қазақ баласының бағына, қазақ даласындай ұлы нығыметті тарту еткен. Қазақ даласы қойнына бар байлығын сиғызған, шыбық қадасаң тал болған, дән тастасаң бау болған құнарлылығы

бар; адасақан тай үйір болар, шұрайлылығы бар құт қонып, ырыс дарыған ұлы дала. Бұл қазақ даласы. Ұлы Дала киелі жерлерге толы. Ол жерлерді қадірлеп-қастерлеу — ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүріміз. Тамырлы тарихтың ақтаңдақ беттерін ашу, көмілген көмбелердің сиқырлы жұмбағын шешу, жер астында қалған ежелгі қалалар, үйіктер мен бекіністерді зерттеу бізге бұйырған бақ. Киелі атаулының тамырына балта шабуға барын салған кеңес өкіметі кезінде де қазақтың ақыны: «Ал, менің әлі сапарым қанша алдымда,

Күш құяр жанға жолымда сәуле — бар ма, шам? Әлі де біраз жолым болмайтын секілді-ау, Оғыланды тауда бір түнеп қуат алмасам», — деп жырлады (Ф. Оңғарсынова, «Оғыланды».) Бұл өлеңнің астарында да қасиетті жерге деген сүйіспеншілік, өмірін туған өлкемен байланыстыру, киелі жердің құдіретін сезіну жатыр.

2017 жылдың сәуірінде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы жарияланды. Онда халықтың санасына жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жасау туралы айтылды. Қазақстанның киелі жерлерінің ертеден келе жатқан тарихы бар. Діни сәулет ғимараттары, қалалар, елді мекендер, қорғандар, қорымдар, ғибадатханалар рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Оның ішінде діни сәулет ескерткіштері ерекше танымалдылыққа ие, олар осы күнге дейін жақсы сақталып, ел арасында құрметтеліп келеді.

Тарихи-мәдени мұраның басым бөлігі археологиялық ескерткіштер болып табылады, олар Қазақстанның әр бөлігінде орналасқан. Аталған нысандар көне замандардан, тас дәуірінен бастап, кейінгі орта ғасырларға дейінгі аралықты қамтитын ауқымды хронологиялық кезеңдерді қамтиды. Әйтсе де, олардың қай-қайсысы да түбегейлі ғылыми-зерттеулерді, қорғауды және қалпына келтіруді, сондай-ақ оларды пайдалануда мейлінше ұқыптылықты қажет етеді.

Рухани мұраның тағы бір түрі – киелілігі ежелгі заманнан бері белгілі табиғи нысандар болып табылады. Олардың кейбірі туристердің зиярат ету нысанына айналған, бірақ зерттеу мен ғылыми сараптама өткізуді қажет ететін киелі жерлер деп жарияланды. Тарихи және археологиялық ғылымға енген киелі нысандармен қатар, діни ескерткіштер мен қасиетті жерлер сынды жаңалары да пайда болып жатыр.

Зиярат ету нысанына сонымен қатар көркем, рухани және қастерлі жерлеріміз болып табылады. Олардың көбі – діни ғимараттар. Алайда бұл нысандардың тарихи-көркем байлығының барын анықтай отырып, оларды жаңадан пайда болған қасиетті жерлерден ажырата білу керек.

Тәуелсіздік жылдары, атақты ата-бабаларымыздың есімдерін қайта жаңғыртуға мүмкіндік туғанда, қоғамдық сана да өзгерді. Діни туризм өзінің шеңберіне жыл сайын жаңа аймақтарды жұмылдырып, кең етек жайып келеді. Діни туризм мен атақты ата-бабаларды құрметтеумен байланысы бар киелі жерлерді халықтың зиярат етуі арасында олардың ара-жігін ажырату қажеттілігі туындады.

Қазақстанның киелі нысандарын анықтау мәселесінің өзектілігі сонда, ғалымдар қазіргі кезде еліміз бойынша қасиетті жерлерді жүйелеу жұмыстарымен тиянақты түрде айналысуда. Мұндай жүйелеуден соң тарихи-мәдени мұра саласында алаяқтықтың таралуына, және осы ретте діни экстремизмнің пайда болуында шектеу пайда болады. Яғни белгілі бір өлшемдер негізінде киелі жерлерді жүйелеу табиғи және басқа да киелі мекендердің тарихи-мәдени сараптама механизмін жасап шығаруға мүмкіндік туады.

Киелі нысандар тізімі үш ұйымның: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Мемлекет тарихы институты ғылыми ұжымдарының алқалық іріктеуінің негізінде құрылған. Қазақстанның киелі мекендерінің алдын ала тізімі 574 нысанды қамтиды, оның 278-і 2017 жылы хатталған. Мұрағат-библиографиялық сипаттағы материалдарға, дала зерттеулеріне сүйене отырып, ғалымдар ежелгі кезеңнен қазіргі заманға дейінгі сипаттамасы бар нысандардың тізімін жасаған.

Үлкен Жезді, Қараүңгір, Белқарай тас дәуіріндегі ерекше маңызға ие археологиялық ескерткіштер. Ботай, Қожай, Құмкешу – дала өркениетінің бір белгісі, жылқыны қолға үйрету тарихына қатысты ескерткіштер. Атасу, Мыржық, Талдысай – Орталық Қазақстан аумағындағы Жезқазған-Ұлытау аймағындағы ең ірі металлургиялық орталықтардың бірінің бірегей ескерткіштері. Ерте көшпенділер дәуірінің жерлеу-еске алу және салттық нысандары бар: Талды-2, Шілікті, Есік, Берел, Тақсай және басқалары. Отырар, Сидак, Жуантөбе, Испиджаб, Сауран – үлкен маңызға ие керемет сәулет және құрылыс шеберлігінің үлгілері бар ортағасырлық сауда және шеберлік орталықтары деп саналатын қалалар болып табылады.

Қазақстан аумағын бірнеше тарихи-мәдени ареалдарға бөлуге болады. Олар археологиялық және тарихи ескерткіштердің мәнділігі жағына ықпалын тигізген өзара тығыз байланыстылығымен, бірдей дамуымен, экологиялық-табиғи және әлеуметтік-мәдени факторлардың сәйкес келу ерекшеліктерімен айрықшалаанады.

Киелі жерлер халықтың ұзақ және оқиғаларға толы өмірін, халықтың тұрмысын, тәуелсіздікке деген күресін көрсетеді. Қазақстанның киелі жерлерінің тізімін жасау жұмыстары – археологтар, тарихшылар, этнологтар, филологтар мен шығыстанушылар секілді түрлі ғалымдар жұмылдырылған мейлінше ұқыпты және ұзақ еңбекті қажет етеді.

Киелі ескерткіштердің көптомдық тізімін жүйелендіру және дайындау бойынша ауқымды жұмысты орындауда соңғы мақсат халықты нығайту және жаңа ұлттық идея құру болуы тиіс. Алынған білімді танымал ету рухани байлықтың көзіне айналады. Киелі нысандар тізімі – Қазақстан халқының үйлесімді дамуының кепілі.

«Аға буынның айтулы еңбектерін жалғастыра келе, біз болашақ ұрпақ нақты қадам баса алатын жол саламыз. Бұл тәуелсіз Қазақстанның даму, өсу және гүлдену жолы болады», – деп Елбасы Н. Назарбаев Қазақстан қоғамының алдында тұрған міндетті қысқа да, нұсқа жеткізді.

Осы жоба негізінде еліміздің көптеген көпшілікке белгісіз аймақтарын алуымызға болады.

Мысалы Түркістан облысы, Түлкібас ауданындағы Машат өзенінің шатқалындағы Машат ауылы. Ауыл 1960-96 жылдары қой өсіретін Жамбыл атындағы ұжымшардың орталығы болып келді. Оның негізінде Машатта және округтегі Еңбек, Еңбекші, Жаңақоғам, Қызылбастау ауылдарында «Машат» ӨК, «Жаңақоғам» ЖШС-і және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. 1999 жылы жергілікті тұрғындар саны 1260 адам (645 ер адам және 615 әйел адам) болса, 2009 жылы 1402 адамды (714 ер адам және 688 әйел адам) құрады.

Машат – Арыс алабындағы өзен. Түркістан облысы, Түлкібас, Сайрам аудандарының аралығымен ағады. Ұзындығы 60 км, су жиналатын алабы 550 км². Алатау, Машат тауларындағы бұлақтардан Иірсу өзені болып басталып, Машат тауының оңтүстік етегінде Машат өзеніне қосылады. Машат ауылы тұсында Арыс өзеніне құяды.

Бүгінгі күні Машат өзенінің жағалауында 30 дан астам демалатын шипажайлар мен демалыс орындары пайда болған. Өзеннің табиғаты тамаша, кең алқапта орналасқандықтан оны туристік аймақ ретінде Қазақстанның әсем елді мекендерінің қатарына жатқызып, сол аймақта туризмді дамытатын болсақ, бұл да біздің елімізге, ел экономикасы мен туризмнің дамуына қосқан үлесіміз болар еді.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданындағы Машат өзенінің шатқалында 300 балаға арналған «Машат-Арасан» емдеу-сауықтыру лагері ашылды. Бес гектар аумақты алып жатқан бұл лагердің қайта жөндеу және жаңа ғимараттар салу жұмыстарына 100 миллион теңге жұмсалған. Бүгінгі таңда сауықтыру орталығында елуге тарта адам жұмыс істеуде.

Лагерь жатын бөлме, асхана, заманауи спорт алаңы, мәдени-сауықтыру алаңы, әкімшілік бөлмелерден тұрады. Аталған демалыс аймағына еліміздің барлық аумағынан балаларды қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі таңда Атырау облысынан 300 бала демалуда.

«Машат-Арасан» емдеу-сауықтыру лагері - Түлкібас ауданында ашылған 10-шы лагерь. Бүгінде ауданда екі мемлекеттік, жеті жекеменшік демалыс орны жұмыс істеуде.

Әрине бұл айтып отырған аймағымыз киелі демесек те еліміздің табиғаты тамаша, баурайында қазақ деген ұлы даланың кең пейілділігі мен бір-бірімен керемет үйлесетін дәстүрінің сайрап жатуы біздің қандай халық екенімізді көрсетеді.

Сөз соңында, Қазақ халқы қаймағы бұзылмаған, табиғатының тылсымдығы, халқының тектілігі, ұрпағының ұлағаттылығы бәрі-бәрі біздің тұтас еліміздің көркем келбетін анық көрсетеді. Қазақ дейтін халықтың даналығын білгісі келген адам біздің тарихымызға үңілісін, ал даламыздың дархандығын білгісі келген топырағымызға табан тіресін. Әрбір жүрегі елім деп соғатын ұлттың ұрпағы үшін өз елінің әрбір тал тамыры мен бір уыс топырағы қымбат деп білемін. Сол себепті де ұлы даламыздың ұлы жерлерін қастерлеп, қасиетті жерлеріміздің қадірін түсініп қана қоймай оны келешек ұрпаққа дәріптей білсек нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1- Qamshy.kz ақпараттық агенттігі;
- 2- Ана тілі Ұлт газеті 2019ж, 7-14 қараша;
- 3- Айқынгазеті 2019ж, 14-21 қыркүйек;
- 4- Akorda news.kz ақпараттық агенттігі;
- 5- <http://www.akorda.kz//сайты>.

ЖИДЕК ДАҚЫЛЫНЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ СОРИМЕНТИ

**Байғожаева А.Ә
Оқушылар сарайы
Алматы қаласы**

Жалпы жидек дақылдарының көлемі ТМД елдерінде 140 мың гектар, оның ішінде негізгі жидек дақылдарынан қарақат 66 мың, бүлдірген 24 мың, таңқурай 20,1 мың, тұшала 20 мың гектар жерге өсіріледі. Қазақстанда жидек дақылдарын өсіру өз дәрежесінде дамымай отыр. Республикамыздағы жеміс-жидек дақылдарының соңғы 2001 жылғы (Агенство РК по статистике) мәліметері бойынша жидек дақылдарының көлемі 7,98 мың гектар, оның ішінде қарақат 1,97, таңқурай 2,92, бүлдірген 2,10, тұшала 0,82, қара жемісті шетен, шырғанақ және де сирек кездесетін жидек дақылдары 300 гектардай жерді алып жатыр. Сонымен қатар, жалпы өндірілетін өнім мөлшері де төмен, орта есеппен 2000 жыл – 177,2 мың центнер, 2001 жыл – 307,8 мың центнер өнім халық санына шаққанда қажеттілігімізді қанағат-тандырмайды. Бұл көрсеткіш осындай 5-10 жыл бұрын 2,5-3 есе артық болатын[1].

Қазақстанда өсірілетін негізгі жидек дақылдарына бүлдірген, таңқурай, қарақат және тұшала жатады. Сонымен қатар, әлі де көп тарай қоймаған, бірақ та болашағы мол шырғанақ, қара жемісті шетен, итмұрын, сермене, бөріқарақат, қызамық, аласа жапон бекесі, ырғай және де басқа жидек дақылдарын кездестіруге болады[2].

Жидек дақылдарын республиканың барлық аймақтарында дерлік өсіп-өндіруге болады. Сондай-ақ олар қысқа мерзімде жеміс береді (бүлдірген отырғызғаннан кейін бірінші жылы, таңқурай екінші жылы, қарақат пен тұшала 3-4-жылдары), төзімді, жыл сайын мол өнім бере алады, тез және оңай көбейеді, жұмсалған шығынды аз уақытта ақтайды[3].

Өзбекстанның Р.Р.Шредер атындағы бақ және жүзім шаруашылығы ҒЗИ-да сары қарақат сорттары шығарылған, ол сорттар оңтүстік Қазақстанның ауа-райына өте қолайлы. Жидектері өте ірі (2 г-нан жоғары), өнімділігі қолайлы жағдайда 200 ц/га-ға дейін береді. Кемшілігі – жидектері бір уақытта піспеуінде, сол себептен бүлдірген дақыл сияқты бірнеше рет (5 ретке дейін) жинауды қажет етеді. Қазақстанда аудандастырылған сорттар – Узбекская крупноплодная және Плотномыся өздігінен тозандана алмау себебінен тек бірге отырғызу керек. Олар бір-бірін тозандандырады. Жидектерінен жақсы қайта өңделген өнім алуға болады. Сары қарақат сорттары ауа-райының күрт өзгеруіне, жаздық ыстық температурасына төзімділігі жоғары және бүршік кенесімен ауырмайды [4].

Қарақат *Ribes L.* тегіне, тасжарған *Saxifragaceae D.C.* тұқымдасына жатады. *Ribes* тегі 150 түрді біріктіреді. Олар Еуропа, Азия, Солтүстік Африка, Солтүстік және Оңтүстік Американың ауа-райы суық және орташа аймақтарында кездеседі, оның ішінде 37 біріккен елдерде. Мәдени дақыл ретінде қара, қызыл және сары қарақат кең тараған. [5].

Қара қарақат (*R.nigrum L.*) - өзінің биологиялық ерекшеліктерімен қызыл және сары қарақаттардан ерекшеленеді. Қара қарақаттың тағам және емдік қасиеттерінің жоғары болуына байланысты, біздің елімізде бұл дақылдарға өте аса маңызды қара шірікіл бөлінеді. Жидектері, жапырақтары және өркендері өзіне тән хош жұпар иісімен ерекшеленіледі, мұндай хош жұпар иіс басқа қарақаттарда, яғни, қызыл және сары түрінде кездеспейді. Оларды жаңа піскен күйде қайта өңделген күйде пайдалануға болады [6].

Қара қарақат ТМД елдерінің Еуропа бөліктерінде тараған (Баренцево теңізінің солтүстік шекараларының, Украинаның оңтүстік орталық бөліктерінде), сібірден Байкалға дейін және Қазақстанның солтүстік-шығысында тарған. Өзен жағалауларында, көлдердің ылғалды жерлерінде, аралас және қылқан жапырақтылар ормандарда өседі [7].

Ағылшындар қарақатты *currant* – коринка деп атаған, кейін оның жидегінің майда қара болуына басланысты – *black currant* – қара коринка, орысша аты «смород» - яғни иісімен байланыстырған [7].

Қара қарақатты негізінен үш аймақта өсіреді - Қазақстанның солтүстік аудандарының жартысын алып жатқан (орманды, дала) орташа ылғалды, орташа құрғақ және оңтүстік-шығыс территориясының тау бөктерінде өсіріледі [8].

Гидротермикалық коэффициент 0,8-0,5 жылдық жауын-шашын кем дегенде 220-280 мм және активті вегетация кезінде ауаның қолайлы температура қосындысы 2300-2800⁰ болуы қара қарақат өнімінің жоғары, жақсы болуына ықпал етеді. Осындай төменгі табиғи ылғалдылық жағдайда, қарақат дақылын тек суғару арқылы өсіреді. [9,10].

Қарақаттың жоғары өнім беретін аудандары, мысалы, республикамыздың батысында, ерте үсіктің бітіуімен ерешеленіледі. Көктемгі үсіктер 3-4⁰, мұнда әдетте сәуірдің 15-22-де бітеді. Кейбір жылдары ғана үсік (10-15 жылда бір рет) 4-7 мамырға дейін созылады [11,12].

Қара қарақат отырғызғаннан кейін 2-ші-3-ші жылдары өнім бере бастайды, ал өте мол өнімді 5-6-шы жылы береді. Бір түптен орташа сортқа және агротехникалық шараларға байланысты 2-5 кг өнім алуға болады. Жақсы күтіп-баптау жұмысы кезінде 10-12 жылдық түптен 10 кг-ға дейін өнім алынады [13].

Қара қарақат – бұтатектес өсімдік, биіктігі 1-2-ге дейін өседі. Тамыр сабақтар бермейді, бірақ өте көп мөлшерде өркендер береді. Негізінен бұта түбінен балақ шыбықтар көптеп өседі, шыбықтар неғұрлым көп болған сайын, соғұрлым түп берік, мықты болады. Олардың ең мықтысы - тамырға жалғас шыбықтар. Өркендердің көбірек өсуі алғашқы жылдары жақсы байқалады. Шыбықтардың өмір сүру ұзақтығы 6-10 жыл, бірақ 4 жылдан асқан шыбықтарды кесіп алып тастайды, өйткені жас ұлғайған сайын өнім төмен болады [14].

Тамыр жүйесі 1,5 м тереңдікке дейін барады. Кіндік тамыры болмайды, негізгі тамырлар 10-60 см тереңдікте орналасады. Қара қарақат түптерінің өмір сүру ұзақтығы сортқа, климттық жағдайға, агротехникалық шараларға байланысты 10-20 жыл өмір сүреді. Қара қарақат өсімдігі көктемде ерте ояматындар тобына жатады. Ауа температурасы

сәуірде 5-6⁰С болғанда, өсімдікте бұтақтың төменгі бүршіктері жер жылуымен өте ерте оянады [15].

Қарақат әдетте мамыр айының аяғында маусым айының басында гүлдей бастайды. Оңтүстік аймақтарда ерте гүлдейді. Гүлдері ашық түсті емес, майда немесе орташа көлемді. Сортқа байланысты жидек саны гүлден аз болады. Гүлдеу фазасының ұзақтығы 7-11 күн. Ауа температурасына және жауын-шашынға байланысты гүлдеу фазасы ұзақ не қысқа болуы мүмкін [16].

Гүлдегеннен кейін 50-65 күннен соң қарақат жидектері шілде айының аяғында тамыз айының басында пісе бастайды. Ерте және кеш пісетін сорттар арасындағы жидек пісе бастау айырмашылығы 15 күн [17].

Өнім көлемі Қазақстанда әр аймақта әр түрлі болады, 1 гектардан 50-66-дан 6-10 центнерге дейін, кейбір жылдары өнім көлемі 100-190 центнерге дейін жетеді. Жоғары өнімді батыс (Орал, Ақтөбе) және оңтүстік-шығыс (Алматы облысының тау бөктерінде) аудандарында, сонымен қатар Ертістің солтүстік жағында, Есілдің суармалы жерлерінде Орталық Қазақстанда береді [18].

Көшеттерді келесі жүйеде отырғызу ұсынылады: қара қарақат 2,5x0,5 м (8 мың дана/га), қызыл – 3,0-3,5 м (6,7 мың дана/га), сары қарақат үшін 3,0-1,0 м (3,3 мың дана/га) [19].

Қарақатқа топырақ ылғалдылығы жақсы әсер етеді, оптимальді топырақ ылғалдылығы ШЖЫ-тан (шекке жеткен ылғалдылықтан) 70-80% қара қарақат құрғақшылыққа төзімдулеу, ал сары қарқат - өте төзімді. Бүкіл вегетация кезінде суару мөлшері 3200-3500 м³/га қажет, сондықтан оңтүстік-шығыста 6-8 рет, ал солтүстікте 4-5 рет суарылады. Вегетация бойы бір рет суару мөлшері 400-600 м³/га [19,20].

Қарақат өсу жағдайына аса қатты талап етпейді, қысқа төзімді. Сібірлік селекционерлердің суыққа төзімді сорттары: Алтайская десертная, Голубка, Стахановка Алтай. Суыққа және зиянкестерге төзімді сорттар: Белорусская сладкая және Минай Шмырев. Бұл сорттар өздерінің жоғары өнімділігімен және жидектері С, Р, А витаминдеріне өте бай екендігімен ерекшеленіледі. [21].

Қара қарақат үсікке гүлдеу кезінде шалдығады. Көктемгі үсік түйіндердің көптеп түсуіне қатты әсер етеді. Қара қарақат жидек дақылдарының ішінде ең ылғал сүйгіш өсімдік[20].

Жидек дақылдары адамзат тарихында өте ертеден белгілі және де әр дақылдың өзіндік даму тарихы бар.

Қара қарақатты қарқынды өсіру технологиясы осы дақылдардың үшінші-төртінші жылда максималды өнім беруін қамтамасыз етеді. Қара қарақаттың әрбір бөлек тармағы 4-5 жыл ішінде ең көп өнім береді. Қызыл қарақатқа келер болсақ, мұнда уақыт 6-8 жылға ұзарады, ол жердің құнарлылығына байланысты болады.

Жақсы жеміс беру тұрақталған соң, бұтақтарды жыл сайын кесу керек, бұл жаңа бұтақтардың өсуі үшін қолайлы жағдай жасау үшін қажет. Бір жерде қара қарақат 8-10 жыл бойы жақсы өнім бере алады, ал қызыл қарақат — 10-12 жыл бойы өсе беріңне болады. Осы мерзім аяқталған соң жидек дақылдарын басқа дақылдармен алмастырылады [22].

Қара қарақат (Ribes nigrum L.) орта ғасырларда емдік өсімдік ретінде белгілі болды. XVII ғасыр соңында Францияда және Италияда оны десертті дақыл ретінде өсіре бастаған, бірақ та басты мақсат бұрынғыкүйінде қала берген. XIX ғасырда бұл дақыл өңдеу қолайлылығына байланысты өте жоғары бағаланған, сондықтан да оны Германияда да көптеп өсіру қолғаалынған. Бірақ қара қарақат тек XX ғасырда ғана кең түрде мәдени дақыл ретінде тарай бастады[23].

Англияда қара қарақатты иісіне бола жақтырмай, көп уақытқа дейін оны өсірумен шұғылданбаған. Кейін XIX ғасыр аяғы мен XX ғасырдың басында оны өңдеуге жарамды өнім ретінде өсіре бастады. Америкада қара қарақат ұзақ уақытқа дейін (XX ғ. ортасына дейін) веймут қарағайымен бірдей ауруы болғандықтан онша көп дамымады. Ресейде

қарақат ертерек пайда болды. Тарихи мәліметтерге қарағанда Киев қаласында қарақатты XI ғасырдың өзінде өсіре бастаған[24].

ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМИ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ

Бақдәулет Ерсің Бақдәулетұлы
Алматы, Қазақ Ұлттық Аграрлық Зерттеу университеті
«Су, жер және орман ресурстары» факультетінің орман шаруашылығы
мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекші: Ибрашова Шара Оңғарқызы

Аннотация: В моей статье изменения этапов научно-технической революции в Казахстане. Многие прошлые и настоящие будущие революции отразятся на актуальности скина. Помимо случаев, описанных в статье, приложения включают в себя основы революции и т. Д. Только мысли о будущем месте Казахстана в мире ...

Жаңа ғасырға адамзат өмір салтын түбегейлі өзгерткен аса көрнекті ғылыми және технологиялық жетістіктермен бара жатыр. Іргелі және қолданбалы ғылымның нәтижелерін практикада тиімді пайдалану адамзатты тұрақты дамытудың аса маңызды факторына айналуға. Осыған байланысты, Қазақстан үшін отандық ғылымды елдің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының аса маңызды факторына айналдыруға арналған бағытты жасау және оны өмірге енгізу республиканың ұзақ мерзімді стратегиялық басымдықтарына сәйкес мемлекет экономикасының бәсекеге қабілеттілігін және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін экономикалық әлеуетін арттыру өзекті міндет болып табылады. Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай 90-жылдары өндірістің терең құлдырауымен, халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуімен сипатталды. Реформа барысында экономиканы ауырлататын және сиықсыз күйге түсіретін қажетсіз өндірістерді ығыстыру жүрген жоқ, негізгі өндірістік қорларда осы заманғы талаптарға жауап беретін жабдықтар мен машиналардың үлес салмағы төмендеді. Экономиканың техникалық-технологиялық іргетасын құрайтын көптеген жетекші кәсіпорындар төлемге қабілетсіз болып қалды және толық қуатымен жұмыс істей алмады. Олардың өндірістік-техникалық әлеуеті уақытылы және тиімді амортизациясыз бұзылады, моральдық жағынан ескіреді. Осындай әлеуетті жоғалту оны қалпына келтіру үшін бірнеше ондаған жылдарды талап етеді.

Ғылыми-техникалық революцияның – екі негізгі алғышартты: ғылыми-техникалық және әлеум. сипаттағы алғышарттары болды. Оның пісіп-жетілуінде 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың басындағы жаратылыстанудағы жетістіктер шешуші рөл атқарды. «Жаратылыстанудағы революциялар» дүмпуі электронның, радийдің, химиялық элементтер түзілуінің ашылуына, салыстырмалылық теориясы мен кванттық ілімнің негізделуіне орай жүзеге асып, ғылымның микроәлем мен үлкен жылдамдықтар саласына дендей енуімен ерекшеленді.

- ҒТР-дің басты белгілері мыналар:
- әмбебаптық, ауқымдылық;
- ғылыми-техникалық өзгерістердің жеделденуі;
- өндірістің ғылымды көп қажет ететін салаларының қарқынды өсуі;
- әскери-техникалық революция.

Ғылым мен білім адамзат өркениетті тарихында қоғамның алға басуы үшін қызмет етумен келеді. Қазіргі заманғы ғылым өндіріс пен қызмет көрсету салаларына күрделі техника мен технологияларды енгізу арқылы оларды Ғылымды көп қажет ететін мүлде жаңа салалардың дамуына негіз болуда. ҒТР-дің әмбебаптығы мен ауқымдылығы дүниежүзінің барлық елдері мен географиялық қабықтың кез-келген бөлігін қамтуымен

және адамзаттың ғарыш кеңістігін игеруімен түсіндіріледі. ҒТР шаруашылықтың барлық салалары мен оның құрылымдарына, еңбек сипатына, адамдардың мәдениеті мен мінез-құлқына үлкен өзгерістер әкеледі.

Қазіргі ҒТР күрделі жүйе және ол өзара әрекет етуші төрт бөліктен тұрады: Ғылым., Техника мен технология., Өндіріс., Басқару.

Ғылым ҒТР-дің негізі болып табылады. Иргелі ғылымдардың дамуынсыз алға басу мүмкін емес. Ғылымның дамуы ғылыми зерттеулерге жұмсалатын шығынның ұлғаюымен, экономиканың дамуымен байланысты. Сондықтан барлық дамыған елдер ғылымның өркендеуін белсенді түрде қолдап отыр.

Техника мен технология ҒТР-дің екінші құрамдас бөлігі болып табылады. Олар өндірістің тиімділігін арттырады. Техника мен технология екі жолмен дамуда: эволюциялық және революциялық. Революциялық ілгерілеу өнеркәсіп пен көлікте электр энергиясын қолданумен қатар жүзеге асты. Радио ойлап табылды. Адамзат атом энергиясын меңгерді. Кибернетиканың пайда болуы маңызды болды. Ғылымның зор мүмкіндіктері мен оны практикада пайдалануға адамзаттың көзі жетті.

Эволюциялық жол техника мен технологияның үнемі жетілдірілуінен тұрады (машина мен құралдарының өндіргіш қуатының артуы, көлік құралдарының жүккөтергіштігінің өсуі). Ал революциялық жол ҒТР-дегі техника мен технологияның негізгі даму бағыты болып табылады. Бұл жаңа техника мен технологияға көшумен анықталады. Мұндай көрініс электрондық техника өндірісінде орын алады. Қазіргі заманда жаңаша технологияға көшу үлкен маңызға ие. Өндіріс ҒТР-дің үшінші құрамдас бөлігі болып саналады. ҒТР-де өндіріс мынадай басты бағыттар бойынша Электрлендіру, бұл дегеніміз - адамзат қызметінің барлық салаларын электрондық-есептеу техникаларымен қамту. Электрлендіру білім беруге, денсаулық сақтауға және адамның күнделікті өміріне қарқынды енуде. Ең үлкен ЭЕМ паркіне ие елдер: АҚШ, ГФР, Жапония, Оңтүстік Корея.

Кешенді автоматтандыру әртүрлі электрондық-механикалық манипуляторлардың пайда болуымен байланысты. XX ғасырдың 50-жылдары ЭЕМ пайда болса, 70-жылдары микро ЭЕМ мен микропроцессорлар қолданысқа енді, роботты қолданудың жаңа заманы басталды. Әлемде барлық өнеркәсіптік роботтардың саны XXI ғасырда 800 мыңға жетті. Өнеркәсіптік робот жасайтын белгілі парктер: Жапония, АҚШ, ГФР, Италия, Франция.

Энергетикалық шаруашылықты қайта құрылымдау - электрмен қамтамасыз етуге негізделген, жаңа энергия көздерін кеңінен қолдана отырып, отын-энергетикалық балансты жетілдіру. Бұл сала АҚШ, Жапония, ГФР, Ресейде жақсы дамыған.

Жаңа материалдар өндірісі. Ескі конструкциялық материалдарға қойылатын талаптар, композитті, жартылай өткізгіш, керамикалық және XX ғасырдағы жаңа материалдардың пайда болуы (литий, бериллий, титан) алға қойылды.

Биотехнологияның дамуы. XX ғасырдың 70-жылдары пайда болып, әлемде 80-90 жылдары биотехнологиялық революция басталды. Бұл ҒТР-дің ғылымды көп қажет ететін салаларының пайда болуы мен дамуына әкеледі, ол Жапония, АҚШ, Германия, Францияда табысты дамуда.

Ғарыштану. Аэроғарыштық өнеркәсіпте жаңаша ғылымды қажет ететін космонавтиканың дамуы қарқынды түрде қолға алынды. Ғарыштың игерілуімен адамзат жерге жақын кеңістікті табысты игеріп, ғаламшар экологиясына біршама мұқият қарайтын болды.

ҒТР төртінші құрамдас бөлігі - басқару.

Басқаруда әлемдік жоғары ақпараттық кеңістік жұмыс жасайды. Интернеттің рөлі үлкен. Бұл бағыт географияда геоинформатика деп аталады. Геоинформатиканың дамуы геоақпараттық жүйелердің құрылуына алып келеді.

Қазіргі ғылыми-техникалық прогресс үшін революциялық және эволюциялық өзгерістердің кешенді үйлесу сипаты тән.

ҒТР дамыған елдерді жаппай тұтыну кезеңіне алып келді. Бір реттік пайдалану заттары қазіргі адамның қолдануына ыңғайлы болып жатыр. Бұл қолайлылықты

туғызғанмен, қоршаған ортаға қосымша жүктемені арттырды (мысалы, бір рет пайдалануға жарамды пластикалық шөлмектер, олар табиғи жағдайда шірімейді, ұзақ уақыт қоқыс орындарында жатады). ҒТР жүйелілігі мен кешенділігі өнім өндіру үдерісінің қайта құрылуына ықпал етеді. Өндірістік үдеріс біртіндеп тұтас технологиялық жүйенің нысаны бола алады. Үстіртін бақылаулар өндірістің бірыңғай уақыттық акт емес, үздіксіз үдеріс екенін көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ Энциклопедиясы
2. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҰЛТ САПАСЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ»

Шілдебаева Айгүл Қамытбекқызы
Биология ғылымының магистрі, Шоқан Уәлиханов атындағы
12 мамандандырылған гимназияның биология пәні мұғалімі.

«Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу - біздің қанымызда бар қасиет».
Н. Ә. Назарбаев

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар : рухани жаңғыру » атты мақаласы Халкындын тарихындағы терең мағыналы бағдарламаға айналғаны баршамызға аян . Елбасымыз « Мәңгілік ел » болуға кадам басқан тәуелсіз еліміздің ұлттық кодын сақтаған , яғни ата - бабаларымыздан қалған ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетімізді , ғасырлар бойы тарихымызда сақталған , казактын ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып келе жатқан адет - ғұрыптары мен салт дәстүрлерін , тіліміз бен дінімізді , әдебиетімізді , ұлттық рухымызды дәріптеу . осы ұлттық құндылықтарымызды өн бойына сіңіре білген , білімді , бәсекеге қабілетті , саналы ұрпақты тәрбиелеу міндетін алға қояды .

Ұлттық санамызды жаңғыртуда ұлттық кодты сақтау ең басты шарт болып саналады . « Егер жаңғыру елдің ұлттық - рухани тамырынан нәр ала алмаса , ол аласуға бастайды . Сондықтан да білім беру ұйымдарында оқу - тәрбие үдерісінде тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт - дәстүрлерді насихаттау кең көлемде жүзеге асырылады .

Қазіргі таңда ХХІ ғасырдың білім беру саласы негізгі үш ерекшеліктен тұратынын байқауға болады . Олар : біріншіден , адамдар өмір бойы алған білімдерін жаңғыртып , дамытып отырады , екіншіден , оқушының жас , ой мүмкіндік ерекшеліктеріне қарай білім беріледі , үшіншіден , бүкіл білім беру жұмысы халықаралық деңгейде басқалармен қатар , кат - кабат іске асырылады . Білім бекеге сәйкес , қазіргі кезеңнің талабына сай жұмыс істеуге бағытталады . Бұл ерекшеліктер қазірдің өзінде бізге байкалып келеді . Мысалы , акітараттық технология саласындағы жаңалық күн сайын емес , сағат сайын жаңару үстінде . Бұл салада бір сәт кен қалу дегеніміз бе бокшелеп келе жатқан бәсекелесімізге орын беріп , жолдан ығысып , шығын қалу деген сөз . Ал , сол жаңарған технологияны оз уақытына тілін тауып жұмыстың мүддесінен шығудың өзі тыным таппаиі ізденуді , білмегенімізді күні - түні үйренуді талап етеді . Жоғарғы технология саласын айтпағанның өзінде , карапайым өмірде осыдан оншақты жыл бұрын компьютерді игеру дәл бүгінгідей жалпыхалықтық сипатқа ие болуы мүмкін еместей көрінуші еді . Өзіміз куә болып отырғандай жағдай жылдам өзгерді . Бүгін кез келген жұмысты компьютереп елестете алмаймыз . Бұған итермелеп отырған да заман талабы . Бұдан былай білім берудің өзінің жаңа технологиясын

игеру керектігін аңғартады . Яғни , білім беруді де жаңа әлемдік стандарттар мен жина нормаларға , тың калыпка негіздеу керек . Бүгінгі дүниежүзілік білім бәсекесі біден осыны талап етіп отыр . Білім бәсекесі демекші , алған біліміміз басқалардың білімімен бәсекеге түсе алмаса , онда уақыттың басқа шығын болғаны . Сондықтан алған білімнің бәсекелестікке қабілетті болуы білім алушының бейіміне тікелей байланысты .

Ел болу , мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман - аңсар . Ел болу - болашаққа алынған лангыл жол , Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек , ешкімнен кем болмайтынымыз анық . Бұдан шығатын қорытынды - ұлттық тәрбие идеясы ата - бабалар алдындағы – қарыз бен екшебсар ұрпақтың алдындағы - парыз деп түсінуіміз керек . Яғни , нарыг бег қарыздың түйісер тұсы осы ұлттық тәрбие деп білеміз . Сондықтан мұнда алдымен мемлекет жасауға ұйытқы болып отырған этнос пен мемлекеттің мүддесі қатар тұруға тиіс . Ағымдағы уақыттың талабы мен сұранысын қапағаттандырып отыру да ұлттық тәрбиедегі негізгі қағиданың біріне айналуға тиіс . Бұл үшін казак ұлтын кай тұрғыдан да жана дәрежеге , жаңа теллектуалды сапага котеріп алу тиімді . Бүгінгі казак ұлты - өркениет орталығы саналатын кала халқына айналып , сапалық жағынан көп ілгеріледі , бүтіндей аграрлық жағдайдан гөрі , индустриялық - инновациялық мемлекет куруга копіт отыр . Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай , кез келген мемлекеттің экономикалық , әлеуметтік гүлденуі мен кауіпсіздігі халықтың білімі мен интеллектілік ресурстарымен тығыз байланысты . Интеллектуалды ұлт болу деген тар шеңбердегі ұғым емес , оның түпкі примінде ұлттык неп , ұлттық кейіп , ұлттық болмыс жатыр . Ұлттың салталық құрамын арттыру тек қан тазалығын жақсартумен ғана шектелмейді , рух тазалығын тәрбиелеу арқылы да биік мұратжан жетуге болады .

Біздің қазақы болмыс , салт - санамы , тұрмыс - тіршілігім қанргі заманға сай айқындалғанымен , ғасырлар тереңіне үнілген дініміз , салт - дәстүр мен әдет - ғұрпымыз , ерлікке толы тарихымыз батыстанбақ түгілі , оңай ұғымды да мойындай қоймайды . Өйткені ұлттық рухтың түп - тамыр жағы ұлттық тәрбие дінгектеріне негізделген . Ұлттық тәрбиенің негізгі дінгектері - ұлттық сана , ұлттық тіл , ұлттық мәдениет , ұлттық діл , ұлттық салт - дәстүр мен әдет ғұрып категорияларына сүйенеді . Сол себепті кімде - кім өткеніне терен үңілсе , болашағын көреді » деп Шығыс ойшылы МРумин айтқандай , бізді болашликка апарар жол ұлттық тәрбиенің негізгі дінгектерінде жатыр . Осы тұрғыда , бізге керегі – кон амда болып жатқан жаһанданудың пайда - зиянын саралап , ұлттық күндылықтарымызға жат мәдениеттен арылу .

Қоғамның белгілі қайраткері , ақын М.Шахановтың « Халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек » , – дегенін әр кез есте сақтап , еліміздің жидклын болашағы үшін агеалысуымыз кажет . Ол үшін бі , ұстаздар қауымы , оқушыларға салт - дәстүрлерді жай гана үйретіп қана қоймай , олардың тәрбиелік түп - тамырын , мәнін , алтын діңгегін түсіндіре білуіміз керек . Ұлттық тәлім - тәрбиенің іргетасын дұрыс калай білу мұғалімдердің ата аналармен қосылып жүрген шараларына байланысты болмақ . Өйткені бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы - отбасында екінші мектепте болғандықтан , ата - ана мен мектеп , мен мұғалімдер мен жұртшылық тығып байланыста болуы шартты нәрсе екені барша аян .

Қазақ халқы каркынды түрде жүріп жатқан жаһандану үрдісінің ықпалынан і каламаса да , оқшау бола алмайды . Ин жаһандану үрдісіне тек бейімделу керек , ал бейімделе алмағандар өзінен - өзі құриды . Яғни пайдасын алып , шилан бойга дарытпай , ұлттық рухтағы тәрбиемен карсы тұру керек Дегенмен мемлекеттің осында бір сәтін пайдаланып калатын , сыртқы ықпал стуші күтерге қарсы тұратын « Ұлттық иммунитеттін күшейту керек , Тарихтан белгілі әр дәуірдің сыртқы күшке карсы тұрарлық мемлекеттік идеологиясы болған . Сондықтан бүгінгі күні мемлекетіміз колдап отырған Ұлттық сананы жаңғыртар , « Мәңгілік ел » жалпы ұлттық идеясын жүзеге асыруға қолдау білдіргеніміз жөн . Бірдің міндетіміз – рухы биік ұрпақ тәрбиелеу .

Қазіргі кезеңде адамзат дамуында жаһандық мәселелер тіршіліктің барлық деңгейлерінде түрлі дағдарысқа тіреллі . Осының бәрі адамзатқа дамудың жаңа жолын іздестіруді талап етеді . Бұл мүдделердің шешімі – рухани - адамгершілік білім.Білім - ғылымның іргетасы және мемлекет дамуының алтын аркалуы скеніне ешкім де күмән келтірмейді . Бүгінгі білім алушы балалар уақыт өте келе еллі және жаңа заман тағдырынан жасампаздары болатынын нық сеніммен айтуға болады . Бірақ , осы тұста жауабы тек біреу ғана болатын сұрақтай » сұрақтар туындайды . Олар қандай білім ? Сол білімді алып ұшқан жасөспірім қандай болмақ ? Білім тек аламның өмір сүруі үшін ғана емес , ол тіршілік үшін , өмірді толық мәнді және терең түсініп сүру үшін қажет . Жаһандық мәселелерді шешімі бар ма ? Өмірді білім арқылы толық мәнді , мағыналы етуге бола ма ? Болады . Жолы - жеткіншектерге тұтастан білім беру . Тұтастай білім беру - білім берудің екі аспектісі зияткерлік білім (сыртқы білім , ақыл үшін) және рухани - адамгершілік білімнің (ішкі білім , жүрек үшін) әдемі бір үйлесімде бірге жүзеге асырылуы , Зияткерлік білім керек оқушының ақылы үшін , ал сол білімді өмірде тиімді қолдана білуде жүрек үшін де керек білім қажет . Д.Менделеев « Ізгілігі жоқ адамға берілген білім - ақымақтың қолына устатқан қылышпен тең » дегендей , адамның екі - үш дипломы бар , инткерлік білімі жоғары , бірақ ол рухани - адамгершілік білімнен алыста болса , оның алған білімі де , өмірі де толыққанды мәнді де , сәнді де болмас .

Мамандандырылған білім беру ұйымдарында тәрбиелеу жүйесін басқару ерекшеліктері . Қоғам өмірінің барлық салаларындағы жаһандық егерістер , ақыл - ой қабілеттері жоғары , жаңа заман талабына жауап бере алатын , шығармашыл , дарынды аламдардың қажеттілігін күшеітіп отыр Қазіргі мамандандырылған мектептер балалардың әлеуетін барынша ашу үшін оларға жағдай туғызу . табиғи дарығын дамытуды көздептілі . Оқушылардың әлеуетін ашу үшін жағдай жасау , шығармашыл тұлға тәрбиелеу және дарындылығын ересек өмірде іске асыру , білім мазмұнын жаңарту жағдайында мамандандырылған білім беру ұйымдарының кезек күттірмес міндетіне айналады . Дарынды балалармен атқарылатын жұмыс мазмұны әрбір оқу пәндері аясында анықталады , алайда бұл мазмұнды айқындайтын оқу бағдарламаларын іріктеудің жалпы талаптары , мектептің ерекшелігіне бағдарламаның сәйкестігі болып табылады . Жарияланғандар арасында мұндай бағдарлама болмаған жағдайда қолданыстағы бағдарламаларға түзетулер енгізілуі немесе авторлық бағдарламалар жасалуы мүмкін . Мамандандырылған білім беру ұйымдарында жеке және топтық жұмыс формасы негізіндегі проблемалық зденушілік , пристикалық , зерттеушілік , жобалау жұмыстары қолданылады . Сабақтан тыс жұмыс түрлері мен әдістері арасында оқушылардың сабақтан тыс зерттеушілік жұмыс жүйесі , түрлі олимпиадаларға және конкурстарға қатысуға тарту , шетеллектуалды марафон , сайыстар , мектептік ғылыми қоғамдар , кіші ғылым академиясы , үйірмелер , түрлі факультативтер дарынды оқушыларды дамытуда кең мүмкіндіктерге ие .

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Серік Пірәлиев « Ұлттық тәрбие және жаһандану » « Егемен Қазақстания » газеті
- 2 . Сұлтан Тайгари « Ана тілі » газеті « Жаһандану талқынына тотеп бере ала 12 мамыр . 2015ж .
4. Бурбаев Т . Ұлт мәдениеті . Астана : Елорда , 2001. – 248 б .
5. Есім Ғарифолла « Ұлттық өркениет және мәдени бағдарь Қазақстан сындарлы жылдар және ғаламдық мәселелер . – Аматы : Қазақ университеті , 2003.
6. Ә . Табылды « Қазақ этнопедагогикасы және оқыту әдістемесі Алматы , « Білім 2004.
7. « Оқыту технологиясы оқу - тәрбие тенденциясында Педагогика мәселелері . Вопросы педагогики No1-4 2007.
- 8.Мемлекет басшысының « Ұлы даланың жеті қыры » атты мақаласы . 21 қарата 2018 . http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_bews_press_conferences , memleket basshysynyn - uly - dalanyn - zheti - kyry - atty - makalasy .

9. Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы N 873 Қаулысы // ресми мәтін . - Астана , 2012 - 20 б . Оспанбаева М.П. Рухани жаңғыру жобасы.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ РУХ»

Ертуғанов Бақдәулет Қанатұлы
Қазақстан Инженерлік-Технологиялық Университеті
Экономика факультеті, 1 курс студенті

Әр заманның ұрпаққа қояр өз талабы, өз міндеті бар. Ел мәдениетінің, мемлекеттің жүйелі түрде дамуы ұрпақтың уақыт талабына икемделуінсіз жүзеге асқан емес. Ұлттың тарихи санасының қалыптасу негіздерінің өзінде уақыт талабына бейімделу, мәдени ортаны қалыптастыруға деген ұмтылысы жатыр.

Рухани жаңғыру идеясы ата мекенмен ұлттың бір болуын, үнемі ұрпақ пен туған жердің байланысуын, адам мен табиғаттың тұтастығын негіздейді. Рухани жаңғыру ұлттық болмыстың негізінде мемлекет өмірінде қалыптасатын интеллектуалдық өріс. Ол жеке адамды, ұрпақты, ұлтты, халықты табиғаттан, өзінің төл болмысынан ажыратып алып кетпейді, керісінше өз болмысының әлеуметтік рухани негіздерін сақтай отырып оны нығайтуға, қорғауға, сақтап қалуға ықпал ететін ұғым, ұлттық деңгей, бір ұрпақтың мемлекеттің тарихы мен болашағы алдында жасайтын, қол жеткізетін жетістігі.

Рухани жаңғырудың негізінде жеке адамның, халықтың тұлғаға айналатындығын ата бабаларымыз жете түсінген. Батырлықтың, шешендіктің, тума талант иесі болып ұлт өнерінің тарихта терең арнасын қалдырудың өзі қазақ баласының тарихтағы жасампаздық рухының биіктігін көрсетеді. Ал ұлтына игілік әкелетін жасампаздық қасиет бұл жаңашылдыққа бейім, өресі биік адамның ғана қолынан келмек. Сырттан келетін, елді әлсірететін, ең соңында елді тәуелсіздіктен айыратын нәрселерге тарихтағы қазақ жастарының рухани деңгейімен қарсы тұруы, ауызбіршіліктің, білімі арқылы саясаты мен тәжірибесі күшті жаумен иығын теңестіре білуінде. Бұл жаста болса қазақтың ұл, қыздарының заманынан қалмай болашақты зерделеп, ұлттық мүдде деңгейінде ойланған деңгейін көрсетеді.

Қоғамда интеллектуалдық ой өріс болу үшін ұрпақ болмысы мінсіз болуы қажет. Елдің тұрмыс тіршілігімен тыныс алып, өмірімен етене байланысып өскен ұрпақ өмірге ширығып өседі. Өмірге ширыққан адам елге жаны ашитын, бойында бар қабілетті, қолы жеткен бар игілігін елге арнайды. Елге жаны ашитын зиялы адам өз заманының жетістігін білімге, өнерге, ғылымға жастарды бағыттау оның жетістігіне елдің қолын жеткізу деп түсінеді.

Жеке адамның, әлеуметтің рухани жаңғыруы өмірге, уақытқа ақыл парасатымен, білімімен бейімделе білуде. Адамды өмірге, қоғамдық ортаға, уақытқа ақыл парасатымен, білімімен бейімдейтін ұлттық қасиетер мен құндылықтар. Атап айтсақ ұлттық сана, тарихи білім, ұлттық тәрбие, имандылық, тектілік және т.б. Бұлар жеке адамды қоғаммен, бүтін бір ұрпақты ұлттық негізімен біріктіреді. Бұлардан қол үзген адам рухани жаңғырудың биігіне жете алмайды. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу... Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарих тәжірибемен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауы тиіс. Керісінше, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі плюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды».

Рухани жаңғыру шыныменде ұлттың, елдің болмысына тән құбылыс және халыққа ортақ ұғым, ортақ ұстаным, тарихи қажеттілік. Мемлекет халықтың ортақ үйі, сол үйді

күтіп баптайтын, рухын сақтайтын, қорғайтын адам мемлекеттен, қоғамнан бөлінбейді, мемлекетінің мүддесінен, төл мәдениетінің болмысынан қол үзбейді. Керісінше мемлекеті, халық үшін, ұрпақтың келешегі үшін заманның талабын зерделеп, одан өтудің жолын білімімен іздейді. Адамды, халықты бұндай дәрежеде ойлауға жетелейтін ұлттық сана. Ұлттық сана елдің тарихы мен мәдениетіндегі тәжірибелер арқылы ұрпақтың уақытымен үйлессе, елдің тұтас ұлттық зердесі қалыптасады немесе заман талабына сай өрісін кеңейте түседі. Бұндай ұлттық сананың құбылысы тарихымызда үнемі өзінің танымдық қызметін атқарып отырған. Мәселен түркі қазақ жұртының «Мәңгілік Ел болу идеясы» ұлттың зердесінен туған дүние. Елбасы мақалада атап көрсетілгендей, неғұрлым адам өзінің бар мүмкіндігін тарихтың елегінен өткізген сайын уақыт талабын игеруге қабілетті келеді.

Адамның санасы күрделі иррационалды мәндерге толы дүние. Адамзат қанша өркениет биігіне шығуға қол жеткізгенімен әлі осы күнге дейін сананың табиғаты толығымен зерттеліп болған емес. Бірақ барлығына мәлім нәрсе сананың табиғаты үнемі жаңғыруды қажет етеді. Адам баласының рухани жаңғыру қызметінің негізінде сананың дамуымен қатар жүретін нәрселер еңбек, білім, адамгершілік және кісілік деңгейде ойлау. Әр ұлттың болмысы мен мүддесінің қозғаушы күшіне айналған сана қашанда әлеуметтік және тарихи құбылысқа ие болады. Бұндай деңгейдегі сананың түрін ұлттық сана дейміз. Сондықтанда ұлттық сана қашанда рухани жаңғырудың негізі болып қала бермек.

Жеке адамның өзіндік санасының ұлттық санаға айналуы ұлттың руханияты арқылы жүзеге асады. Ұлттың руханияты ұлт болмысының интеллектуалдық өрісі мен деңгейін біріктіре отырып, ұрпақтың тулғалық қалыптасуы мен ел болмысының тұлғалануын қамтамасыз етіп отырады. Ұлттық санамен қалыптасқан және ұлттық зердеге бағынатын жеке адамның рухани ізденістерінің негізінде ел игілігіне ортақ, оның болашағына қызмет ететін танымы, бойындағы қасиеттері, білімі, тәжірибесі мен идеясы қалыптасады. Жүсіпбек Аймауытов жазып кеткендей, «Адам жанды нәрселердің ішіндегі ақылдысы, сезімдісі, қайраттысы. Ішіп- жеу жанды нәрселердің бәрінде бар. Адам дүниеде ақылды зат болса, өмір сүруінде де бір ақылды мақсат болуы керек. Тамақтану, нәпсісін ырза қылу, өсіп өнумен хайуан ғана қанағаттанады. Егер адам да осындай керекпен ғана қанағаттанып өмір сүретін болса, адамның хайуандық жағы өсіп, ақылды адамшылық жағы өшкен болады». Рухани жаңғыру қоғамның барлық мүшесіне, ұлттың барлық өкілдеріне өз міндетін жүктейтін құбылыс. Рухани жаңғыру жолында адамдар бай кедей деп бөлінбеуі тиіс. Ұлттың мүддесі, тарихтың рухы, елдің болашағы халықтан, әрбір адамнан ортақ қасиетті, ортақ құндылықтарды, ортақ дүниелерді ғана талап етеді. Ұлттық код жеке адамды өзінің күшімен, рухымен, қасиетімен теңестіреді. Сондықтан да халық игілігін зерделеген адамға алға қойған мақсат, өзі бағындырған белес, шыққан биігі қабілеті, білімі, шығармашылығы арқылы келуі тиіс. Жеке адамның тұлғалануын, ел азаматы, зиялы адам ретінде танытатын қасиет жаңа тұрпаттағы рухани жаңғырудың негізгі үлгісі болып табылады.

Бүгінгі ұрпақ үшін рухани жаңғыру ұлттық қасиеттеріне ие болу және мәдениеттілікті, еңбек пен білімді иеленіп, кез-келген игілікті іске ынта мен жігерді танытып, қабілеттілікті көрсете білу, өмір жолында өз ісіне адалдық танытып, өзіне бағындырған құндылықтарды халықтың игілігіне айналдыра алатын деңгейге қол жеткізу, сол арқылы мемлекетінің мүддесіне, ұлтының болмысына күш беру. Елбасы айтқандай, «Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады».

Рухани жаңғыру ұлт пен оның өкілі жеке адамның кісілік табиғатына тәуелді. Ұлттық санада шынайылық, туралық, ұқыптылық орын алмаса әлеуметтік ортаның даму күші әлсірейді. Осы себептен тарихтың тәжірибесінен, уақыттың елегінен өткен құндылықтар сақталып, адамның қоғамдық ортадағы іс-әрекеті, қоғамдық психология сонымен реттеліп, кез-келген ел мүддесіне қажет нәрсе прагматикалық және реалистік принципте зерделенуі тиіс. Қазақ ұлтының ата мекен кеңістігін игеру, қорғаудағы ұстанымы да осы қағидамен жүзеге асып отырған.

Ұлттық код ұлттық болмыстың рухани көзі, тарихи негізі. Ұлттық код болмаса тарихи ақпараттар, мәдени құндылықтар ұрпақ санасында бірікпейді. Ұлттың игілігіне негізделген барлық тарихи және заманауи ақпараттар ұлттық код арқылы ұлттың зердесінде жинақталып, таратылып, өңделіп жүзеге асып отырады.

Мемлекеттің тарихы ғасырлар бойы қаланып отыратын қамал сияқты. Әр ғасырдың ұрпаққа жүктелетін міндеті мемлекеттің қажеттіктерін өтеу мәселелерінен туындайды. Қазақ хандарының заманында мемлекетті қалыптастырып нығайту, оны үнемі ел болып қорғап отыру ұрпақ міндетіне жүктелді. Сол кездегі ата бабаларымыз өздеріне жүктелген міндетті ұлттық парыз деңгейінде түсініп қабілетті, білікті, есті, кемеңгер, ерік жігері мол жауынгер болуға ұмтылды. Жауынгерлікті адам мал мен пұлға сатып ала алмайды, ол ұлттық тәрбиемен, діни сауаттылықпен, баланың жастайынан ел тұрмысымен араласып ширығып өсуімен келеді. Осы себептен ата бабаларымыздың батыр, би, шешен және тума талант өнер иесі болуында қазақ ұлтының тарих өмір мен уақыт талабына ілесе білген қабілеті жатыр.

Уақыт бір орында тұрмайды, заман алға жылжиды. Уақыт өрісіндегі заман болмысының ерекшеліктері мен белгілері ұрпаққа жүктелетін міндетіне тәуелді. Өз дәуірінің ел болашағымен біріктіретін міндетін дұрыс орындай білген ұрпақ қана мемлекетінің мүддесін сақтап, өзінен кейінгі буынға табыстап кетеді. Аға ұрпақтың кейінгі буынға табыстайтын дүниелері ұлттық құндылықтар. Олардың кейінгі дәуірде өмір сүруіне ықпал ететін ұлттық қасиеттер. Ұлттық қасиеттер болмаса ұрпақтың бірегейлікте өмір сүру ұстанымы қалыптаспайды. Абай айтқандай ұлттық сана болмаса қара басының қамынан аса алмаған, бас басына би болған өңкей қықым ұлттық рухы жоқ адамнан шығады. Осы себептен ұрпақтың заман талабына сай ізденуіне, рухан кемелденуіне, бірігуіне ықпал ететін ұлттық код.

Рухани жаңғырудың негізі ұлттың қасиеттері мен рухан құндылықтарға тәуелді болса, оның әлеуметтік өрісі қашанда білімге, еңбекке және табандылыққа келіп тіреледі. Қазақ баласына білімнің рухын түсіндерген. Жеке адамның білімге деген құрметі оның толыққанды білім алуына, рухани деңгейінің қалыптасуына ықпал етеді. Абай мен алаш зиялыларының заманында ел тұрмысының қиыншылығына қарамастан, көзі ашық, көкірегі ояу қазақ зиялыларының шығуына ықпал еткен қазақтың өнер, білім және ғылым туралы кемел түсінігі. Ұлттық тәрбиедегі уақыттан қалмайтын және білімі тозбайтын құндылықтар олардың талапты, арлы, жігерлі, еңбекқор, қиындыққа төзімді, ақылды және рухани терең болуына ықпал еткен. Осы тұрғыдан алаш зиялыларының болмысына, тарихи қызметтеріне қарайтын болсақ рухани жаңғыру ұрпақтың тарих, отан, келер уақыт алдындағы кісілік қасиеттерімен тұлғалық ұстанымының әлеуметтік ортада қатар сақталуы. Ұлттық кодынан қол үзбеген жеке адам заманынан қалмайды, өз заманында алға ұмтылады, өз заманның жетістіктеріне қол жеткізеді және оны ұлт игілігіне айналдыра алады. Алаш зиялысы Әлихан Бөкейханов жазып кеткендей, «Әділдік жоқ жұртта, береке бірлік болмайды. Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей, жұртты тонап, момынды жылатып іздеген мырзалар, қысты күні үңгірде жатып өз аяғын сорған аю мысалында ғой, қанша қомағайланса да, сорғаны өз аяғы» Рухани жаңғыру жаңашылдыққа қол жеткізу, заманның жетістігін бағындыру. Жаңашылдық әлеуметтік ортадағы мәдениеттілікпен өлшенуі тиіс, парақорлық, жемқорлық күш алған тұста жеке адамның, әлеуметтік ортаның рухани жаңғыруы, жаңашылдығы тежеліп отырады.

Туған жерін ұмытпайтын адам туған елін қадірлейді. Елді қадірлеу туған жердің рухын бойға сіңіріп өсуден басталған. Сондықтанда елде туып, елде тұрып елге жаны ашымаған адам зиялылар қатарында болған емес. Зиялылықтың бірінші шарты адамның туған жерге, халыққа және ұлт болашағына деген шынайы жанашырылығынан бастау алмақ.

Ұлттық рух бар жерде рухани жаңару күш алады. Елбасы мақалада атап көрсеткендей ұлттық сана, ұлттық код рухани жаңғырудың түп қазығы, ұлттың негізі арқылы жеке адамның, халықтың, елдің уақыт талабына сай ізденуі, еңбек қоғамын құруы,

уақытты, еңбек пен білімді, денсаулықты қатар бағалап, қатар қорғай алған қоғам ұлттық рухымен мемлекетіне, қоғамына, еліне игілік әкелетін дүниелерді қалыптастырады.

«ЦЕННОСТИ И ЦЕЛИ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ»

Рахимжанова Д. ЕТУ

Научный рук-ль. Ермаханова М.А. – к.и.н. асоц.проф.ЕТУ

«Часто слышишь, что молодежь говорит: я не хочу жить чужим умом, я сам обдумаю. Зачем же тебе обдумывать обдуманное. Бери готовое и иди дальше. В этом сила человечества».

Л.Н.Толстой

Молодость человека есть прекрасная роскошная весна, время деятельности и кипения сил, а также это эпоха упущенных возможностей. Юность – единственная пора обдумывать и принимать важные решения.

Все самое прекрасное, как правило, мы слышим «о юности». И правда, ведь эта та самая пора в жизни, когда мы осуществляем все планы, задуманные нами, эта пора, когда мы мечтаем о невозможном, столько всего интересного происходит именно в этот период времени. Но не стоит забывать о том, что помимо всего прекрасного, что с нами происходит в этот период, нам приходится принимать важные и ответственные решения, которые могут повлиять на нашу дальнейшую жизнь. На плечи молодого поколения возлагается огромная ответственность, ведь «молодежь» - будущее страны.

Если останавливаться на современной молодежи, то часто то, что мы слышим от взрослых людей не всегда радует. Ведь нынешняя молодежь, по словам взрослых людей, совсем не такая, какой она была раньше. А раньше по их словам, все были и хорошо воспитанными, и умными, и вежливыми...

Но я не могу согласиться с этим мнением. Мировоззрение у нас иное, сильно отличающееся от наших родителей, тетей, дядей и т.д. Но мы просто пытаемся соответствовать внешнему миру и не можем жить без общения, мир не стоит на одном месте. Меняется все вокруг, меняемся и мы. Хотелось бы акцентировать внимание на том, что нынешняя молодежь очень целеустремленная, трудолюбивая, коммуникабельная и всесторонне развитая. У молодых людей огромные перспективы. Очень много талантливых людей можно сейчас заметить, и все они занимаются саморазвитием, занимаются делом своей жизни, не боятся самовыражаться - быть не похожими на всех. Напомню, что одной из самых главных ценностей молодых людей является - свобода. Свобода слова, действий, выбора они необходимы в первую очередь для самоутверждения и самосовершенствования.

К числу важнейших жизненных целей большинство молодых людей относят – создание счастливой семьи, воспитание хороших детей - и это прекрасно. Ведь это залог дальнейшего процветания не только страны, но и человеческой цивилизации в целом. Именно в семье ребенок впервые знакомится с жизненными ценностями, именно в семье закладываются ценностные ориентации.

Хочу сказать, что с момента поступления в университет, я увидела очень много талантливых, активных, искренних, и добрых студентов. Несмотря на то, что мы все друг друга еще не очень хорошо знаем, мы очень быстро нашли общий язык и сдружились. Ибо молодежь – народ общительный и дружелюбный. А еще очень радует то, что довольно таки часто видишь, как молодежь занимается волонтерством, и охотно участвует в мероприятиях подобного рода. Они позитивно относятся к идее участия в деятельности благотворительных организаций. И таких людей очень много в моем университете, да и по всему городу. А это еще один факт, доказывающий то, что добрые, искренние, воспитанные и образованные люди еще есть в этом мире.

Стоит отметить, что нынешнее молодое поколение прекрасно понимает насколько важно сейчас получение высшего образования, поскольку без него в 21 веке, как говорится делать нечего. Поэтому современная молодежь старается получить высшее образование и не одно, а несколько. Но не все могут себе это позволить. В наше время за получение образования необходимо платить. Но молодежь, как было уже упомянуто ранее, отличается своей целеустремленностью, и стараются наняться курьером, официантом или продавцом, на любую оплачиваемую работу, чтобы иметь возможность учиться.

Следующей жизненной ценностью молодежи – является осознание необходимости здоровья. Мы должны стремиться к здоровому образу жизни, поддерживать свое здоровье, правильно питаться, заниматься спортом. Ведь только здоровый человек может чувствовать себя полноценной личностью, и ощущать всю красоту и прелесть жизни. И очень хорошо, что большинство это осознает.

Духовная культура немаловажна в жизни современной молодежи. Духовная культура может дать начало живописи, рождению стихотворений, песен и т.д. Многие могут стать художниками, артистами, певцами, писателями, философами. Современная молодежь также активно участвует в разных мероприятиях, касающихся сохранения окружающей среды, охраны природы, заботы об инвалидах, пожилых людей и т.д. Она умеет адаптироваться в самых разных обществах и отстаивать свои мнения.

Современная молодежь проходит свое становление в очень сложных условиях ломки многих старых ценностей и формирования новых социальных отношений. Отсюда растерянность, пессимизм. Нынешнему молодому поколению предстоит решить немало важнейших задач в самых различных областях и сферах жизни. И от этих решений зависит то, как будет развиваться страна, что мы сможем оставить после себя своим потомкам.

Исследование ценностных ориентаций, жизненных приоритетов, профессиональных предпочтений современной молодежи весьма актуально: растет первое поколение нового времени, от которого зависит будущее нашей страны. По системе ценностных ориентаций можно судить о характере развития общественных отношений, перспективах развития общества. Изучение ценностных ориентаций молодежи даёт возможность выявить степень её адаптации к новым социальным условиям и её инновационный потенциал.

Список использованной литературы

1. <https://www.google.com/url?q=http://journals.rudn.ru/sociology/article/download/6351/5804&usg=AFQjCNFBqYdNQ9GxZcHr-VFz2vP5b5BHrg>
2. <https://cityinfo.info/topic/molodezh>
3. <http://journals.rudn.ru/sociology/article/download/6351/5804>
4. <https://kopilkaurokov.ru/prochee/prochee/essiemolodiezhetobudushchieistrany>

ПРОБЛЕМЫ ИНСТИТУТА БРАКА И СЕМЬИ

Кутявина Е. ЕТУ

Научный рук-ль. Ермаханова М.А. – к.и.н. асоц.проф.ЕТУ

Семья — это самая малая, но самая важная ячейка общества. Все знают, что семья создаётся посредством союза мужчины и женщины. Такой союз называется браком. Прежде всего брак строиться на отношениях мужчины и женщины. Посредством близких отношений между мужчиной и женщиной может создаваться семья. Однако, со временем отношения между супругами могут меняться, применяя различные "формы".

Отношения мужчины и женщины — вечная тема. Она волновала людей во все времена. Сегодня, когда институт брака и семьи переживает кризис, волнения особенно острые.

Понятие «кризис семьи» складывается в сфере семейно-брачных отношений. Кризис института семьи стали наиболее ощутимым и очевидным к концу 70-х годов прошлого столетия. Он проявляется через такие явления как увеличение числа неполных семей, появление нетрадиционных, однополых браков, низкий уровень рождаемости.

Также кризис института семьи обусловлен такими серьезными проблемами с которыми сталкивается молодая семья, такими как материальная, жилищная проблема, проблемы трудоустройства, психологические проблемы — адаптация молодоженов к друг другу, а также к новым жизненным условиям.

Кризис есть. И этот кризис, есть точка, где могут произойти эволюционные изменения. И это значит, что перед человечеством стоит задача изменить принятые в обществе формы сожительства и партнёрства. Мы и сами не замечаем, как вокруг нас всё быстро меняется. Очевидно, что модель института брака и семьи трансформируется. Изменился мир, изменилась жизнь людей, продолжительность жизни. Много зависит от того, в каком социальном слое вырастает человек, какие у него финансовые возможности. Увеличилось количество общепринятых в обществе моделей семьи, которые появляются в зависимости от состояния человека и его жизненных обстоятельств. Действительно, трансформация общества происходит очень быстро. Оставаться в той стабильной точке — это оставаться на одном месте. Мир изменяется в очень динамичном темпе. И институт семьи не отстаёт. За последние 20 лет во многих странах графа однополых браков встала вровень с общепринятым браком. Формы изменения семьи на западе процветают. Одной из весомых причин кризиса института семьи является увеличение числа разводов.

Развод как официальное расторжение брака можно рассматривать и в качестве результата эволюции семейно-брачных отношений и как проявление кризиса института семьи. Интенсивное нарастание числа разводов можно было наблюдать еще в советское время, когда распадался каждый третий брак. Упрощение процедуры развода привело к увеличению почти в два раза. К концу 90-х годов число разводов возросло на 60%. , то в 2015 году количество расторгнутых браков достигло 53% от числа заключенных браков

Дети рождаются всё позже и позже. Раньше женщины рожали в 21 год. Сейчас женщина задумывается о том, чтобы выйти замуж намного позже. Женщина хочет до 30 лет получать образование, путешествовать. Сегодня молодые люди считают нормальным жениться в 30 лет, а средний возраст рождения ребёнка составляет 33 года. Ещё 10 лет назад, девушка в возрасте 24 лет считалась старородящей. Но при этом не стоит забывать, что и наука не стоит на месте и может продлить возраст женщины, которая может родить ребёнка. Тем не менее, дети рождаются всё меньше и меньше и вместе с этим, уходит не только институт семьи, но и институт "любви". Мы живём в очень благоприятное время, когда можно не цепляться только за институт семьи. На первый план выдвигается экономический аспект и саморазвитие. Людям хочется познать дзен совместной жизни, этим они связывают себя, давая друг другу гарантии "псевдоверности", но как оказывается, создав семью, пусть даже и не особо большую, появляются некоторые трудности, а так как они с этим сталкиваются впервые, не имея понятия о работе в команде, начинаются проблемы. Когда-то давно, людям было важно знать, что они будут вместе, а сделать это можно было только через брак. В нынешнее время люди поняли, что все временно и не имеет смысла, а значит не нужно переживать о некоторых вещах, таких как узаконивание брака, ведь это дело каждого. Женщины стали слишком самостоятельными и расчётливыми. Из-за этого мужчины стали менее ответственны, потому что брак для мужчины — это прежде всего ответственность. Мужчина, как глава семьи должен брать на себя эту главенствующую роль.

Нанесли ли 90-е серьезный удар по институту брака? Нельзя сказать, что именно в 90-е женщина стала впервые тащить на себе всю семью окончательно. Но гендерные роли претерпели большие изменения. В начале 90-х не появилось больше разводов на этой почве. Пока есть мужчина и женщина, и любовь между ними, будет брак. Будет меняться только форма, но содержание останется прежним. Интересен тот факт, что продолжительность жизни мужчины при вступлении в брак увеличивается, а у женщины уменьшается. То же самое касается уровня ощущения счастья. Мужчины в браке благоприобретатели, они получают заботу, стабильность. Женщины к сожалению чаще всего берут на себя двойную работу и теряют свободу. Но если в браке так хорошо, то что удерживает мужчину от желания официально зарегистрировать отношения? Вероятнее всего свобода и общение с другими женщинами. Еще одна причина нежелания вступления в брак — это тревога о том, что могут случаться бытовые ссоры. Если браки всё-таки есть, значит этот страх уходит с годами?

То, что многие люди отказываются от традиционного брака может служить индикатором, свидетельствующим о том, что человек психически развивается и таким образом, происходит отказ от брака. И это даже хорошо. Любые человеческие отношения содержат в себе 2 группы элементов: функциональные элементы — это то, где мы используем друг друга как функцию, и индивидуальные элементы — это те, которые свободны от услуг и использования друг друга. Две самые распространённые группы людей в мире по своей психической структуре — это люди с расстройством личности и люди-невротики. Люди с расстройствами личности, как раз те люди, которые строят отношения на взаимной выгоде. Из-за этого получаются функциональные отношения. Самый распространённый вид таких отношений содержит фиктивный брак. Индивидуальные отношения — это отношения построенные на поддержке, эмпатии, понимании друг друга, в таких отношениях есть большая любовь и уважение к друг другу. Построить такие отношения не каждому удаётся. Люди понимают, что функциональные отношения — это простой, но не самый лучший вариант отношений и вовсе не вступают в брак.

Очень часто люди вступают в брак и рожают детей именно потому, что становятся заложниками ожиданий других людей. Не стоит забывать, о главной роли женщины, прежде всего как матери. Рождение ребёнка вне брака считалось неприемлемым. Но то, что раньше считалось позорным, сейчас имеет тенденцию роста. Право, которое дала природа женщине — это право рожать детей. Мать носит своего ребёнка под сердцем, создавая вечную связь между ними. Для гармоничного развития личности необходимо, чтобы ребенок приобрел опыт взаимоотношений с обоими родителями. Малыш должен видеть модель семьи, как пример для собственной будущей семьи, а так же для формирования мировоззрения. Основы личности закладываются в семье. Во многом это зависит от взаимоотношений отца и матери. Часто случается, что мужчина и женщина находятся в браке только ради детей, а не из-за большой любви к друг другу. Это конечно правильно, но очень сложно. Сложно так же не показывать маленьким детям о том, что папа с мамой не любят друг друга.

Проблемы института брака и семьи ещё немало времени будут тревожить всех людей. Об этом важно и нужно говорить. Усиление внимания к проблеме подготовить молодёжь к семейной жизни и может обусловить нейтрализацию многих проблем современных семей. Таким образом, молодёжь, является неким определяющим фактором, от которого зависит развитие полноценное функционирование всего общества. Ведь основа человеческого бытия-семья. Настоятельная необходимость сегодняшнего дня - это формирование у молодежи серьезного отношения к созданию семьи, правильного представления о браке, воспитание бережного отношения к семейным ценностям.

Список использованной литературы

1. Яковский К., Русакова Е., Тароповская К. Кризис института семьи в постиндустриальном обществе: анализ причин и возможности преодоления. Москва.2008 г.
2. Дорно И.В. Современный брак: проблемы и гармония. – М. Педагогика, 1990 г.

ЗАКОНЫ НЬЮТОНА

Сокольников Кирилл, Сарбекова Аяулым, студенты 1 курса
Казахстанский инженерно-технологический университет
Научный руководитель:
Бердигожа А.О., магистр педагогических наук

В физике очень много великих ученых, которые внесли огромный вклад и открытия в человеческую жизнь, которые очень полезны и удивительны для нас. С помощью открытиям Исаака Ньютона можно сказать, что с законов движения Ньютона пошел отсчет истории современной физики и вообще естественных наук. Однако Исаак Ньютон взял названные в его честь законы не из воздуха. Они, фактически стали кульминацией долгого исторического процесса формулирования принципов классической механики.

Законы Ньютона – в зависимости от того, под каким углом на них посмотреть, – представляют собой либо конец начала, либо начало конца классической механики.

Три закона Ньютона — это основа классической механики. Основные законы классической механики Исаак Ньютон (1642-1727) собрал и опубликовал в 1687 году. Три знаменитых закона были включены в труд, который назывался «Математические начала натуральной философии».

Там были все знания, накопленные до него другими учёными, а также новые, открытые самим Ньютоном. Его считают одним из самых первых основоположником современной физики. Благодаря систематизированным знаниям, которые были описаны в вышеуказанном труде, он открыл множество законов механики, Закон всемирного тяготения и многое другое.

Можно сказать, что с законов движения Ньютона пошел отсчет истории современной физики и вообще естественных наук.

Законы Ньютона — три важнейших закона классической механики, которые позволяют записать уравнения движения для любой механической системы, если известны силы, действующие на составляющие её тела.

Исаак Ньютон: мифы и факты из жизни

На момент публикации своего основного труда Ньютону было 45 лет. За свою долгую жизнь ученый внес огромный вклад в науку, заложив фундамент современной физики и определив ее развитие на годы вперед.

Он занимался не только механикой, но и оптикой, химией и другими науками, неплохо рисовал и писал стихи. Неудивительно, что личность Ньютона окружена множеством легенд.

Ниже приведены некоторые факты и мифы из жизни И. Ньютона. Сразу уточним, что миф – это не достоверная информация. Однако мы допускаем, что мифы и легенды не появляются сами по себе и что-то из перечисленного вполне может оказаться правдой.

- **Факт.** Исаак Ньютон был очень скромным и застенчивым человеком. Он увековечил себя благодаря своим открытиям, однако сам никогда не стремился к славе и даже пытался ее избежать.

- **Миф.** Существует легенда, согласно которой Ньютона осенило, когда на него в саду упало яблоко. Это было время чумной эпидемии (1665-1667), и ученый был

вынужден покинуть Кембридж, где постоянно трудился. Точно неизвестно, действительно ли падение яблока было таким роковым для науки событием, так как первые упоминания об этом появляются только в биографиях ученого уже после его смерти, а данные разных биографов расходятся.

- **Факт.** Ньютон учился, а потом много работал в Кембридже. По долгу службы ему нужно было несколько часов в неделю вести занятия у студентов. Несмотря на признанные заслуги ученого, занятия Ньютона посещались плохо. Бывало, что на его лекции вообще никто не приходил. Скорее всего, это связано с тем, что ученый был полностью поглощен своими собственными исследованиями.

- **Миф.** В 1689 году Ньютон был избран членом Кембриджского парламента. Согласно легенде, более чем за год заседания в парламенте вечно поглощенный своими мыслями ученый взял слово для выступления всего один раз. Он попросил закрыть окно, так как был сквозняк.

- **Факт.** Неизвестно, как бы сложилась судьба ученого и всей современной науки, если бы он послушался матери и начал заниматься хозяйством на семейной ферме. Только благодаря уговорам учителей и своего дяди юный Исаак отправился учиться дальше вместо того, чтобы сажать свеклу, разбрасывать по полям навоз и по вечерам выпивать в местных пабах.

Первый закон Ньютона

Учитывая столь серьезный, исторически сложившийся провал, первый закон Ньютона сформулирован безоговорочно революционным образом. Он утверждает, что если какую-либо материальную частицу или тело попросту не трогать, оно будет продолжать прямолинейно двигаться с неизменной скоростью само по себе. Если тело равномерно двигалось по прямой, оно так и будет двигаться по прямой с неизменной скоростью. Если тело покоилось, оно так и будет покоиться, пока к нему не приложат внешних сил.

Кстати, сам Ньютон называл ускорение «изменением движения». Первый закон Ньютона играет и еще одну важную роль с точки зрения нашего естествоиспытательского отношения к природе материального мира. Он подсказывает нам, что любое изменение в характере движения тела свидетельствует о присутствии внешних сил, воздействующих на него.

До Ньютона его открыл Галилео Галилей, но он не совсем точно его описал. Теперь осталось только разобраться, что такое инерциальные системы отсчёта. Проще говоря, это такая система, для которой выполняется Первый закон Ньютона. Пример действия. Представьте себе парашютиста, который движется прямолинейно равномерно к Земле. Это будет продолжаться до тех пор, пока притяжение к поверхности Земли будет компенсироваться сопротивлением воздуха. Если же сопротивление станет меньше либо больше, то тогда на тело начнёт действовать сила притяжения, и оно станет двигаться прямолинейно равноускоренно.

Существует легенда об открытии этого утверждения. Когда-то Ньютон сидел под деревом, и рядом с ним упало яблоко. Это подтолкнуло его на размышления о том, почему яблоко упало перпендикулярно земле, каковы были причины данного явления. По крайней мере, так описывал этот эпизод знаменитый биограф Уильям Стьюкли.

Второй закон Ньютона

Математическое описание этого утверждения такое: $a = \frac{F}{m}$, где a — это ускорение,

F — равнодействующая всех сил, приложенных к телу, m — масса тела.

Если первый закон Ньютона помогает нам определить, находится ли тело под воздействием внешних сил, то второй закон описывает, что происходит с физическим телом под их воздействием. Чем больше сумма приложенных к телу внешних сил, гласит этот закон, тем большее ускорение приобретает тело. Это раз. Одновременно, чем массивнее тело, к которому приложена равная сумма внешних сил, тем меньшее ускорение

оно приобретает. Это два. Интуитивно эти два факта представляются самоочевидными, а в математическом виде они записываются так: $F = ma$ где F – сила, m – масса, a – ускорение.

Это, наверное, самое полезное и самое широко используемое в прикладных целях из всех физических уравнений. Достаточно знать величину и направление всех сил, действующих в механической системе, и массу материальных тел, из которых она состоит, и можно с исчерпывающей точностью рассчитать ее поведение во времени. Именно второй закон Ньютона придает всей классической механике ее особую прелесть – начинает казаться, будто весь физический мир устроен, как наиточнейший хронометр, и ничто в нем не ускользнет от взгляда пытливого наблюдателя. Назовите мне пространственные координаты и скорости всех материальных точек во Вселенной, словно говорит нам Ньютон, укажите мне направление и интенсивность всех действующих в ней сил, и я предскажу вам любое ее будущее состояние. И такой взгляд на природу вещей во Вселенной бытовал вплоть до появления квантовой механики.




Рисунок 1 - Пример на второй закон Ньютона

Третий закон Ньютона

За этот закон, скорее всего, Ньютон и снискал себе почет и уважение со стороны не только естествоиспытателей, но и ученых-гуманитариев и попросту широких масс. Его любят цитировать (по делу и без дела), проводя самые широкие параллели с тем, что мы вынуждены наблюдать в нашей обыденной жизни, и притягивают чуть ли не за уши для обоснования самых спорных положений в ходе дискуссий по любым вопросам, начиная с межличностных и заканчивая международными отношениями и глобальной политикой. Ньютон, однако, вкладывал в свой названный впоследствии третьим закон совершенно конкретный физический смысл и едва ли замыслил его в ином качестве, нежели как точное средство описания природы силовых взаимодействий. Закон этот гласит, что если тело А воздействует с некоей силой на тело В, то тело В также воздействует на тело А с равной по величине и противоположной по направлению силой. Иными словами, стоя на полу, вы воздействуете на пол с силой, пропорциональной массе вашего тела. Согласно третьему закону Ньютона пол в это же время воздействует на вас с абсолютно такой же по величине силой, но направленной не вниз, а строго вверх.

Этот закон экспериментально проверить нетрудно: вы постоянно чувствуете, как земля давит на ваши подошвы. Еще один пример действия Третьего закона для закрепления усвоенного. Возьмём довольно сложный пример: притяжение планет. Луна вертится вокруг Земли благодаря тому, что она притягивается к Земле, но по Третьему закону Ньютона Луна тоже притягивает Землю к себе. Однако, из-за того, что их массы разные, Луна не может притянуть Землю, но у неё получается вызвать отливы и приливы в морях и океанах. Формула.

Математически это утверждение можно записать так: $F_1 = -F_2$, где F_1 — это сила, с которой первое тело действует на второе, а F_2 — сила, с которой второе тело действует на первое.

Формула, выражающая третий закон Ньютона:

$$F_1 = -F_2$$

Другими словами, третий закон Ньютона - это закон действия и противодействия.

В заключение сделаем следующие выводы из законов Ньютона: из первого закона можно отчасти объяснить меньший расход топлива на трассе, нежели в городе. Двигаясь преимущественно с постоянной скоростью, мы сжигаем бензин лишь на преодоление сил трения и сопротивления воздуха, когда в городе нам постоянно приходится то ускоряться, то замедляться, проезжая светофоры и обгоняя неторопливых автолюбителей.

Из второго закона: если мы пинаем футбольный мяч, то очевидно, что изменение скорости мяча напрямую зависит от силы удара по нему — чем сильнее пинаем, тем быстрее он улетает в ворота противника. Соответственно, ускорение будет напрямую зависеть от приложенной силы. И с другой стороны, если вместо мяча с той же силой пнуть пудовую гирю... В общем, ускорение будет обратно пропорционально массе тела. Чем масса больше, тем труднее изменить его скорость. Главное значение третьего закона Ньютона обнаруживается при исследовании движения системы материальных точек или системы тел. Этот закон позволяет доказать важные теоремы динамики и сильно упрощает изучение движения тел в тех случаях, когда их нельзя рассматривать как материальные точки.

Третий закон сформулирован для точечных тел (материальных точек). Его применение для реальных тел, имеющих конечные размеры, требует уточнения и обоснования. В данной формулировке нельзя применять этот закон и в неинерциальных системах отсчета.

Список использованных источников

1. <https://www.bibliofond.ru/view.aspx?id=478440>
2. <https://obrazovanie.guru/nauka/fizika/zakony-nyutona-kratko-i-ponyatno-formulirovki-i-primery.html>
3. <https://newtonov.ru/tri-zakona-sera-nyutona>

ВЛИЯНИЕ ОРГАНОПОРОШКОВ ИЗ РАСТИТЕЛЬНОГО СЫРЬЯ НА РЕОЛОГИЧЕСКИЕ СВОЙСТВА ПОЛУФАБРИКАТОВ

**Тұрсынғазы Алтынай Бақтығалиқызы, студент 2 курс
Казахстанский инженерно-технологический колледж
Научный руководитель:**

**Амантаева Ажар Айыповна, магистр наук, докторант
Казахстанский инженерно-технологический университет**

Питание является одним из важнейших факторов, определяющих здоровье населения. Правильное, рациональное питание обеспечивает нормальный рост и развитие детей, способствует профилактике заболеваний, продлению жизни людей, повышению работоспособности и создает условия для адекватной адаптации их к окружающей среде.

Производство полноценной и здоровой пищи во все времена было одной из самых важных задач, стоящих перед человечеством[1]. Однако ввиду экономической нестабильности на первое место выходит постоянная несбалансированность пищевого рациона по белкам, углеводам, минеральным элементам, витаминам и пищевым волокнам, которая является серьезным фактором ухудшения здоровья нации. Кроме того, нарушение экологической обстановки выдвигает задачу создания специальных пищевых продуктов для функционального питания.

Хлебобулочные и мучные кондитерские изделия является одними из наиболее востребованных и доступных продуктов питания[2].

Поэтому обогащение продуктов питания натуральными пищевыми ингредиентами растительного происхождения, содержащими витамины в легкоусвояемой форме, важно не только с экономической точки зрения, но и для решения проблем сбалансированного питания.

Удобной для использования формой растительного сырья, в частности, плодовых и овощных культур в пищевой, в том числе и в хлебопечении является применение его в виде порошков, так как в производстве они технологически доступны и хорошо растворяются в воде, обеспечивают однородность цвета изделий[3].

Для получения композиции органо-порошков из растительного сырья определенного функционального назначения, оптимального состава и соотношения учитывали химический состав основных пищевых веществ каждого компонента.

Варианты композиции механоактивированных органо-порошков:

Опыт 1- топинамбур 2%+яблоко 2%+ тыква 3%;

Опыт 2- топинамбур 3%+ морковь 3%+ яблоко 2%;

Опыт 3- морковь 3%+ яблоко 2%+ тыква 2%;

Опыт 4- тыква 2%+ топинамбур 2%+ морковь 1%;

Опыт 5- топинамбур 3%+ морковь 2%+ яблоко 2%

Среди большого количества показателей качества реологические характеристики являются основополагающими как наиболее оперативные. Они позволяют формализовать многие технологические операции и оптимизировать их протекание, а также оценить в комплексе структуру изделий.

На Фаринографе «Vrabender» исследовано влияние композиции органо-порошков на реологические свойства теста. Тесто готовили из пшеничной муки первого сорта торговой марки «Цесна». (таблица 1).

Таблица 1- Влияние композиции органо-порошков из растительного сырья на реологические свойства пшеничного теста

Наименование образца муки	Водопоглощение (Waterabsorption), % (скорректированное к 500 FU)	Водопоглощение, %, (скорректированное к влажности 14%)	Время развития (Development time), мин	Степень стабильности, мин	Степень отклонения (Tolerance index MTI), [FU]	Номер качества по Фаринографу
Мука (контроль)	56,2	56,2	3,4	7,1	5	70
Опыт 1	56,8	56,8	1,4	2,2	6	54
Опыт 2	54,6	54,6	8,3	2	1	326
Опыт 3	55,6	55,6	0,9	4,3	1	99
Опыт 4	55,8	55,8	2,0	3,3	1	14
Опыт 5	55,5	55,5	6,0	1,4	1	402

--	--	--	--	--	--	--

Приведенные в таблице 1 данные свидетельствуют о том, что при введении композицию органо-порошков из растительного сырья величина водопоглощительной способности изменяется от 54,6% до 56,8%, то есть все образцы муки имеют среднюю величину водопоглощения.

Время образования теста (развития) – это время от начала добавления воды до точки на кривой непосредственно перед появлением первых признаков снижения консистенции теста. При композиции механоактивированных органо-порошков эта величина практически не изменяется и составляет 0,9 – 8,3 мин. Более высокое значение времени образования теста приводит к более высокой стабильности теста и отсутствию разжижения теста.

Стабильность (время устойчивости теста или время между первой и второй точкой пересечения верхней кривой фаринограммы с линией консистенции 500 FU) характеризует устойчивость муки к замесу. Этот показатель имеет средние значения у опыта №3 и №4: 14,3 и 13,3 мин соответственно для данных опытов необходимо увеличить время замеса теста или его интенсивность.

Степень разжижения теста (степень отклонения) также является важной характеристикой качества муки. Увеличение этого показателя при использовании композиции механоактивированных органо-порошков свидетельствует об укреплении физических свойств полученного полуфабриката, что положительно влияет на качественные характеристики готового хлеба. При внесении композиции механоактивированных органо-порошков степень разжижения теста увеличивается соответственно в 56; 36 и 40 раз [FU].

Показатель качества муки (номер качества) может использоваться вместе или вместо устойчивости и степени разжижения, существует высокая корреляция показателя качества с устойчивостью и степенью разжижения [ГОСТ Р 51404-99]. Это можно наблюдать на опыте №2. При введении композиции механоактивированных органо-порошков в муку номер качества по Фаринографу увеличивается в 1,5 раза.

Слабая мука: размягчается рано и быстро, низкий номер качества. Сильная мука: размягчается поздно и медленно, высокий номер качества. Анализ полученных фаринограмм показывает, что все исследованные образцы муки можно отнести к средней по силе муке.

Таким образом, по результатам реологических исследований видно, что введение композиции механоактивированных органо-порошков способствует увеличению показателя качества муки, что свидетельствует об укреплении физических свойств полученного полуфабриката.

Список литературы

1. Ауэрман Л.Я. Технология хлебопекарного производства. – Москва: Профессия, 2002. – 415с.
2. Пучкова Л.И., Поландова Р.Д., Матвеева И. В. Технология хлеба, кондитерских и макаронных изделий часть I. Технология хлеба.- СПб.: Гиорд, 2005. -559 с.
3. Шлеленко Л.А. Хлебобулочные изделия с использованием растительного сырья нового поколения// Кондитерская сфера.-2014.№1.-С.58-59.

МЕНИҢ ТУҒАН ЖЕРІМНІҢ ҚАСИЕТТІ ОРЫНДАРЫ

Жұмабай Аружан
ҚазҰАЗУ-ның 1 курс студенті

Аңдатпа

Мақалада Менің туған жерімнің қасиетті орындары туралы баяндалған

Аннотация

В статье описаны святыя места моей Родины

Summary

The article describes the holy places of my homeland

Қазақстан дейтін Ұлы Дала киелі жерлерге толы. Ол жерлерді қадірлеп-қастерлеу – бүгінгі ұрпақтың парызы. Кие тұнған Қазақстан – рухани дәстүрдің бастауы. Олар – ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүріміз.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымының ерекше маңыздылығын атап өтті. «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де, бізді кез-келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі», – деді Мемлекет басшысы.

Менің туып өскен жерім — Алматы облысы. Алматы облысының байлығы өте көп және қазынаға бай жер. Біздің жеріміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік асқар тау, мөп-мөлдір көлдер, неше түрлі өсімдіктер мен дәрілік қасиеті бар шөптер өседі. Алматы жерінде аңдар мен құстар, не ше түрлі жануарлар жасайды. Сол жерде біздің ата-бабаларымыз, батырларымыз, ақындарымыз, ғалымдарымыз туып өскен. Қазіргі таңда жеріміз толық зертеліп бітпеген жерлер өте көп. Тәуелсіздік алған жылдарда бұл бағыттағы жұмыстар күрт жанданғаны баршамызға мәлім. Соның ішінде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мыңдаған тарихи-мәдени ескерткіш-нысан жаңғыртылғанын да білеміз. Ал бұл жолғы қолға алынған жобаның ауқымы кең, әрі мән-маңызы тым тереңде жатыр. Алматы қаласы әкімдігі мен қалалық Мәдениет және архивтер басқармасының мұрындық болуымен өткен «Киелі Қазақстан» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына отандық ғалым, тарихшы, қоғам қайраткерлерімен бірге, алыс-жақын шет ел мамандары да қатысты. Конференцияны Алматы қалалық Мәдениет және архивтер басқармасы басшысының орынбасары Данияр Әлиев ашты.

Алматы облысының қасиетті орындары:

Хан тәңірі тауы

"Хан-Тәңірі" шыңы Қазақстан Республикасының Қырғызстанмен және Қытаймен шекарадағы ең жоғарғы нүкте. Ұзындығы батыстан шығысқа қарай 2500 км-ге жуық, солтүстіктен оңтүстікке арай 300 км. Бұл жерде негізінен биік тау туризмі дамыған. "Хан-Тәңірі" шыңы әлемдегі бірден-бір солтүстік жетімыңдық болып саналады, сондықтан, оның шыңына шығу туризмнің айрықша қауіпті түріне жататаны-кіды арастан туристы. Ол, үшкір төртқырлы пирамида түріндегі, әлемнің аса әсем шыңдарының бірі.

Шарын каньоны

Жартасты табиғи өңір; палеоген дәуірінен келе жатқан бірден-бір табиғат ескерткіші. Каньон оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай Шарын өзінің бойымен 154 км-ге созылған. Жартастарының биіктігі 150 - 300 м-ге дейін жетеді. Шарын өзенінің аңғарында Шаған тоғайы сақталған. Мұндай тоғай дүние жүзінде АҚШ-тағы Колорадо штатындағы Үлкен каньон мен осы Шарын каньонында ғана кездеседі.

Есік-сақ қорғаны

Есік обасы (б.з.б.5-4 ғ-лар) - сақ дәуірінен сақталған ескерткіш. Бұл маңдағы сақ дәуірінен сақталған обалар бірнеше топқа блінеді. Мұның ішінде ең көрнектісі - үлкен Есік қорымы. Қорым құрамында солтүстіктен оңтүстікке созыла ауданы 3 км² жерді алып жатқан 45 топырақ оба бар. Алтыншы оба - әлемдік маңызы бар «Алтын адамның» табылуы

себепті ғылым мен мәдениетке «Есік обасы» деген атпен енді. Есік обалары сақ кезеңінің әлеуметтік-экономикалық деңгейін көрсететін ерекше ескерткіштерге жатады.

Таңбалы (Тамғалы) археологиялық кешені

Таңбалы археологиялық кешені 9 км 2 алаңға шоғырланған қоныстар, қорымдар, құрбандық орындары және жартас суреттері (петроглифтер) сияқты әр тарихи дәуірдің 100-ге тарта ескерткіштерін. Бұл жерлерде қола дәуірінің, ерте темір дәуірінің және кейінгі жүздеген жылдардың адамдары жерленген. Ескерткіштің негізгі бөлігін ежелгі және ортағасырлық көшпелілер обалары құрайды. Қазақстан аумағындағы адамдардың осынау көне тұрағының бірі ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мәдени мұрасының тізіміне 2004 жылы енді.

"Жаркент мешіті" сәулет-көркемөнер мұражай кешені

«Жаркент мешіті» кешені - XIX ғ. Сәулет өнері ескерткіші. Тянь Шань шыршасынан дайындалған. Арқалығы ағашқа түсірген әсем оймышпен нақышталған. Құрылыс жұмыстары Пекиннен шақырылған Қытай маманы, инженер – Хон Пиктің басшылығымен жүргізілді. Тапсырыс беруші Вали Ахун Юлдашев. Кешеннің ең басты нысанының маңыздысы, мешіт ғимараты болып табылады. Мешіт сол уақыттың ең түп нұсқалы әдісімен салынды. Құрылыс кезінде не шегелер, не тұтқалар (скобы) қолданылмады. Кешеннің құрамына кіретіндер: мешіт ғимараты, басты кіру - порталы, медресе, дұға оқитын үй, ақпа - қоршаулар.

Қойлық қалашығы. VIII-XIV ғасыр

Іле жазығының ең ірі қалажұрты. Қалашық X және XIII ғ. басындағы деректерде қарлық жабғуларының астанасы (XI-XII ғ.) кейін Шағатайлықтардың (XIII-XIV.) аса ірі саяси-мәдени экономикалық орталығы болғандығы ретінде белгілі. Сондай-ақ саяхатшылардың қолжазбалары мен археологияқ табылған заттардан - VIII-XIV ғасырлардағы мұсылман мәдениетінің нысандары-христиан шіркеуі, буддамен манихей храмдарынан көре аламыз. Орта ғасырларда Қойлық қалашығы Жетісудың аса ірі-сауда-қолөнер және мәдениет орталығы болды.

Ш.Уәлихановтың мемориалдық кешені

Ш.Уәлихановтың мемориалдық кешені 1985 жылы Алтынемел баурайында ұлы ғалымның туғанына 150 жыл толу құрметіне ашылды. Ансамбльдің басты ғимараты-Ш.Уәлихановтың ғылыми-шығармашылық мұрасын бейнелейтін музей үйі. Музей үйінің сыртқы пішіні қазақ халқының мемориал энергиясының дәстүрінен («төрт құлақ») туындаса, ішкі кеңістігі киіз үйді, жолаушының шатырын. Ш.Уәлихановтың мемориалдық кешенінің жобасы 1987 жылы Софияда өткен «Интерарх» халықаралық байқауында 2 орын алып, күміс медальға ие болды.

Орбұлақ шайқасы болған жер

Орбұла шайқасы-қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысындағы алғашқы бетбұрысты оқиға. Бұл соғыс 1643 жылдың жазында қазақ қолын басқарған Жәңгір сұлтан мен жоңғар қолын басқарған Батыр қонтайшы арасында өтеді. Жәңгір жоңғарлардың жолын кесу үшін білтелі мылтықпен қаруланған 600 сарбазбен қарсы аттанады. Әлемдік соғыс өнерінің жылнамасына еруге лайық Орбұлақ шайқасында осы 600 қазақ сарбазы 50 мың жоңғар қолын тас-талқан етіп жеңеді.

Аңырақай шайқасына қойылған белгі

Аңырақай шайқасы - қазақ-жоңғар соғысындағы ең ірі және шешуші шайқастардың бірі. Бұл - қазақ жерінің тұтастығын сақтап, қалауға негіз болған шайқас. 1723 жылы қазақ елі сұрапыл апат - «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» трагедиясына ұшырайды. Ол әлеуметтік алауыздық пен бытыраңқылықтың зардабы болды. Көп ұзамай, 1726 жылы Арқа беттегі Бұланты өзенінің бойында басқыншыларға бірлесе тойтарыс берді. Осы шайқасты жоңғарларды ойсырата жеңген қазақтың мерейі үстем болды. Жеңіс қазақ халқының рухын көтерді. Қазақ жерін тұтас басып алуды көздеген жоңғарлардың алғаш беті қайтты. Осыдан кейін-ақ жоңғарлар әлсірей бастады, ақырында Цин империясының жемтігіне айналған жоңғар мемлекеті осылайша мүлдем құрыды. Бұл жеңіс қазақ халқының

еңсесін көтеріп, азаттық күресте жігерлендірді. Қазақ халқының бүкіл Орта Азияда үлкен күш екендігін көрсетті.

Ж.Жабаев кесенесі

Жамбыл Жабаев (28.02.1846, Жамбыл облысы, Жамбыл тауының етегінде - 22.06.1945, Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылында) - ақын, жырау, жыршы. Ұлы жүз құрамындағы Шапырашты руының Екей тармағынан шыққан. Кесене 1970 және 1996 ж. қайта жөнделіп, ақ мәрмәрмен қапталған. Кесененің дәл ортасына ұлы жыршыға құлпытас қойылған. Ақын денесі осында жерленген. Кесененің дәл іргесінде, сол жақ босағасына ақынның киесі - қызыл шұбар жолбарыс мүсіні орнатылған (1996). Кесене Ж.Жабаев мұражайының бағында орнаментован.

Наурызбай батыр кесенесі

Наурызбай батыр Құтпанбетұлы (1706-1781) Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Дегерес ауылының маңында дүниеге келген. Ұлы жүз шапырашты тайпасының Төлеміс руынан тараған, жоңғарларға қарсы күрескен батыр. Ел ішінде ғылыми әдебиеттерде шапырашты Наурызбай деген атпен белгілі. Кесене 2006 жылы Наурызбай батырдың 300 жылдығы құрметіне кәсіпкер ұрпақтарының демеушілігімен орнатылған.

Қапал батыр кесенесі

Қапал батыр (1513-1606). Шежіре бойынша ұлы жүз Дулаттың Жанысынан Жанту, Жантан, Жарылқамыс, Бөгежіл, Қапал, Шегір, Оймауыт атты жеті ұл туады. Әкесі Жаныс бабамыз 1452 жылы туылған деген мәліметке қарағанда Қапал батыр XI ғасырдың аяғы мен ХҮІ ғасырдың басында өмір сүрген. Қапал батыр мен Есім ханның баслығымен Жетісу аймағын басқыншы қарақытайлардан азат етіп, халқына тыныштық өмір орнатады. Ол Тәуекел ханның тұсында да Сыр бойын шапқыншылардан босатып, бейбіт өмір орнатуға үлес қосқан. Кесене Қапал батырдың жерленген бейітінің үстінен салынған.

1916 г. жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің ірі ошағы Қарқара көтерілісі болған жерге қойылған Ереуіл төбе ескерткіші

XX ғасырдың бас кезінде халқымыз бостандық жолындағы ұлт-азаттық көтерілістердің бірі - Жетісу аймағындағы Қарқара көтерілісі болатын. Қарқара аймағындағы қанды-қырғын қарапайым халықты, қарттарды, балаларды, әйелдерді қырып жойды, жергілікті халықты тонады. Бұл күреске кедейленген орыс, қазақ, қырғыз, ұйғыр топтары бірігіп қатысты. Бұл тарихи оқиға кедейлердің, жұмысшы мен шаруаның саяси ұлттық санасын оятты.

Көтеріліс жеңіліске ұшырағанына қарамастан, қазақ халқының азаттық қозғалысындағы тарихи маңызы зор болды. Қарқара көтерілісі барысында өкімет құрылымы-барысында өкімет құрылымы-барысында өкімет құрылымы, арулы клты, ару аппараты Ауқымдылығы мен қатысушыларды қамтуы және зардаптары жағынан алғанда бұл көтеріліс патшалық Ресей отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық күрестің шырқау кезеңі болды.

Малайсары Тоқтауылұлы Басентин кесенесі

Малайсары стансасында Малайсары батыр XVIII ғасырдың басында жоңғар шапқыншылығына ұшырап, елімізді қорғау жолында мыңбасы болып, ата жаумен айқасқан халқым басыызң рірла.

Мыңбасы болып, Жаңақорған, Шымкент қалаларын азат ету ұрыстарында жан аямай шайқасып, өз есімін ерен ерлігімен ел есінде қалдырды. Малайсары Арқа бойынан жауды қуып, ел-жұртынан жырақта, Жетісу жерінде, Алтынемел баурайында шайқаста алған жарадан қайтыс болған. Ал Жетісулық бабаларымыз елі мен жерін қорғаған батырын ұмытпай, өзі қайтыс болған Алтынемелден шамамен 60-70 шақырым жердегі тауды Малайсары тауы деп атаған. Малайсары батырдың шыққан тегі орта жүз арғын елінің ішінде Бәсентиін руы болады. Малайсары батыр Малайсары стансасынан батысқа қарай 3 шақырым жердегі Қызылсораң деген биіктеу жерге жерленген.

Көлсай көлі

«Солтүстік Тянь-Шань маржандары» атанған Күнгеі Алатау жотасында көрікті Көлсай көлдері орналасқан. Бұл көлдердің пайда болу тарихы шамамен 1887 және 1911 жылдар. Көлдер тектоникалық жағдайлармен Қайыңды және Көлсай өзендерінің арналарында пайда болды. Көлсай өзенінің ағымында үш көл орнаментовқан: Жоғарғы Көлсай, Ортаңғы Көлсай, Төменгі Көлсай.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1) Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»: атты Қазақстан халқына Жолдауы: 2014 жылдың 17 қаңтарында

2) Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру атты мақаласы

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУДЕГІ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Тохташ Зухра Жораханқызы
Алматы, Қазақ Ұлттық Аграрлық Зерттеу Университеті
«Су, жер және орман ресурстары» факультеті,
«Жерге орналастыру мамандығы» 2 курс студенті
Ғылыми жетекші: Сырбаев Е.Ө.
Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтарының мәдениеті
Кафедрасының аға оқытушысы

Аннотация. Бұл мақалада қозғалатын тақырып қазіргі таңда өзекті, күрделі, аса маңызы бар мәлесе Латын графикасына көшу, ондағы бізге берілетін мүмкіндіктер және де ұтымды әрі дұрыс шешім екені қарастырылды. Бір жазудан екіншісіне көшу халықтың осы рухани байлықтан сусындауына қосымша қиындық келтіруі мүмкін екендігі де талай адамға ой салары сөзсіз...Латын графикасы еліміздің өркендеп дамуы үшін маңызды шешім екендігі аталып өтті. Мақала жазу барысында сараптама, талдау, логика, баяндау мен тезистер сияқты әдіс-тәсілдер қолданылды.

Кілт сөздер: әліпби, жаһандану, жетістік, заман талабы, даму, тәуелсіздік.

Жаңа әліпбидің бізді жаңа мүмкіндіктерге, жаңаша жетістікке бастауы сөзсіз. Неге, себебі латын қарпі – интернет пен ІТ-технологиялардың, ғылым мен техниканың тілі. Латын әліпбиі рухани болмысты байытып, қоғамдағы ой-санамызды жаңғыруына сеп болары анық. Бұл әліпби тек Қазақстандықтар ғана емес, сонымен бірге төрткүл дүниеге тарыдай шашылып кеткен қандастарымызға да ортақ әліпби. Латын әліпбиі – түркі әлемімен ықпалдасудың бірден –бір төте жолы. Өз ерекшеліктерімізді сақтай отырып әліпбиді өзгерту тіліміздің халықаралық аренаға шығуына сонымен бірге ғылыми-техникалық прогрестің заманауи жетістіктеріне жол ашады, коммуникациялық үдерістерге одан әрі интеграциялануға, әлемдік мәдени тұтастықты нығайтуға мүмкіндік береді. Ақпарат алу мүмкіндіктері кеңейіп, шет тілдерден енген сөздер ұлттық ерекшеліктерімізге қарай икемделіп, көп ұлтты халқымыздың бірлігін одан әрі бекемдеп, бүкіл түркі әлемін біріктіруге күш салады. Латын әліпбиіне көшу үрдісі бір күндік шаруа емес әрине, кезең-кезеңмен жүзеге асырылады әрі зор жауапкершілікті қажет ететін бастама. Латын әліпбиін пайдалануда мемлекеттіліктің іс жүзінде барлық бағыттарын қозғайтын маңызды қажеттілік болып табылады. Қазақ жазуының қалыптасуы күрделі және көп қырлы процесс болып саналады. Тарихи және саяси оқиғалар тілдік ортаға және олардың жазбаша ойлар жолдарын қалыптастыруға үлкен әсер етті. Ғасырлар бойы графиканы өзгертудің бір маңызды себебі қазақ дыбыстық ауқымының кейбір элементтерінің айтуы ерекшелігі болғандықтан белгілі бір алфавитті таңдауды қиындатты. Араб, латын немесе славян графиктерін пайдалана жүріп және пайдалану үшін қазақ халқының ғалымдары, әйгілі тұлғалары мен қайраткерлерінің арасындағы талай уақыт бойы келіспеушілік пен пікірталас сүйемелдеуіне пайда болды. Уақыт талаптарына байланысты, сондай-ақ ағылшын тілінде бірқатар пәндерді оқыту, жас ұрпақ үшін көп тілді ортаны дамытуға

байланысты латын алфавитін таңдау туралы жалпы шешім қабылданды. Бұл мақалада осы процестің негізгі мәселелері қарастырылады.

Қазақ тілінің жетілуі заман талабаны сай өзгеріп отырғаны бізге мәлім. Тарихқа жүгінетін болсақ, қазақ халқы өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы араб жазуын пайдаланды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап зиялылар, оның ішінде Ыбырай Алтынсарин тәрізді ағартушылар, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін қалыптастыру үшін оның дыбыстық жүйесін толық бере алатын жаңа алфавит қабылдауды не осы жазуды жетілдіруді күн тәртібіне қоя бастады. Қазақ жазуы - қазақ тілінің әріп таңбаларынан тұратын жазу жүйесі. Көне заманнан бері қазақтар әртүрлі жазу жүйесін пайдаланып келген. Олардың алғашқысы қазақпен бірге басқа да түркі халықтарына ортақ болған руна жазуы. Осы жазу үлгісінде Күлтегін, Білге қаған ескерткіштері сияқты көне түркі мұралары сақталған. V-XII ғасырларды қамтитын руна жазуы Орхон, Енисей, Талас өзендері бойынан табылып отыр. Мұның өзі біздің ата-бабаларымыздың өмір сүрген географиялық орындарын көрсетеді. VIII-IX ғасырларда қазақ даласына мұсылман дінінің келуі - араб жазуын ала келді. Араб графикасына негізделген жазу үлгісі 1929 жылға дейін сақталып келді. Яғни осы тұсқа дейін жазылған еңбектер араб жазуы негізінде хатқа түсті. Оны Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім сияқты ұлы тұлғалар қолданды. XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы араб жазуын қазақ тілінің заңдылықтарына орай бейімдеп, қазақ әліпбиін жасады. Осы әліпби негізінде кітаптар жарық көрді, шәкірттер білім алды. Мағжан, Абай, Мұхтар секілді алыптардың еңбектері осы әліпби негізінде жазылды. 1929-1940 жылдар аралығында халқымыз латын графикасы негізіндегі әліпбиді пайдаланды. 1940 жылдан бастап қазіргі қолданыстағы кириллицаға негізделген әліпби қолданылууда. Қазіргі кезде мемлекетіміз латын әліпбиіне көшуге қызу дайындық үстінде.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын қарпіне көшіру туралы Жарлыққа қол қойғанын барша халық ыстық ықыласпен қабылдады. Бұл еліміздегі ерекше маңызды шешімдерінің бірі болды. Бұл орайда қарсылық танытқандарда жоқ емес. Жазуды жаңа әліпбиге көшірудің мәдени-әлеуметтік, ақпараттық, педагогикалық лингвистикалық, экономикалық, саяси себептері бар. Осы орайда, қазақ жазуын латын графикасына көшіру де мезгілі жеткен мәселе екенін қазіргі Қазақстан қоғамында болып жатқан талқылаулардан белгілі. Ақпарат алу мүмкіндіктері кеңейіп, шет тілдерден енген сөздер ұлттық ерекшеліктерімізге қарай икемделетінін, көп ұлтты халқымыздың бірлігін одан әрі бекемдеп, бүкіл түркі әлемін біріктіруге күш салатынын да атап айту керек. Бұқаралық ақпарат деректеріне сүйенсек, бүгінде әлемнің 70% елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп отырғаны мәлім, сондай ақ ғылыми зерттеулермен танысуда. Бұл дегеніміз – білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білідерді. Демек, латын әліпбиінің біздің отанымыздың әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу талабының орындалуы жолында маңызды роль атқаратыны сөзсіз. Елімізде қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру реформасы ҚР Үкіметі бекіткен үш кезеңнен тұратын ұлттық іс-шаралар жоспарына сәйкес бекітілді. Әрбір кезеңде атқарылатын шаралар жоспарланып, мақсат-міндеттер айқындалды. Реформаны жүзеге асыру үшін қажетті материалдық, техникалық, кадрлық, т.б. алғышарттар қарастырылған. Барлық озық технологияның тіліне айналған латын әліпбиіне көшу — еліміз үшін, өнеріміз бен мәдениетіміз үшін үлкен рухани құбылыс болмақ. Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында бұл мәселені таяу жылдардағы негізгі міндеттердің бірі деп бекітті. Әлемдік өркениет көшінен қалмай, қазақ тілінің халықаралық дәрежеге көтерілуін қаласақ, латын қарпін қолданысқа енгізудің мәні орасан. Ал жазудың қазіргі өмір сүріп отырған ортамызда хабар тарату үшін, өткенімізді танып, болашаққа із қалдыру үшін аса маңызды құндылық екені айтпаса да белгілі. Сол жазуды қалыптастырып тұрған ең ұсақ бөлшек – әріптің тілдің мәнін ашатын дыбысты таңбалайтынына келсек, ол тіптен өзекті дүние. Сондықтан да болар, қазақ тілінің

әліпбиін латын графикасына негіздеп жасау мәселесі еліміздің күн тәртібіне қойылғалы бері бұқарада үлкен талқылау болды. Осы күнге дейін ұсынылған нұсқалардың артық-кем тұстары сараланды, еленді. Енді міне, Елбасының Жарлығымен бекітілген әліпби нұсқасына көпшіліктің көкейінде жүрген өзгертулер енгізілді.

Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондайақ ХХІ ғасырдың ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты» деген болатын. Демек, саяси-әлеуметтік мәні бар қадамымыз мемлекетіміздің барлық саласы үшін аса қажетті, болашаққа үңілудің пәрменді белгісі. Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің жетілдірілген тұсын бәріміз байқап отырмыз, алдыңғы нұсқаға қарағанда көңілге қонымды, мәселен, көпшіліктің арасында резонанс тудырған апостроф енді жоқ, оның орнында тілшілер «акут» деп атайтын бел-гісі бар әріптер болатын болды, сонда бір дыбыс – бір таңба принципі орындалған екен. Бұл мәтінді жазу кезіндегі көзшалым тұрғысынан туындаған қиындықтарды жояды десе де болады. Екі әріп диграфтармен келіпті, ол да әлемдік тәжірибеде көзге үйреншікті таңбалар. Сондықтан да Елбасының осындай өзгерістер енгізуге рұқсат бергендігі құптарлық жайт. Қазақ тілінің әліпбиін ауыстыруға халық болып пікір қосуымыз – жазудың да мемлекеттік рәміздер сияқты тәуелсіздігіміздің айғағы екендігін терең түсінгендігіміз. Қазақстан халқының рухани жаңғыруы да, соның ішінде, еліміздің білім беру жүйесінің жетілуі де жазу жүйесінің әлемдік стандарттарға икемделуіне тікелей қатысты. Осыған орай Елбасы Н.Назарбаевтың биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында жетінші басымдық ретінде адами капитал сапасын жақсарту мәселесі алға тартылғандығы да бүгінгі күні елеулі оқиға болып отырған өзгеріске (әліпби өзгерісі) байланысты. Байқасақ, жазуымыздың негізі болып табылатын әліпби мәселесі ел болашағы – бүгінгі жастардың дұрыс қалыптасуына, бәсекеге қабілетті маман болуына, сауатты ұрпақ ретінде өсуіне, сайып келгенде, әлемдік аренада сапалы қазақстандық тұлға ретінде өз орнын табуына үлкен сеп болатынына көз жеткіземіз.

Тұжырымдар мен ұсыныстар. Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасынан кейін Қ.Қ. Тоқаев латын графикасына негізделген бекітілген әліпбиді жетілдіру үшін 2019 жылғы 21 қазанда емле жөніндегі жұмыс тобының ғалымдары бекітілген алфавитке ғылыми-тәжірибелік апробация жүргізді. Латын графикасына негізделген 40-тан астам жоба ғалымдар әліпби жобалары авторларының тікелей қатысуымен қаралды, талқыланды және талданды Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тапсырмасына сәйкес, 2020 жылдың 4-5 наурызында еліміздің барлық аймақтарында жоғары оқу орындары, колледждер мен мектептердің филологтары, қазақ тілі мұғалімдері мен әдіскерлерінің қатысуымен ашық республикалық пікірталас өтті, оған 630 маман қатысты. Пікірталас нысаны - Емле жұмыс тобының мүшелері әзірлеген жобаның құрамына С, W, X таңбаларының жетілдірілген алфавитін енгізу және дыбыстарды таңбалау және қ дыбыстарына белгілер беру, елдің 9 бөлігі Емле мүшелері жасаған жетілдірілген алфавиттің жобасын қолдады. 16 аймақ С, W, X таңбаларын алфавитке енгізбеді, тек пернетақтаны қолдайды, 15 аймақ алфавитке Ц И Ч дыбыстарын енгізуге қарсы. Төтенше жағдайда әліпбиді жетілдіру жұмысы онлайн режимінде жалғасты. 2020 ж 15 сәуірінде Емле жұмыс тобының мүшелері мен Тіл білімі институты ғалымдарының қатысуымен онлайн-кездесу ұйымдастырылды. Жиналыстың күн тәртібінде / y / ı / i / белгілерінің дыбыстық мәні қарастырылды. Жалпы тәжірибеге және алфавит құру теориясына сәйкес, 20 сәуір мен 6 мамыр аралығында емле бойынша жұмыс тобының ғалымдары фонетика, емле және түркі халықтарының алфавитін құру тәжірибесі бойынша 18 онлайн дәріс өткізді. Дәріске еліміздің барлық аймақтарынан ғалымдар, аймақтық оқу орталықтарының оқытушылары мен әдіскерлері қатысты. Бұл дәрістер Youtube арналарында және Facebook әлеуметтік желілерінде онлайн режимінде көрсетілді. Мемлекет басшысының тапсырмасынан бастап 3 медиа-жоспар жасалды, әліпби құрылысы,

оның ұстанымдары мен жеке кейіпкерлері туралы 582 ғылыми мақала жарық көрді. Жақсартылған алфавиттегі жеке кейіпкерлерді талқылау жұмыстары жүргізілуде. Мемлекеттік сыйлықтың иегері М.Мырзахметұлы латын жазуына көшудің бес артықшылығын көрсетеді: «1-ден, қазақ тілі табиғи қалыпқа түсіп, жасандылыққа ұрынған артикуляциялық базасынан арылып, табиғи қалпына түсер еді; 2-ден, әріп сандары 42 әріптен 28-34-ке дейін қысқарып, жазу сыйымдылығы артып, машинкаға да, компьютерге де сыйымды болар еді. Интернетке де кедергісіз шығар едік; 3-ден, латын жазуына өтуге біздің тәжірибеміз де бар. Қазіргі аға ұрпақтың бәрі де латын жазуын қиналмай оқи береді. Ал жастар болса шет тілдерін оқығандықтан, латын әрпімен таныс болғандықтан, тез меңгеріп кетеді; 4-ден, біз латын әрпін біркелкі ортақ таңбамен алсақ, түрік халықтары бірін-бірі оқи алатын мүмкіндікке келеді; 5-ден, ең бастысы – санамызға күнде әсер етіп отырған кеңестік идеология мен дүниетанымның тұтқынынан босаймыз» [5,246-247]

Ел әлі күнге дейін сәл өзгертілген орыс кирилл алфавитін қолдана отырып - өтпелі кезең 2025 жылға дейін созылады. 2021 жылдан бастап Қазақстан азаматтарына жаңа төлқұжаттар мен жеке куәліктер беріле бастайды, ал 2024-2025 жылдары мемлекеттік органдардың латын әліпбиіне көшу жұмысын бастайды. Қазіргі уақытта латын әрпін қолдану, ең алдымен, заман талабы болып отыр. Сондықтан да заманауи технологияларға тәуелді екенімізді мойындап, кез келген жаңа дүниелермен санасуымыз жөн сияқты. «Бұл үдеріс жақсы дайындықты және ойластырылып жүргізілуді қажет етеді. Осы орайда, XX ғасырда кириллица негізінде қазақ тіліндегі әдеби және ғылыми мұралардың ауқымды қоры әзірленгенін есте сақтағанымыз дұрыс. Ең маңыздысы, қазақстандықтардың болашақ ұрпағына арналған халықтың осынау қазынасы жоғалып кеткен жоқ. Біз қазақ тілін латын әрпіне көшіру жөнінде мемлекеттік комиссия құрамыз», – деді Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз сөзінде.

Қорытындылай келе, Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлының:

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген сөзі бар. Ал Әріп сол тілдің ең маңызды құралы іспеттес. Бұл бізге таңсық дүние емес. Алаш қайраткерлері де латын қарпін жазу-сызуда қолданды. Латын графикасы әлемде кеңінен қолданылады. Дүниеде бүкіл ғылыми үздік еңбектер, ақпараттар, елімізге керекті заманауи технологиялар латын әрпімен баяндалып жазылған. 30- дамыған елдер қатарына кіру үшін бізге бұл істе дереу әрекет қажет. Уақыт зымырап, көштен қалып қоямыз. Сондықтан осы қимылдарымыз сәтті болғай. Қырықтан астам елдерде тарыдай шашырап жүрген ағайын-бауырларымызбен толыққанды қатынасу үшін, жастарымызды бір-біріне жақындату үшін, бізге тез латын әрпіне көшкен жөн. Цифр-лы Қазақстан құру мақсатына жету үшін де заманауи әліпбиі керек. «Латын әліпбиіне көшу – ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлеммен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады» деген пікірлерге мен де толықтай қосыламын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дирингер Д., Алфавит, М., 1963
2. Добиаш-Рождественская О.А., История письма в средние века, М.—Л., 1963.
3. «Латын әліпбиі – рухани тәуелсіздік» // https://massaget.kz/mangilik_el/48132/. massaget.kz // 21.02.2016 жыл
4. «Латын әліпбиіне көшу қаншалықты маңызды?» Линвистердің пікірлері «Егемен Қазақстан» газеті, 10 тамыз 2016 жыл. // <https://www.oinet.kz/news/onir/i6267>
5. «Латын әліпбиінің жаңа үлгісі таныстырылды» // «Егемен Қазақстан» порталы, 11.09.2017 жыл. // <https://egemen.kz/article/158164-latyn-alipbiininin-ulgisi-tanystyryldy>
6. «Латын әліпбиіне көшу – уақыт талабы» // Орталық Қазақстан. – 18 сентября 2017. // <http://ortalyq.kz/2017/09/18/>

БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА МАМАНДЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ТЕРМИНДЕРДІ МЕҢГЕРТУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Джулдикараева Ф.Т., Рыскелдиева Г.Д., Оспанова А.А

Л.Б.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты Алматы қ.

Аңдатпа

Мақалада білім алушылардың мамандықты жан-жақты ғылыми негізде игеруі мен техника тілін кәсіби бағытта меңгеруі жайында айтылған.

Түйін сөздер: кәсіби біліктілік, құзыреттілік, бағдарлы үйрету, өмір талабы, нәтиже, ізденушілік әрекет, оқыту технологиясы, жүйелі пайдалану, нақты міндет, сапалы деңгей.

Аннотация

В этой статье рассматривается значительность обучения профессиональному казахскому языку специалистов технических профилей.

Ключевые слова. Профессиональная квалификация, профильное обучение, требование жизни, результат, соискательное действие, технология обучения, системное использование, точные обязанности, качественный уровень.

Annotation

This article discusses the significance of the professional training to the Kazakh language of technical specialists.

Keywords. Professional qualifications, specialized education, a requirement of life, the result soiskatelnoe action, education technology, system use, the precise duty, high-quality level.

Кәсіби білікті мамандарды мемлекеттік тілде дайындаудың алғышарты – техникалық оқу орнында оқып жүрген білім алушы студенттер өз мамандықтары саласындағы ғылыми терминологияны толық игеру тиіс. Егерде студент техникалық жоғары оқу орнында мамандық негіздерін ғылыми тұрғыда меңгермесе, онда нағыз біліктілік деңгейіне жете алмайды. Бұл – қазіргі тұрмыс шындығы.

Тіл үйрету кешені маманның кәсіби – дүниетанымдық бағыт-бағдарымен табиғи түрде үйлесу үшін мемлекеттік тілді кәсіби бағдарлы үйретудің мақсаты мен міндеттерін, мазмұнын айқындайтын факторларды, оның құрылымы мен жүйесін, оқыту технологиялары мен үйренушінің тілдік біліктілігіне қойылатын талаптарды анықтаудың жаңа заманға сай стратегиясы мен тактикасын ұстану қажет. Осы орайда тіл үйренуші студенттің немесе маманның өздігінен жұмыс жасауына, ізденушілік әрекетінің белсенді дамуына бағытталған оқыту технологиялары мен жүйелерін пайдалану тиімді. Атап айтқанда, мемлекеттік тілді үйретудің нәтижеге бағдарлануын, яғни кәсіби техника тілін үйрету сапасының деңгейін көтеруге қатысты алғышарттарды қамтамасыз ететін оқыту технологиясын қолдануға аса мән берілуі қажет [1].

Бағдарламаның негізінде оқулықты жазатын автор біздің ойымызша, біріншіден, сол мамандықты жан-жақты ғылыми негізде игерген, мамандығының тарихын, қазіргі өмірдегі орнын, келешектегі рөлін толық жетік білгендігімен ерекшеленеді. өз ғылымының саласын теориялық және практикалық тұрғыда жетік білетін білікті автор ғана дайындаған еңбегі арқылы нағыз ұлттық мамандарға пайдасын тигізетін құрал жаза алады.

Ұлттық мамандықтарды дайындаудың жаңа бетбұрысы – оларды мемлекеттік тілде жазуға және сөйлеуге қалыптастыру. Ол үшін ұлттық мамандықтарды дайындауға арналған, ғылыми-техникалық жетістіктерге негізделген оқулықтар жазылуы тиіс. Сол бағдарламаны эксперименттік сынаулардан өткізу - қазіргі уақытымыздың өзекті мәселесі. Әрине, осындай бағдарламаларға негізделген оқулықтар жазылуы тиіс, олай жасалмаса мемлекеттік тілде жазатын, сөйлейтін мамандарды дайындау мүмкін емес.

Келешектегі ұлт маманының тек мемлекеттік тілді ғана жетік игеріп қоймай, қосымша бірнеше тілдерді игеру – қазіргі өмір талабы. Бірнеше тілдерді толық игерген

ғана жас маман, біріншіден, күнкөрісіне қажетті еңбекке орналаса алады, екіншіден өз мамандығы бойынша кәсіби толысуға, кемелденуге мүмкіндік алады. Яғни, бірнеше тілді игерген маман өмір бойы кәсіби қалыптасуын жетілдіреді, дамытады, тереңдетеді. Техникалық жоғары оқу орындарындағы мамандықтар бойынша оқитын студенттер үшін кәсіби – ғылыми терминдер жүйесі ұсынылады. Осыдан келіп мемлекеттік тілдің негізінде мамандықтарды дайындайтын ғылыми тіл қалыптасады. Кәсіби терминологиялық жүйені игерудің өзіндік ерекшеліктері бар екенін ұмытпаған жөн, себебі сол ерекшеліктерді толық түсінбеген жағдайда оны толық игеру мүмкін емес, оған осы салада ғылыми ізденіс жасап жүрген ғалымдардың ғылыми – зерттеу жұмыстары толық дәлел бола алады. Кәсіби терминологиялық жүйедегі ғылыми тілді игеру сатылары мынадай ерекшеліктерден құралады [2]:

- ғылыми сөз тіркестерінен ғылыми терминдерді айыра білу;
- ғылыми терминдердің жасалу жолдары мен тәсілдерін игеру;
- ғылыми терминнің негізгі мағынасының, жаңа терең мағынаға айналатынына көз жеткізу;
- ғылыми тілдің тілдік жүйесін игеру;
- ғылыми тілдегі термин баламасының төл-тума терминге айналуы – мемлекеттік тілдің жоғары ғылыми сатыға көтерілгенінің дәлелі.

Жаратылыстану, техникалық ғылымдар саласындағы ғылыми тіл стилистикасын игеруде терминдердің көп мағыналығын түсінуге үлкен мән берілуі тиіс. Терминдік синонимдерді түсініп, орынды қолдана білу ғылыми тілде шындалудың негізі саласы болып табылады.

Кәсіби тілді меңгерудің ең жоғары сатысы – ғылыми әдебиеттің синтаксисін әдебиет тілінің синтаксисінен ажырата білу, оның ерекшелігін түсініп, ғылыми ойды ғылыми тілдің синтаксисіне негіздей білуді талап етеді. Ғылыми ойлау – ғылыми тіл жүйесіндегі терминдерді керек етеді.

Сондықтан ғылыми тілді игерудің шығар биігі – ғылыми ойлауды дамыту. Бұны ескермеген адамның сөйлеу тілі шолақ, түсініксіз, сөйлемдері шұбалыңқы, тұжырымдары күңгірт келетіні ақиқат.

Білім алушылардың терминдерді қолдануды игеру үшін, оларға арналған ғылыми – тәжірибелік конференциялар мемлекеттік тілде ұйымдастырылып, баяндама-хабарламаларын ана тілінде жасап үйренуге жағдай жасалуы тиіс.

Әр студент әр семестрде мемлекеттік тілде екі жазба жұмысын орындауы керек: біріншісі – келешек мамандығы бойынша ғылыми хабарлама, екіншісі –өзінің келешектегі мамандығы бойынша ана тілінде жазылған оқулықтарға талдау жасау. Мұндай жазба жұмыстары студенттердің келешектегі диплом жұмысын, техникалық жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін ғылыми жұмысты мемлекеттік тілде жазуына негіз бола алады.

Ғылыми тілді жан-жақты игерген, оның сан-салалы ерекшеліктерін меңгерген адам қазақи ғылыми сананы қалыптастыруға, ғылыми тілдің ана тіліміздің төрінен лайықты өз орнын алуға үлесін қоса алатынына күмән келтірмейміз. Ғылыми тілді үйрену – ғылыми ойды дамыту, ғылыми ойды ана тілінде қалыптастыру деп ойлаймыз.

Техникалық жоғары оқу орындарындағы орыс тілді оқу топтарында оқитын мемлекеттік тілді үйрету сабақтарының негізгі мақсаты – тіл дамыту, себебі тіл дамыту жұмыстары бір жүйеге келмей, қазақша сөйлеп, жазып үйренулері мүмкін емес екендігін қазіргі тәжірибе дәлелдеп отыр.

Тіл дамыту – тек қазақша сөз байыту емес, сонымен қоса сол сөз қорын белсенді түрде (активті түрде) пайдаланып, бір-бірімен қарым-қатынаста болу.

Мемлекеттік тілде кеңінен сөйлесе білуді дамыту мынадай жүйеде болуы керектігі байқалады [3]:

- тілді практикалық түрде үйрену үшін, мемлекеттік тілді оқытудың өзіндік жүйесін құру;

- тілді практикалық түрде қолдана білу үшін, керекті оқу материалдарын іріктеп, тіл дамытуға ыңғайландыру, сәйкестендіру;
- жұмысына іріктеп алынған оқу материалдары тиімді және ең жаңа әдістемелерге негізделуі тиіс.

Тіл дамыту жұмысының негізгі бағыты – ауызекі сөйлеу болса, ал практикалық қолданыста болуы үшін, соған керекті жағдай туғызылуы керек. Тілдің іс жүзіндегі қолданысы – диалог. Ал, диалог белгілі бір жағдайға (ситуация) құрылады, онсыз тілдік қарым-қатынас жасау, сөйлесу, пікірлесу, ой алмасу мүмкін емес.

Диалогтық сабақтардың ұтымдылығы оның сұрақтарының түсініктілігінде, себебі қойылған сұрақта 60-70 пайызы дайын жауап болуы керек, сондықтан сұрақ қоюға үйретуде оның құрылымына, түсініктілігіне, дұрыстығына, сарынына-үніне (интонациясына) көңіл аудару қажет.

Тіл дамыту сабақтарында әңгімелесу әдісі - өте ұтымды әдіс, ол үшін:

- әңгіменің тақырыбын дұрыс таңдау керек;
- әңгімелесетін оқу материалдары студенттерге жақсы таныс және олар білетін болғаны дұрыс.

Әңгіменің тақырыбы алдын ала келісілген жағдайда, студенттер сабаққа белсенді қатысады да, әңгіме нәтижелі болып шығады.

Белгілі тақырып бойынша әңгіме сабағын өткізгенде, студенттерге сол тақырып бойынша өте жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін тақтаға немесе олардың дәптерлеріне жазған дұрыс. Бірінші сөйлемді оқытушының өзі не оқытушының басқаруымен студенттер бастайды. Мұндай әдіс студенттердің жұмысын тездетуге мүмкіндік береді. Қиналған жағдайда, екінші сөйлемде де бірігіп құрастырған көп жағдайда ұтымды, нәтижелі болып келеді. Негізгі мақсат – студенттерді ойландыру, әңгімелесуге белсенді түрде қалыптастыру.

Тіл дамыту сабақтарында түрлі жаттығуларды ауызша және жазбаша орындау студенттердің қазақша үйренулеріне тікелей көмек тигізеді. Жаттығулардың түрлері [4]:

- өткен грамматикалық ережелерді тиянақтап, дағдыландыру үшін, сол ережелер жиі кездесетін мәтінді пайдалану, яғни грамматикаландырылған мәтін болуы керек;
 - білім алушылардың белсенді сөз қорын (активті) қолдануға арналған жаттығуларды түрлі сипаттарда шығармашылық-әдістемелік тұрғыда қолдану;
 - жүйесі бұзылған мәтінді қалыпты, тиянақты жүйеге келтірілген жаттығулар, яғни логикалық жаттығулар;
 - хабарлы сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдыру жаттығулары;
 - синоним, антоним, омоним сөздерін ауызша, жазбаша қолдану жаттығулары,
- т.с.с.

Тіл дамыту сабақтарында, әсіресе ауызекі сөйлеуде зат пен көрнекілікті пайдалану өте ұтымды әдіс, сондықтан да студенттердің сөз қорын байытуға, өздерінің сөз тіркестерінен сөйлем құрастыруға көп жеңілдік жасайды. Түрлі картиналардың көшірмесін (репродукциясын) пайдалану көп тараған дидактикалық оқу-әдістемелік құралдың бірі екендігі мәлім.

Тіл дамыту үшін университеттің кітапханасындағы диафильмдерді, студенттердің негізгі кәсіби мамандықтарына арналған оқу фильмдерін пайдалану, солардың нәтижесінде қорытынды сабақ өткізу өте тиімді әдіс екендігін біздің тәжірибеміз дәлелдеп келеді. Кәсіби қазақ тілі сабақтарын студенттердің оқып жатқан қазіргі мамандықтарымен байланыстыру, біріншіден, оларды қызықтырса, екіншіден, өздеріне жақын, түсінікті тақырыпта сөйлеу – олардың белсенділігін арттырады. Бітім алушылардың өзара пікір алмасуға сөздік қоры, сөйлеу мәдениеті дағдылары жеткілікті болса кәсіби мамандықтары бойынша жоғары білім иесі ретінде болашақта да әлеуметтік ортада ой бөлісуге, пікір таластыруға мүмкіндіктерінің мол болары анық.

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік Қазақстан Республикасының өндірісі, өнеркәсібі, ғылыми-зерттеу мекемелері салаларында еңбек ететін жоғары білімді мамандарды ұлттық,

мемлекеттік тіл ықпалымен дайындау үздіксіз шығармашылық ізденістерімізбен дамытыла береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдің қатынас теориясы және әдістемесі. Алматы:РБК. 2000
2. Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері, Алматы, 2000, 167 б.
3. Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы» Алматы. Ана тілі, 1992
4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Кен ісі және металлургия. 5000-ға жуық термин. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссия бекіткен. «Рауан», 2000.

REFERENCES

1. Orazbaeva F.SH. Tildin katynas teorijasy zhane adistemesi. Almaty:RBK. 2000
2. Kadasheva K. Kazak tili: okytudyn tiimdi adistemeleri, Almaty, 2000, 167 b.
3. Bajtyrsynov A. «Til tagylymy» Almaty. Ana tili, 1992
4. Kazaksha-oryssha, oryssha-kazaksha terminologijalyk sozdik. Ken isi zhane metallurgija. 5000-ga zhuyk termin. Kazakstan Respublikasynyn Ykimeti zhanyndagy Memlekettik terminologija komissija bekitken. «Rauan», 2000.

Тәрбие не үшін керек?

Әділет Мұса

Б. Момышұлы атындағы Алматы республикалық
«Жас ұлан» мектебі

Аннотация

В статье изложены цели воспитания в контексте духовного обновления

Annotation

The article sets out the goals of education in the context of spiritual renewal

Қай уақытты болмасын үлкендердің өздерінен кейінгілерге көңілі толмайтындығы қаншалықты заңдылық болғанымен, дәл қазір біздің қоғамдағы келеңсіз жағдайлар мен көріп жүрген жағымсыз қылықтар, біздің дәстүрлі тәрбиеден әлдеқашан қол үзгендігіміздің көрінісі екені рас. Күнделікті өмірімізде кездесетін көптеген азаматтардың ерсі қылықтары мен жеке басының мүддесі үшін еліміздің болашағына, экономикасына, ұлтымыздың келешегіне жасап жатқан қиянаттары сөзіме дәлел болады.

Ата-бабаларымыз қашанда «алдымен адам бол...» деген. Сонан кейін білім алуды үйреткен. Біздің бұл ұстанымымызды әл-Фараби, «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп атап көрсетсе де, құлақ асып жатқан адам кемде кем. Біз бірінші орынға білімді қойдық. Тәрбие мәселесі тіпті ескерусіз қалды десе де болады. Мектеп бағдарламасында берілетіні бар болғаны аптасына қырық минут. Оның өзінде сабақ толық өтсе. Күмән келтіретінім, оған баға қойылмайды. Сондықтан да тәрбие сағатына атүсті қарайтын сынып жетекшілері жоқ емес.

Біз бүгін тәуелсіздік алғалы бері 29 жылдың ішінде жиырмаға тарта Білім және ғылым министрлерінің атқарған жұмыстарына куә болдық. Келген әр министр білім саласына өзінше реформа жасады. Ешқайсысы тәрбие мәселесін көтерген жоқ. Ол - ата-ананың, қоршаған ортаның ғана міндеті сияқты ескерусіз қала берді. Ал, біз бүгін соның зардабын тартып отырмыз. Сол себепті басқаларды айтпағанның өзінде, мемлекеттік

деңгейдегі атқамінерлердің үстінен қылмыстық іс қозғалып, нәтижесінде бас бостандығынан айырылып жатыр. Өйткені, олар өте білімді. Заңның, жүйенің, басқа да жетекші құжаттардың осал тұстарын жетік меңгергендіктен, заңдар мен үкімет қаулыларының талабын айналып өтетін тұстарын білгендіктен мемлекет қаражатын да, мүлкін де, басқасын да бас пайдасына пайдаланып кетіп жатыр. Біздің сөз қылып отырғанымыз, БАҚ арқылы жұртшылыққа жеткізіліп жатқан жоғары лауазымды тұлғалар. Одан төмен лауазымдағы біз біле бермейтін мемлекет қаражатын жымқырғандар мен билікті асыра пайдаланғандар қаншама. Күнделікті өміріміздегі ұрлық, кісі тонау, алаяқтық, адам өлтіру фактілері қаншама. Осының барлығы бала тұлға болып қалыптаса бастаған уақытта жауапты адамдардың жіберген кемшілігінен. Өйткені, «балалар туғанда біркелкі жылайды, өскен соң әртүрлі қылық шығарады. Бұл берген тәрбиенің нәтижесі» деген нақыл сөз қалған.

Дәл қазір баласын бауырына басып отырып, өнеге көрсететін ата-ана, оқушысын ертіп жүріп үлгі көрсететін ұстаз кездесе мыңнан біреу. Бұл ел ертеңі үшін жанашырлықтың жоқтығын көрсетеді.

Кейбір ата-ана жұмыстан қолдарының босамайтынын сылтауратып балаларын мектепке өткізіп бергендей сезінеді. Ал, мұғалім ата-анасы бар деп сенеді. Осылай ортада қараусыз қалған балаға ертең ел тізгінін қалай сеніп тапсырамыз.

Кешегі ұлылардың, «Ынсап пен мейірім, әділетті, Жаныңдай көріп жан сақта, Бұл жолды өлсек неміз кетті, Мақсатқа жетпей қалсақта» дегені бүгінгі бала тәрбиесімен айналысушылардың ауызынан, «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деп шығатын сияқты.

«...Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп жатырмыз...» деген сөз тек биік мінберлерден ғана айтылатын жалаң ұранға айналды. Сапалы білім беріп жатқан әртүрлі деңгейдегі білім беру мекемелері алдымен бағаны жоғарылату мәселесіне күш салатын болды. Себебі, жоғары басшылыққа білім деңгейі туралы берілетін есеп бар. Өткен жылдардағы жоғары көрсеткіштер мен пайызға шағылған мәліметтер барлығы тек білім беру деңгейіне ден қоюға мәжбүрлейді. Көрсеткіш төмен болса оқи алмаған оқушы емес, оқыта алмаған ұстаз кінәлі. Әр баланың қабілеті әр түрлі болуы талассыз заңдылық қой. Немесе оқушының бір пәнге бейімі зор болып, екіншісіне құлқы болмауы. Бірақ бұған қарап жатқан ешкім жоқ. Басты мақсатымыз жоғары көрсеткішке қол жеткізу. Оқушыны күштеп екпінділер қатарына, көтермелеп үздіктер қатарына қосу. Оның бойына адами қасиеттерді сіңіру, ұлтын сүйетін ұлтшыл етіп тәрбиелеу, туған жері мен еліне қызмет ететін адал азамат ету көбінің ойында жоқ. «Ертең ер жеткен соң, өмірден өз орнын табады» деген көңілдегі жұбаныш қана бар.

Мейлі оқушы, я студент болсын оның санасы тұнық, ниеті адал болу керек. Егер санасына жымысқы ой араласса, онда ол ертең қоғамда біздің ортамызға көптеген проблемалар әкеледі деген сөз. Бұл «саналы тәрбиені» және ұдайы көңіл бөлуді қажет ететін жан.

Енді «саналы тәрбиеге» келсек. «Сапалы білім» деген сөзге әдемі жарасатын сөз тіркесі. Бірақ «саналы тәрбие» дегенде біз нені меңзейміз? Сананың да түр-түрі бар ғой. Соның қайсысы?

Ішсем, жесем дегеннен аспайтын «пендешілік сана» ма? Ондай сана баланың бойына туа сала қалыптаспай ма? Оған несіне әуре боламыз. Әлде, «жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүретін», біреудің еңбегімен күн көретін «масылдық сана» ма? Ондай азаматтар бізге не үшін керек? Онсыз да қоластындағыларға өзінің, қала берді жұбайының жұмысын, тіпті баласының мектептегі үй жұмысын істеткізетін басшылар аз ба? Әлде, жүз қазақ отырған жиналысқа келген бір орыс үшін ойланбастан орысша сөйлейтін «құлдық сана» ма? Тәуелсіздік алғалы санамызды қалай жаңғыртамыз деп мемлекеттік деңгейде Елбасының бастамасымен көптеген шаралар атқарылып жатқанда, жас буынның басын тұқыртып біреуге иіп беруіміз дұрыс па? Бала ақпаратты көбінесе құлақпен емес көзбен алатыны рас. Олай болса, жақсы бол деп құр айта бермей, нақты үлгі көрсеткен дұрыс шығар.

Осы тақырыпқа байланысты бір ғана мысал келтіре кетейін. Мектеп бағдарламасында өтетін тәрбие сағаттарына Білім және ғылым министрлігі тарапынан белгіленген тақырыптар бар. Соның бірі «Алғыс айту күні». Елімізде 2016 жылдан бері 1-наурызда аталып келеді. Тәрбие сағаты барысында біз, ата-анаға алғыс айт, ұстазыңа алғыс айт, досыңа алғыс айт, қоғамдық көлікте біреу орын берсе алғыс айт, қарсы алдыңнан шыққан біреу жол берсе алғыс айт деген сияқты кез-келген көмек қолын созған адамның бәріне алғыс айта бер деп үйретеміз. Әрине, ондай жағдайда ризашылық сезімі білдірілгені жөн. Бірақ, Елбасының негізгі мақсаты бұл емес еді ғой...

2015 жылы 15 сәуірде Қазақстан халқы ассамблеясының XXII сессиясында сөйлеген сөзінде, Сталиндік режимнің салдарынан жер ауып келген көптеген өзге ұлт өкілдерін қиын-қыстау уақытта жатсынбай бауырына басып, аузындағысын жырып беріп аман алып қалған қазақ халқының қамқорлығын айта келе, «Қазақстан халқы ассамблеясы құрылған күн – 1-наурызда жыл сайын барлық этностардың бір-біріне және мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді. Ол күн бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір - біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі болар еді», - деген болатын.

Егер біз Қазақстанда тұратын барлық өзге ұлт өкілдерінің санасына мерекенің негізгі мақсаты мен тарихи себебін дұрыс сіңіре алатын болсақ, кешегідей Шелекте шешендермен, Қарағандыда армяндармен, Қордайда күрттермен т.т. ұлтаралық түсініспеушілік болмас еді деп ойлаймын.

Тарихи шындықты айтып, олардың ата-бабаларының аман қалып, өмір сүруіне қазақ ұлты себепкер болғандығын ұдайы есіне салып отырсақ, оның несі айып.

Бұл Елбасының белгілеп берген мерекесі деп қарамай, біздің алдымызға қойған тапсырмасы деп қарауымыз керек. Өйтпесек, өз жерімізде қазақ ұлты біреудің қас-қабағына қарап жәутендеуіне өзіміз себепкер болып тұрмыз деген сөз.

Айтулы мерекенің астарында қазақ ұлтының өзге ұлыстардың алдындағы абыройы, беделі, артықшылығы жатыр деп білгеніміз дұрыс. Қазақстанда тұратын өзге ұлыс өкілдерінің бүгінгі күні жер басып жүруіне, жергілікті ұлтпен тең құқықты өмір сүруіне жағдай жасаған қазақ халқына олар мәңгілік қарыздар екендігін ұмытпағандары абзал. Олар аталарымыздың қолындағы бөліп берген жарты жапырақ наны мен бір уыс құртының өтеуін қазақ ұлтына деген шынайы құрметімен ғана өтейтінін естерінен шығармағандары дұрыс.

Бұл бір ғана мысал, бір ғана тақырыптың төңірегінде айтылған сөз, бір ғана мерекенің мазмұны туралы жалпақ жұрт білуі тиіс шындық.

Бұдан былай жан тыныштыған ойлап, бала тәрбиесіне көңіл бөлмейтін болсақ, ертең өкініштен опық жейтін боламыз.

Енді ғана рухымызды жаңғыртып, санамызды сілкінттік деп жүргенде енжарлығымыздың салдарынан айдың күннің аманында жас ұрпағымызды құлдық санаға таңып берсек, рухымыздың жаңғырғаны емес, жартасқа ұқсап «жаңғырық шығарғаны» болып қалмақ.

Бұдан да басқа ұлттық, мемлекеттік, кәсіби мерекелер мен тарихи даталарды атап өту барысында атқарылатын барлық үлкенді-кішілі шараларда істелетін жұмыс, пайдаланылатын материалдар кеңестік идеологияның емес, тарихи шындықтан тамыр тартып, ұлтымыздың мақсат-мүддесіне қызмет ететіндей болуы тиіс.

Қазіргідей ақпарат тасқынында барлық тақырыпқа ғаламтор желісінен керегіңше материалдар табуға болады. Соны ажырата білгеніміз жөн. Өскелең ұрпақ нені білуі тиіс. Керегі жоқ, кәдеге жарамайтын қолдан жасалған, жымысқы саясаттың сойылын соғатын жасанды ақпараттармен жастардың санасын улаудың орны жоқ.

Айтар ойымыз бен жастарға көрсетер өнегеміз оларды осы елдің иесі екендігіне сендіретіндей, қазақ жерінің қожасы екендігін білдіретіндей, аманатына адал болуына ықпал ететіндей болуы шарт.

Олар алдымен алған білімдерін халқының керегіне жарататындай азамат болып қалыптасқаны жөн. Сондықтан да, білім ордалары тек білім беріп қоймай, тәрбие ісімен де терең айналысатын тәлім ордасы болуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мақал – мәтелдер. Алматы, 2005.
2. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы .7-том. Алматы, 2003.
3. Кенжахметұлы С. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері». Алматы, 2004ж.
4. К.Сариева «Қазақ тілі және елтану». Алматы, 1997ж.

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

**Г.Д. Рыскелдиева, А.С. Итемирова, Қ.М. Дүрімбаева
Л.Б. Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты
Алматы қ.**

Аннотация

В статье рассказывается о современном использовании родного языка

Annotation

The article describes the modern use of the native language

А.Байтұрсынов осы нақыл сөзін қандай түйткілді ойдан қорытынды шығарғанын кім білсін, оқыған кез-келген адамды ойландыратыны анық. Әлде бір ғасырдан кейін қазақтардың өзі ана тілдерінен жерініп, өзгеге әуес болатынын білді ме екен. Не тынысы тарылып, өз үйінде есіктен сығалап өзгелерден қағажу көретінін білді ме?

Бұл бүгін ашылған жаңалық, немесе салған байбалам емес. Қазақ қоғамындағы беті ашық шындық. Оған ана тіліміздің бүгінгі қолданыс аясының тарылғаны, мәртебесі бола тұра орыс тілінен кейін тұруы, ұлты қазақ көптеген азаматтардың өз ана тілдерін білмеуі айқын дәлел. Келелі кеңес, жиындарда орыс тілінің басымдыққа ие екендігі. Тіпті, он қазақ тұрған жерге бір орыс немесе бір кәріс келсе, ойланбастан орысша сөйлейтіндігіміз. Ол біріншіден, өз тілімізге деген құрметтің жоқтығы, екіншіден, санамыздың құлдықтан құтыла алмай жүргені. Бұл біздің намысымыздың. Ынта-жігеріміздің жоқтығының көрсеткіші деп білген жөн. Әйтпесе, Тәуелсіздік алғанымыздан бері өткен отыз жылда өз ана тілін үйренбеу мүмкін емес қой. Ал, қазақ тілін табыс көзі көрген өзге ұлт өкілдері қазақтардың тойында асабалық етіп, мыңдап америка ақшасын тауып жүрсе, кейбірі тележүргізуші болып, басқа да салаларда жоғары қызметтік мансапқа қол жеткізуде.

Қазақ тілі туралы мәселе көтерілген жерде орыс тілді ағайын Кеңес өкіметінің саясатын, өздерінің орыс мектептері мен жоғарғы оқу орындарын орысша оқығандықтарын айтып ақталады. Бұл Тәуелсіздікке қол жеткізгеніне отыз жыл болған ұлт өкіліне жараса ма? Әрине, жоқ. Бұларды ұлтына жаны ашымайтын, елінің болашағына күмәнмен қарайтын жандар деп білемін. Біз бұл сөзімізді қазақтың біртуар ұлдарының бірі Мәшһүр-Жүсіптің, «Ұлттың тілінің кеми бастауы – ұлттың құри бастауы» дегеніне сүйеніп айтып отырмыз. Біреудің ар-ожданына, беделіне нұқсан келтіргім келмейді. Әйтпесе, «...тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер - мәңгірт» дегенді де қазақтың өр тұлғалы азаматтары намысымызды ояту үшін айтқан. Қоғамымыздағы қазақ тіліне байланысты дәл қазіргі ахуал ұлтжанды азаматтардың көңіліне қорқыныш ұялататыны жасырын емес. Себебі, кешегі ұлты үшін жанын берген алаш ардақтысы Х.Досмұхамедов, «Өз тілін білмеген ел – ел болмайды» деген кесімді пікір қалдырған.

Тіл мәселесі көтерілмей жатқан жоқ. Айтылып та, жазылып та жүр. Бірақ нәтиже шамалы. Қағаз жүзінде жеткен жетістігімізді көңілімізге медеу етуден басқа амал жоқ. Қазақ тілін дамытамыз деп әрбір мемлекеттік органдарда мамандар тағайындап, бөлімдер ашқанмен ісіміздің оңалмай тұрғаны рас. Себебі, «Кеңсе қазақша болмай, іс оңбайды» деген Ж.Аймауытовтың сөзіне құлақ аспай жүрміз.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы өз Жолдауында «Қазақпен қазақ қазақша сөйлессін» десе де, «қазақ тілін тек қазақ халқы ғана мемлекеттік деңгейге жеткізеді» деп жөн сілтеп, «ұлттық тілімізді – мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеруге барлық қазақ күш салуға тиіспіз...» деген міндет жүктесе де шыққан биігіміз шамалы. Себебі, әртүрлі деңгейдегі атқамінерлер өз баяндамаларын қазақ тіліне көрсеткен құрметі ретінде басындағы амандасуы мен соңындағы қоштасуын қазақша сөйлеп, ортасын орысша жасайтын оңай амал тауып алған.

Өз тілімізді мәртебесіне сай ету үшін қарекет ететін уақыт келді дегеніміз – ұят. Уақыт өтіп жатыр. Енді қамданбасақ, құрдымға кетуіміз мүмкін.

Халық болып қолға алатын істі кешеуілдетуге болмайды. Бұл ұрандап алаңға шығатын немесе қолға қару алып соғысқа баратын майдан емес. Мылтықсыз майдан. Үйінде бесіктегі балаңнан бастап жүрген ортаңа қазақ тілінің абыройын арттырып, мәртебесін көтеру жолында ықпал ететін майдан. Он қазақ тұрған жерге бір орыс немесе бір кәріс келсе, ойланбастан орысша сөйлейтін «кұлдық санадан» құтылатын майдан. Арды ардақтап, намысты жанитын, санаға сәуле түсіріп, ұйықтап жатқан жүректі оятатын уақыт. Қазақ жерінде қазақ тілінің үстемдік құру жолында тер төгетін майдан.

Тіл үшін күрес – толассыз тоқтамайтын күрес. Әркім өзінің үстемдігін қалайды. Бұл заңдылық. Сондықтан да, тегеуірінді, ықпалы зор мемлекеттер қашанда өз тілдерін жат жұртта насихаттау үшін қаржы бөліп отыратыны өтірік емес. Бір ғана мысал келтірейік, осыдан он жыл бұрын 2011 жылы Ресей ТМД елдерінде орыс тілінің таралу аясын кеңейту үшін бір жылға 2,5 млрд рубль бөлген. Сол мақсатта БАҚ-ын айтпағанның өзінде қаншама оқулықтар мен әдеби кітаптар, балаларға арналған сырт көрінісі тартымды әдебиеттер жарық көрген.

Дүниежүзінде осындай құйтырқы саясаттың құрбаны болып, мемлекеттің атауы ғана қалып, ана тілдері ағылшын, неміс т.б тілдер болып ұлттық келбетін жоғалтқан елдер аз емес. Мұндай елдерді «тілі өлген ел – тірі өлген ел» деп бекер айтпайды.

Қызыл империяның құрсауынан құтылған республикалардың ішінде орыс тіліне мәртебе берген тек, Беларусь, Қырғыз Республикасы және Қазақстан сияқты үш-ақ мемлекет бар екен. Бұл әрине, мемлекеттің ұстанған ішкі және сыртқы саясатына байланысты ұстаным. Оны дұрыс түсінген жөн. Бірақ, бұл орыс тілді қазақтарға өз тіліңді құрметтеме дегенді, осы республика аумағында тұратын өзге ұлттарға мемлекеттік тілді құрметтеме дегенді білдірмесе керек.

Қазақтың дархан мінезділігін айтар болсақ, Әзербайжанда іс-қағаздары толық мемлекеттік тілге көшкен. Бұқаралық ақпарат құралдарында орыс тіліне эфир тек екі-ақ сағат беріледі. Ал, Түркіменстанда орыс тілді БАҚ мүлдем жоқ. Орыс тілі оқытылмайды да. Грузияда 2000 жылғы статистика бойынша 214 орыс мектебі болса, бүгінде екеу-ақ қалған. Латвиядағы жағдай мүлдем басқа. Мемлекеттік тілге немқұрайлы қараған азаматтарға 400-1000 еуро көлемінде, ал, заңды тұлғалардың осындай әрекеті үшін 10 000 еуроға дейін айыппұл арқалатады екен. Қазақстанда мемлекеттік тілді менсінбегендердің басынан сипап қоя береді.

Біздегі мемлекеттік тіл мен екінші қатынас тілі мәртебесіне ие орыс тілінің жағдайы бәрімізге белгілі. Сондықтанда Елбасының 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» атты мақаласындағы басымдықтың бірі - прагматизм.

Өз мақаласында, «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырыпшылық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз» деп атап көрсеткен.

Біздің бүгінгі сөз етіп отырғанымыз материалдық емес рухани байлық.

Бұған дейінде ұлтымыздың рухани байлығын жиыстырып, оны түгендеу мақсатында «Мәдени мұра», «Халық – тарих толқынында» сияқты бағдарламаларды жүзеге асыру барысында жоғымызды түгендеп «өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілген» болатын.

Жоғарыдағы жәдігерлердің де мемлекет үшін маңызы зор екендігіне ешкімнің дауы жоқ. Ұлттың шынайы келбеті тек тарихи-мәдени ескерткіштермен, тарих қойнауына кеткен өткен өмірімізге куә болатын архивтердегі құжаттар ғана емес. Сондықтан да Елбасы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын әлі де ескерілмей, көңіл бөлінбей жатқан тұстарымызды түгендейік деген ниетпен бізге ұсынып отыр.

Біздің аса құнды рухани байлығымыздың бірі – тіліміз. Көзімізбен көріп, қолымызбен ұстамасақ та, күнделікті өмірде үлкен қолданысқа ие бұл тіліміз. Біздің күн көрісіміздегі қажеттілікті өтеп тұрған қатынас құралы. Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, біз тілге қатысты байлығымызды шамалайтын болсақ, сөздік қорымыздың көлемі жағынан 750 000 сөздің иесі ретінде алдымызға арабтар мен ағылшындарды ғана салып дүниежүзінде үшінші орынға табан тірейтінімізді біреу білсе, біреу білмейді. Біз сөздік қоры өте бай деген орыс тілінде санақшылар 150 000 ғана сөздің барына куәлік береді.

XX ғасырдың ортасында туын көтеріп, қазығын қағып, мемлекет болған еврей халқы өзінің табандылығы мен еңбекқорлығы нәтижесінде, ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігі мен ұлтшылдығының арқасында өздерінің өліп қалған «иврит» тілін қайта тірілтіп, мемлекеттік тіл етіп қолданысқа енгізіп алды. Ал, біз бар тілімізді, бай тілімізді ұқсата алмай қор етіп жүрміз.

Осыншама байлық иесі болып туғанымызға арланбай, ана тілімізге мұрын шүйірмей, арзан күлкі үшін шұбарламай, өзге ұлттың алдында еңсемізді көтеріп, кеудемізді керіп тұра алмауымызға не кедергі? Кімнен ығып, неден тартынамыз? Оның бәсекеге қабілетті және қолданысқа ие болуына, оған қажеттілік тудыруға әрбір ұлтшыл қазақ мүдделі.

Тіл дегеніміз музыка сияқты. Оның шекарасы жоқ. Түсіне білген адамға өте нәзік, аса сұлу, әрі өткір, батпандай ауыр. Темірді ерітіп, тасты балқытады. Тек қасиетін сезе алсаң.

Бұл біздің ана тіліміздің ешкімнен кем емес екендігін, керек десең артық екендігін көрсетеді. Сондықтанда өзіміздің ұлттық байлығымыздың бірі тілді құрметтеп, оның күшін мүмкіндігінше пайдалануымыз қажет. Ол үшін Елбасының сөзіне қолдау көрсететін нағыз саналы патриоттар керек. Оған, «Егер ертең туған тіліміз жоғалар болса, мен бүгін өлуге даярмын» дейтін Расулдай ұлдар керек. Ол үшін «құлдық санадан», «таптық санадан» арылып, «ұлттық санаға» қарай мойын бұруымыз шарт.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2017.
2. Т.Медетбек. Көк түріктер сарыны. Алматы. Өлке. 2002.
3. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедиясы. Алматы. 1998.
4. Тарихи тұлғалар. Алматы. Жазушы. 2000.
5. Интернет. сайт. <http://kitaphana.kz/ru>
6. Интернет. сайт. <https://yandex.kz>

РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІ

**Абдисулейменова Р.Ш. ҚазИТУ,
қауымдастырылған профессор**

Андатпа:

Мақалада рухани-адамгершілік құндылықтарының білім жүйесіндегі әсері әңгіме болады. Жаһандану заманында рухани адамгершіліктің қалыптасу өзектілігі көрсетіледі. Жастардың сезімін ояту, болашаққа сеніммен қарау, бойындағы қабілетін дұрыс біліммен ұштастыра білу жолдары арқау болады.

Статья рассматривает многовековой опыт казахского народа в воспитании подрастающего поколения через приобщение к национально-культурным ценностям. Отмечено, что последовательное и постоянное обращение и сохранение духовных нравственностей способствует позитивному решению стоящих перед обществом проблем.

XXI ғасыр – ғылым мен техниканың барынша қарыштап дамуы мен мәдениет, экономика, қоғамдық және жеке-даралық өмірдің бар салаларындағы кең ауқымды жаһанданукезеңі.

Жаһандық үдерістер қоғамдық өмірдің бар қырларын жеделдетіп, және де қоғамдық пен жеке-даралық әлеуметтік-мәдени даму қарқындары арасындағы қарама-қайшылықтарды үдетіп және тереңдете түседі. Адамның әлеммен өзара қатынасы, бір жағынан, мәдениеттің жаһандануы, екіншіден – рухани жұтаңдаушылық пен азғындау жағдайында тұлғаның адамгершіліктік-рухани қалыптасуының проблемасын өзектендіре түседі. Осының салдарынан жаһандық рухани дағдарыс туды.

Ғылым мен білім беру жүйесі арқылы қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтарды жаңғырту керек. Әр адам рухани – адамгершілік құндылықтары арқылы өз бойындағы қабілеттерін толық жүзеге асырып, өз мемлекетімізге ғана емес, бүкіл адамзат игілігіне пайда келтіре алатындай болуы керек. Жастардың бойындағы қабілеттерін ашып, оның өз жан-дүниесіне үңіліп, өз болашағына деген сенімін ояту, өзін-өзі құрметтеп, өз ар-ұжданымен өмір сүруі ерекше маңызды.

Жаһандану заманында, кез келген адам қоғаммен тұтастықта болып, өзін еркін сезінетін, өз-өзіне сенімді, коммуникативті болуы шарт. Жиырма бірінші ғасыр ғаламшарлық бірігуден басталды. Ақпараттық кеңістік өте жоғарғы дәрежеде кеңейде. Осы жаһандануда қазақ ұлты қай бағытта өзінің жаңашыл салт-дәстүрін және менталитетін сақтайды. Интернеттің (ғаламтор) заманында барлық ақыл-кеңесті интернеттен алуда. Әрине, пайдалы кеңестері өте көп.

Рухани – адамгершілік – адамдардың бір-біріне деген сенімділігін, құрметін, ізгі ниетін білдіреді. **Жас ұрпақты, терең біліммен сусындатып өсіру бүгінгі ең өзекті мәселе.** Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы мәдени құндылықтары қалыптасады. Ата – бабамыз ұл баланы ертеңгі абыройлы әке, қадірлі отағасы, елді қорғайтын ер, батыр, би, ақын, ұлтымыздың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсарлыққа, кешірімді болуына, өнерге, білімді болуға тәрбиелеген.

Рухани- адамгершілік жалпы адамзатты біріктіреді. Рухани- адамгершілік- әрбір адам бойындағы сүйіспеншілікпен, ақиқатты тануымен, аrojдандық қасиеттері мен құндылықтарымен ерекшеленеді. Руханилық – өмірде аса маңызды да биік нәрсенің бар екеніне о бастан-ақ саналы немесе саналы емес бағдар. Ол адамның шындыққа, мейірімділікке, сұлулыққа деген табиғи, үнемі қажетті іңкәрлігі мен құштарлыққа ұмтылысынан көрінеді.

Рухани- адамгершілік – адамның рухани байлығы болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттері мен сапалары, қарым-қатынастарында дамиды. Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, қарапайымдылық т.б. Рухани- адамгершілік білім беру ішкі, сыртқы дүниені зерттейді. Жалпы адамзаттық құндылықтарды айқындайды, күн көру үшін интеллекті оятады

Қазақ халқы ежелден білімділікті және сауаттылықты құрмет тұтқан. Далалықтырдың оқу мен білімге құрмет сезімін білдіретін мақалдар мен мәтелдер өте көп: «Білікті бірді жығар, білімді мыңды жығар», «Білім жанып тұрған шаммен тең», «Білім басы – бейнет, соңы – зейнет», «Ар -ұжданды таза ұстап, білім ал, еңбек ет, еліңе пайдаң тисін» (Абайдың қара сөзінен).

Абайдың қырық екінші қара сөзінде «Қазақтың жаманшылыққа үйір болуының бір себебі жұмысының жоқтығы» деген. Бүгінде нарықтық экономикада білікті маман болса жұмыс табасың, не өз кәсібінді ашасың. Білім мен ғылым министрлігі «Жас маман» жобасы бойынша үлкен жұмыстар атқаруда. Бұл жоба жастардың өз мамандығын дұрыс таңдап, нағыз маман иесі болуға бастайды. Қазір көріп отырғандай ғылым- білімсіз және кәсіби мамансыз еліміз дамымайды. Тек еңбек арқылы өзін дамытып ізденсек жетістіктерге жетеміз. «Кәсіп-түбі нәсіп» деген. Жастарымыз отбасылық құндылықты бойларына сіңіріп, елін, жерін және өз елінің нағыз патриоты болып, өзінің бойындағы қасиетіне сәйкес өз ісінің маманы болса, қазақ елінің рухы биік болары хақ. Отбасының бірлігі, елдің бірлігі. Елдің бірлігі – үлкен қуат көзі. Қазақ елі, қазақ ұлты рухы биік ел мен ұлт.

Қазіргі кезеңнің талабына сай өскелең ұрпаққа білімді, мәдениетті, ұшқыр ойлы, бәсекеге қабілетті маман дайындап шығару үшін әрине адамның рухани байлығы қажет. Сондықтан да студент жастар үшін оқытушының әрбір сөзі мен ісі, қимылы, киімі, аяқ алысы, жүрісі, көзқарасы психологиялық және ізгілік тұрғысынан оның жүрегінен үлкен орын алады. Сондықтан да әрбір оқытушы үшін оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруда мол білімділікті, ақылдылықты, дұрыс іскерліктер мен дағдыларды қолдануы қажет.

Білім сапасын арттыру жолында, бағдарланған тапсырмаларды орындауда рухани-адамгершілігі мол білім алушы алдына үлкен мақсат қоя білсе, белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алады. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысызды, салт-санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда атқарылатын қызметтер көп. Оның бірі достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс – берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Жастардың алдында тұрған мақсаттарды жүзеге асыруда бүгінгі таңда білім беру үрдісіндегі негізгі міндеттер болашақ маманның бойындағы адами құндылықтарды, қайырымдылықты, сүйіспеншілікті дамыту, рухани адамгершілігін қалыптастыру, жеке тұлғалық қасиеттерінің ашылуы жаңа оқыту технологияларының білім беру жүйесіне озық үлгілерін еркін енгізілуіне тікелей байланысты. Бүгінгі күні көкейтесті болып отырған білімнің құзыреттілік ұстанымын жүзеге асыру құралы ретінде педагогикалық технологиялар мен қатар адамгершіліктік-рухани қалыптасуының проблемасын белсенді оқыту әдістерінің алар орны ерекше. Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінің басты көрсеткішінің бірі студенттің жаңа технологияны қолданып, өздігінен білім алуға деген ұмтылысын қалыптастыру, жаңғырудың жаңа міндеттерінің бірі.

Халқымызда осыған байланысты тектілік деген ұғым қалыптасқан, яғни тектілік ол адамның байлығына, шығу тегіне емес, осы қанының тазалығы мен дұрыс ой тудыра алуына байланысты айтылған ұғым [4]. Заманында бұл мәдениетті біздің бабаларымызда тек құптап қана қоймай, сол дәстүрді тәжірибе жүзінде ұстанғандығын кереміз. Ұлтымыз адам айтса нанғысыз ерекше демократиялық қоғамды қалыптастыруы осының жемісі болар. Яғни, қазіргі заманымызда орын алып отырған көптеген әлеуметтік өзекті мәселелер, яғни алкоголизм, нашақорлық, жетім балалар мен қарттардың қараусыз қалуы, девиантты және деликвентті мінез-құлықтардың шектен тыс орын алуы тәрізді т.б жағымсыз әрекеттер тәуелсіздігімізден айырылғанша мүлдем орын алмағандығын кереміз.

Мақаладағы бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. Рухани – адамгершілік құндылықтары зор ел болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толыққан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті

болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар - ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», - деп атап көрсетеді. Рухани қалыптасқан білім алушы бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Рухани адамгершілігі мол тұлға әр жерде өзінің ең сапалы қызмет түрін көрсетіп, жетістіктерге жете алады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз.

Ұлттық жаңғыру дегеніміз - ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты - ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. Оның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін тигізер пайдасы мол.

Білім беру саласындағы рухани – адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру қоғамымызды ізгілендіруде оқытушыларға, олардың кәсіптік сапаларына, білімділігі, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қабілеттілігі, мәдениеті, парасаттылығы т.б. қасиеттеріне байланысты екендігін ұғындыру маңызды болғандықтан, қазіргі заман оқытушысынан тек өз пәнінің терең білгірі ғана емес, тарихи танымдылық, педагогикалық – психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және рухани адамгершілігі мол маман талап етілуде. Ол заман ағымына сәйкес білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты боп саналады.

Қорыта айтқанда білім беру саласы адамның рухани құндылықтарына, ұлт болмысына аса назар аударып еркениетке ұмтылуы қажет. Ол үшін ұлттық болмысын қалыптастырған білімдермен тарихи сабақтастық болуы қажет. Тарихи сабақтастықтың басты құралына барлық гуманитарлық ғылымдарды жатқызуға болады. Өз кезегінде гуманитарлық ғылымдар басқа елдерде немесе жаратылыстану ғылымдарының жаңа идеяларын, жаңа көзқарастары мен жүйелерін ұсынар алдында ұлт болмысымен, олардың ойлау мәдениетін бірінші орынға қойып ескеріп, санасып отыруы қажет.

Тәуелсіз еліміздің елдігі үшін парасатты да, білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыру ортақ міндетіміз.

- | Қолданылған | әдебиеттерге | сілтеме |
|-------------|---|---------|
| 1. | http://xn--e1aogju.xn--p1ai/shemy/istorija/kirilov-v-v-otechestvenaja-istorija-v-shemah-i-tablicah-2004-g/133.html | |
| 2. | XX ғасыр мәдениеті. Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет. | |
| 3. | Абай Құнанбаев. “Қара сөздер” —Алматы, 2011 ж. | |
| 4. | Abai.kz | |
| 5. | [Электрондық ресурс]. – Көру режимі: https://infourok.ru/bolashaa-badar-ruhani-zhairu-bayandama-2274794.html | |

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ОЙ САНАНЫҢ КЕМЕЛДЕНУІ

Төрбек Ақбота - ҚазИТУ

Экономика мамандығының 1 курс студенті

Ғылыми жетекші

Абдисулейменова Раиса Шоғанбекқызы

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Адамның рухани жаңғыруы ол мақсатқа жету жолында санамыздың ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Неліктен қазіргі таңда болашақ жастардың қолында деп жатады? Оның бірден бір себебі жас ұрпақ санасы жан-жақты дамуы қажет. Яғни ол дегеніміз жастар әрдайым ізденіс үстінде болуы керек. Армандар мақсатқа айналуы үшін еңбек және де ой-сананың биік деңгейі болуы керек. Тәуелсіздік кезеңінде де рухани жаңғыру бағытында бірнеше ауқымды істер атқарылған болатын.

Рухани жаңғыру арқылы әлем мойындар табысты ел болып, бәріміз жұдырықтай жұмылып табысқа да бақытқа да бірге жетелейік.

Шындығында ұлттық рухы, руханияты жоғары, мәдениеті озық ел көп нәрсеге қол жеткізетіні анық. Және ұлттық бірегейлікті сақтау ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін қажет етеді. Елбасы ұлттық мәдениетті сақтай отырып жаңғыру және ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту қажет екенін қазақстандықтардың түсіне білуі керек екендігін баса айтады. Негізінен ел болып жастардың санасына ұлттық құндылықтарын сіңіріп, рухани болмыспен өмірге баулу қажет. Рухани жаңғыру адамның ғана емес ұлттың, елдің жаңаруы.

Меніңше біз қазақ халқы ұйымшыл болып ойымызбен саналы дүниелер ойласақ онда қазақ елі әлі талай жетістіктерге жетеді. Біріншіден өзімізден бастауымыз керек бойымыздағы ар-намыс, ұят, тәуекел, батылдық, табандылық сынды қасиеттерді оята алуымыз керек. Әр бір жеке тұлға өзін өзгертіп содан кейін ғана қоғамға өте маңызды үдерістер енгізе алады. Елбасымыз айтып кеткендей бәсекеге қабілетті ел болу үшін бізге ақыл-парасат пен білім керек сонда ғана біз «Мәңгілік ел» болатынымыз сөзсіз.

Адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт - дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды.

Сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе. Сананың ашықтығы ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілеттілігімен айқындалады.

Рухани жаңғыруда қойылып отырған маңызды мәселенің бірі «сананың ашықтығы». Жаһандану үрдісіндегі басты талап әлемдік тілдерді игеруге ұмтылу. Бұл біздің ғаламдық үрдіске толыққанды араласуымызға жол ашады. Әлемдік озық тәжірибе мен жетістіктерге қол жеткізуімізге мүмкіндік туғызатыны анық.

Білімді болу біздің қанымызда бар қасиет. Білім танысқа жетелер жол. Ішкі әлемді өзгертіп, ой-сананды өзгерттіп барар жерің ұзақ әрі биік болмақ. Қаным қазақ болғанына мақтанамын тарихымыз ата-бабамыз мықты болған және қынымыз таза.

Тарих демекші тарихымызға үңіле кетсек, ата-бабаларымыздың басынан небір қиын сәттер өткеніне қарамастан рухы ешқашан құламаған. Намыс дейтін адам бойындағы қасиеттерімен жас ұрпаққа тәуелсіздікті өте қиын жолмен алып бізге қалдырды сол күшке еңбекке біз аманат ретінде қарап өз елімізді мақтан етеміз!

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы-қоғам дамуына тың серпін беріп, барша қазақстандықтардың жаппай қолдауына ие болар тарихи бастама. Бұл игі бастаманы ел ішінде насихаттап, лайықты жүзеге асыру-баршамыздың міндетіміз.

Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. Оның ең негізгісі ұлттың терең тарихынан бастау алатын рухани ұстанымды сақтап қалу. Құндылықтарымыз бен озық дәстүрімізді табысты жаңғырудың алғышартына айналдыра білу. Бұл ретте, Елбасы «Жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек», - екенін атап көрсетті. Рухани жаңғыруда қойылып отырған маңызды мәселенің бірі «сананың ашықтығы». Жаһандану үрдісіндегі басты талап әлемдік тілдерді игеруге ұмтылу. Бұл біздің ғаламдық үрдіске толыққанды араласуымызға жол ашады. Әлемдік озық тәжірибе мен жетістіктерге қол жеткізуімізге мүмкіндік туғызатыны анық.

«Президент рухани жаңғыруды жүзеге асыруда, әлемде ешкімге ұқсамайтын дербес ұлт болуымыз үшін «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру міндетін қойып отыр.

Қорытындылай келе, Сана-сезімізбен дүниетанымызға әбден сіңісті болып қалған тап-таурын қағидалардан арылып, рухани жағынан серпілісуінің жаңғырылуы қажет. Бұл арада рухани жаңғырудың ең басты шарты-ұлттық қорымызды сақтау екенін есте ұстап, әлемдік жүйесін қалыптастырғанымыз абзал.

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Ұлан ғайыр қазыналарымызды қалпынша қолданып, қорғау, бір мақсатпен межелеген межеге жету арқылы түрлі саяси радикалды идеологияларға тосқауыл болудың бағдарын ұсынды. Ұлттық бірегейлікті сақтау.

Ата мекенмен ұлттың бір болуын, үнемі ұрпақ пен туған жердің байланысуын, адам мен табиғаттың тұтастығын негіздейді. Рухани жаңғыру ұлттық болмыстың негізінде мемлекет өмірінде қалыптасатын интеллектуалдық өріс. Ол жеке адамды, ұрпақты, ұлтты, халықты табиғаттан, өзінің төл болмысынан ажыратып алып кетпейді, керісінше өз болмысының әлеуметтік рухани негіздерін сақтай отырып оны нығайтуға, қорғауға, сақтап қалуға ықпал ететін ұғым, ұлттық деңгей, бір ұрпақтың мемлекеттің тархы мен болашағы алдында жасайтын, қол жеткізетін жетістігі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/course-towards-the-future-modernization-of-kazakhstans-identity; <http://ayu.edu.kz/ru/archives/20690> ; <https://qazaquni.kz/rukhanijat/72175-ruhani-zha-yiru-tabyisty-el-boluyimyzd>

ДУАЛДЫҚ ОҚЫТУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Төленді Олжас Маратұлы
ҚазИТУ колледжі директорының
оқу-тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары

Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кадрларын даярлау елдің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ететін орта буынды кәсіби мамандар даярлау үшін негіз қалайды. Еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттері ауқымының жедел қарқынымен өсуіне байланысты техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кадрларын даярлауда сапалы ұмтылыстың қажеттілігі туындап отыр. Осыған байланысты елімізде заман талабына сай білімді, озық технологияларды жетік меңгерген, кәсіби білікті жұмысшы мамандар даярлауда техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында үлкен міндеттер мен талаптар жүктеліп отырғаны белгілі.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда ерекше рөл атқарады. Қазіргі таңда

кәсіптік салада жан-жақты білімді, білікті, бәсекеге қабілетті маман даярлау олардың әлеуметтік, кәсіптік, өзіндік жұмыс жасай алу қабілеттерін дамытумен белгіленеді.

Дуалды оқыту жүйесі дегеніміз - теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы. Ол алғаш Германияда пайда болып, негізі қаланды. Дуалды оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігі тәжірибеде дәлелденген. Дуалды оқыту жүйесі қазіргі дүние жүзілік тәжірибеде бар дүние. Оның жарқын мысалдарының бірі - Германиядағы кәсіптік-техникалық білім берудегі даярлаудың дуалдық жүйесі. Мұнда оқушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды.

Дуалды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – техникалық – кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын жұмысшы мамандар даярлау.

Қазіргі кезде әлемде оқытудың дуалды жүйесі-техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табылады. Нақты өндіріс жағдайларына бейімделген, жұмыс орнында дағды мен білімді тікелей игеруге бағытталған, практикалық сағаттардың оқыту бағдарламасына барынша үйлесіммен біріктірілетін білікті мамандарды дайындау қазіргі кезде білім берудің дуалды жүйесі деген атпен белгілі.

Бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары білікті мамандар тапшылығы ерекше орын алуда. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүйедегі мәселелер, яғни жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі болып табылады. Қалыптасқан жағдайда теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушіге күресуге тура келеді, себебі білікті мамандармен қамтамасыз ету – бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі. Мұндай жағдайда жас мамандардың оқу үрдісінде алған білімдерін жүзеге асыру жоспарланатын кәсіпорын қызметінің ерекшелігін ескере отырып, қосымша оқу, тәжірибеден өту, қайта даярлау қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі күннің болмысы кәсіби білім жүйесі алдында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау, өз мамандықтарын жетік меңгерген, өз мамандығы бойынша тиімді жұмыс жасауға қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және оңтайлы кадрларды даярлауды талап етеді. Осыған байланысты қойылған басты міндет - мемлекеттік құрылымдардың күшін біріктіру, жұмыс берушілер мен оқу орындарын облыстық кәсіпорындар мен өнеркәсіптерді білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесінде жұмылдыру.

Әлеуметтік серіктестік аясында Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің колледжі білікті жас кадрларды даярлау үшін көптеген өндірістік мекемелермен келісім шартқа отырды.

Әлемдік тәжірибеге қарағанда, білім берудің дуалды жүйесі мамандардың кәсіби дайындығын жоғарылатуға ықпал етеді. Еңбек өнімділігі артады, халықтың көшіп – қонуы азаяды, әлеуметтік шиеленіске жол берілмейді.

Оқу үрдісіне дуалды білім беру жүйесін сәтті енгізу келесі мәселелерді шешуге мүмкіншілік береді:

1. Талапкерлердің кәсіби өзін өзі билеуі;
2. Оқу мекемесінің тартымдылық беделінің артуы, студенттер контингентінің жоғарылауы;
3. Оқушылардың қызығушылығы мен сұранысына қарай бағдарламалар, элективті (икемді) курстар бағдарламаларын әзірлеу;
4. Мамандықты тереңірек ойланып тандауға, социализация, тапқырлық пен шығармашылыққа бейімдейтін біліктіліктің дамуы;

5. Дуалды жүйе бойынша оқытылатын тұлғаның қажетті біліктілік пен еңбек дағдыларына, кәсіби білімге ие болып еңбек нарығында сұраныс деңгейінің жоғарылуы;
6. Бітірушілерді дайындау деңгейінің жоғарылауы;
7. Бітірушілерді одан әрі жұмысқа орналастыру, жұмыссыздықтың қысқаруы;
8. Бітірушілердің әлеуметтік бейімделуі;
9. Білім беру мекемелерінің жобаларды жүзеге асыру кезеңдерінде қосу арқылы кәсіпорындармен өзара әрекеттесу аясын кеңейту;
10. Білім беру мекемелерінің бәсекелесуге қабілеттілігін жоғарылату.

Бұл мақсатқа жетудің негізгі сапалы білім беріп, дұрыс жолға бағыттаушы, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайларды жасаушы – өз пәнін жетік білетін, кәсіби дағдылары, педагогикалық дарыны бар, жаңашылдыққа ұмтылатын, өзіне сын көзбен қарай алатын оқытушылар мен оқу өндірістік шеберлері.

Еңбек нарығы шарттарының өзгеруін ескере отырып, білікті мамандар дайындау жүйесін құрудағы әлеуметтік серіктестіктердің құрылымын белсенді пайдалану қажет. Кәсіптік білім беру саласында әлеуметтік серіктестіктің байланысы арқылы білім алушылардың таңдаған мамандық туралы түсініктерін қалыптасады, оқу процесінде алған теориялық білімдерін тәжірибеде пайдалану дағдыларын тереңдетеді, өндірістік жағдайда шешім қабылдау іскерлігі қалыптасады.

ҚазИТУ колледжінде аймақтық еңбек нарығының жоғары білікті мамандарға қажеттілігін қанағаттандыру, білікті жұмысшы кадрларды бірлесе даярлауға жұмыс берушілерді жұмылдыру мақсатында әртүрлі істер жасалынуда. Әлеуметтік серіктестіктермен келісім шарттар жылда жаңартылып отырады.

Ынтымақтастық төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Кәсіпорынның материалдық-техникалық базасын қолдану арқылы оқушылардың тәжірибелік оқуын ұйымдастыру (құралдар мен арнайы жабдықтарды қолдану мүмкіндігі беріледі).
2. Ары қарай жұмысқа орналасумен өндірістік тәжірибеден өтуге үшжақты шарттар жасау.
3. Өндірістік тәжірибе бойынша жұмыс бағдарламаларын бірлесе әзірлеу.
4. Бірлескен конференциялар мен семинарлар өткізу.
5. Оқу бітірушілердің қорытынды аттестациясы кезеңінде кәсіпорын өкілдерінің мамандар даярлау сапасын бағалауы. Кәсіпорын өкілдері мемлекеттік біліктілік комиссиясына басшылық етеді.

6. Кәсіпорындарда арнайы пәндер оқытушыларының сынақ өтулерін ұйымдастыру.

Колледж түлектерін дайындауда білімді тәуелсіз бағалау сапасы үрдісінде жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер белсенді түрде қатысып отырады.

Жұмыс беруші мекеме өкілдері жыл сайын колледж бітірушілерін қорытынды аттестаттау жұмыстарына қатысып, біліктілік, білімділік деңгейлерін сарапқа салады, бағалайды.

Қамқоршылар кеңесі құрамынан да табылған жергілікті мекемелер өндіріс талаптарын ескере отырып, колледжге материалдық-техникалық базасын пайдалануға рұқсат етіп, көмектесіп келеді, сондай-ақ оқытушылар мен білім алушылардың өндіріс орындарында теориялық білім мен практиканы ұштастыруларына да жағдай жасауда. Ал өз кезегінде тағылымдамалар оқытушылардың оқу үдерісін жоғары деңгейде ұйымдастыруына мүмкіндік береді және білім беру мен өндірістік үдерістерді барынша жақындатуға көмектеседі.

Дуалдық жүйе бойынша оқыту білім алушылардың кәсіби біліктер мен дағдыларды, іскерліктерді тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің – білім, ғылым, өндірістің – өзара байланысын, өзара әсерін, өзара кірігуін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттыратындығы сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы;
2. Қазақстан республикасының «Білім туралы» Заңы;
3. «Дуалды оқыту жүйесі: кәсіби біліктілікті арттырудың жаңа мүмкіндігі»;
4. «ТЖКБ жүйесіне халықаралық тәжірибелерге негізделген оқытудың дуалды жүйесін енгізу перспективасы».

*Ғұмырдың әр кезеңінде.
Өзгермейтін бар анық,
Ол ешқашан өшпейтін.
Өмірге деген құштарлық!
Ғ.Мұтанов*

Мейірім ұясы

Әр ата-ана бауыр еті-баласының дені сау болып туып, қатарынан кем қылмай өсуін тілейді. Ал балалардың өмірге мүгедек болып келуі кім кімге де ауыр соққы. Қазіргі таңда, екіншіке орай, экологиялық жағдайларға байланысты, тұқымқуалаушылық факторларымен қоса, алынған жарақаттардың әсерінен тірек қимыл аппараты бұзылған балалар саны артуда. Елімізде осындай ауытқушылықтары бар балалар үшін арнайы орталықтар белсенді жұмыс жасауда. Біздің «Шапағат» әлеуметтік қызмет орталығы» КММ қызметкерлері аталған бағытта өз біліктіліктерін 60 баланың оңалтуына арнап келеді. Оспанова Анар Кабдығалиевна жетекшілік етіп отырған бұл орталықта жалпы алғанда 60 қа жуық мамандар мен қызметкерлер күндізгі стационар бөлімшесінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді. Орталығымызда балалар бес мезгіл тамақтанады, тынығып дем алады, әр маманмен бірге ұсақ қол жаттығуларын орындап, бұлшық еттердің қызметтерін жақсартады, өміре бейімделуге үйренеді. Бөлімшеде мүмкіншіліктері шектеулі балалардың толықтай дамуына, өзгерістерді түсінуіне, өз бетімен білімін жетілдіруіне барлық жағдай жасалған, мұнда балалар тікелей дәрігерлердің бақылауында болады. Логопед, дефектолог, невропатолог, педиатр сынды мамандардың жұмыла жұмыс істейді.

БҰҰ шеңберінде Еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігімен дайындалған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылы 16 қаңтардағы №64 Қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары нәтижелі жүзеге асты. Бұған дәлел, 60 бала емделетін біздің «Шапағат» әлеуметтік қызмет орталығы» –да мен жұмыс жасағаным 7 жыл уақыт ішінде Абзал, Кәусар мен Шапағат есімді 3 баламыз аяққа тұрып, жүріп кетті. Қалған балаларымыз өз-өзіне қызмет жасай алатын болды. Мысалы(қыл қалам ұстау, киіну-шешіну, қасық ұстап тамақ жеу, дәретханаға бару, қолдарын жуып ,орамалмен сүртінуге үйренді). Балаларымыздың өмірге деген құлшынысын байқауға болады. Еңбегіміз нәтижесіз емес.

Ең бастысы мүгедек балаларды сәби кезінен бастап анықтап, олардың ортаға бейімделуіне жағдай жасауымыз керек. Жалпы баланы қоғамға бейімдеу мен оқытуда ерте диагностикалау мен түзету маңызды. Мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балалар тәрбиесіне ерекше мән берілуі керек. Бұл тәрбиенің негізгі мақсаты оңалта отырып, өмірге баулу болып табылады. Ең алдымен, тәрбиеші ісіне терең сезім қажет. Тәрбиеші бойында нағыз сенім мен сезім болуы тиіс. Ал, балалардың дұрыс тамақтануы, тамақтанып болғаннан кейін ыдыстарын, киімдерін жинау секілді жұмыстар бала күтушілеріміздің мойнында. Ата-аналарының қолына табыстағанша күнделікті кесте бойынша әр маман өз ісін лайықты деңгейде атқарып келеді. Осы тұрғыда ата-ананың орны ерекше. Екі жақты процесс өз нәтижесін беру үшін селбесе отырып жұмыс жасаймыз. Психологтар мен педагогтар тәрбиешілермен бірлесе отырып, ата-анамен тығыз байланыста жұмыла еңбектенеміз.

Мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балалардың өзіндік дағдылары бірден қалыптасып кетпейтінін ескеру керек. Орталығымыз мүмкіндігі шектеулі балалар үшін қолдан келген барлық жағдайды жасайды. 60 бала арнаулы топтарға бөлінеді. Өзім тәрбиешісі болып табылатын «Айналайын» тобында логопедтер, дефетологтар күнделікті жаттығулар жасайды. Мұндағы балалар ата-ана мен арнайы мамандардың көмектерін қажет етеді. Оларға өздерін танытып, айналасындағылармен араласуға мүмкіндік беру керек.

Тәрбиешілер мен педагогтар балаларға арналған жеке даму бағдарламасы бойынша жұмыс жасайды. Ата-ана мен педагогтар бірігіп жұмыс жасаса мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балаларды еңбекке баулу мәселесі өз шешімін табады. Қимыл – қозғалыс дағдыларын үйрену және оларды орнықтыру жеделдігі көптеген жағдайларда оқытушының шеберлігіне, қуаттау әдістерінің ебін табуына, баланың өз ынта – жігерін арттыра білуге байланысты. Сондықтан физиологиялық әрі педагогикалық тұрғыдан алғанда да, түсінік беріп, жаттығулардың орындалуына баға беріп, баланың қимыл әрекеттеріне тұрақты бақылау жасап отырғанымыз дұрыс.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың мәселелерін шешу және әлеуметтік жағдайын жақсарту - Елбасымыздың әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі. 2008 жылдың аяғында Қазақстан мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың құқықтары туралы Халықаралық Конвенцияға қосылды. Осыған орай еліміздің әр қаласында мамандандырылған түзету білім, денсаулық орталықтары бар. Бүгінгі күні Алматы қаласында 34,7 мың мүгедектер, оның ішінде 3276 мүгедек балалар тұрып жатыр. Бұл бүкіл мемлекет бойынша мүгедектер санының 7,2 пайызын құрайды. Осы жандарды әлеуметтік қорғау шаралары «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүзеге асады.

Мәселен, өткен онжылдықта орта есеппен мүмкіндігі шектеулі балалардың саны 124 мыңды құраса, бүгінгі күні 190 мыңнан асқан. Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде нәрестелердің денсаулығындағы ауытқушылықтың 70-80 пайызы бір жасқа дейін анықталып, дер кезінде емделеді екен. Себебі түзету мен сауықтыру әдістерін дер кезінде қолданса, 3-5 жасқа дейін толықтай оңалып кету мүмкіндігі көп. Алайда, бұл жағдай елімізде әлі кенжелеп тұр. Бізде көбіне баланың диагнозын қою уақыты 6-7 жылға созылып кетіп жатады да, баланың дамуы тежеліп қалады. Осыған байланысты, мамандар басқосулары мен талқылаулары жиі болып тұрса дейміз.

Медицина туа бітті, ауыр дертке шалдыққан балалардың құлан-таза айығып кетпесе де оларды ортаға бейімдеуге болатынын алға тартады. **Кез-келген бала, соның ішінде мүгедек бала да қоғам мен адамның көмегіне, қамқорлық пен махаббатқа құқығы бар емес пе?!**

*Хожабаетова Г.М.
«Шапағат» әлеуметтік қызмет орталығы» КММ тәрбиешісі
2021 жыл*

ЗНАЧЕНИЕ И МЕСТО СОПОСТАВИТЕЛЬНОЙ ГРАММАТИКИ В ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ

**Косова Роза Суюндыковна
Преподаватель русского языка и
литературы колледжа КазИТУ**

Высокий уровень образованности, овладение духовными ценностями немислимы без знания русского языка, языка межнационального общения, одного из наиболее развитых языков мира.

Стремление молодежи овладеть русским языком должны удовлетворить высококвалифицированные преподаватели. Методика преподавания русского языка в казахской аудитории совершенствуется с каждым годом

Предметом синтаксиса являются две самостоятельные единицы – словосочетание и предложение, способы соединения слов словосочетания и предложения, типы предложений, их строение, функции и условия употребления.

Врач – дәрігер. Работа врача – Дәрігердің жұмысы.

Врач лечит – Дәрігер емдейді.

Работа врача трудная – Дәрігердің жұмысы ауыр.

Отличий русского языка от казахского в сфере синтаксиса лишь немногим меньше, чем в сфере морфологии. Преодоление трудностей здесь связано с очень важным этапом производства речи – с построением коммуникативных единиц – предложений.

В ряде случаев конструкции русского и казахского языка могут казаться очень схожими. Сравните, например, следующие предложения:

Мына студенттің колледжге асығуын-ай!

А б в г д
Как этот студент торопится в колледж!

Д а б г в

Одинаковыми буквами в казахском и русском текстах обозначены элементы сопоставимые. Сопоставимость как будто подтверждается и анализом по непосредственно составляющим -результат казахского языка как бы зеркально отражен в результате для русского языка.

Однако более тщательный анализ обнаруживает особую роль модального компонента казахской формы ай, совершенно отличную от роли модального компонента русского как. Оформление отглагольного существительного асығуын в винительном падеже заставляет считать его управляемым и принуждает также предположить у компонента ай особое “глагольное” качество.

Рассмотренный пример показывает, какие различия могут таиться под внешней схожестью синтаксических структур. При рассмотрении синтаксической системы русского языка в дидактических целях целесообразно отмечать различную степень сложности отдельных ее участков по сравнению с соответствующими участками синтаксической системы казахского языка.

Так, инвентарь синтаксических связей в русском языке проще соответствующего инвентаря в казахском: три вида связи /согласование,управление, примыкание / вместо пяти/согласование, управление,примыкание,позиционного примыкания – жанасу и соподчинения- матасу/. Однако два из трех видов связи в русском языке, в свою очередь,сложнее соответствующих видов связи в казахском: согласование включает отсутствующие в казахском уподобление по роду, управление осуществляется посредством отсутствующих в казахском языке предлогов.

Сложнее, чем в казахском, также формы выражения дополнения /винительный и родительный падежи существительных вместо одного лишь винительного/, структура односоставных предложений,-инвентарь сложноподчиненных предложений и другие, проще- формы выражения обстоятельства цели, порядок слов.

В русском и казахском языках сложное предложение- предикативная единица, выполняющая коммуникативную функцию. В отличие от простого предложения сложное предложение полипредикативно, простое –монопредикативно. Сложное предложение –это грамматическое, интонационное и смысловое единство, состоящее из двух и более простых предложений, связанных союзами, интонацией в русском языке и способами выражения сказуемых придаточных предложений, незавершенными или незаконченными формами /тиянақсыз тұлға/ послесложными словами в казахском языке.

И простое, и сложное предложения выполняют коммуникативную функцию, обладают интонационной завершенностью, но отличаются объемом сообщения, характером предикативности, структурным уровнем.

Для сложносочиненных предложений приединительного характера характерен союз да и /еще/, который может усиливаться словами **причем, кроме того, вдобавок и др.** / Молодого специалиста в ауле не знают, да и сам он не знает никого. Он там не может организовать работу лаборатории.

Да еще вдобавок не решается вопрос с жильем/.

Вопрос о наличии придаточных определительных, изъяснительных, подлежащих, сказуемых в казахском языке, как в тюркских языках в целом, является дискуссионным, однако все исследователи согласны с тем, что этих видов придаточных в казахском языке нет. Вместо сложноподчиненных с этими придаточными выступают простые предложения с развернутыми членами.

Например:

Уединенный дом, куда они переехали, стоял в глубине тенистого сада.

Если бы в эту минуту не вошел директор, едва ли это закончилось бы хорошо	Директор кіріп келмегенде, мұның аяғы жақсылықпен тына қоюы екі талай еді..
Все было бы спасено, если бы у моего друга хватило сил еще на несколько минут.	Менің досымның күші енді бірнеше минутқа жеткенде, бәрі де жақсы болар еді.

Наибольшие трудности в построении сложноподчиненных предложений русского языка для казахов заключаются: а) в наличии союзов, связывающих придаточное предложение с главным (в казахском языке имеется только один союз - условный):

б) в самостоятельности сказуемых придаточных предложений (в казахском языке вместо личных форм глагола выступают в основном разнообразные причастные формы, сочетающие в себе «имя действия и категории времени»);

в) в свободном расположении придаточного предложения относительно главного: перед главным, внутри и позади его (в казахском языке придаточное предложение находится, как правило, перед главным).

Преподаватель русского языка должен знать о том, какие трудности, вызванные расхождением в строе языков, должен преодолеть студент-казак и как оказать ему максимальную помощь.

Литература

1. С.Исаев, Г.Нуркина.Сопоставлениетипологии русского и казахского языков.- Алматы. 1995
2. КопыленкоМ.М. Оптимизация преподавания русского языка в казахской аудитории.Алма-Ата.1986
3. Исенгалиева В.А. О некторых эквивалентах русских предлогов в казахском языке№ Алма-Ата,1986
4. Реформатский А. А.О сопоставительном методе. Русский язык.- М., 1995.

МАЗМҰНЫ

1	МУФТАХУТДИНОВА Д.Ш Татарско-казахское взаимодействие в области культуры и образования (начало XX века)	6
2	АКПАНБЕТОВ Д.Б САРМУРЗИНА Г.А Гуманизация и гуманитаризация образования , воспитание креативности	10
3	САЛҚЫНБЕК Д.И. Ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық тарих	12
4	АБУХАНОВ Ш Құндылықтар философиясы	15
5	СЫРБАЕВ Е.Ө. «Мәңгілік ел» идеясы және «болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының арасындағы үйлесімділіктер	19
6	ИСАХАН С.Д Қазақ баспасөзіндегі әлеуметтік-саяси мәтіндер және оны аударудың ерекшеліктері	23
7	АБДРАХМАН Д Ұлы жібек жолы және оның тарихи маңызы	26
8	ЖҰМАХАН Ә.М. Қазақ жері түркі әлемінің бесігі	29
9	ЕСЕНОВА Е.А Жаңа гуманитарлық білім, сапалы білімге серпіліс	32
10	ӘБДЕН С.К. Латын әліпбиіне көшу-заман талабы	34
11	ӘУЕСХАНҰЛЫ Ғ Ұлт сапасы және жастар	37
12	ЖҰМАБАЙ А Менің туған өлкемнің қасиетті орындары	40
13	КАҢЛЫБАЙ О.С Ұлы даланың ұлы тұлғалары	44
14	РАХАТОВ М.К. Мәдени рухани астанамыз алматының қасиетті орындары	47
15	ЖАСАСЫН Е. Орал қаласының тарихы	49
16	МАҚСҰТ Қ. Ұлт сапасы және жастар	51
17	НАРТАЙ Ж.Н. «Абайдың аманаты»мақаласына философиялық талдау	53
18	НУРЖАУБЕКОВА А. Гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері	55
19	ОРАЛБАЙ Ғ.А. Еліміздің жаңа есімдері, еліміздің мақтанышы	59
20	САРЫМСАКОВ А. Гибридная парадигма как фундаментальная проблема переходной эпохи	60
21	МОЛДАЗАЙЫМ А. Ұлы Жеңісімізге - 75 жыл	63
22	ШОХАЕВА К.Н. КАСКЫРБАЕВА С.К. Ағылшын тілін оқытудың заманауи әдістері	64
23	ТОҚТЫМАНОВА Ғ.	67

	Қазақ тіліндегі медициналық терминдердің жасалу жолдарының ерекшеліктері---	
24	ТИРИЖАНОВА М.К. АЙЖАНОВА А.Е. ДЕМЕУБАЕВА Л.К. Абай Құнанбаевтың он жетінші қара сөзі	70
25	ТЫНЫШБЕК Н.А. Бүгінгі қазақстандағы дін мен мәдениеттің біртұтастығы	72
26	АЙЛАУОВА Ж.С «Мәңгілік ел» идеясы еліміздің тұтастығының негізі	78
27	НУРТАЗАЕВА А.Б Әлихан бөкейхановтың еңбектеріндегі рухани жаңғыру көріністері	80
28	БАЙТІЛЕС Г. Ұлы даланың көпке беймәлім қырлары мен сырлары	83
29	БАЙҒОЖАЕВА А.Ә Жидек дақылының оңтүстік-шығыс Қазақстан аймағындағы сортименті	86
30	БАҚДӘУЛЕТ Е.Б Қазақстан ғылыми технологиялық революция	89
31	ШЛДЕБАЕВА А.Қ «Рухани жаңғыру»: ұлт сапасы және білім беру	91
32	ЕРТУҒАНОВ Б.Қ «Рухани жаңғыру идеясы және ұлттық рух»	94
33	РАХИМЖАНОВА Д «Ценности и цели современной молодежи»	97
34	КУТЯВИНА Е Проблемы института брака и семьи	99
35	СОКОЛЬНИКОВ К.,САРБЕКОВА А Законы ньютона	101
36	ТҮРСЫНҒАЗЫ А.Б Влияние органо-порошков из растительного сырья на реологические свойства полуфабрикатов	105
37	ЖҰМАБАЙ А Менің туған жерімнің қасиетті орындары	107
38	ТОХТАШ З.Ж Латын графикасына көшудегі жаңа мүмкіндіктер	110
39	ДЖУЛДИКАРАЕВА Ф.Т.,РЫСКЕЛДИЕВА Г.Д., ОСПАНОВА А.А Білім алушыларға мамандыққа қатысты терминдерді меңгерту құзыреттілігін дамыту	114
40	ӘДІЛЕТ М Тәрбие не үшін керек	117
41	РЫСКЕЛДИЕВА Г.Д., ИТЕМИРОВА А.С., ДҮРІМБАЕВА Қ,М Тіл – ұлттың жаны	120
42	АБДИСУЛЕЙМЕНОВА Р.Ш Рухани-адамгершілік құндылықтары білім беру жүйесінің негізі	123
43	ТӨРЕБЕК А Рухани жаңғыру – Ой сананың кемелденуі	126
44	ТӨЛЕНДІ О.М Дуалдық оқытудың артықшылығы	128
45	Хожабаева Г.М. «Мейірім ұясы	131
46	КОСОВА Р.С Значение и место сопоставительной грамматики в обучении русскому языку	132

